

Жарасбай
НҰРҚАНОВ

КӨКЖИЕК





**Жарасбай
НҰРҚАНОВ**

КӨКЖИЕК

*ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР*

2013 ж.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Н 86

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АКПАРАТ МИНИСТРЛІГІ АКПАРАТ ЖӘНЕ МУРАГАТ КОМИТЕТІ
«ӨДЕБІЕТТІН ӨЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛІРИН БАСЫП ШЫГАРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Құрастырган ақынның жары Қазина Нұрқанова

Нұрқанов Ж. Қекжиек.

Н 86 Таңдамалы шығармалар жинағы.

– Астана: «Астана полиграфия», 2013 – 360 бет.

ISBN 978-601-254-277-6

Ақын Жарасбай Нұрқанов «Қара көздер», «Нұрлы терезе», «Алтын десте», «Арманым менің», «Терең барлау», «Қызылжар», «Буынсыз бала» және тағы басқа да жыр жинақтарымен оқырман қауымға жақсы таныс. Ақынның өлеңдері ырғактылығымен, өуезділігімен, коркем бояуларымен әсем теңеулерімен, шебер үйқастарымен ерекше баурайды. Ал, «Қекжиек» атты өлеңдер жинағы ақынның өзі өмірден өткеннен кейін құрастырылды. Жинаққа әр жылдардағы таңдамалы шығармалары мен соңғы уақытта жазған өлеңдері, поэмалары-дастандары, ариналары мен толғаулары, әзіл-сыққақ, шымшымалары және балаларға арнап жазған жырлары енгізілген.

47557

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-254-277-6

© Нұрқанов Ж., 2013
© «Астана полиграфия», 2013

Северо-Казахстанская
областная библиотека
имени С. МУКАНОВА

ӨЛӨНДӨР

Ақын - орлік поет
арнашының
жырышы

ЖАРАСЫН

ҚАЗАҒЫМ

Кең жайылған зор дастархан – жерінің,
Досқа дәмі кемімеген қазағым.
Өн бойына домбыраның шегінің
Ән мен күйді желілекен қазағым.

Қарап тұрып қаймыққандай жат адам,
Қара көзі үшкүн атқан қазағым.
Дауда мақал, мәтелімен матаған,
Айтыстарда үшкүр аттай қазағым.

Ойы биік, бойы бірақ созылмай,
Дембелшелеу, діңгектейін қазағым.
Жайшылықта моп-момақан қозыдай,
Белдескенде бірбеткейлі қазағым.

Қырдың қыртыс – тыңын тіліп, жер жыртып,
Дән теңізін толқындаған қазағым.
Кере қарыс кең маңдайын тершітіп,
Төс-балғаны солқындаған қазағым.

Мысы келкіп, жезі балқып, мол байлық –
Мұнай-газы асып-тасқан қазағым.
Адамдарға ақ ниеті сондайлық,
Жаны жайсан, ашық аспан қазағым!

ЕЛІМЕ

Өсіргенім, өндіргенім – Өлеңім,
Немерен ғой, көрімдігін бер, Елім!
Саңлақтардың сан талайын баулыған
Өзің айыр Өжеті мен Өренін.

Отқа салып, суға малып, әр жазда,
Төзімдісін лайыкты де сарбазға.
...Уа, дариға, бәрі бірдей жараса,
Бір акынға бір ғұмырда бұл аз ба?!

ЕЛІМ БАР

Елім бар мен дегенде еміренген,
Мен бармын Ел дегенде тебіренген.

Жасыл орман, көк тоғай,
Ағады өзен, тоқтамай.
Ел-жүртүмнан айналдым,
Сезге жүйрік, әнге бай!
Жаздың тымық кешінде
Ән шырқаған сәттер-ай,
Кызық дәурен кешуге
Жетпейді өмір, эттең-ай,
Әттең-ай!

Елім бар мал-мұлкіне Еге болған,
Мен бармын бекітуге шеге болған.

Елім бар егінжайы нағыз алтын,
Мен бармын жан дүнием ашық-жарқын!

Жасыл орман, көк тоғай,
Ағады өзен, тоқтамай.
Ел-жүртүмнан айналдым,
Сезге жүйрік, әнге бай!
Жаздың тымық кешінде
Ән шырқаған сәттер-ай,
Кызық дәурен, кешуге
Жетпейді өмір, эттең-ай,
Әттең-ай!

ҚӨКЖИЕК

Дұнис көз үшінда дөңгеленген,
Көңлімді баурап еді бала күнинен.
Қол жетпес бір керемет, көз көрім жер,
Қызығып қекжиекке қарадым мен.

Ең алғаш тілегіме тізгін беріп,
Жүгірдім, қекжиекке жеткім келіп.
Ол маған, оғаламат, жеткізбеді,
Тұрғанмен жердің шеті секілденіп.

Мен кеттім, сол кеткеннен сағым қуып,
Қайтсем де, жетем, дедім, белім буып.
Тапқаным бұл өмірден сонда менің,
Жақсы өлең, бар болғаны, жүзге жуық.

Ешкімге көрмесем де еміншектеп,
Заманның ыңғайына көндім ептеп.
Армандалап, мен қаншама ұмтылсам да,
Қекжиек жеткізбеді шегіншектеп.

Жасымда сағым қуып ойнап едім,
Дарига, сол күндерім қайда менің?
Сенің де көп нәрсеге қолың жетпей,
Таңырқап отырсың ба, қайран елім?!

Сүйсініп бұл сөзіме құлгеніңмен,
Көп менің білмейтінім білгеніммен.
Алпыска мен де келіп қалған екем,
Жете алмай қекжиекке жүргеніммен.

Қарамай жолда жаурап, тоңғаныма,
Қуандым елге жетіп қалғаныма.
Қекжиек жеткізбесе, жеткізбесін,
Үмітін үзілмесе болғаны да.

1997 ж.

КӨКТЕРЕГІМ

О, менің көкорайлы Көктерегім,
Жаһанда өзіндей жер жоқ дер едім.
Арада айлар өтіп, оралған соң,
Кеудемде сағынышым көп қой менің.

Ораган батысың мен түстігінді,
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.
Бауырында Жалғыз ағаш жайнап өскен,
Теремін тұрлі жеміс, түсті гүлді.

Алқаңа сүйсінемін айна көлді,
Көлдерді мыңғырған мал айнала өрді.
Шалқалап жатам жасыл шалғыныңа,
Туристер мұндай жерді кайдан көрді?!

Мұхит қой маған сенің Қарасуың,
Қайың-тал жағасында жарасуын!
Телміріп соған сонша қарап тұрған
Өзінің оқып келген Жарас ұлың.

Тұған жер, көкорайлы Көктерегім,
Есейіп, ержігітің бол келемін.
Әзірге қолда барым, қошаметім –
Әзекті жарып шықкан отты өлеңім.

АРЛЫ ЖАНДАР

Арлы жандар – ұйытқысы қоғамымның,
Солар «іскер, жігерлі, солар мығым».
Жауапкершілік жүгі иығында
Соларға тән терең ой, жоғары ұғым.

Жауаптылар жалпыға,
жалғыз ерге,
Арлы жандар қамкоршы әркімге де.
Талаптыны сілтейді он бағытқа,
Жол көрсетіп сонына ергендерге.

Алды-арты мен оң-солын барлап тұрар,
Төте жолды табады таңдап бұлар.
Елден ерек сезімі, жаны сергек,
Ақыл-ойы, санасы салмақтылар.

Барлық істін басы мен қасында бол,
Қайрат қылды қашан да – жасыған жок.
Күн көзіне иілген күнбағыстай,
Абзал жанды әз тұтқан жастар да кеп.

АСҚАҚ АРМАН

Адамның жаны арманнан жаратылған,
Армансыз – айрылғандай қанатынан.
Үзілмес үміт-сәуле себелейтін
Секілді ай сырғасы жана туған.

Соны арман – сом алтындей кеудедегі,
Ойнатқан зергерлікті зердедегі.
Көңілдің көк дөнені көкке шапишип,
Толқын-ой толастамас Жерде тегі.

Өршіл ой, асқақ көңіл, асыл арман
Қол соған ғасырларға ғасырлардан.
Киялдың қыран құсы болат топшы
Бұл күнде бұлттан да әрі асып алған.

Күркіреп күннен бетер Байқоңыры,
Даладан басталады Ай жорығы.
Сұрапыл қанат-куші космонавтың
Сондай деп дәлдеп айтам қайдан оны...

Күн нұрын жанарына алған құйып,
Адамдар арманымен заңғар биік.
Зымыран зырлап әне бара жатыр,
Сүйсініп қарап тұрмын көңлім иіп.

ТІЛЕК

Мап-майда түгіндей ғып масатының,
Жұл-жұмсақ сырлы жырлар – жазатыным.
Сап-салқын суга малған орамалдай
Көнілді күйігіне басатұғын.

Жарайды ол сұртуге де көздің жасын,
Жарайды ол орауға да жан жарасын.
(Кім сәтсіз махаббаттан азап шексе,
Сол менің елеңімді олжаласын).

Немесе көпті көрген сұнғылаша
Жұбатар кім қайғыға ұшыраса,
Кебірсіген таңдайын жібітер-ау,
Ауырып жатқан адам су сұраса.

Кіршікісіз сәбилікпен ол ойнар да,
Ермек бол нәрестесіз жұбайларға.
Аңсаған құрбысындай күбірлесер,
Кемтар қызы жалғызырап мұнайғанда.

МАҚТАНЫШЫМ – АСТАНА

Ежелгі Қараөткел,
Әйгілі Ақмола.
Бүтінде – аbat тәр,
Еңселі Ақорда.

Есілдің сол жағы,
Жайнаган жас қала.
Жаңадан орнады,
Жарқырап Астана.

Ажар-көркім, абыройым, Астана,
Ақыл-оыйым, думан-тойым, Астана.
Ойнап жүрген жас бала:
– Әйбәт, – дейді, – Астана!

Асыл сөзді құптайды,
Қазағым да, басқа да,
Мен де сейдеп айтқаным шын, Астана,
Мақтаулым да, мақтанышым, Астана!

Зәулім үй самсаған,
Түрленіп жаңаша.
Көрген жан тамсанған,
Бәйтерек тамаша.

Қаракөз әuletін
Жинаған Бас қала.
Сән-көркін, сәулетін,
Сыйлаған, Астана!

ДЕМАЛЫС

Жасыл белдер: «Бел жаз!» деп шақырады,
Көкорайда көnlің шарқ ұрады.
Көтеріңкі дауыспен сәлем берсөн:
«Бәрекелді, бар бол!» деп шал тұрады.

Көбікті көл: «Шомыл!» деп шақырады,
Адам жаны шабытты, шалқымалы.
Куанышқа шүйіліп жеткендей бір,
Шағалалар төбеден шанқылдады.

Сұлу құрбы сузынга шақырады,
Сары қымызды шарада сапырады.
«Келмей кеттің» дегенде кербез құліп,
Кеудеге сыймай жүрек алқынады.

Күндер зулап, демалыс сарқылады,
Қала қайта өзіне шақырады.
Ен далада жургенде еленбейді-ау,
Шағын ғана бөлменде шаң тұрады.

Сырдан тартып, сілкініп-қағынасын,
Енді қызу еңбекті сағынасын.
Табиғаттың көркіне табынғандай,
Қызығына қызметтің бағынасын!

ЫРЫСЫМДЫ ТАСЫТҚАН

Қол-басына қондырып тұған жердің шандагын,
Маңдайына май жүккән майталманым, саңдағым.
Кермек татып таңдайың, кезерсе де ерінің,
Қабақ шытпай көтердің қауырт күндер салмагын.

Даламыздың қожасы – диқандарым, дарқаным,
Жасап жатсың ертеңгі байлышымның бар қамын.
Сен баптаған қара пар, макпал, десе, парапар.
Маржан сеуіп таstadtың қеудесіне Арқаның.

Үйретіндең қызыңыз – қыншылдарым, қыншылтыым,
Дүниеге бүгін сен дубірінді тындағтың.
Жойқын мынау жорығын толастамас тозаңы,
Қайратыңа қайранмын, құн құрғатпай түн қаттың.

КӨГІЛДІР КӨКТЕМ

Көк буалдыр көз алды,
Ауада сыз, дымқыл бар.
Көкше мұздар бозарды,
Көксөкта бол сылқым қар.

Ұлы сәске таң сұлу,
Алдында жол көктайғақ.
Қайда барсаң, қар суы
Құн нұрымен жатты ойнап.

Дүние бүгін көгілдір,
Бұл кез үйге сияр ма ең?..
Әлдекайда көніл жүр
Әлденебір қиялмен.

Күн биіктеп алыпты,
Байқамадың нағылым?..
Көктем келіп қалыпты
Көптен күткен сағынып!

НЕГЕ?

Орім тал бүршік атты
Есілдің жағасында.
Сол күнгі сол бір сэтті
Есіңе аласың ба?

Жағада жұрген шақта
Жанасып екі дене,
Екеуміз екі жаққа
Бөлініп кеттік неге,
Неге, неге?

Көшеде көрісеміз,
Бір уақыт ләм-мим деспей.
Бір ауыз жылы лебіз
Естілер, естілместей.

Осынау рсніштен
Көніліміз кірлемеуге,
Жөн еді түсініскең,
Кездеспей қойдық неге,
Неге, неге?

Өзінді әсіреле
Аңсаған кезім менің.
Сен жақтан самал ессе,
Мен бірден сезінемін.

Құмар ек сен екеуміз
Кешкісін серуенге де.
Бұл күнде сол жерге біз
Оралмай жүрміз неге,
Неге, неге?

ДАЛА ӘНШІСІ

«Көктем келіп қалды» деп,
Түлең берді қырат-қыр.
Толқи соқты таңғы лел,
Дұр еткенде трактор.

Күйге бөлеп ол енді,
Жомарт жердің жотасын,
Жазып ала жөнелді
Әннің – дәннің нотасын.

Бар дауыспен басып жүр
Ариясын елімнің,
Жер койнынан ашып жүр
Дариясын егіннің.

ЕКІ КӨЗІМ ЕЛ ЖАҚТА

Екі көзім ел жақта – қарап жүрмін,
Барап құнді бақытқа санап жүрмін.
Дүбір естіл ширыққан өз-өзінен
Бәйге атындаі баурымнан жарап жүрмін.

Күнде кіріп түсіме туған аймақ,
Ала таңнан алқынып тұрам ойлан.
Майшабактай мазасыз ойлар түртіп,
Тұрсаң және қашады тырағайлан.

Көніліме қонақ бол үміт-ноян,
Елден кісі келердей күліп қоям.
Әлденеден әрдайім секем алып,
Бір жағынан секендер күдік-қоян.

Амандық хат алам да, дұрысталам,
Мейрам бола кетеді жұмыс маған.
Жауап келмей қалғанда, қабак түйіп,
Арқасы бар адамдай құрыстанам.

Аяқтанған бөбекшे құлап-тұрып,
Бекі берер көңілім де жылап-куліп.
Жүрек кейде жүлқына дүрсілдейді,
Сергек сезім көз түріп, құлак түріп.

ӘЗ-НАУРЫЗ

Күн ұзарып келеді, күн ұзарып,
Күнгей бөлме құнұзак жылы, жарық.
Лып-лып еткен бір сезім өткірленер,
Ұстараның алғандай жүзін жаңып.

Ақпан, қаңтар төзе-төзе,
Күткеніміз – Наурыз көже.
Алдымызда шүпілдеген
Шәрбәт толы көзе, көзе...
Шалқымай ма, балқымай ма
Жан-дүниең осынау кезде!..

Әз-Наурызда күн мен түн теңеледі,
Нұр-шуаққа дүние бөленеді.
Думандаган ағайын-туғандардың
Жадыраған жайдары көнілдері.

ТАҢҒЫ СӘТ

Табиғат, тамашасың таңда дәйім,
Тың-тыныш тылсымына таң қалайын.
Секілді Күнді тоқсан құпия жан –
Төбеде тоңыңырап қалған Айын.

Күн шықты құлпырмалы арайменен,
Апталды алтынменен маңай, белен.
Өзіне қөзің тіктеп карау қайда,
Әйтеуір жоғарыға қарай берем...

* * *

Сыңқылдау не? Бұлактағы зар ма екен?
Бұлак тілін білетін жан бар ма екен?
Сыңқылқап күліп жатқан өмірге,
Әлде бұлак – бір ойнақы жан ба екен?!

* * *

Сылдыр-сылдыр су сылдырап бұлактан,
Тәнірі ме екен тауды-тасты жылатқан?
Анда-санда көніл айттып: «Кек! Кек!» деп,
Шығар даусы көкектің де жұбатқан.

Ертелі-кеш сыңқылдайды, жылайды,
Не кексейді, қыңқылдайды, сұрайды?
Кек жұлгемен көлбендесе көбелек,
Тесін төсеп: «көбешім» деп шулайды.

ҚӨКТЕМ ҚӨРІНІСІ

Қектем келді, қуды жерден мұз-қарды,
Әктем келді өгей етіп ызғарды.
Қектем келді жігіттерді жымитып,
Толғандырып толықсыған қыздарды.

Бала біткен доппен бірге домалап,
Таң атқаннан қун батқанша жоғалат.
Дала қандай қайта түлеп, жаңғырған,
Сыртқа шықпай жүргендерге обал-ак.

Құн кунакы, бұлт жұқалтан, қазбауыр,
Жер кебірсіп, сезінбейсің сазды ауыр.
Адамдардың қас-қабағы ашылып,
Күрystаған бойын қайта жазды ауыл.

Көптен күткен жұртқа қектем ұнап түр,
Көзілі өсіп, көтерілді қырат-қыр.
Атасының белін басар баладай
Дөңге шығып бара жатыр трактор.

КҮЗГІ КҮН

Тағы да өтіп кетіп тамаша жаз,
Тағы да кері қайтып қараша қаз;
Дауысы талып жетіп барады өтіп,
Көзінді бұлдыратып қарасаң аз.

Барады бұлттар да ауып бәсек, баяу,
Тіркесіп бір-біріне тақау, таяу.
Сергімей себеленген ақ жауыннан,
Кең дала керіледі үйқылы-ояу...

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Көктен жерге кеп жаткан хабар-хаттай,
Жапалақ қар даланы жалты міне.
Алғашқы қар – алғашқы махаббаттай,
Шәгін бар ма шаңқан боз, пәктігіне.

Сұлу қызға таңылған лақап аттай,
Қар жамылып томсарған тоғай мынау.
Алғашқы қар – алғашқы махаббаттай,
Қыс бол жатып қалуы негайбыл-ау.

КЕКІЛДІМ-АУ

Бір жерде бір көрген секілдім-ау,
Қай жерден келіп ең, кекілдім-ау.
Сүйкімді жүзінде көзім түссе,
Дуылдап кетеді бетім мынау.

Көркінде сүйсініп кекілдім-ау,
«Есімін кім» деуге бекіндім-ау.
Телміріп ту сыртыңдан қарағанмен,
Ләм деуге бата алмай, өкіндім-ау.

Әзірге не дейін, үкілім-ау,
Бақыттың болуың мүмкінім-ау.
Үмітіме жылт еткен сәулө сепсең,
Дүниенің тәрк етейін бүкілін-ау!

Алабұртып көңілім елжірейді,
Анадайда көйлегің желбірейді.
Торғындай көрік берген тойға мынау,
Тотыдай ажарынан айналдым-ау!!

БІЛЕ БІЛСЕН...

(дос жігіттің аузынан)

Алматының алқызыл алмасындей,
Бетіңен қаның тамған қарғашым-ай.
Көзіме оттай ыстық ұшырадың, –
Жоқ жерде жолығысып қалғасын-ай?..

Сол күйі – тұлған тіп-тік мұсін тастай,
Ажарың бәз-баяғы, өнің қашпай;
Таймаган жанар оты жайнал көзің,
Қарайсың бейне мені танымастай.

Ол рас, мулде менің өзгергенім,
Емеспін бір кездерде көз көргенің.
Бурыл шаш, кату қабақ, жадаулы жұз –
Баршасы, біле білсөң, өз бергенің.



КОМБАЙЫНШЫ

Егінжайға ерте шығып қосынан,
Күміс кірпік Құнді оятқан – осы жан.
Ен далада енді дамыл бермейді,
Қас қарайып кеткенінше осыдан.

Үстүк ұрып, басқанменең маңдайын,
Жанарында от ойнайды әрдайым.
Жүргегінің қуатымен жүргендей
Астындағы абажадай комбайн.

Алмасын, деп, егіндерін жауын, жел,
Айға жақын көрмегелі ауылды Ер.
Егін ору – майдан болса екпінді,
Комбайншы – бейбіт күнгі жауынгер.

ЖАҒАДА

Текшелі тасқа асылып,
Телміріп ақын тұрған-ды.
Тепсінген толқын басылып,
Толықсып келіп тынған-ды.

Шағала шалқып, қалықтай,
Кек құрак жэйлап ырғалды.
Тылышып-шорышып балықтай,
Жагада жаңа жыр қалды.

ЖУРЕК СЫРЫ

Ажарың ашық аспандай,
Күлгениң күннің нұрынша.
Майысып белің жас талдай,
Ойысып бері бұрылсан.

Жүректі лүпіл қақтырып,
Қояды назың, екпен бір.
Сезімің әлі пәк, тұнық,
Таңғы бір шықтай мөп-мәлдір.

Қарайсың қасың керіліп,
Жанарың ыстық жаздайын.
Ұмсынған бойы мен еріп,
Құшаққа құлай жаздаймын.

ОЙ

Ой – баста,
толқын – сонау теңіздегі,
Тым ұқсас, туысы бір, егіз, тегі.
Тынымсыз, тыныршыған болмысы бір,
Өздерін: «Өршіл, асау» дегізгені.

Толқынның төркіні бар, мөнкуі бар,
Ол бірақ тулап-тулаң, қайта тынар.
Ой гой, ой! – толастамай, тыным білмей,
Адамды тіршілікте зыр қақтырап.

1967 ж.

ЖЫР ЖАЗАМЫН ӨЗІНЕ

Бір сайрамай бұлбұл қоймас,
Алагеуім, таңсәріден.
Тындауга оны гүл бір тоймас,
Елжіреумен, тамсанумен.

Сорғалатып бал шырынын,
Жыр жазамын өзіңе мен.
Жәйін ұғып жан сырымның
Коярмысың сөзіме дең?..

ӘЗІРШЕ

Десем де: «Шыңға шығам мен тегінде»,
Әзірше журмін таудың етегінде
Тебесі тым алыстан жалтырайды,
Кім білсін, жетпеймін бе, жетемін бе?

Алда әлі биік беткей, бәктер белен,
Атандай алып жонды шеккен ерен.
Қақ жарған тас жотаны өзен долы,
Ақ көбік, ағын асаяу, өктем, керен.

Төскейі қарағайлы қалың жыныс,
Отпестей ит тұмсығы, анық тығыз.
Кірген жан шетін тампай шырмалғандай,
Аттаған қадам сайын алып тыныс.

Баурайы, бәктері де, төскейі де,
Бір мезгіл артта қалып, көш кейінде;
Жолығар жеке біткен, оқшау шындар,
Тұргандай бір-бірімен өш пейілде.

Басы мұз күн сәулесі тайғанаған,
Үстінен тек жұлдыз бер Ай қараған.
Тым шырқау, көкке керген көкірегін,
Бұлт қана беттен сүйіп аймалаған.

Сонда да шығармын бір мен тегінде,
Әрмелеп арман-қиял жетегінде.
Жалғыз-ақ жол жарагын күнде сайлап,
Әзірше журмін таудың етегінде.

КӨКШЕ ЕГІН

Көз тоймас көкше егінді-ай желкілдеген,
Құлышының құндыз жалы секілденген.
Жұп-жұпсак алақанға, аумайды әлгі
Ұлымды сипағандай кекілінен.

Жас айдар жап-жасыл бол жайқалуын,
Асарай шарасынан шайқалуын.
Көрмеген көптен мұндай сүйкімділік,
Жанымның ләззатқа бір, уай, қануын?!

Опырай, енжар қараң түрсыз, ал сіз,
Дейсіз бе: жасылдығы – жасық, әлсіз.
Мұны сіз бүгін көзге ілмейсіз, ә,
Болғасын бойы аласа, басы дәнсіз.

Құн сүйіп, нөсер құйып, үптең желкем,
Көкше егін көтеріліп кетпей ме екен?
Кім қашан тұа сала тұлғаланды,
Не нәрсе болған бірден серттей бекем?

Осы әлжік қаулап өсіп қаптайды әлі,
Далаңды алтынменен аптайды әлі.
Күні ертен жез мұртты бол жетіледі,
Сасарсың саулағанда нарттай дәні.

Ың-шыңсыз іштен толып біз де өсеміз
Ту өлең тумағанмен күнде семіз...
... Жарар ед, көкше егінді көре салып,
Диқанға дікің қағып жүрмесеніз.



ӨЛКЕМ

Тұған жер – Тың өлкесі аскан көркем.

Сары бел,
жасыл жазық,
асқарлы өлкем.

Далада дамылдасам жұмыстан соң

Тау – жастық,
төбе – төсек,
аспан – көрпем

Өлкем – қыс,
карлы қаңтар, ақпаны бар.

Өлкем – жаз,
сарша тамыз – алтабы бар

Өлкем – күз,
колхоз-совхоз қамбасына
Даланың дән теңізі ақтарылар.

Көктемі – мол базары тіршіліктің.
Тәбеден күле қарап тұр шығып Күн.
Еңбегін есептеуші секілді бір
Жұмылған жұмысына жұртшылықтың.

Ежелден, еңбек десе, ұйыған жұрт,
Маңдай тері – қоймаға құйылар құт.
«Мыңғырған бай» дейтуғын баяғыда
Мың емес,
ендігі есеп – миллиард пұт.

Бабасы бар байлықтың – бөлке бізде.
Келіп көр кереметті ертең күзде.
Бауырсақ жан басына жаппай жетер,
Жер жүзі жиналса да өлкемізге.

ЖАЛТ ЕТИП ТУА ҚАЛҒАН (Экспромт)

1

Менен өлең сұрасаң,
Жазайын да берейін;
Еркетотай бұл аса,
Сақам емес, кенейім.

Қырнауы әппак ұнаса,
Алшы түсті мереім,
Сыры жақпай, сынасан,
Бұк түстім бе, не дейін?

Асық ойнау (күл, мейлін)
Ұмыт болып барады,
Өзім де оны білмеймін,
Баулыр едім баланы.

Көнені көзге ілмейтін,
Әлсіз әдет бар әлі,
Асықты қойшы, «Тіл» дейтін
Асылым қалса, жарады!

2

Нәр жинаған арадай әзір аулақ,
Болса да бір шабыттың жоқ кезінің,
«Жыр жаз» деген тілегің азын-аулақ
Тұтатқандай жанымның от-сезімін.

Сынай қарап және де назданғаның
Жібергендей жел үрлеп, май тамызып
Байқармысың лап етіп маздағанын,
Күлгін тартып қалған шоқ қайта қызып.

Сол шіркіннен басталған от алаулап,
Шалқып, шарпып өзінді кетпес пе екен;
Аялдашы, пан құрбым, азын-аулақ,
Салып үрлып шабыт та жетпес пе екен?!

ТАУЛЫ ӨЛКЕНІҢ ҚАРАҒАЙЫ

Тамаша-ау таулы өлкенің қарағайы,
Жаз-аптап, қыс аязға қарамайды.
Жап-жасыл, жайнап тұрар қылқан, бүрі,
Кім оны жас кісіге баламайды?

Көрген жан көнілі толып, бас иетін,
Не дейсіз оның осы қасиетін?
«Тас жарып, тауга біту киындығы –
Дер едім, – тұрған оны жасыл етіп».

ЖЕҢІС КҮНІ

Ел үстінде Женіс күні тігілген,
Ту астында тұрмын толқып бүгін мен.
Солдаттардың тегеурінді тізесі
Сол бір Туды сүйерде тек бүгілген.

Тұла бойда қызу жалын, алау бар,
Оны біздің арымызыға балау бар.
Женістен соң күрендене түскендей
Жауынгердің қаны түстес жалаулар...

ДАЛА КӨРКІ

Па, шіркін! – десейші бұл пан даланың
Алтынмен апталғандай дәнді алабын.
Несі бар немереміз таңырқаса,
Мен өзім жылда көріп таңданамын.

Күп-курен,

Күнге тартып кеткен масак,
Майысып, тербелгенде тіптен ғажап!
Сап құрып сан мың ұл-қыз шикілсары,
Тұрғандай мәнерлі бір қимыл жасап.

Бір кезде сағым ойнар мидай дала,
Тесінде толы бүгін Бидай – бала.
Өсірген желкілдегіл жер қойнынан,
Бұл Дикан неткен күшті, неткен дана!

Көктемде көк торғынға малынған жер,
Жазында жасылданып жанданған жер.
Тамызда бурыл тартып бара жатты,
Бұландаң көз алдында сағымнан бел.

Қаз қайтып, қарашаның желі жеткен,
Киді еңір қалтал шапан кеңірдектен.
Көк егін, алтын масақ, қара макпал,
Құлпырма көркем еді жерім неткен!

ӨЗІ АРМАН

Таты жоқ таза қардай құзардағы,
Біл-биік қандай таза қыз арманы.
Кешкі айдын, таңғы ауадай тұнып тұрған,
Жақсыдан қыз көңілі-ай үміт қылған.

Шөліркеп қызыл ғүлдей нөсер күткен,
Әсерлі қыздың жаны әсем тіптен.
Бой жетіп, қыз қиялдан қарайды алға,
Кол жетпес өзі арман бол талайларға.

ТҰЯҚ СЕРПУ

Оқ қоймасын айнала
Пентагондық жүр солдат.
Жүр өзінше ойлана,
Жанын қинап сүр толғақ:

Ала-құла киінген
Әмерикан жастары,

Алақұйын биіңнен
Елең қылмай басқаны;

Данғыр қағып джазың,
Даурығасың, білемін,—
Сендердей бол біраз күн
Сенделгеннің бірі едім.

Жеңіл өмір желігі –
Жасымыздан қағындық;
Атамыздың жерігі –
Ақшага біз табындық.

Улкендердің «ұлғат» бол
Кұлық-сұмдық бұйырды.
Арымызды былғап бол,
Қанымызға құйылды.

Бас айналып нашадан
Жарты күнге үйлендік;
Тас лақтырып тасадан,
Қылмыс жасап үйрендік.

Мылтық деген тиген-ді,
Таңдал алсаң ерікті ең.
Атушы едік негрді
Кездерде бір зеріккен.

Күш болмас деп білдік біз,
Доллардан зор ешқандай;
Жыладық та күлдік біз,
Алтын десе, ес қалмай.

Сол үшін де соғысқа
Ырза болдық баруға,
Әйтпегенде қол қысқа
Байлық жинап алуға.

«Күн туды, – деп қуандық, –
Толар қойны-қонышым».
Алабажақ ту алдық
Арам пигыл, жол үшін.

Самолеттен секіріп,
Кемемен кеп түйістік.
Берекесін кетіріп
Бейбіт елге тиістік.

Жасыл туын жайратып,
Әртей келдік елдерін.
Аяқ-қолын байлатып,
Әртей бердік ерлерін.

Жалаңаштап аруды,
Шанышқылап баланы,
Қанша сұртсек қаруды,
Тазармайды қаны әлі.

Оқты қарша боратып,
Төктік қанша бомбаны;
Ауру-індег таратып,
У да шаштық, – болмады.

Төтеп берген бәріне
Нендей қуат, айбар нық?
Ұшырадық кәріне,
Қырылуға айналдық.

Вьетнамда өлгендер –
Тең жартымыз, кемінде.
Жібек жинай келгендер
Жарымадық кебінге.

Ұрынғандай сүзекке
Молаюда моламыз.

Тұрмыз әзір күзетте,
Әлде қалай боламыз.

«Әлде соңғы түн бе екен,
Олжа болар бәлки жан...» –
...Мұны айтуы мұн екен,
Тап берді кеп партизан.

Тұңғиықтың алдында
Тұяқ серпкен секілді,
Ойға батқан қалпында
Қан суыды, дем тынды.

1972 ж.

ҚАР СУЫ

Аулында білуші едің тершең кімді,
Қар суы шып-шып шыққан тер секілді.
Домалап дөннің тамшы самайынан,
«Сай-сала, қайдасындар?» – деп жөнкілді.

Мұзды үңгіп, жер жыралап, тастан аттай,
Қар суы жол табады жас таланттай.
Бұған да бұралан жол берген өмір,
Өзі де жалтарғыш-ақ қашқан аттай.

Сылдырлап ұзақты күн қар сулары,
Былдырлап айтпағы бір таусылмады.
Жатқандай жәйін бізге баян етіп,
Көкше егін, көк шалғынның маусымдағы.



О, КӨКТЕМ...

1

Ашшы тез,

Айқара ашшы терезені,
Сағ ауа қандырсын бір кенезені.
О, көктем, осылай бір самал жұтпай,
Сағынып тосады жүрт неге сені?!

Жаныма іздеуші едім көптен дауа,
Жаққандай кек мұнарлы көктемгі ауа.
Шіркінде бүркүраган жас иіс бар,
Жас деген әрқашанда өктемдеу, ә?!

2

Қантардан қалды-ау, сірә, сәл-пәл ызғар,
Ауада әнтек салқын дымқыл, сыз бар.
Оны да ыңқыл-сыңқыл қарт білмесе,
Сезе ме тоқ балтырлы сылқым қыздар.

Бір үшқын қара көздің қығынан
Жалт етті, жалт қарады бүйіғы ұлан.
«О, көктем, үшқын атқан махаббат!» деп,
Мен тұрдым күлімсіреп миығымнан.

КҮНДЕР

Бұлтты күні жабырқап, жатып қалам,
Жаманнан қорыққандай,
Ашық күні шанырқап, шабыттанам,
Жақсыға жолыққандай.

КӨК ӨРІМ

Кеңейіп аспан күмбезі,
Күлімдегі қалып Күн көзі;
Көк өрім, балаң тірлікке
Дертіп тұр жылдың бұл кезі.

Жылғадан жылға – мың бұлак,
Барады тәтті былдырап.
Даламыз қазір баладай
Кеудесі толы сылдырмақ.

Сарғалдақ жауып дөңдерді,
Өнірге ашан ең берді.
Жауқазын, ран, көк жуа
Жасырып жатыр шенгелді.

Бұтанақ бойы бүр шығып,
Көгілжім тартты сүр шыбық.
Белуардан келген көлшікте
Дүрдиіп ерні тұр шілік.

Су ала барған сол маңға,
Сұлу қыз қайтты толғана.
Қырындай түсті қырқадан
Бойшандау келген бозбала...

...Жәудір кез бота жай боздап,
Шоқ талдар сайын қой қоздап,
Күдия шапқан құлыншақ
Кетеді небір ой қозғап.

Жазықта шаң-шұң топ бала,
Құмары – жалғыз доп қана;
Әне бір үлдің ептісін,
Сонау бір тәмпіш сотқар, ә?

Көгалды көлбеу ұнғылап,
Сағымдар сансыз бұрғы нақ.
Алыстан айқын секілді,
Көзіңнің алды бұлдырап.

Шағылып күнге түрені,
Ер диқан білек түреді.
Кол бұлғап қостан ұзатқан
Сүйген жар неткен нұрлы еді.

Дірілдеп жылы қатығы,
Сар қаймақ сәл көк татыды.
Әрістің кеңіп кетуі-ay,
Көбейіп актың жатуы.

Жалтырап айдай тәпкісі,
Бакшаға тартты қарт кісі.
Көктемнен бе екен қөгілдір
Өмірдің әлгі тәттісі?!

БАЛЫҚШЫ МЕН АҚЫН

Аққайран шортан қуып шоршығандай,
Жыр қайда жылтықайлар шошығандай.
Қараймын қарауытқан ірімге,
Сол тұстан соны теңеу жосылардай.

Дір етіп, дызылдауы қоғажайдың
Сүйкеліп өткені ме шорағайдың?
Ұмтылды бақырайып балықшы дос,
Сол жерден сөгілердей оған айдын.

Жайғасып Есілдің тар қабағына,
Ой басып, мелшидім құр алабына.
«Сені қой, сенен хауіп жоқ» дегендей,
Өтеді әрлі-берлі алабұра.

ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАБЫ

Жалтылдак ақық, лағыл, алмас, берен,
Естимін асылдар деп елден ерен.
Мектептен алтын медаль алғаным бар,
Әйтпесе інжу ұстап көрген емен.

Гаухардың көрмеппін ғой түрін-түсін,
Суастың сұраппын ба құның, қүшін.
Тақпадым, сатпадым мен жақұтынды,
Ғаламның ғажабы өзге менің үшін.

Ғажап кой қызыл бидай, бадана дән,
Асыл деп соны айтсамшы бағанадан.
Мен білген азды-көпті дүниеде
Жок, деймін, асқан көркем, адал одан!

НЫСАНА

Сығалап, дәлдең, көздеген,
Бір алып демін, бір үзіп;
Аңшыны сонау сезбекен,
Алаңызы үйрек жүр жүзіп.

Сезбеді байғұс, сезбеді,
Қояды сәл-пәл шайқалып.
Көздеді мерген, көздеді,
Асықпай, еркін, жайланаң.

Туралап әбден дәлдеді,
Білгесін құстың үрікпесін;
Нысана міне дәл келді,
Басады-ау енді шүріппесін...

ҚОС БАСЫНДА

Тастап ап тостағандап тұнемелді,
Жас жігіт жалқынданып күле берді.
Босаған бұрандадай буындары,
Белбеуін қайта тартып турегелді.

Қос басы шаңытқан шақ, шілде шыжып,
Жантайып жатты жігіт күнге қызып.
Жастаңған тастай ерді елеместен,
Бөлене берді бейжай күйге қызық.

Көрмеді қөнек тұтқан сар женгенін
Қалжындал қамыт аяқ шалға ергенін.
Сезбеді – ұйықтап жатқан үстіне дәл
Түсінде көріп жатқан жан келгенін.

Жоқ жерде келе қалды қайдан бұл қыз,
Онсыз да қақпақылдан ойнар бұл қыз.
Жігітті жығып берді-ау қапылыста,
Мас қылмай, маужыратқан қайран қымыз.

МАЙБАЛЫҚ

Белден асып,
көлден қашып, айналып,
Сокпақ, сокпақ,
бара жатсың қайда алып.
Мың бұралып,
жұз өрмелеп, жұз түстің,
Жерде ме еді,
көктө ме еді Майбалық.

Қандай ұзак қарагайлар дәлізі,
Қаусырмалап, тарта бермек тәрізі.
Бізге дәйім жолбасшы бол жатады,
Алдымыздан жүргендердің әр ізі.

Адам ізі айқын түскен тасқа да,
Біз де сүрлеу қалдыра алсақ басқага.
Құмдақ жолмен жүрдек басып келеміз,
Ең болмаса жүрер жолды ластама.

Орман бітті,
басталды дөң, бел-белес,
Сағым ойнап, көздің алды – көп елес.
Онда да жоқ,
солда да жоқ сортаң көл,
Сонау көлге ентелесек, ол да емес.

Таптық ақыр,
жерде жатыр Майбалық,
Ой-хой, соқпақ,
келдің бізді қайда алып.
Наубайшының нан илейтін суындай
Сұп-сұр тартып жатыр дейсің шайланып.

Шеті таяз,
түбі тасты, қияқты,
Жай балық жоқ,
майбалық деу ұят-ты.
Дарыны зор,
даңқты бір жандардың,
Көзге кораш келетіні сиякты.

Тұрінде емес,
түбінде ғой мәнісі,
Тұзды суы – дайын тұрған дәрісі.
Мұндай суға батпайды екен кісі де,
Жатар ма еді,
жарты сағат әрісі.

Тұзға тұсу оңай емес демікпей,
Майбалыққа түсіп шығу ерліктей.
Кекшедегі көп лирикten өзге бұл,
Жалғыз аңы сатиригі дерліктей.

АЙДЫНСЫЗ ӨЗЕН

Өзеннің аты жазулы,
Арнада сүй жоқ бірақ.
Бетонмен беті жабулы,
Жайқалған емес көк құрак.

Ақ тастың асты гүрілдеп,
Көрінбей көзге ағады.
Айдын жоқ жатқан дірілдеп,
Толқын жоқ ұрган жағаны.

Тосырқап жаным мұңайды,
Көңілге бір ой түр келіп:
Өзенге коса
 өмірді
Бетондан тастап жүрмелік.

НҰРҒА ТОЛЫ НҰРА

Мың бұралып ағатұғын Нұраны,
Мың қайтара көргім келіп тұрады.
Нағашыдай елпілдеген қуаныш,
Жағасында желкілдеген құрағы.

Жазғы Нұра, жарқыраган айдыны,
Бір өзінде бүкіл әлем ай-күні.
Шындық тектес шымырлаған ағыспен,
Жуып-шайып кететіндегі қайғыны.

Көптен бергі кеудемдегі олқыны,
Шүпілдетіп толтырғандай толқыны,
Көбік қарға көп аунаған тұлқідей,
Менен кунак жан болған жоқ сол күні.

Дала кезіп, жалықпауы ұнаған,
Айналдым мен нұрға толы Нұрадан.
Жүрек таза, жүрерікші мөлдіреп,
Өмір жолы болғанымен бұралан...

БЕРЕКЕ БОЯУЫ

Егіні тұнған алқап түсте қандай,
Буына сары алтынның ұстағандай.
Балқытып алуға бір аптап-құлтеп,
Төнеді төбеден Күн ұсталардай;

Қызық мұрт жебесіне жез жалатқан,
Масактың бауырында мыс та бардай;
Жайқалып кеткенінде керімсалға –
Сарғайып ататын бір қысқа тандай;

Өрнегін өңкей сары жібек қылып,
Жинаған өрік, мейіз, пісте, балдай;
Дүние дүйім сарғыш боп барады
Сандықта сактаулы асып нұскалардай;

Береке, байлығымның бояуы осы,
Елге кеп, ей, суретшім, түстеп алғай!

ЖОМАРТ СЫЙЛЫҚ

Сан көрген Сары Арқаның мырзалығын
Тұган ел жомарт сыйға ырза бүгін.
Қазағым алабөтен мақтан етер,
Егінін шашау қылмай жиған Ұлын.

Ғажап қой астық иісі анқығаны,
Диқанның көкке өрлетті данқын дәні.
Ерлердің өр кеудесін аңсағандай,
Аспанда жұлдыз жарқ-жүрк жарқырады!



ҚЫРМАНДА

Дүйім жұрт, дүбірлі еңбек қызындырыған,
Қазандай қайнап жатыр қызыл қырман.
Жігіттер жанарынан жалын атып,
Балқиды балғын қыздың жүзі нұрдан.
Сапырып сары алтынды күрегімен,
Жастан жүр ұғынысып жүргегімен...
...Кара бұлт, қайта тартып бара жатсың,
Жалбырап таңнан бері түнеріп ең...

Беу, диқан, күт негізін мол қалаған,
Сен – бүгін қолыңа құс қонған адам.
Әлемде сенен асқан бай бар ма екен,
Алтынды корап-қорап тонналаған.

ҚОЛЫН ҰСТАУ – БІР МЕРЕЙ

Диқан десе, жыр жазбай тұра алмаймын.
Тұтқылда үйқаспен ұрандаймын.
Қашан көрсем, қағылez келбетіне
Тамсанамын – тәттіге құмардайын.

Жер койнанынан ырыстың қөзін ашқан,
Диқандарым – дындаі ер төзімі асқан.
Мақпал жонды масақпен тербелтеді,
Кейде тамбай қойса да бозғыл асплан.

Комбайнши тұннің қай кезі демей,
Ұйқы түгіл, жанынан безінердей.
Танаптарда жосылтып жүрген жанның
Шаң-шаң қолын ұстаудың өзі – мерей.



ЖЫЛҚЫШЫ

Жапалақ қар жауды да,
Артынша күн сұтынып;
Тебін тағы ауды да,
Жылқышы жүр күйғытып.

Болған емес тапшы ауа,
Сере шықты соғымы.
Сондықтан да жақсы-ау, ә
Жүргегінің соғуы.
Ат үстінде әрдайым,
Шақырады бел, төбе.
Бусандырган маңдайын
Кұлақшыны желкеде.

Терезесі – кең аспан,
Желдеткіші – жүлдіздар.
Жылқышыға бел асқан
Түк емес кой түнгі ызғар.

Оған тіпті ертегі –
Тұмшаланған тұмауын.
Ортан қолмен шертеді
Мұрттың мұздақ қырауын!

ЖАЛЫН АТҚАН ЖАС ҚАУЫМ

Студенттер – жалын атқан жас қауым,
Аршып алған үлкен өмір бастауын.
Студенттік – жаңалыққа жалт қарап,
Сұлулыққа сұқтана көз тастауын.

Сөмкемізге қалың-қалың дәптер сап,
Лекцияға лек-лек кіріп жатқан сәт.
Қызық еді-ау, қызу еді-ау ерекше,
Сол кезді айтып мақтанайық, мақтансақ.

Студенттің өнерін айт сан қилы,
Содан тында барқыт әнді, бал күйді.
Тоқтығы мен жоқтығы егіз жомарттар
Емтиханның ертеңіне шалқиды.

Дүниені дүбілткендей ойнақ сап,
Дүниеден түнілгендей ойланса-ак;
Қысқа күнде қырық құбылып жүретін
Студенттік қайта оралмас қайран шақ!

ӘСИЯ ГҮЛ

Елімнің әсия гүл әйелдері,
Төрлерде толықсиды Ай өндері.
Асырып ана даңқын, жұбай көркін,
Дәл біздей ардақтар зан қай елдегі?!

Ұнамды-ақ ұл мен қыздың тен өскені,
Әйелдер сыршылғана емес, тегі:
Қайнаған мына жарқын өмірдің ол –
Қайраткер, қызыметкер, жұмыскері.

Майданда әйел батыр Әлиядай,
Мол сауып, тасытқан сүт дариядай,
Кемшаттар темір тұлпар тізгіндеген,
Бибігүл – өзі де әсем ариядай.

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ

Ең құрметті жанның,
Ең, ардақты жанның,
Ең сүйікті жанның,
Ең сүйкімді жанның
Мерекесін нағыз –
Сегізінші наурыз!

Әжелерді бүгін,
Аналарды бүгін,
Көнілдері көктем,
Аруларды бүгін,
Әспеттеуге бармыз.
Сондай ғажап бұл күн –
Сегізінші наурыз!

ҮНДЕМЕЙДІ ТЕЛЕФОНЫҢ

Жүрегім күн демейді, түн демейді,
Көз ілмей, тыным білмей, лұпілдейді.
Жүрмісің сау-сәләмат, дейін десем,
Ұялы телефоның үндеңейді.

Болмай жүр ғой менің жолым,
Неге екенін білсем соның.
Неге сенің, неге, деймін,
Үндеңейді телефоның?

Үнсіздік – үрей емей, ол немене,
Беймәлім, белгісіздік оңай, деме.
Не жағдай, не боп қалды, өзің айтшы,
Ұялы телефоның үнсіз неге?

Болмай жұр той менің жолым,
Неге екенін білсем соның.
Неге сенің, неге, деймін,
Үндемейді телефоның

Жоқ жерде күдіктеніп әлденеден,
Көңілің қалды ма екен әлде менен?..
Киялым жетпей қойды осыған бір,
Ұялы телефоның үнсіз неден?

БАҒАНАЛАР

Желіге байланғандай бағаналар
Зеріге қоймайтында маған олар.
Өткізіп сыңғыраған сым бойымен
Жеткізер жарық сәуле, жаңа хабар

Мыс та бар, мырыш та бар иығында,
Иығы шақ қалады қыллуға.
Кернеуі бәсендемей келген қуат,
Балқыған шойын болып құйылуда.

Малынып жаздың нөсер жауынына,
Төзеді күздің қара дауылына.
Қаздыып, қашан көрсөн, тұрар баған,
Кайыспай артқан жүктің ауырына.

Танытқан қыста шыдам қыраулатып,
Жөтеліп көрген емес тұмауратып.

Ертістей электр тоқ толқындарын
Бір баған бір бағанға тұр аунатыл.

Керілген жібек жілтей сым дірілдеп,
Үндесіп іскерлікпен тұр гуілдеп.
Басына бағандардың жұлдыз қонып,
Түнімен жарқырайды мын бір ілгек.

Өмірде көп қой осы бағанадай
Ісіне тыңғылықты, адал ағай.
Міндетін үнісіз ғана атқарғанға –
Жүрмендер мықтылығын бағаламай.

ТАҢСЫҚ МАҒАН

Таңсық еді бәрі маған,
Дәңнен әрі асатұғын жолдың;
Шаң-тозаңнан арылмаған,
Қара жолдан қашатұғын болдым.

Арман жоқтай, адал журсем,
Туралықты ту ететін едім;
Екі жүзді адам көрсsem,
Екі бетім ду етеді менің.

Бұрынғыдай қиқуым жок,
Тойдың ырду-дырдуына тойдым;
Бара алмаймын ған да көп,
Отырганым тұтқынында Ойдың!



ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР (1937 жыл)

Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сүмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтындаршы, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұңжырайды көлдер.

Қайырмасы: Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайды шер,
Айықпайтын мұн –
Гүлдейді жел,
Мужілгендей тас.
Көнілімізде – шер.
Көзімізде – жас.

Өңкей асыл боздақ, болды-ау күні қараң,
Олар көрген азап – өлімнен де жаман.
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.
Қарауытып орман, қалың тогай, тұнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел.
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей, үнсіз,
Егілмейтін іштей, кім бар еken мұнсыз?

Қайырмасы:

Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сүмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?

Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.
Аза күнгі зарым, азалы жыр, энім –
Аруактарға дүға, қабыл етсін Тәнірім!

Мамыр, 2000-2003 жыл.

АРДАГЕРЛЕР

Орнатқан жаңа өмірдің іргетасын,
Алдында аталардың еңкей, басым!
Даңқы мен мәртебесі дәйім биік,
Сәл еңкіш көрінсе де қартайғасын.

Заманның заңгар ойы, арманы асқақ --
Тартқандар тарих көшін алға бастап.
Өздерін отқа салып өртегеимен,
Көздерін көрген емес жаулар жасқан.

Ал жаулар қаптап келген – катер еді,
Білмейтін бірақ біздің әкелерді,
Интервент қысымына иілген жок,
Жарасы рухымен дәкеленді.

«Азамат майданының азаматы» --
Деген сол үлкендердің ғажап аты,
Әлі де асқан ерлік белгісіндей:
Қылышы, қызыл шлем, қазанаты.

Кешегі бесжылдықтар белсенендісі,
Кедергі ескілікті еңсерді ісі.
Майданының маңдайы боп, тылда – тірек,
Және сол – фашизмді женген кісі.

Бойында от-жалын бар лапылы мол,
Бұтін де бүгілменеген батырым – ол.
Ісі мен мұддесінің мұрагері –
Жастардан аямайды ақылын ол.

Тағдыры – тарихы ғой қоғамымның,
Елу жыл ерлік қылған дана, мығым.
Мен бүгін ғарышқа да көтерілсем,
Солардың арқасында жоғарымын.

Алдында ақ сақалды, әжім беттің,
Келеді келіндерше тәжім еткім!
Мен – ұлы аталардың ұрпағымын,
Сондықтан көзімде – от, сөзімде – екпін.

ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

(әнге арналған)

Мәуелі Қазақстан – Бәйтерегім,
Әуелеп жайқалғаның айт, Өлеңім;
Мойында болған бүгін толған ғылым,
Койнында қойма барын әр төбенің.

Қайырмасы:

Байтақ далам, дархан халқым,
Маған шексіз мархаббатың;
Жүремін мақтандың қып,
Жүректе – оттан ыстық
Махаббатым!

Шығыстан шымқай алтын күміс күреп,
Шыныққан күрең қазақ құрыш білек;
Тойлары Шардараның шалқуындай,
Ойлары Байқоңырдан ұшты түлеп.

Қайырмасы:

Арқаның ағыл-тегіл лағыл дәні,
Марқаның шелі қалың шағылдағы;
Шам ұстап бара жатқан балықшыдай,
Маңғыстау түбегінің сағымдары.

Қайырмасы:

Арай бел, арда бұлак, азат қиян,
Жайнай бер жаннан қымбат ғажап ұям.
Берекең – миллиард пүт, мың-мың отар,
Бейненде сом алтыннан таза құям.

МӘРТЕБЕЛІ АСТАНА

Ақ көніл қазағымның асқақ әні,
Тербейді кен даланы, Астананы.
Елімнің ең әдемі әуендері,
Астана, бір өзіннен басталады.

Ақ желең аруларың көп, Астана,
Самал жел сағынышым толастар ма?
Есілдей жардан асып тасыдым мен,
Сен мениң өміріме жол ашқанда.

Ақ күмбез аспаныңмен таласады,
Сұлулық Астанаға жарасады.
Төсінде Сарыарқаның толғандым мен,
Болғай, дей, елдің жарқын болашағы.

Жақсылығың жетеді
Үлкенге де, жасқа да,
Мәртебелі мекенім,
Көркейе бер, Астана!

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Қызығын кешегі өткен желтоқсанның
Айтайын, білгің келсе, Жаңа жылым.
Тәуелсіз ел атанып Қазақстан,
Бөленді қуанышқа ой мен қырым.

Естіген Есіл-Нұра, Сыр мен Келес,
Сөзімді мениң, сірә, бекер демес.
Айтуға бүгін жеңіл көрінгенмен,
Тәуелсіз болу деген оңай емес.

Өуелім төрдегілер құрған кеңес,
Кеңесін пішken тоның келтеленбес.
Саясактың бәрі бірдей болмаған соң,
Сәнімен тон пішу де оңай емес.

«Басында Құлтөбенің күнде кеңес»
Сол жерде айтыс-тартыс болған егес.
Біреуге тәуелді боп келген елдің,
Тәуелсіз атануы оңай емес.

Өмірдің асуы көп өткел бермес,
Ұмытылсаң, шаруа жоқ қолдан келмес.
Егемен екенінді іспен көрсет,
Тәуелсіз бола қою оңай емес.

Алған соң жөн-жобаны заңдастырып,
Бекерге отырмайсың малдас құрып.
Кешегі желтоқсанның игілігін,
Жана жыл әкеткейсің жалғастырып.

Ажырап көрген емес іс пен сөзім,
Жемісін терсем деймін, жетсе төзім.
Тәуелсіз Қазақстан атанған соң,
Күй болып күмбірлейтін келді кезім.

«ТАЙСОЙҒАНДА» – ТАЙҚАЗАН

Жиырмадағы жас жігіт,
Қазақ елі – бұл біздің;
Ұланғайыр Отаны
Мың-миллион ұл-қыздың.

Қайырмасы: Қара саба,
Жаңа піспек піскілеп;
Кәрі баба
Сары қымызы ішті кеп:
«Дәру екен, күшті!» деп.

Ұлы Жібек жолында,
Уа, шіркін-ай, дегіздің;
Есіл-Жайық бойында
Жал мен жая жегіздің.

«Тайсойғанда» – тайқазан,
Елдің бәрін алғыздың;
Конақ кәде – тойда зан,
Асқақ әнге салғыздың.

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Атың қандай әдемі, Қызылжарым,
Айтқан сайын толқиды менің жаным.
Қадірлеуім өзінді, қастерлеуім,
Қызылжар деп шырқатып салған әнім.

Қызылжарым, Қызылжарым,
Кеудемізде – қызу жалын.
Кім білмейді, кім сүймейді
Қызылжардың ұл-қыздарын.
Кімдер саған сүйсінбейді,
Айхай, шіркін, Қызылжарым!

Аймалайды, желпиіді самалдарын,
Сықырлайды аяздан аландарын.
Шымырлығын көздейсін, іске мығым,
Адалдығын сүйесін адамдардын.

Қызылжарым, Қызылжарым,
Кеудемізде – қызу жалын.
Кім білмейді, кім сүймейді
Қызылжардың ұл-қыздарын.
Кімдер саған сүйсінбейді,
Айхай, шіркін, Қызылжарым!

Ағайынға күнкөріс – базарларын,
Қазағынмен көркейіп, ажарландын.
Жағасында Есілдің жарқырай бер,
Жасанғырап, жаңғырып, Қызылжарым!



ДОМБЫРА

Ойнактайды он саусақ домбырада,
Ойнаганға домбыра болдыра ма.
Ойнау керек, эрине, елден ерек,
Домбыраның құлағын сәл бүрада!

Ойланып та толғаныл өмір жайлы,
Қонырлатар бір әуен жанға жәйлі.
Келер күндер не тосып тұргандығын
Күнілгері кім біліп, кім болжайды?

АЛАТАУ – АСҚАРЫМ

Алатау, басын қарлы, төсін – мұнар,
Төскейдің торғынына болдым құмар.
Ағадай ағайынды жарылқаған
Жагалай баурың бақша, қойның құнар.

Шыңдардың өркеш-өркеш есебі жоқ,
Сүйкеніп шыңдарға бұлт кошеді көп.
Сіркіреп жылы жауын, жиі жаңбыр,
Дүркіреп жас қозыдай өседі көк.

Құлындаі құлдилаған бұлактарың,
Бұлактың сыңыр үні – ұнатқаным.
Аралап кең даланы келген бойым,
Паналап баурайынды тұрактадым.

Асқарым, арқамызды тірейтүғын,
Армандай әлсін-әлсін түлейтүғын.
Елімнің сан ұрпағын саялатқан,
Алатау, асқақтай бер – тілейтінім.



ҚАЗ-ҚАЗ БАСУ

Куаныштан күлімдеп тұрды анасы,
Елжіреуін ешбір тіл айта алмас-ты:
Алғаш рет ақ үрпек балапаны
Орындықтан үстелге тәй-тәй басты.

Қос қанатын қомданып ержетер ол.
Шарлап ұшып әлемді кеткенімен.
Бәлки жеңіл болар-ау сол үлкен жол
Орындықтан үстелге жеткенінен.

КІРПИШ ҮЙ

Еңсесі тұскен ескі үйді
Бұзуға төнді бульдозер.
Дүңкілін жер-кек естиді,
Бұрқылдақ шаңға кім төзегін?

Ондырмай тәстен түйгілең,
Жұмылтып тоқпақ тұр күшін.
Ескірді деген үйдің тек
Бұза алмай қойды кірпішін.

Қиолап, шебер өрілген,
Жымдасып жігі қалған ғой.
Әр кімге мынау өмірден
Абырой табу – арман ғой.

Басында баппен күйдірген
Кірпіштің көріп бекемін,
Көңілге мықтап түйдім мен
Іскерлік абзал екенін!..

ІНКӘРІМ

Сен дегенде сезім қылы шертілді,
Сен келгенде көнілден бұлт серпілді.
Заңғарымда жымың қаққан жүлдзыым,
Биік арман
білеп алған еркімді.

Сен жүргесін өзен тасып аққандай,
Сен күлгесін жаным шаттық тапқандай.
Анғарымда сылан қаққан акқуым,
Нәзік үміт,
назды үнімен тартқандай.

Сені мактап бұлбұл сайрап кетеді,
Сені жоктал шыктар мөлт-мөлт етеді.
Орманымда елең қаққан елігім,
Тәбем кекке
тимей тұрды екі елі.

КҮН

... Күлім қағып Күн жарықтық,
Шыққан сайын ұясынан.
Дүниені жап-жарық қып,
Сәулесінен гүл ашылған.

Тіршіліктің күмбезіне,
Жарқыратып ілген шамдай.
Нұр себелеп жер жузіне,
Елжіреуі сүйген жардай.

Көлдер ысып, булар ұшып,
Тәніректі мұнар басқан.
Көкті кенет бұлттар құшып,
Бүркеп жатыр ұялмастан.

Көлеңкелер төне қалған,
Күншілдердің күнкіліндей.
Сонда маған өлең арман,
Жазғы күннің күркіндей.

Жайнап кетер торғын аспан,
Жарқ еткенде алтын тегеш.
Бұлтты жарып сәуле шашқан,
Мықты болсаң, Күнге теңес.

Жұпар аңқып жалғыз тұрды,
Шегіртке күй тартады кеп...
Жазғырамыз жалғыз Құнді,
Кейде erte батады деп.

Жігер, қуат беретін бай,
Құн емес пе жер жаһанға?..
... Елдің міншіл келетіні-ай,
Жұмыс істеп жүрген жанға.

КЕЛ, ЖАНЫМ!

Егіз әуен

Бозбала: Менің бұл көңілімде
 Бір жаңа туған ай сен едің,
 Өзінді көргенімде,
 Шіркін-ай деп едім.

Аңсан бір жүргенімде,
Алдынан еседі жел ғана.
Беймаза жүрегімде
Бір ғана мұным – сен ғана.

Мен жүрмін, жан құрбым,
Бір сені ойлаумен,
Неге сезбейсің, сәулем?!

Бойжеткен: Менің де көнілімде
Бір асыл, бекзатым, сен едің.
Толқыдың – көргенімде,
Кымбаттым, деп едім.

Ойнап бір күлгениңде,
Жібектей есілген мінезің.
Ойланып жүргенімде,
Іңкәрім менің – бір өзің.

Жанымды шарпыған
Сен болдың бір жалың,
Неге сезбейің, жаным!

Бозбала: Әрқайда жетелейді,
Бұралаш жолы көп бұл өмір.
Арманға жетем, дейді,
Жас жүрек, ер көніл.

Тойларға барғанымда,
Толғантып қойдың гой, ерке қызы.
Өзгелер куанғанда,
Мұнайып жүрміз бекер біз.

Сен келсөң, аяулым,
Серігің болайың,
Келші, сәүлещім, айым!

Бойжеткен: Аяулым, дегеніңде,
Көнілім көркейіп өсті гой.
Айтпай-ақ, сезбедің бе,
Мен сені тостым гой.

Аңсан бір келгениңде,
Арманға біз бірге жетерміз.
Осынау дүниеде
Екеуміз ояу екенбіз.

Бүркемей тұрғанда
Сұрқай бұлт, ай жұзін,
Келші, жарқыным, өзің!

Екеуі қосылып:

Бозбала: Бұл өмірдің сен екеуміз,
 Бар қызығын бір көрейік,
 Кел, екеуміз бақытқа бөленейік!

ҚАҢТАР-ОЖАҚ

Әуеден борай-борай жауады қар,
Ақ ұлпа, көбік қарға, қуанындар.
Тежелген бірер тәулік күн қысқарып,
Сондықтан біздің қазақ дейді: Қаңтар.

Әуелден екі қолың: он жак, сол жак,
Көкейге бірден қонса, сезің сез-ақ.
Бір мезгіл түрік елін тыңдал едім,
Дейді екен жылдың басын олар: Ожак.

Ендеше Қаңтар-Ожак болсын егіз,
Қос айдар, қос қанатпен желпінеміз.
Төсінде Сары Арқаның ән шырқайын,
Тыңдасын Анадолы, Мәрмәр теңіз!

Қантарда қар жаумаса, сән бола ма,
Шаңғының қызығы жоқ жер қарада.
Көнілім жана жауған қардай әнпак,
Тілеймін мен итілік кең далаға!

Көлденен жүріп жатқан сырғыманың
Үстінен зырғып өту – бір құмарым.
Тұлкідей қарға аунаған еркіндігім,
Тілеймін дүр сілкініп, құлпырғанын.

Әуелгім деймін Қаңтар, деймін Ожақ,
Әуенін келер күннің журмін болжап.
Тәнірім жыл он екі ай жарылқай гөр,
Өзіңнен үмітім зор, ей Болашак!

ӨМІР-ДАҒЫ БАСПАЛДАҚ

Есік алды басқыш еді көк тастан,
Келе жатты шығып біреу пан басқан.

Көз жоғары, көніл көкте, шалқақтай –
Ұшып түсті кенет алға қалпақтай.

Тарс еткізіп соғып алды шекесін,
Көрген жұрттың кескінінде кекесін.

Өмір-дағы саты-саты баспалдақ,
Қарамашы тым жоғары аспандап.

ОУ, ДҮНИЕ-АЙ!

Жер тарпиды сал торы ат жем сағынған,
Құлазиды ер көніл ел сағынған, ой, дүние-ай;
Жатыр ма екен жан баурым, отыр ма екен,
Көкала үйрек секілді көл сағынған, ой, дүние-ай.

Асты тақтай ағаш үй, үсті тақтай,
Мен елімді мактайын, ауыз жаппай, ой, дүние-ай;
Сайран салған ер едік Сары Арқада,
Тәнір Ием, біздерді Өзің сакта, ой-дүние-ай.

Елге келсем, сән түзеп, көйлегім көк,
Елді көрсем, қашанда көнілім тоқ, оу-дүние-ай;
Өз елімде мен еркін шырқайын бір,
Қайта айналып келгенше, кім бар, кім жок, оу-дүние-ай!

ЗАМАН

Шапқан аттың шаңын көріп,
Бір жасайтын бұл қазак.
Гарышкердің бәрін көріп,
Мың жасады-ау бұл қазак.

Байқоңыры – бәйге өңірі,
Корабль тұр жараган.
Ай жорығы – бар көnlі,
Қарал ұл тұр жаңадан.

Тагы бір күн (әлі бүгін!)
Жол тартады күркіреп.
Бәрі мүмкін: бәрі мұның
Отаншылдық құдірет!

ТӘУБӘ

Өмірге келгеніме – тәубә,
Өзінді көргеніме – тәубә.
Аяулы бір асыл жан бар екенін
Сезініп жүргеніме – тәубә, тәубә!

Тобылғы бүрледі ме, тәубә,
Мойылдар гүлдеді ме, тәубә.
Осынау дүниеде бір өзіне
Іңкәр боп жүргеніме – тәубә, тәубә!

Күзгі жел гуледі ме, тәубә,
Беймаза тірлігіме – тәубә.
Көбейген мың бір әуре бұл өмірде
Сені ойлап жүргеніме – тәубә, тәубә!

Әдемі құлгеніце – тәубә,
Сүйсіне білгеніме – тәубә.
Алыстап кеткенице өкінсем де,
Армандал жүргеніме – тәубә, тәубә!

ХАЛЫҚ ӘҮЕҢІ

Еркелеп жетеді әуен құлағыма,
Жайлаудың сымдыр қақсан бұлағы ма?
Әлдилеп тал бесіктे тербеткендей,
Әкетер әлде нендей бір ағымға.

Ескендей жанға жайлыштаң самалы,
Жас гүлдің иілгендей сәл сабағы.
Осы бір мөлдір әннен бейбіт елдің
Байқалар тыныштықты аңсағаны.

Мұнды деп мұны ешкім айта алмайды,
Тыңдасан шерің тарқап, қайтар қайғы.
Уақыт қанша қажап келсе дағы,
Іргесі мұндай елдің шайқалмайды.

ТАУ КҮНІ

Арайы бар, тауда күннің көзі жоқ,
Әлдеқайда жайнап келе жатады.
Күшті әншідей сахнада әлі өзі жоқ,
Паш болған тек күні ілгері атағы.

Шапағы бар шоқыларға тігілген,
Таудың күні тайып кеткен заматта.
Ұлы әншідей өте шыққан өмірден,
Өні қалып алтыннатқан табақта.

МҰНАРТУ

Таулардың талма түстеге мұнартқаны –
Тәрізді әлденеге құмартқаны;
Кұмардан шыға алмайтын тас тағдырын
Жұмсартып,
өзін өзі жұбатқаны.

Буалдыр таудың бозғыл бүркеніші,
Келгендей мұнды кейпін бүркегісі.
Қол жетпес жас арудан сағы сынып,
Тұрғандай іштен тынып іңкәр кісі.

Жігітті жайсаң еткен – жігер еді,
Жігерсіз жігіт шіркін жүдер еді.
Мұң шалып, мұнар басу дегеніңіз
Тауды да көлегейлеп жібереді.

ШЫМЫР-ШЫМЫР ҚАЙНАҒАН

Ақ ажарлы, сергек таң тағы оятын елді анық,
Алаулаған күн нұры алуан міндеп келді алып.
Самал жұтқан тамам жұрт толқынындағы көшениң,
«Ерте тұрған жігіттің ырысы артық», – дер халық.

Ерте таңмен оянып, орнымызды нұскады,
Біреу – қайла, біреу – шот, станогын ұстады.
Қыран самғап қияға, көлде ойнаса ақ шабақ,
Еңбек екен адамның стихия-құштары.

Жүрек тапса қалауын, жұмыс деген мың сан-аяу.
Болмасын тек бойдағы өнерінді тұмшалау.
Дүр сілкініп алғандай дүйім қауым тағы да
Басталғалы аусымдық вахтаменен күн санау.

Ғарышты алған адамы, қарышты елдің қарқыны,
Маңдай тердің тамшысы дәүлет болып шалқыды.
Енбегінен бақытын тапқан әрбір адамның,
Өтіп жатыр осылай қызың-қызың қайнап әр күні.

* * *

Көз ұшында көл жататын жамырап,
Көл жағалай, тал-құрак.
Жасыл алқап алақандай ап-ашық,
Қырдан қарап бойшаң қайың балтыры ак,

Бауырында жарын күтіп жар тұрап.
Алабұртқан жүзін желге тосатын.
Жапырақша тұла бойы қалтыrap,
Сэтті күтіп сүйген қызын құшатын.

* * *

Алты ма сағат, жеті ме? –
Әйтеуір жолға қамданып;
Ауылдың шықтым шетіне,
Көркіне таңның таң қалып.

Жанымда жақын таң нұры,
Аспанда бүлттар шұбалтып.
Адамның әр кез тағдыры
Тұрады солай мұнартып.

ПЕРЗЕНТ ПЕЙІЛ

Жолдама нық, жол сара
Жер түбіне жетерге.
Сапар жиі болса да,
Шыққан жоқпын шет елге.

Дөңгеленген әлемнің
Екі беті тым шұбар,
Салтын, сәнін әр елдің
Білген, бәлки, жән шығар.

Жол түссе де ен жырақ,
Бөгет таппан нарқынан.
Туған елден мен бірақ
Шет жүрге тартынам.



ҮШ КЕМЕНГЕР – МӘРТЕБЕМ

Ақбоз үй, ең әдемі, ең үлкен үй,
«Елім» деп күмбірлейді кеудемде күй.
Қазақтың басын қосқан бабаларым,
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

Абыройы – Алатау,
Кекірегі – Сары Арқа,
Көнілі дария – Атырау;
Үш кеменгер – мәртебем,
Алмағайып өмірде,
Астананың төрінде
Ақылдастып отыр-ау!..

Олай болса, япырау:
«Атамекен жерінде,
Ұланғайыр елінде –
Тынысың да, демін де
Бірге болсын бөлінбе!»
Деген асыл сөзіне
Ден қойсанышы жұртый-ау!!!

Жақсылар, жаны жомарт сезімдерге,
Баураган алты алашты сөзімен де.
Үшеуі бір ауыздан билік айтқан,
Ой салып Абылайдың өзіне де.

Сүйсен, сүй қазағымның аруларын,
Тусаң ту бағымызға бауырларым.
Жарықтық Төле, Қазыбек, Әйтеке деп,
Ардақтап, қадірлей біл аруағын!



ЕКПІНДІЛЕР

Екпінділер – ұйтқысы қоғамымның,
Солар іскер, солар білгір, солар мығым.
Жауапкершілік жүгі бар жүрегінде
Соларға тән терең ой, жоғары ұғым.

Жалпақ елге, жанашыр жалғыз ерге –
Екпінділер қамкоршы әрбір жерде.
Талаптанған жастарды талпындырып,
Даңдайсыған жандарды салды тезге.

КОМБАЙНШЫ ШАБЫТЫ

Таласып күзгі таңмен тұмса, бөрте,
Керіліп, қатты есінеп тұрсаң ерте.
Тұла бой мұқым сергіп мұздай судан,
Жуынсан құн нұрымен жұмсак, ерке.

Жүректі жүре жалғап, белді бусаң.
Дүр еткен моторынан шықса бу, шаң.
Шұбалтып алтын арқан жинағандай
Етегін жатқан жалдың түре кусаң.

Бұралып молотилқаң жұтынғанда,
Жалғыз тал, жарты масақ құтылған ба?
Сол бетпен түскің келмес түстікке де,
Танаптар тақырланбай бүкіл маңда.

Қарамай қап-қара май, тозаңына,
Толқисың: «Қалдым ба – деп, – оза алдым ба?»
Бүктелген бұйра десте, саулаған дән
Самсайды ұзақты құн көз алдында.

Зырылдан барабандай уақыт шапшаң,
Қырындан кетіпті-ау құн, болыпты ақшам.
Біреулер қөлдененеңдеп қол бұлғайды,
Директор, үтітші қыз... қарап бақсам.

Жалауды қадап жатыр, таққандай гүл,
Мұндайда, мықты болсан, мақтанбай күл.
Дуылдап тұлабойың баратады,
Бір шара тұнемелден тартқандай бір.

Желпінтіп, жалаулар жаның жанып,
Тартасың тағы да алға шамын жағып.
Жұлдыздар қызықкан жерге түсіп,
Жұзгендей осы алқапта шоғырланып.

ӘУЕЖАЙ

Жарқырайсың, әуежай, самаладай,
Саған бармай, тұрайық біздер қалай?!
Ұшырдың да қондырдың ертелі-кеш,
Өзгені де, мені де талай-талай.

Оңай емес, әрине, әуе жолы,
Ұшқан сайын сезініп жүрмін соны.
Шығар ма екен алдынман, асыл еркем.
Арман, үміт, сағыныш – қеудем толы.

Танғысын да кешкісін алтын арай,
Өзендерді, көлдерді көрдік талай.
Бәрінен де солардың әсерлісі –
Қайта оралып самғауың Елге қарай.

Әуежай, әуежай, әуежай,
Толғанды дейсің бе жайдан жай:
Үлкен де, кіші де – осында,
Өзінің бақытын тосуда, тосуда.
Әркімнің дегені,
Тілеген тілегі
Болсын да, болсын да, болсын да!

КҮН БАТАРДА

Өлерін сезсе, алқынып
Әрекет етпей жатыр кім!
Сабалап қанат малтығып,
Тұншықты көлге батар күн.

Шоктанып, лаулап жанары,
Қарамай оңы, солына.
Қалтылдан сәүле барады
Мінгесіп толқын жонына.

Бәсекіп алғы арыны,
Емініп, елтіп елжіреп.
Қарайды тілсіз торығып,
Қимастық көзбен сонғы рет.

* * *

Сұрғылт бұлттар, шудасындай түйенін,
Алаулаған нұрға өптіріп жиегін.
Шырқау шыңын шоқтығына тырмысып,
Жезкірпік күн арта берді иегін.

Нұр шүпілдеп ойдым, бүйрат бектерге,
Шұғылалы шықтар тұнып шөптерге.
Жасқаншақтап, шұбатылып, жалпылдан,
Қонақтады қызыл етек өрт көлге.

* * *

Жалғандықтың сөзін сейлер тек мен бе?
Жырламасқа болар еді-ау, өрт кеуде.
Мен секілді сен де, інім, туысың
Түсінерсің өзегіңнен тепкенде.

Болсаң дағы кең пейілді, кең кеуде
Үйретеді жаман тумаң сенбеуге.

Тұсінерсін, қарыс сүйем арасын
Алашықыр соның өзі бөлгенде.

Артық, қатал байламың бұл нақұрыс,
Деме, түсін шешім емес асығыс.
Аражігін алыс пенен жақынның
Тұсінерсін, түскен кездे басыңа іс.

Жалғыздыққа керек көңіл, қорған да
Қорғансыздар, қоғамсыздар арманда.
Ет жақынның дегенінің өзін де
Тұсінерсін аяғынан шалғанда?

ДУМАН

Отанның орасан ғой Май парады,
Жер-көктө тулар, тулар жайқалады.
Көшелер – қызыл ала қызу өзен,
Аланда адам селі шайқалады.

Сап құрған салтанатқа мың сан адам,
Бірде-бір ұқсамаған мұншама адам.
Топ болып тоты құстай түрленеді,
Немесе секілді үлкен гүл шоғы – адам.

Майысқан бәрі биши бұл күн дер ем,
Әрі әнші көмекейі бүлкілдеген
Қоздырмай қояр емес делебені
Дәл мынау оркестр де дүмпілдеген.

Дүние думандаған, масайраған,
Бір тәтті сезімменен бас айналған.
Шаттықтың шараптан да қуаты зор,
Куаныш күндері үшін жасайды адам.

Тамаша Май шеруі, Май парады,
Жер-көкті тулар жауып айқарады.
Май, Еңбек, Бейбітшілік ұрандарын
Мың тілде миллиондар қайталады.

1967 ж.

ЖИЫРМА ЖЫЛ (согыста балаларынан айырылған аналарға)

Отырсың, ансан күтіп әлі, шеше,
Өтсе де арада жыл әлденеше.
Тұлғасы тұңғышыңың көз алдында,
Ұзатып салғандайсың күні кеше.

Хат хабар – сол балаңың сиді жоғы –
(Қырышындағы қызып кеткен неміс оғы).
Кеткелі жиырма жылға толды, міне
Алғашқы айда жүтті соғыс оны.

Сонда да үзбедің сен үмітінді,
Демедің «оның демі, үні тынды».
Әр таңға арман артып, сенім жүктеп,
Жөнелттің шашыңнан көп күнді-түнді.

Күн түгіл, жылдар өтсін әлі неше,
Болғандай саған оның бәрі кеше.
Ұлынды бір көруден күдер үзбес,
Жүргегің қандай еді, қайран шеше!

1961 ж.

АСАУ ЖҮРЕК

Жастық шақтың тәтті үміті тәрізді,
Таң келеді ақ сәулелі әрі ізгі.
Күннің алтын миллион сымы сілтейді
Жастар жүрер бүкіл соқпақ, бар ізгі.

Жастық шақтың шат-құлқісі секілді,
Тау бұлағы тастан-тасқа секірді.
Найза кірпік, назды жанаң арулар
Биге келіп, билеп алған еркінді.

Жастық шақтың сезімі ыстық жанарттау,
Сүйдіргені күйдіргендей сәл аңқау.
Жорықтарға жолдама бер, албырт шақ,
Албырт көңіл қала алмайды самарқау.

Жастық шақтың алмас қанат арманы,
Алыстарға, ғарыштарға самғады.
Елімізге еркелеген сәті бір –
Қалықтаған құс мамықтай салмағы.

Жастық шақтың таудай биік талабы.
Теңіз болып тербеледі танабы.
Заводтардың дүрсілдетіп жүрегін,
Жайлауларда ән боп кетіп барады.

ЖЫРЛАРЫМ

Жырларым – табиғаттың сыйы маған
Кеудеме тұнған, бірақ үйімаған.
Жып-жылы жаңа сауған сүт секілді
Ақ күйі пәк паракқа құйып алам.

Еркімше сүйтам да, қайнатам да,
Ішкізсем өз атама, қайны атама.
Балмұздақ жегіземін жан жарыма,
Көңілін мейманымның жайласам да.

Құямын елдің ортақ қазанына,
Жетсін деп қыр мен сырдың қазағына.
... Жырымды сүтке теңеу себебім сол:
Таппадым бұдан аппақ, тазаны да.

ОТЫРМЫН

Айрылып қыскы жолдың сары табынан,
Адасқан жолаушыдай антарылам.
Ақ қағаз айдаладай мелшиеді,
Қаламым қыбыр етпей қантарылған.

Көптенгі көкейдегі ой қаймақталып,
Отырам осылай бір ойлап қалып,
Құлаштап кететіндей жүзгіш адам,
Келгенше кенірдектен бойлап барып.

УАҚЫТ СОНДАЙ

Жетіспейді уақыт бұз заманда,
Куанамын күн ептең ұзаганға.
Көніл ояу, көз ашық болғаны онды,
Үлгерсіз үйкүгә біз әманда.

Әлі бәрін біржола доғарамыз,
Сонда үйкүның көкесі болар нағыз.
Ұзын тілін сағаттың қадағалап,
Тыптыштым содан деп жобалаңыз.

Өмір сүрер дер шағым – осы жасым,
Маңайымда коршаған досым басым.
Күндер кейде күтпеген жерден әкеп,
Көлденең сап қояды тосынан сын.

Келем әзір сүрінбей алға ұмтылып,
Жұмысыма жүгірем таңнан тұрып
Сапырылсын қымыздай қызу өмір,
Құр арманнан сақтасын қалған тұныл.

Үкімімен аппақ ар, қызыл беттің
Демалысты, үйкүны үзік еттім.
Ықыласы түскенге, дені сауға
Қындығы бір қызық қызметтің.

Қызметтен тыс тағы бар өнерім –
Жыл бойына жинайтын бал өлеңім.
Машақатын сұрама бұл шіркіннің,
Өз әүресі болса да әр өнердің.

Аппақ етіп өнірді Ай туғандай,
Тақпақ етіп ойынды айту қандай?!
Өлең туса өлердей куанамын.
Төбелерден шоқыға талпынгандай.

«Бос өткізген өмірді жан емен» деп,
Отырғанда «қайтсем?» деп және елеңдеп,
Мекемеге мені іздең шақыртқандай
Есік қағып тұрады жана міндет.

АҚ СӘУЛЕ – ІҢКӘР КӨНІЛІМ

Ақ сәүле – еркем, қағусыз,
Әйнектен үйге кіреді.
Үйқыда жатыр ару қыз,
Ашылып иық, білегі.

Толықсып сәулем жатыр ғой,
Үлбіреп ерні, иегі,
Ақ сәүле еркін, батыл ғой,
Аймалап, құшып сүйеді.

Ақ сәүле – іңкәр көнілім,
Айлақта жүрмін мен өзім.
Қиялмен өтті-ау өмірім,
Қайтейін, ұян мінезім.

МҰРАТ

Отаным үй ішінен басталады,
Сүйемін жан жарымды, қос баламды.
Шертіліп татулықтың тәтті күйі,
Серпіліп қарсы аламыз дос-жааранды.

Аз емес қымбат құрдас, асыл құрбым,
Солардың арқасында тасып жүрмін.
Біреудің бетін жыртып көрген емен,
Аламын сыйластықтан басын жырдың.

Көршім бар түсі жылы, бойы биік,
Мығым жан жұмыр темір жүрген иіп.

Мереке мейрамдардың тұсында бір
Шаттықтың шарабынан тұрар құйып.

Қызы топ, қызық орта – коллективім,
Қамқоршым, әділ талқы, ар мектебім.
Дем беріп қанатыма дер кезінде,
Бірге өтем қындықтың бар өткелін.

Көп мениң көз танысым ел ішінде,
Елпілдеп қалады әрбір келісіме.
Арадай нәр жинаған насадтанып,
Баладай бөленемін кен ішіне.

Бір емес, мың-мың село, мың сан қала,
Отаным – жұпар кеше, жусан дала:
Дарига, жеттім дер ем мұратыма –
Ақыны бүкіл елдің болсам ғана.

Сөйлесем ұлы халық атынан бек,
Өр өлең асқар шынға талпынар кеп
Достарға хош иісті гүлдей жырым,
Жауларға жай тасындај атылар тек.

1974 ж.

ШОРТАНДЫ

Көз алдында шалқыған көл – Шортанды,
Көз мейірі мейлініше бір мол қанды.
Тілді – үйіріп, тәнті қылды зәмзәм су
(Көкшетаудың көлі білмес сортанды).

Тап-таза да, мәп-мәлдір де, тұп-тұнық! –
Түбіндегі тасты алам деп ұмтылып,
Тұмсығымды суга малдым қапыда,
Ту сыртымнан бір қыз келіп тұр құліп.

Орыс қызы,
 өткір көзі көкпенбек,
Көлдің сүй көзден бетер өткен кек.
Жасыл десе жарағандай, жаным-ау! –
Аямастан аспан нұрын төккен көп.

Оның тағы өзге көлден оғашы –
Жағасының жоқ қамысы, қоғасы.
Көк таулардың
 көп таулардың қоршайды
доғал бітіп деңгеленген доғасы.

Тас кемерді соқса толқын-жиені,
Шортандының шолпылдайды жиегі.
Мейірленіп мейлінше бір тойған-ау,
Менің көnlім бозда тұрып иеді.

* * *

Досым аз, аздығына мақтаңбаймын,
Мен, сірә, кінәлімін, ақталмаймын.
Жан дескен жақсы достар тапшылығы –
Көңілдің түкпірінде жатқан қайғым.

Дос деген бола бермес кілең ерден,
Емес ол құндыз сыйлас, кілем берген.
Нағыз дос – ақ жүректі, адад адам,
Күдікті күлкісімен туре келген.

Дем берген қайран достар қанатыма,
Мен үшін нағыз жолдас – дара тұлға.
Бір жарты, бірер құндік көңілдесті
Қоспаймын достарымның санатына.

Әшейінде ішуден аулак жанмын,
Бүгін бірақ келеді лаулап жанғым.
Ескі жылдың соңғы күн, соңғы кеші,
Жалындаамай, үят қой жаурағаным.

Күн қысқарып, өнірін каусырғалы,
Қарлығыңқы шығады даусым дағы.
Толғандырмай кісіні қоймайды екен,
Жыл он екі ай сарқылып, таусылғаны.

Жылдың басы – ақжолтай қантар еді,
Сараң емес сыйлыққа, дарқан еді.
Жаңа қоныс, жас иіс тойын тойлап,
Талай жылғы шерім бір тарқап еді.

ЖАН СЫРЫМ

Бұл өмірден ызғар сезді-ау көктей гүл,
Бір өкініш көкейімнен кетпей жүр.
Жан сырымды бебеuletіп айтар ем,
Әттең, қолым домбыраға жетпей жүр.

Күдер үзген жан емеспін бекерге,
Домбыраға қолым еркін жетер де.
«Мен сенемін бір өзіңе» деп едің,
Ойда жоқта елден ұзап кетерде.

Таза ауадай жұтындырған хаттарын,
Хаттарыңды бойтұмардай сактадым.
Маған сонша сенген болсаң, сәүлешим,
Мен де сениң үмітінді ақтармын.

ЕЛ-ЖҰРТЫМ БАР

Мол жайылған мол дастархан жерінің
Досқа дәмі кемімеген жұртым бар.
Өнбойына домбыраның шегінің
Ән мен күйді желілеген жұртым бар.

Ойы биік, бойы бірақ созылмай,
Дембелшелеу, діңгектейін жұртым бар.
Жайшылықта моп-момақан қозыдай,
Белдескенде бірбеткейлі жұртым бар.

Қарап тұрып қаймыққандай жат адам,
Қара көзі ұшқын атқан жұртым бар.
Дауда мақал-мәтелімен матаған,
Жыр-жарыста ұшқыр аттай жұртым бар.

Шипа қылыш, сусын етіп қымызын,
Күлте жалды асав баққан жұртым бар.
Қой-ешкінің қылышығынан ұл-кызын,
Еншілеткен, жасаулатқан жұртым бар.

Қырдың қыртыс-тыңын тіліп, жер жыртып,
Дән теңізін толқындаған жұртым бар.
Кере қарыс кең маңдайды тершітіп,
Төс-балғаны солқылдаған жұртым бар.

Мысы көлкіп, жезі тұнып қорда ашып,
Теміртауды қашап жатқан жұртым бар.
Он төрт ұлтпен одағасып қолдасып,
Жер жұмағын жасап жатқан жұртым бар.

1975 ж.

ДАУСЫМ САҒАН!

Күлімкөз күннің ұзын кірпіктері
Әйнектен тәтті үйқыны тұртіп келді.
Саулаған саумалдайын терезеден
Таңғы ауа тау қырандай сілкінтекені.

Жазғы тан. Жаймашуақ. Жайбарақат.
Ескендей жібек самал майда, рахат.
Ұлыстың ұлы күні – сайлау бүгін,
Зор парыз өтер мезгіл қалды тақап.

Сыбырлап сыршаң, жасыл жапырағы,
Үйенкі үйден сыртқа шақырады.
Ойхай-ау, бізден де ерте тұрған ғой жүрт,
Биіктен шат музыка шалқығаны.

Киініп «осы-ау тәуір» дегендерді,
Шыдам жоқ шыққаныңша дереу енді.
Мұндаға тез болсашы шіркін эйел,
Сыланып елу минут кемелденді.

Келеміз еркін басып, жарқыл қағып,
Жалаулар қол бұлғасын шақырды ашық.
Көшениң толастамас толқыныңдай
Ағылыш әр тараптан жатыр халық.

Есірі учаскениң айқара ашық,
Адамдар ақ ниетпен тайталасып,
Күп-күрең урналарға ұмтылуда,
Борышын бостандықтың өтеуге асық.

Ұл-қызын өзі таңдал, өкіл етіп,
Еркі мол ел сайлласа өкіметін.
Қолға алып бюллетеніді қалдым ойға
Есімін кандидаттың оқып тұрып:

Ғажап жыл мерекесі таусылмаған,
Тағы бір шаттық берді маусым маған.
Бастайтын елді жарқын болашаққа
О, Еңбек, о, Азамат – даусым саған!

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл – жұлдыз ба еді, күндыш ба еді,
Әзірге құпиясын білгізбеді.
Жаңа жыл – жаңа туған өлең бе екен,
Ойлантып, толғандырған күндіз мені.

Жаңа жыл – әлде нәзік сезім бе екен,
Сезінген соны бір сәт кезім бе екен?
Дәметіл Жаңа жылдан үміттенген,
Адамдар, не дегенмен, төзімді екен!

Жаңа жыл – әлде шынар, әлде мұнар,
Мұнартқан белгісізге жаңым құмар.
Жаңаны бірден сезу оңай емес,
Көбейіл жатқан кездे жаңғырулар.

Үй ішім, үлкен-кішім жан-жағымда,
Тойымыз созылардай түн жарымға.
Дастарқан бұрынғыдай емес бірақ,
Боларын күннің мұндай болжадым ба?

«Өткен жыл жеңіл тиді» дей алмаймын,
Әзімді саудагердай неге алдаймын?
Жаңа жыл, жақсылығың болар ма екен,
Заң қандай, заман қандай, алаңдаймын.

Сүттен ак, судан таза жүргендіктен,
Бар шығар қыындықтар мені күткен.
Әмірден көресінді көрсем дагы,
Қараймын келешекке мен үмітпен.

Жаңа күн, кәне маған домбыра әпер,
Тиегін ән мен күйдің ағыта кел.
Ақ боран, сары аязың бола жатар,
Жаңа жыл, адамдарға Бақыт әкел!!!

МӘЗ КӨҢІЛ

Мамырдың алтын күні алаулады,
Алтындаі ауыл, қала бар аумағы.
Шаттықтың шашыраған ұшқыныңдаі
Көшениң нарттай қызыл жалаулары.

Алқызыл, асқақ тулар жембіреді,
Жас шәкірт, қарт ардагер елжіреді.
Сап құрған сайыпқыран жастар легі,
Кеткендей дүрсіл қағып ел жүргегі.

Аланға адам саулап жатыр деңіз,
Оркестр дүмпуімен шалқар теніз.
Көтеріп төбесіне табыс сырын,
Айнала жаңғырады жарқын лебіз.

Жұз таныс көрінеді бөтен кісін,
Масайрап, өз-өзіңен бекінесін.
Бір туған бауырлардай мәз бол тұрмыз,
Өткеріп Бірінші май митингісін.

* * *

Киялым киян көкке шарқ ұрады,
Арманым алғы күнге шақырады.
Сол жириен сар желдіртіп кетсе деймін,
Жабының аулақ менен шоқырағы.

Кеудемнің түкпірінде кір қалдырмай,
Таусылсам сырлап-бояп сыр қалбырдай.
Арқыратып арғымаң мінсем деймін,
Ақырда аласұрып бекер тұрмай.

АНАШЫМ – АРДАҒЫМ

(Анам Эминаға)

Өмірдің уыз-балдай нәрін берген,
Әлдилеп, ақбоз үйдің әнін берген.
Анашым, акторғыннан орамалың,
Аққудай көгілдірі жанына ерген.

Сен барда еш нәрседен тарықпаған,
Мен едім өнер құсым шарықтаған.
Сездім ғой қадірінді қайран шешем,
Айналып-толғанудан жалықпаған.

Пәледен сақтандырған панам едің,
Жасаурап, жалғызырап қала бердім.
«Ақ сүтін ақталды ма, анашым?» деп,
Көңілім әлі күнге алан менің.

Алқызыл алманың
Дәміндей тамсандырған.
Бір көру – арманың,
Шығушы ең қарсы алдымнан.

Анашым – ардағым,
Айналып – толғанатын.
Арманда қалғаным,
Жанашыр, қолғанатым.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1

Кітабым шығып баспадан,
Таратып жұрт алса ғой.
Жыртылып бұрын басқадан,
Мұқабасыз қалса ғой.

2

Болғаны сол үйге енсем,
Шешем ұрса бастайды:
«Тез үйлен – деп, үйлен десем
Сөзге құлақ аспайсың».

Кәрі анаға не дейін,
«Әкел – дейді – келінді»
Үйленбейін демеймін,
Таптай жүрмін теңімді.

Әлі күнгे жалғызыбын,
Сүр бойдаққа кім жолар!
Біреуге өзім балдызыбын,
Маған балдыз кім болар!

1957 ж.

ТЫҢДАЙМЫЗ

Тұрдым мен тәтті ойлармен таңды атыра,
Тұрдім мен құлағымды Алматыға.
Күмбірлеп күй тәгіліп кетті дейсін
Сенімнің жүргі артылғандар атына.

Күй ғажап, күйден бетер ердің аты,
Жайылған жарқын ойы, ерлік даңқы.
Келгендер кең даладан, сән саладан
Батыл ой, бағалы сөз, темір талқы.

Алғандар өз үйымы өкілдігін,
Ел-жұрты артқан саған сенім жүтін.
Еңбектің бәйгеторы ерендері,
Тындаимыз өр мінбеден сені бүгін.

Әуеле, ақ көңілдің асқақ әні,
Мәуеле, жайнат, Алматы, Астананы.
Еңбектің бапты ыргағы, бәсендеме,
Форумы зор мақсаттың басталады.

ЕСІЛ КЕЙІП

Айдынын ақ күміспен жалатқандай,
Жалтылдаپ әр тамшыда жанат бардай;
Тар киіп тал-кейлегін Есіл-ерке,
Мықынын мың бұралтып баратқандай.

Тұбінен шымыр-шымыр қайнап аққан,
Түрінен кеменгердей ойға батқан.
Сұлу ма, сұңғыла ма – қайран Есіл,
Әркімнің өзі қалай ойламақтан.

ЕРКІНДІК ЕЛІНДЕ

Ұйықтатпай үгітшілік ой-арманым,
Таласып танмен бірге оянғанмын.
Жымынып: «Жігітсің!» деп шықты Шыңға
Түсіне туымыздың боялған күн.

Тулар тұр күн нұрымен жарқыл қағып,
Қол бұлғап көпшілікті шақырды анық.
Көшениң толастамас толқыныңдай
Ағылып әр тараптан жатыр халық.

Есігі участоктің айқара ашық,
Адамдар ақ ниетпен тайталасып,
Күп-күрөн урналарға ұмтылуда.
Борышын бостандықтың өтеуге асық.

Ұрандар үгіт үйін безендіріп,
Көз тартып, көңіл бауарар келсең кіріп.
Жұртшылық жүргегінен ақтарғандай
Сайлауға – саяси зор белсенділік.

Халықтың қалаулысы – еңбекші адам.
Сол үшін еркін дауыс бермекші адам.
Белесті болашаққа – дауысымыз,
Данқтың қайнар көзі – Еңбек, саған!

Жаз күні жаймашуақ, берекелі,
Жалпыға салтанатты, мерекелі.
Танылды тағы бүгін жер жүзіне
Қазақстан – еркіндіктің елі екені.

КӨКТЕМ БЕ ӨЗІ?

Аспан жүзін басқан зілді қорғасын,
Қаптал шапан кигендей-ақ тонғасын.
Сараң сәлем жолдайды әрең Күн сонау,
Бізді қайтсін, өзіне ыстық болғасын.

Дөң басында қылтиғанмен қызығалдақ,
Ауасында әлденебір ызғар қап.
Ауып кетіп, жауып кетіп бұлттар жүр.
Күн райы – құбылмалы қыздар нақ.

Күз бе дерсің, демі дымқыл, шулы әні,
Қайда майдын қайда лебі, шуағы?
Ыскырғандай, күш қылғандай әлдекім,
Көктем бе өзі? – көңіл тіпті шүбәлі.

Бұлттар, бұлттар ... көз жасы көп, бұлышыр.
Уанатын уағы жоқ па мұның бір?
Қырысқы ма, бір сыны ма біздерге,
Ғалым достым, ақылыңа ұғындыр.

Салқын көктем. Ол да езінше емтихан,
Ондай қоқай көрген талай ер диқан.
Табиғатпен тайталасып жүр әне,
Алтын дәнмен апталсын деп жер-жиһан.

KITAPXANA

Жасынан білім қусаң құмарлана,
Осы жер – жангә сая, бойға пана.
Ең асыл, баға жетпес байлышы мол,
Ең ізгі, киелі орын – Кітапхана.

Осында – ең шүрайлы әдебиет,
Осында – ең шынайы мәдениет.
Сузындан кәусарынан қану үшін,
Керегі – іңкәр көңіл, таза ниет.

Кітаптың неше түрін көрген сайын,
Көзіміз жанушы еді шырадайын.
Арулар үнсіз, мінсіз қызметінде,
Мейрімін сезуші едік біз әрдайым.

Кітаптар қызылықты, өнегелі,
Оқысаң, баурап ала жәнеледі.
Адамзат ақыл-оый шоғырланған,
Ғажап қой, шіркін, кітап сөрелері.

Бір үміт,
демеушім сол – үміт қана,
Бір нәрсе көптен іздең, таптым жаңа.

Үлкенге, кішіге де берері мол,
Қызығы таусылмайтын кітапхана.

Үмітпен шектелмейді жұмыс күнім,
Білемін ізденудің дұрыстығын.
Қағаздың жеңіл ғана сыйбыры бар,
Сүйемін кітапхана тныштығын!

ҚАЗАҚ ОКТАВАЛАРЫ

Бірінші октава

Мен – мерген саяттаудан жалықпаған,
Көңлімнің бытырадай көп талабы.
Қосауыз – сыры өзіме қанық қалам,
Өлеңге өнебойы оқталады.

Қаласам, қиял-көктен атып та алам,
Казактың жерінде жоқ октаваны.
«Сауға» дер асыл құрбым қайда мені?
Бір түгіл,
бар жырымды байлар едім.

Екінші октава

Қанағат таппай қалам қолда бардан,
Оның өз қындығын өткеріп ат.
Жас жаным болашаққа жолдама алған,
Шарқ ұрған космонавтай көктегі нақ.
Көкірек толған үміт, толған арман;
Сықылды сықап алған оттегі бак.

Өмірі өрекпеген жүргегіммен,
Ентелеп ертеңіме жүремін мен.

Ер жетіп, есейетін ұл-қыздарша,
Таң атып, күн шығады. – Кешегім жоқ.
Сөгіліп сөніп жатқан жұлдыздарша,
Келмеске кеткен күннің есебі жоқ.

Артыма алақтайтын жұмыс қанша?
Алда – күн әлденеше еселі көп.

Аппақ боп ағып өтер метеоритпін.
Мұршам жок
деп жатуға: «Бекер үйттім».

АЙТПАҒАНДА ҚАЙТТІК?!

Дәукең жазған сонет
Жанбай жатып сөнет.
Ел көзінше айтсаң,
Ел өзінді сөгет.

Дей көрмендер: тәйтік,
Ақиқатын айттық.
Қор болған соң өнер,
Айтпағанда қайттік?!

БУРАБАЙ

Шалқып жатыр көз алдымда Бурабай,
Толқындары толқындарын қуалай,
Толқып жатыр, толқып тұрмын жағада,
Жыр қеудеде жатама жәй, туламай!

Көл Бурабай айнадайын айдыны,
Аймағына атышулы, әйгілі.
Аңыз болып, жырға айналып кеткен көл
Жаралды еken жер бетінде қай күні?

Менің өлкем – Қазақстан, ұлы анам,
Осы өлкенің ұлымын деп қуанам.
Біздің елді білгің келсе, маған ер,
Тауларымның төбесіне шығарам!

Кең ғой, ойхой біздің қазақ даласы:
Алтай, Каспий, Қыр мен Сырдың арасы.
Мен жырымнан занғар тұғыр соғайын,
Соған шығып жоғарыдан қарашы.

Міне, мынау – дарқан сұлу Арқасы,
Тоқсан таудан, сексен көлден алқасы.
Жаудыраған жанарындаі сырлы мол
Анау, эне, Аралы мен Балқашы.

Есіл, Ертіс, Ембі, Жайық егізден,
Еишілескен мұхитпенен, теңізben.
Сыр Дариям – менің дарқан дариям
Өзбекті де, қыргызды да емізген.

Түстігімде төрт тұлік мал мыңғырған,
Терістігім – дән теңізі, тың, қырман.
Батысымды Орал орап алыпты,
Шығысымда Алтай қарап тұр қырдан.

Қақ ортада – Қарағанды, Жезқазған...
Бәрін айтып таусам ба мен жазған.
Әмір бойы өлең етпек ойым бар,
Жыр жазудан бас көтеріп, бел жазбан.

Әмір бойы өлең етем өлкемді,
Ақтарамын кең кеудеммен мол кенді,
Сөз басы ғып бастайының жырыма,
Елден ерек Қекшетаудай көркемді.

Парнасы да, Кавказы да қазақтың
Кекшетауым – көз тоймайтын ғажал тым!
Шабытымды шарықтатып барады
Бауырында болған осы аз-ақ күн.

Кекшес көлбеп, кекшіл тартса мұнартып,
Оқжетпесі окшауланып тұrap тік.
Сұңғақ бойлы сұлу жігіт секілді,
Қараймын тек, қараймын кеп құмартып.

Қарағайдай ұзын, үшкір қалам ап,
Кете бардым емін-еркін аралап.
Бұрыннан-ақ Бурабайды жыр еткен
Талай ақын тамашалап, қарал ап.

Сәкен болған, Сәбит қонған атырап
Ілиястың өлеңінің отын ап.
Тағы күтіп жатқан шығар ақынды
Касым жүрген, басып жүрген топырак.

Асқақ жырды тағы да іздеп Бурабай
Толқындары толқындарын қуалай
Толқып жатыр. Толқып тұрмын мен келіп,
Жыр кеудеме қалай шыдар, туламай!

АЯСЫНДАМЫЗ ӘРДАЙЫМ

Қараймын күліп атқан күміс таңға,
Балаймын туған елді Гүлстанға.
Серік боп, сенім қосқан он бес отау
Ерікті тұра сөйлем, Ту ұстауға.

Отанның оттан ыстық құшағынан
Алысқа, ғарышқа да ұшады ұлан.
Жұлдызы біздің елдің жарқын бірак,
Ұл-қызы білім куған нышанынан.

Еркі мол ердің кәсіп таңдауына,
Еркін жол – өрлеуіне, талмауына.
Арайлы алтын Заңның аясы ғой
Дес берген, денгей берген самғауына.



НЕ ДЕГЕН ҮСТҮҚ ЕДІҢ!

Тұған жер, түлеп үшқан балаң едім,
Көнілім сені ойлаумен алаң менің.
Жасымда сағым күйіп жүгірмесем,
Өскенде өнер іздел табар ма едім?
Мен қалай ақ түйғындаі толғанбайын,
Есіме сен түскенде, тұған елім!

Сезімге ойнаиды екен жібек желің,
Жүргім атша тулап жур ғой менің.
Тірлікті сенен болған мен қайтейін,
Өзінмен бір болған соң тыныс-демім.
Бал дәурен бастан кешкен естен кетпес,
Тұған жер, не деген ыстық едің!?

Құлақ сал, сагыныштың күйін шертсем,
Қабыл ал, жас келіндей тәжім етсем.
Тұған жер, мені айыпқа бүйірмассың,
Бір мезгіл көзден маржан мөлдіретсем.
Арманым болмас еді, қайран елім,
Өзіндей мен де сені тебірентсем!

МОЛДАВАН ҚЫЗЫНА

Қанатсыз, қауырсынсыз, жүрсөн де үшпай,
Сен бір жан коңыр күзде қайтар құстай.
Көnlімді көлдей етіп жүргенім бұл –
Аз күнгі әурешілік, –
алданыштай.

Көргенің болса да алғаш қазак ұлды,
Аударып алып ем бар назарынды.
Сезсемші, сол үшін мен «жаза» тартып, –
Амалсыз назалы жыр жазарымды.

Еліңнің жұрт тамсантқан жүзіміндей,
Ару ең өзің гүлдей,
жүзің күндей.

Барасың бауырымнан сусып шығып,
Жалғанбас таза жібек үзігіндей.

Едің бір төтен келген әз қонағым,
Кім білген меймандығың аз боларын.
Сақтармын сенен қалған махаббатты
Қойғандай пішениші іліп шалғы-орағын.

Кедергі кездесуге – жерің шалғай,
Кетесің кең Отанды кезіп, шарлай,
Жол бойы жалғыз өскен қайың қөрсөң,
«Жабырқап қалды ғой» – деп есіне алғай.

ОТЫРМЫН

Айрылып қыскы жолдың сары табынан,
Адасқан жолаушыдай антарылам.
Ақ қағаз айдаладай мелишиеді,
Қаламын қыбыр етпей қантарылған.

Көптенгі көкейдегі ой қаймақталып,
Отырам осылай бір сәт ойлап қалып.
Күлаштал кететіндей жүзгіш адам
Келгенше кеңірдектен бойлап барып.



Э К С П Р О М Т

1. *Лап етіп...*

Нәр жинаған арадай әзір аулақ,
Болса да бір шабыттың жоқ кезінің,
«Жыр жаз» – деген тілегің азынаулақ
Тұтатқандай жанымның от-сезімін.

Сынай қарап және де назданғанын,
Жібергендей жел үрлеп,
май тамызып.

Байқармысың лап етіп маздағанын,
Күлгін тартып қалған шоқ қайта қызып?

Сол шіркіннен басталған өрт алаулап,
Шалқып, шарпып өзінді кетпес пе екен?
Аялдашы, пан құрбым, азын-аулақ,
Салып-ұрып шабыт та жетпес пе екен!

2. *Сен секілді*

Ұйқас үшін, ырғак үшін
Мен қиналып көрген емен.
Келеді өзі зырлап ұшып,
Сен секілді көркем өлең.

Ала салып қаламды бір,
Зырылдатсам жыр ұршақтай,
Ширатылып қалады жыр
Сен секілді тығыршақтай.

Көп жұлдыздай жайнап тұрған
Көз алдында жарқын елес.
Жас жаным бар қайнап тұрған,
Сен секілді салқын емес.

ЕР КӨҢІЛ

Жүргім бұлқынып
Асай тайдай,
Көрсем деп ұмтылдым,
Есім қалмай.

Тұсіріп сен мені
Сергелденге,
Арманым, келмедің
Айтқан жерге.

Қайырмасы: Өмір, алдайсың неге,
Өр көңіл, ортайдың неге?
Тілек, үмітің алда,
Журек,
Шаршама сен, талма!

Көңлімнен қоңыр бұлт
Кетпей қойды,
Арманга қолым бір
Жетпей қойды.

«Мәз болып жүрген аз»
Деме, досым.
Ер жігіт мойымас
Қашан болсын!

Қайырмасы:

АУЫЛЫМ-АЙ

Шіркін-ай, ауылым-ай, ауылым-ай,
Ауылда жүрген менің бауырым-ай,
Айнала қара боран қыншылық,
Ауылға мына күннің ауырын-ай!

Ауылдың жүдеуін-ай, жүдеуін-ай,
Ауылым, шымырлаттың жүрегімді-ай.
Ауыз су елі күнге жоқ дегенде,
Білмедім жыларымды-ай, күлерімді-ай.

Терен сай, тегін ақкан бұлағым-ай,
Сарқылмай келе жатқан құнарым-ай.
Ауылда қара жұмыс жоқ, дегенде,
Білмедім күлерімді-ай, жыларымды-ай.

Ауылдың ажарын-ай, ажарын-ай,
Тарқаған жәрмеңкенің базарындай.
Ауылда өлім-жітім көп, дегенде,
Білмедім қандай өлең жазарымды-ай.

КҮННИҢ АТЫ – КҮН

Шығар күннен көз алмайтын кез,
Тіршіліктің оянганын сез.
Өмір бойы үміттеніп ел,
Қайран көңіл: алтын, күміс, жез.

Батар күннен көз аунайды кілт,
Ертең қайта алаулайды, күт.
Тас төбеде тұрган Күнге бір
Қараяға тік төзе алмайды жүрт.

«Күн шығады, күн батады» деп,
Әр саққа бір жүгіртеміз кеп.
Нұрлы күнге мін тағады кім,
Алтын арай Күннің аты – Күн!

Жүрсе де Күн жерден алыс тым,
Игілігін кім көрmedі, кім?
Неше түрлі сез қылғанмен ел,
Жарқыраған Күннің аты – Күн!

АСТАНА

Ажарың-керкін,
Ғажайып қала,
Қараймын әр күн,
Тамсаныл қана.

Сәuletің, сәнің,
Баурады мені.
Аралап бәрін,
Мақтанғым келді.

Еліне болдың,
Құт мекен, пана.
Жасай бер, жаса,
Тұғырлы қала!

ҚАРАМҰРЫН

Қазактың ұланғайыр даласында,
Ғажаптың ғажабы бар, нанасың ба?
Жүйткітіп жедел пойыз келе жатты
Шерубай-Нұраңыздың жағасында.

Жүрдек кез, аялдауы тым аз болған,
Откелі дариядан біраз болған...
Көңілдің алып ұшар әдеті ғой,
Оралып келе жатсан алыс жолдан.

Алдағы станция – Қарамұрын...
Сыңғырлай естілуін қара мұнын!
Жанымда жаңғырыққан жер атауы –
Ұялап көкіректе қалар ұғым.

Неліктен Қарамұрын атанғанын,
Сұрауға көрінгеннен бата алмадым.
Танауга тиісуі тегін емес
Жеріне ат қойымпаз аталардың.

Әйнектен жонға қарап ойға кеттім,
Ойымда ұлан асыр тойға кеппін.
Әйнектің әр жағында түрганы тек
Алдыға үйме табақ қойған еттің.

СОНЫ ЖОЛ

Өзімдік – өлеңімнің орамдары,
Сол күйі соны жолда болам тағы;
Өмірге үйкелісіп от шығарам,
Үрлемей әлдекімдік қоламтаны.

Қаламым кәдуілгі жүрттықіндей,
Ол бірақ ой бағады, жұтты білмей;
Жырларым табиғатқа тартып тұған,
Бірде ашық, бірде сыйық бұлтты күндей.

ЖАРЫМА

Қазина, жаным сүйген жарым менің,
Алыстап кетті-ау сенің жалын-лебің.
Мұңайтып мені өзіннен айырғандай,
Тағдырға нелер ғана жазып едім.

Сен жокта сусын болмай, сусындарым,
Ашыны, тәттіні де тұшынбадым.
Мені де, өзінді де қиналдырып,
Қазина, қандай дертке ұшырадын?

АЙТШЫ, КІМДІ СҮЙЕСІҢ?

Сырымды айтсам, «Сүйем, дейсің, басқаны»,
Суық сөзің жас жүректі жасқады;
«Сүйем оны» дегеніннен қайтпайсын,
Ашып бірақ аты-жөнін айтпайсың.

Айтшы, айтшы, кімді, кімді сүйесін?
Көрсетші бір жүргіннің иесін.
Кім болды екен көктен таңда алғаның,
Қандай екен жігіт тандау – талғамың...

1957 ж.

* * *

Қарақаттай менің қара,
Меншігім ғой менің дара.
Сені құшқан құшагымды
Ажыратар өлім ғана.

* * *

Кім сені мендей сүйсін,
Кел, жаным, қымсынбай кел.
Кеудене қеудем тисін,
Ернің бал, тілінді әкел!

* * *

Мен сағындым сені,
Білесің бе, жаным?
Сағыныштың лебі –
Кеудемдегі жалын.

Сағыныштың лебі,
Кеудем толы жалын,
Сен де бір сэт мені,
Ойлайсың ба, жаным?

* * *

Көнілге ойлар келіп, небір қызық,
Алдынан жарқ еткендей алтын жүзік.
Сонында сусар бөрік сұлу жанның,
Барады қара күшік карда жүзіп.

Құлпырып құндыз жаға, асыл бөрік,
Кісіге қарайды еken қасын керіп.
Бейтаныс қанша сәнді болғанымен,
Күшік боп кете алмайсың қасына еріп.

* * *

Көмкеріп көзәйнегін алтындаған,
Алтын тіс, аузын ашса, жалтылдаған.
Кенседе керемет бір кісі көрдім,
Қолында алтын сағат, алтын қалам.

Алдында жалтыр стол айна дерлік,
Айнасы күреңіткен қайда келдік.
Иегін сәл көтерген белгісімен
Ақырын шаруамызды айта бердік.

ТАПСЫРҒАНДАЙ ЕМТИХАН

Дөң басында қылтиса да қызғалдак,
Дала төсі емес әлі қызған нак.
Ауып кетіп, жауып кетіп бұлттар жүр,
Дүниені бұлыңғырлан, ызғарлап.

Қайда кеткен майдың майда шуағы,
Көктем деуге көніл тіпті шүбәлі.
Ысқырғандай, құш қылғандай әлдекім,
Демі дымқыл бұлттар жөңкіп шұбады.

Небір құқай көріп жүрген ер диқан,
Сасқан емес, салса дағы жел қиқаң.
Дәнін сеуіп, бәрін сеуіп тастады,
Тапсырғандай тағы да бір емтихан.

БІЗДІҢ ТІРЛІК

Бірінші өлең

Алмасында дәм жоқ,
Кек базарда мән жоқ.
Еркіншілік осы ма,
Саудагерде сан жоқ.

Жалақыда нөл көп,
Жарылғаған ел жоқ.
Еркін бағаң осы ма,
Шырқауында жөн жоқ.

Тыйымы жоқ лаң көп,
Пайдасы жоқ зан көп.
Өкіметің осы ма,
Тындалап жүрген жан жоқ.

Баққан малда қон жоқ,
Тоңған жанға тон жоқ.
Ендігі жол осы ма,
Жанармайың, ол жоқ.

Бір жоқтан соң бір жоқ,
Ескі ақшада құн жоқ.
Құнсызданбай қайтеді,
Дүкенінде дым жоқ.

Тепсінуге әл жоқ,
Көп сәйлеуде мән жоқ.
Бүйткен тірлік бар болсын,
Айта беріп сән жоқ.

Екінші өлең

Қыындалап кетті құн көріс,
Көнілімде менің – төңкеріс.

Әдемі сөзге алдымен,
Сенбейтін болып алды мен.

Арал деп, қор деп, қорғау деп,
Әлі де бізді алдау көп.

Әйткені бәрі қымбаттал,
Барады ләйліп, бұлғақтап...

Зәрүлік қысқан заманда
Күн көру қызын адамға.

Сүт іздел қайда бармадым,
Қара шай іштім, қанбадым.

Кезекке тұрсан нан үшін,
Келер ме, жоқ па, намысың?

Базарын бұлдан жұрт тегіс,
Қыындалап кетті күн көріс.

Имиген, ұзын киярдын,
Түрінен өзім үялдым.

Үшеуін алдым мың сомға,
Не қылған қияр бұл сонда?

Сырымды менің білген ел,
Жабыла маған құлмендер.

Құйындар тосын өзгеріс,
Қыындалап кетті күн көріс.

Қаңырап тұрған дүкенге,
Кіруге қорқам бұл күнде.

Бағасын көріп шалбардың,
Жағамды ұстап, таңғалдым.

Әлсіздеу біздің борбайға,
Арзандау болса болмай ма?

Жасарып әлде Сейдекен,
Жалаң бұт жүрсін дей ме екен?

Қайтсе де көнілім толмай бір,
Өтпелі кезең оңбай тұр.

Кебейіп жолда бәгеліс,
Қындарап кетті күн көріс.

Осы ма жөні нарықтын,
Жалақым қайда, зарықтым.

«Мал қымбат» десен, сөзім жок,
Ақшаның неге өзі жок?

Ашынған адам керемет,
Ененді... демей, не демек?

Өйткені мынау күн көріс,
Шыдарлық емес, тым теріс.

Үшінші өлең

Жаздын жалпақ кешінде,
Өтеу қызын парызды.
Қантап кеткен мәшине,
Тантап кетер тәрізді.

Зу-зу етіп жаныңнан,
Өте шыққан кезінде,
Бір тартқандай жағыңнан,
Шоқ түседі сезімге.

Кім ұтылды, кім ұтты,
Өлде жөн бе асығу?

Бірақ жаппай ұрлықты,
Мүмкін емес жасыру.

Атқа мінген өңкей қырт,
Тіл бәзеуге тым күшті.
Кесіп қылып алды жүрт,
Ұрлық түгіл, қылмысты.

Бей берекет замандас,
Күнде қырғын тәбелес.
Ішіп алған адамға
Кісі өлтіру түк емес.

Көрсөн, жаның түршігер,
Көнеміз бе соган да?
«Бәрі қымбат» дейсіндер,
Ең арзаны – адам ба?

Ел тонаған кісіде
Емге де жоқ ар-ұят.
Арсыздардың ісіне
Күйінбесен, тағы ұят.

Пайда қуған пысығың,
Қайтармай жүр қарызды.
Қазақ арак ішуін,
Коймайтыны тәрізді.

Айтсам деп ем тосын ой,
Кезек тимей жатқаны:
Ақырзаман осы ғой,
Кара қытай қаптады.

Қазақ елі мұнсыз ба,
Өлең бе еken олқысы?
Үлкендердің онсыз да
Бұзылып жүр үйқысы.

Қоңыр күздің кешінде
Желлінеді кей ақын.
— Бізге де бір мәшине
Керек білем, әй, қатын!

Татумыз деп есепте,
Өзің маған қажетсің.
Қанша қыын десек те,
Тіршілікке не жетсін!!!

ЖАҢА ҚОНЫС ТОЙЫНА

(Сагымбаев Әuletіне)

Жаңа үйге кіргендерің жаңа ғана,
Үйлерің әдемі екен, Болат-Галя.
Әу, десем, әр сөзіме жаңғырығып,
Айнала сынғырап тұр, мынаң қара.

Болатжан, үйің ғажап жарқыраған,
Жағалай күмістеген, алтындаған.
Тамаша сәулеті мен сәнін көріп,
Куанбай тұра алмайды ақын ағаң.

Оюлап, неше тұрлі өрнек салған,
Жұмсадың қыруар қаржы және соған.
«Жаңа үйдің мына жері мынандай» деп,
Әлі де сөйлей ме екен Галя саған?

Жайнатып қойдың, міне, үйдің ішін,
Әйбэт қой, Болат, сениң әрбір ісін.
Айтқанын әйелінің екі етпейтін,
Ағана тартып кеткен тәріздісін.

Улкендер мәз болады төрде отырған,
Аз емес балдыздарың жұлдыздардан.
Тойыңа әдейі арнап жылқы сойып,
Теміртас келіп отыр Қызылжардан.

Бұл дәмді біздерге деп ариадындар,
Биіккс бүгін сендер самғадындар.
Үйінде қызық-думан бола берсін,
Майя бар, Баяның бар, Арманың бар.

Айнадай жарқыраған үйің жана,
Конысың құтты болсын, Болат-Галля.
Шакырсан шакырындар жиілетіп,
Жиналсақ, жиналайық тойға ғана.

ІҢҚӘР СЕЗІМ

Бүгін менің Күләшта – екі көзім,
Бүгін – менің Күләшқа іңқәр кезім.
«Қай Күләшті айтасың, кайным?» десең,
Өмірбектің Күләші, деймін өзім.

Жақсы болса жігіттің алған жары,
Куанады сүйсініп елдің бәрі.
«Сізге бірден ұнаған ол кім?» десең,
Өмірбектің Күләші, деймін дағы.

Өмір деген бір мезгіл тойға бару,
Көнілденіп керемет, күйіп-жану.
Өн салдырмай коймайды, тамсандырмай,
Өмірбектің Күләші, деген ару.

Сұлу құшып, жар сүйген ер аман бол,
Бұл сөзімді түсінген ел аман бол.
Құрбыларың осылай тойлай берсін,
Өмірбектің Күләші, сен аман бол!!!

1996 ж.



АҚҚУ МОЙЫН

Қайранкөлдің сыйбыр қағып құрағы,
Сусылдаған шымылдығын құрады.
Оңашада жолығысар екеудің
Күәсі боп,
сырласы бол тұрады.

Сырласудың,
мұндасудың күәсі,
Сыйбырлауы – самал желдің кінәсі...
... Көзін алмай тұнжыраған айдыннан
Сынар аққу неге жалғыз, сұрашы.

Сүйген жардын бүгін жоқтай келгісі,
Күткен жанның келмейді оған сенгісі.
Өкпе-назбен нәзік қана иілген
Аққу мойын – бейне сұрақ белгісі.

Сұңқыл қағып келе жатыр сынары,
Інкәр қылып әлде мұны сынады?
Ғұмыр бойы таусылмайтын тәрізді
Қос аққудың бір-біріне сұрағы.

Екі мұндағың бас түйісп тұрады,
Айнымаган жүрек кейпін құрады.
Аққу мойын, сұңқақ бойлым, қайдасын, –
Тарқар ма екен сенсіз көңіл құмары?..

МАХАББАТ ШУАҒЫ

Көгілдір айдынында махаббаттың,
Екеуің бір-бірінді ізден таңтың.
Куаныш ұзағынан сүйіндірсін,
Мерейін үстем етіп екі жақтың.

Осы, деп, жүргегімен түсініскен,
Қараймыз жүздеріңе сүйініспен.
Бұл тойда жас дәүрениң әнін шырқап,
Билейміз ерекше бір құлшыныспен.

Өзінің теңін тауып қосылғасын,
Екі жас түзу жолдан жаңылмасын.
Толтырып жас отауды сән мен үнгे,
Сәбілер үсті-үстіне інгеласын.

Тағдырымды қосамын деп едіндер,
Бақыт пен қуанышқа кенеліндер.
Осылай қол ұстасып, жұбын жазбай,
Махабbat шуағына бөлеңіндер!

ЖЕТКІНШЕГІМ

Дүниенің кем-кетігін көргесін,
Мұңқ кернейді шын ақынның қеудесін.
«Жеткіншегім, тыңда» дегім келеді,
Күсандықтың басқандай бір пернесін.

Баяу ғана басқан сэтте пернені,
Үн шығады оятқандай зердені.
Жүрек сырын шертсем деймін азырақ,
Көптен бері кернеп жүрген қеудені.

Айтар сөздің табар едім тәуірін,
«Мұңқ» дегенмен сескенбе тек, бауырым.
Мұңсыз етіп қоя ма деп қорқамын,
Сенің мынау даңғыры көп дәуірін.

Бізге таңсық – билегені селкілдеп,
Өрімдей жас өскені оңды желкілдеп.
Темір-терсек тағып алған тентегім,
Әттен, сенің жүрген жерің – дүңкілдек.

Рок дегенің – шайқақ болар, шамасы,
Есіргендей шайқақтауын қараши.
Шаттануға санап жүрме мұны сен,
Екеуінің жер мен кектей арасы.

Төбе шашы тікірейген айбарлы,
Көрдім өнкей ұл мен қызды айдарлы.
Айдарынан жел ескендей шіркіндер,
Сонша неге азан-қазан, айғайлы?!

Жаным ашып айтқандығым болмаса,
Еркінде ғой – әркім әуен таңдаса.
Еркіндіктен басы айналған тәрізді,
Үлкендердің өзі қазір даңғаза.

Қайда барсаң, қаңғыр-күнгір, у да шу,
Айықпайтын сырқат болды, сірә, шу.
Мейірімсіз ғып қоя ма деп қорқамын,
Адамдарды билеп алған бір ашу...

...Күйсандықтан әуелеген ақырын,
Әуен тыңдал көрдің бе екен, жарқыным?
Ақ шабактай кенет шоршып ойнаған,
Аягардың ба кей дыбыстың жарқылын?

Терезеден телміргенде сыртқа сен,
Күйқылжыған тыңшу дыбыс тіпті әсем.
Бала күннен «Алатауды» тындармай,
«Ай сәулелі сонатаны» үқпас ең.

Өзін әсте көрмесе де ұлардың,
Ұлар десе, елеңдемей тұрап кім?
Өзім ойнай білмесем де бір нота,
Терен сырлы музыкаға құмармын.

Кей күндері, кешкі жеті, сегізде,
Үйден емес, концерт залдан мені ізде.
Мені іздемей, өнер ізде әуелі,
«Өн мен күйден құралакан» дегізбе.

Домбырада күмбірлекен күй – өнер,
Тал шыбықтай мың бұралтқан би – өнер.
Атамыздан қалған асыл мұраның
Бәрін біліп өссен, шіркін, ол да өнер.

Нендей үлгі көрсетіп ем ез басым? –
Жұргімнің алады ойлар мазасын.
Жеткіншегім, саган сөзім арналды,
Өйткені, сен тас бұлактай тазасың.

Жас көнілдің мөлдіреген бұлағын,
Кім білсіді өмір қайда бұрарын.
Тұзулікке тиер мә екен септігі,
Біразырақ ақыл айтсам, шырағым?

Ақыл деген бұл ағаңда бір құшақ,
Онын бәрін тындармысың, құлыншақ?
Тізгін бермей кетеді ғой әр адам,
Еркіндікті – еркінсу деп ұғынсақ...

Мен аулақпын ескіліктен, құрымнан,
Жөнсіз тежеу – жөн болмайын бұрыннан.
Менің, бәлкім, кісі парқым сезілер,
Еркін өскен екі бірдей ұлымнан.

Мен аулақпын тізгін тартып тежеуден,
Тыйым салған жеміс тәтті ежелден.
Кейінгі жас тарпақ міnez танытса,
Бойда құші булыққанын сезем мен.

Зеңгір көктен айдың жаңа сырғасын
Екі кештің арасында табасың.
Жеткіншегім, саган сөзім арналды,
Өйткені сен – тас бұлактай тазасың!

Үлбіреген балаусадай әдемі,
Балғын қыздың бұзылмаған бәдені.
Гүлден бетер көркейтеді, дер едім,
Қыз баланы – қылышы мен әдебі.



АЯЛДАМАДА

Мезгіл түске таяу ғана,
Күн сұтып барады.
Аяз күнгі аялдама
Тым сұтып барады.

Әп-әдемі әйел бала
Жолға жиі қарайды.
Көз үшінда әрек ғана
Қарайғанды санайды.

Көрінбейді автобусы,
Амал қанша, тосады.
Саусағының аппақ ұшы,
Ақ тырнағы жосалы.

Әп-әдемі әйел бала,
Жұзі жұқа жаны ізгі,
Кірпіктері баяу ғана
Қозғалатын тәрізді.

Таяу тұрган ұян жігіт,
Жаураганын түсінді.
Қоңыр түбіт биялайын
Қызы балаға ұсынды.

Қызылжардың ақпан қысы,
Қызылшұнақ аязы,
Жұқа ғана аппақ қызды
Қалтыратып барады.

Ерінім де тоңды, деуге,
Еріндері келмейді-ақ.
Сол ерінді жылтыуды,
Білмей тұр ма бұл бейбак.

Кете барды жаяу ғана,
Кете барды екеуі.
Жастық жалын... аялдама,
Өмірдің сол өтеуі.

НҮР СӘУЛЕ

Тамылжып дүние талтусте,
Абажур-аспан кекпенбек.
... Күн деген қызық лампочке,
Күмбезді кезген бектерлең.

Жылжи да жылжи, не керек,
Шығанға шығып алған да,
Осы бір тұста ол кенет
Төкырап, тоқтап қалған ба?!

Төнеді дейсің төбеден,
Төгеді дейсің сәуле-нұр;
(Аңсал-ақ жүрген өрем-ен,
Жетем деу – әлде әуре бір).

Саулатып саумал шуақты,
Сәскеде құлғен күн қандай?
Қызғылтым қою шұбатты
Шұбалтып тұсте тұргандай.

Жарықтық, неткен құнарлы! –
Не нәрсе, бірак, болса мол,
Қандырған ғұрлы құмарды,
Салады салмақ соңша мол...



КІБІСЕ ЖЫЛ

Жырым менің, тегінде, сырым менің,
Ақпан тұа бебеулеп кеттім тұра,
Әдегімде жоқ еді бұрын менің
Бебеулеген үнімді – үгын, Елім!

Жаһан кезіп жүргем жоқ елден жырак,
Елдің жәйі мені көп ойландырад.
Күнтізбеке қарасаң, ей, ағайын,
Биылғы жыл бір күнге ұзағырак.

Оте сирек гүлдейтін секілді гүл,
Ерекше жыл, өлең-жыр өзгеше бұл.
Төрт жылда бір соғатын аулымызға,
Үш жүз алпыс алты күн – Кібісе жыл.

Улгерменең дүйім жұрт уағында:
«Әлі бір күн бар ғой» деп уануда.
Маған бірақ арқаны кенге салып,
Уануға болмай тұр, қуануға.

Үмітім де, үнім де – жырым менің,
Көбейгендей бүгінде мұным менің.
Көктем тұа егіліп кеттім тұра,
Егілудің себебін ұғын, Елім.
Боздал жүрген мен де бір Ұлың едім.

КУРСТАС ҚЫЗДАРҒА СОНЕТ (теориядан емтихан тапсырарда)

Қаумалап бір үстелді алақандай,
Бесеуің шүпірлейсің балапандай;
Ортаға оқулықтар үйіліпті,
Тырмалап жатырсыңдар талапайлай.

Ылғи бір ямболар, хорейлермен,
Емес-ті нәрселерің көрем деген,
Елестеп тұрган шығар билі кештер,
Етегі көйлектердің көлендеген.

Бір мезгіл жүректерін дүрсілдесіп,
Бір мезгіл: «қойшы осыны, құрсын» десіп,
Сан саққа құбылысып отырсындар;

Сұрағы «сонет» болып билетінің,
Ауызға түспей қалып билетінің, –
Мениң-ақ өлеңімді оқырсындар.

«КЕНБАЙТАҚ» ДЕЙСІҢ-АУ...

«Жеріміз кең-байтақ» дейтіндерді
Көргім де келмейді кей күндері;
 Өйткені себебі бар.
Ел-жүртқа қараймын аңтарыла,
Сатылып жатыр жер қалталыға;
 Сөйткенге көнілім дал.

«Жер сату» дегендे,
Тұла бой түршігеді;
Ел қату, шерменде,
Ах ұрып, құрсінеді.
Мен де қатты өкінемін,
Қарс айрылып көкірегім.

Әркімге сатылып кетсе жерің,
Тірлігің не болмак, қайран Елім;
 Хәл нашар, өрісің тар.
Бұл бір іс бізге жат, аса шетін,
Сол – мениң қазақы қасіретім;
 Кеудем шер, көкейде зар.

КҮМІС ТОЙ

Бәріміздің асыл аға, жеңгеміз,
Бәріңіздің сүйікті апа, жезденіз –
Екеуінің күміс тойын тойлауға,
Әр өңірден ат сабылтып келгеміз.

Күміс тойдың төріндегі ағакем –
Жас баладай масайраған жан екен.
Гүл сыйлаган балдыздарын ақырын
Арқасынан сыйпайтыны бар екен.

«Күміс тойдың төрінде отыр» демесен,
Өң-ажарын берменті әлі женешем.
Дастарханға қойған дәмін мақтасақ,
Жеңгем өзі мәз болады ересен.

Екі асыл жан ұбірлі де шүбірлі,
Ұл мен қызың құрақ ұшып жүгірді.
Қос құшағың гүлге сыймай тұрса да,
Өздеріңсің – тойдың көркі бүгінгі!

Домбыраның егіз екі шегіндей,
Өмір күйін шертіндер ме ерінбей?
Екі асыл жан бір қуанған дұрыс қой,
Ұзағынан, ұзагынан сүйіндірсін күміс той!

АҚМОЛА

Ақмола әнім болсан қайта туған,
Мен неге іркілейін ән айтудан!
Жәрменкем, жазығың жоқ, аяулы өлкем,
Айығар, қайтсем сенен қалың тұман?!

Ежелден елге коңыс, болған мекен,
Ақмола – қорым ба екен, корған ба екен?
Қараёткел, Ақмола деп айтсам ғана,
Көкейге, уа, дариға, конады екен!

Есілдің жағасында тұрган бір кез,
Ұшты ғой көзден бұлбұл сол бір күмбез.
Үстіне шаң жуытпай жүргенімде,
Атыңан қалай ғана айрылдым тез?!

Бір күйін есімізден жаңылдырған,
Ақмола, ә дегеннең болдың құрбан.
Сен де бір қуғын көрген ардағымсың,
Артында қалған жұртын сағындырған.

Сөгіліп сірескен мұз, жөнкілді сен,
Көксеген күнім туды неге десен.
Айдаудан қайтар кезің болды, Ақмола,
Отыз жыл мерзімінді өтедің сен.

Сәнімді сақтай гәр деп жоғалтудан,
Әнімді жаңылғам жоқ мен айтудан,
Кеудемде өшіп жанған атың сенің,
Ақмола, әнім болшы қайта туған!!!

1965 ж.

КҮМБІР-КҮМБІР ШАТТЫҚ ҮНІ

Оқа – зері таңғы шықтай,
Сырғалары мың шамалы.
Күйеу күткен қалындықтай
Жаңа жылдың шыршалары.

Әркімнің де арманы бар
Кеудесіне жүрген бөлек.
Тіршіліктің әр таны бал,
Жаңа жылдың жөні бөлек.

Төрі дарқан, шамы шанқан
Аңсай күткен әрбір үйдін.
Күміс күлкі сынғыр қаққан
Арасында ән мен күйдін.

Ақ қайнардан тығын ашып,
Көңіл бұл сәт нояң енді.
Жан-жүйені шымырлатып
Қонырау соғып қоя берді.

Күмбір-күмбір шаттық үні,
Шар тарапқа асқақ жетті.
Жылдың жаңа, сәтті күні,
Өз билігін бастап кетті.

ЖАҢА ЖЫЛЫМ, ЖАҢА КҮНІМ

Жаңа жыл – жаңа туған жүлдyz ба еken,
Құлпырған әлде кәмшат, құndыз ба еken?
Жаңа жыл, жаңа күнім келдің бе деп,
Куанып сен екеуміз жүрміз бе еken?

Жаңа жыл – әлде жаңа сезім бе еken,
Сезінген соны бір сәт кезім бе еken?
Жаңа жыл, жаңа күннен үміттенген,
Еліміз не дегенмен төзімді еken.

Жаңа жыл әлде шынар, әлде мұнар,
Мұнартқан белгісізге жаңым құмар.
Жаңа күн, жаңа белге қадам бастың,
Адамдар жақсылыққа жолығындар.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ШАШУ

Жылдың сонын сыпырғандай,
Қарлы құйын соқты-ай келіп.
Бағандарда сықыр бардай,
Тағандары тастай берік.

Желте құлақ аспау қын,
Гу-гу етіп барады үдең.

Қыңырлыққа басқан күйі,
Әйнектерді қағады кеп.

Жерден үйтқып, көктен құйғып,
Он бойынан саулайды қар.
Қантап жеткен өткем бүйрық –
Көп қағаздан аумайды дәл.

Үйтқы сокқан дей борасын,
Долылықпен тенселгендей.
Шопан үйін, қой қорасын,
Бүтін бе деп тексергендей.

Дала төсі тартқан қобыз,
Оқтын-оқтын ышқынады.
Қайырмасы тоқсан тоғыз,
Шырқау сәті ыскырмалы.

Жер мен көктің екі арасы
Ақ түтекпен толып алған.
Танаптардың шекарасы,
Сезілмейді омбы қардан.

Тұла бойы тұнған ақық,
Орман-тогай, ол да шулы.
Дарқан дауыл тынған ақыр,
Үйіп-төгіп мол шашуды.

Аңқау боран айтып қойды,
Жаңа жылдың кеп қалғанын.
Шаттық лебі шарпып бойды,
Жаңа бакыт, жетті арманым.

Борандатып келген боздак,
Аңқылдаған жомарт болғай,
Жаңалығы күнде қоздап,
Жақсылығы елге толғай.

Болсын делік бұл Жаңа жыл
Әнгे жомарт, дәнгө дарқан.
Бүршік жарып бір ғажап жыр,
Ашық-жарқын атсын әр таң.

АТ ҚАДІРІН БІЛГЕН ҚАЗАҚ

Ақ қар көк мұз қыстың айын
Біздің қазақ қаңтар дейді.
Сөздін мәнін, істің жайын
Білмеген жан аң-таң дейді.

Қаңтар деудің мәнісі бар,
Сен білмесең, мен айтайын.
Айтқан сөзге құлағың сал,
Құлыншағым, Дәурентайым.

Кең далада жүрген көшіп,
Ата дәстүр неткен ғажап!
Жүйрік мініп, желдей есіп,
Ат қадірін білген қазақ.

Ат үстінде – мыңым әркім,
Көніл құсы шарықтаған;
Ат шұлғытып содан, бәлкім,
Киялдаудан жалықпаған.

Ең әдемі ағаш ерді,
Қазақ емей, кім істеген?
Әнгे қосып маңманғерді,
Ер-тұрманын күмістеген.

Күн суытып, күз болғанда,
Жарau атты бағалаған.
Айдын шалқар мұз болғанда,
Көк бестіні тағалаған.

Алты ай жазда еркін жайып,
Қыста жылқы тебіндеткен...
Жорға мініп, бәйге қосқан,
Бақыт еді керім, неткен.

ШЫРЫЛДАУЫҚ

Түбінде тереземнің – шырылдауық,
Тұнімен тынымы жоқ зырылдауық.
Үніне зар илеген құлақ қойсан,
Төңгендей тәбемізден мың бір қауіп.

Дамылсыз бейшараның шырылдауын,
Көрдің бе тула бойдың шымырауын!
Кеудемнен сыздау қалған сездім алғаш
Әлдене жүректі сәл сығымдауын.

Қаруды куресін ғып күрей беріп,
Дүние кетпегей-ді дүлейленіп.
Сескеніп әлдекандай дыбыстардан,
Отырмын өз-өзімнен үрейленіп.

Жәндіктің тыңдал жатып безілдеуін,
Қатерді мүмкін емес сезінбеуің.
Беймаза шілделіктей шыр-шыр етіп,
Тілеймін тіршіліктің үзілмеуін.

Жүргесін өлең-жырмен шүғылдана,
Елімнен болмақ емес мұным дара.
Сақтасын астаң-кестең апатынан
Әлемді зар қылғандай шырылға да.

Түбінде тереземнің – шырылдауық,
Тындаумен тұн ортасы кеткен ауып.
Тынымсыз әлдінен қалғын мей,
Мазасыз ойларымнан тыным тауып.

АЖАРЛЫМ

Қарлығаштың қанатындаі,
Қасың діріл қағатыны-ай, ажарлым.

Жұзің сенің – жүзім шарап,
Басқа бірден шабатындаі, ажарлым.

Үн қатқаның уыз балдай,
Жанарында жүлдyz бардай, ажарлым.

Тыныш жүрген жүрегіме,
Өз кеудемді үртыйзғандай, ажарлым.

Қаздай аппақ омыраулы,
Саған көніл толық ауды, ажарлым.

Кұмаргпасқа қоймайтұғын,
Күлкің сенің қоңыраулы, ажарлым.

ЖАРҚЫНЫМ

Неге жалғыз жапырағы мол қайын,
Неге бүгін сарғаяды сол қайың?
Сен мұнайсан, мен мұнайдым, жарқыным,
Мұнайтпайтын болайын!

Қолымдағы алтыным,
Қадірінді білейін;
Сен келгенде жарқыным,
Мен жайрандап жүрейін.

Дүниенің келтірем деп ыңғайын,
Жолда жүрмей, үйге жетіп қонайын;
Сен жудесен, мен жудеймін, жарқыным,
Жудетпейтін болайын!

Қолымдағы алтыным,
Қадірінді білейін;
Сен келгенде жарқыным,
Мен жайрандап жүрейін.

Қабақ шытып сөйлеуімді қояйын,
Саған ыстық құшағымды жаяйын;
Сен қуансаң, мен қуанып, жарқыным,
Күлімдейтін болайын!

Қолымдағы алтыным,
Қадірінді білейін;
Сен келгенде жарқыным,
Мен жайрандап жүрейін.

ҚЫМБАТТЫ ҚАЗИНА!

Солтүстік Қазақстан, атамекен,
Ақ қайың ансаған бір арманға тен.
Сәуірде туда қалған әй-әй қыздың
Есімін Қазина деп кім қойды екен?

Қазақта небір ғажап әннін барын,
Кең байтақ даламызға хабарладың.
Әкеніз Сәдуақас құнде естіміз,
Қазина жалғыз қызы Шемшияның.

Жараган жан екенсің асыл тектен,
Өзіңе жақсы ақынды ғашық еткен.
Махаббат мәселесін бірден шешіп,
Күйеуге он жетінде қашып кеткен.

Есілдің ерке қызы, көркің қандай,
Толықсып он бесінде туған айдай!
Жомартың, Жәнібегің, Жанарың бар,
Ажарың әлі күнге атқан тандай.

...Тигізген елге пайдаң шашыңнан көп,
Айтады саған алғыс әркім, әр топ.
Су сепкен қанатымен қарлығаштай,
Бірде қант таратасың, бірде картоп.

Ел үшін зыр жұгіріп, жанып-күйген,
Сен бір жан тұра сөйлеп, тұзу жүрген.
Ғажайып бізге жұмбақ бір сұлусың,
Өзіңнен оң жас үлкен шалға тиген.

Өуелде сен орысша оқыдың да,
Қазақша бәрін ойға токыдың ба?
Дауысың ертелі-кеш қалықтап жүр,
Қазактың әсем әуе толқынында.

Қазина, ән мен күйдің ескі досы,
Қашанда жақсы болсын көңіл хоши.
Сен бүгін сый-құрметтің төріндесің,
Жиырма бес екі айналып келген – осы!!!

1997 ж.

БҰЛБҰЛ ҚҰСЫҢ БОЛАЙЫН

Неге сениң селдірейді тоғайын,
Судың көзін қайдан іздеп табайын?
Сен дегендे мен шырылдап, Отаным,
Бозторғайың болайын!

Төсінде сениң – Есіл, Нұра,
Сарыарка – асқар белің.
Атадан қалған асыл мұра,
Кең байтағым мениң!

Әркімнің бар өнері,
Ән салғым келеді.
Арқау бол әніме –
Тыныштық – тілегенім.

Еркіндік алдым елмен бірге,
Шаттығым сол ғой менің!

Алтын күзде егін орып толайым,
Қайткен күнде байлық көзін табайын!
Сен көркейсөң, мен көркейдім, Отаным,
Бұлбұл құсың болайын!

Сөзіме менің болсын куә,
Айдын көл, аскар белің.
Агадан қалған асыл мұра,
Кең байтағым менің.

Әркімнің бар өнері,
Ән салғым келеді.
Арқау бол әніме –
Тыныштық – тілегенім.
Еркіндік алдым елмен бірге,
Шаттығым сол ғой менің!

БОЛЫСКЕЙ КЕРЕУЕТ

Ақ отау, болыскей кереует,
Айнала тәселген текемет.
Бабамыз Мысырдан әкелген,
Жез құмған, көрдің бе, керемет!

Жайлауга көшкендей қыстаудан,
Айналдым оралған құстардан.
Аққудай сыланған сұлулар
Борансыз айнасын ұстанған!

Әмірқан етігін кигендер,
Асылдың қадірін білген ел.
Әлемді өзінше сөйлеткен
Қазақтың тіліне тимендер!

Үндінің шайына қансам бір,
Көнілім әсем гүл аңсан жүр.
Дүние күмбірлеп кетпей ме,
Қолыма домбыра алсан бір!

Алатау, Сарыарқа, Ақжайық,
Теріскей, Құнгейім гажайып.
Баршага жақсылық болуын
Тәңірден тілеймін қол жайып!

Әйгерім, Ұмынай, Ұлтуған,
Жалығып көргем жоқ айтуга.
Нұр жаусын жолына, Жансұлтаң,
Өз – бауырың, десен, бұл қай тұған!

Нұрзада, немере, мені сүй,
Сөз мәнін көнілге өзің түй.
Арулар – өмірдің көркі ғой,
Бейне бір әсем ән, күмбір күй!

СҮЙІКТІМ

(Жарыма арнау)

Бірге жүргеніме мәзбін,
Күнге сүйсінеді әркім.
Сенің көркейген өнің
Менің сезбей қайтсін көнлім.

Бірдей күлімдесек әр күн,
Біреу көре алмайды, бәлкім.
Оған өзгермесін әрің,
Тіл мен көзден сакта, тәнірім.

Ертең серуендеген кезде,
Еркем, мезгілді ойлай берме.
Ернім ерінің тәнсін,
Мейлі, жүлдyz біткен көрсін.

Өзіңе де ырзамын,
Сөзіңе де ырзамын.
Жұзіңе де, сүйіктім,
Нұрын тәксін мырза күн
Ең үлкені олжаның –
Сол, жаным!

ЕГІЗДЕЙ ЕКЕУ

Тойына Манарабек пен Әдияның
Келуге құралақан мен ұялдым.
Болған соң әрі құда, әрі құрбы,
Өлеңмен әспеттейін деп ұйғардым.

Ақынның терберендей өр қиялын,
Өзіште қызығы бар әр ұянын.
Егіздей екеуінің жасын қоссан,
Жасындай жүзге келген карияның.

Тебіскен тай-құлындай бала күннен,
Тең құрбы, жан сүйерін таба білген.
Қосылған ширек ғасыр ерлі-зайып,
Екеуін қос өркешке баладым мен.

Ағайын тойға тілек айтса тынбай,
Манарабек марқаяды тыңдай-тыңдай.
«Екеулеп жүзге толған жұбай» десем,
Байқаймын, Әдияға ұнайтындай.

Тұспалдан жас мөлшерін Әдияның,
Әйгілеп қойдым ба деп, тағы ұялдым.
Елу жас – ақ айдыны десем бе екен,
Екеуі бірге кешкен дарияның.

Бөлениген шуағына сый-құрметтің,
Бұл елу – бұлан кезі Манарабектің.
Тәнірім тазалықтан жаратқандай,
Құдамды мадақтауға жана жеттім.

Сыйластық көркейтеді адам жанын,
Мәкеңдей мәпелесін әркім жарын.
Еріне еркелеген әдемі әйел.
Өмірі бермейді екен өң-ажарын!

Арналған мүштелтойға бұл бір өлең –
Кеудемнің күй-әуені күмбірлекен.
Әуенді тойдан тойға жалғастырынын,
Бір Гүлің екеуара үлбіреген.

Арман не, айдын көлге бірге қонсан,
Арман не екеуін де жүзге толсаң.
Жұз емес, мың жасатып қоймас па едім,
Мен егер, құдаң емес, құдай болсам.

ТОЙҒА ШАШУ

Болатжан, түсің игі, жүзің жылы,
Келіңсің дүниеге жылқы жылы.
Сен бүгін қырықтың биік өріндесін,
Тойыңа болсын шашу – ақын жыры.

Болатжан, жаның жомарт, қолың ашық,
Құйсан, құй вискиінді басып-басып.
Ықылас пейіліңнен айналайын,
Мен сені көрген жерден болдым ғашық.

Болатжан, ұлken ұлы Қоңырбектің,
Ақ көңіл, аңқылдаған, асыл текстім.
Қазаққа сендей адап ұл сыйлаған,
Алдында анашыңың тағзым еттім.

Болатжан, ұлың – Арман, қызың – Баян,
Майяның орны бөлек, өзіңе аян.
Жаныңда сүйген жарың – Галя болса,
Галяға төзіп жүрген сен бір ноян.

Болатжан, бауырымдасың, бажамдасың,
Мұндастым, тағдырласым, замандасым.
Сінлісін өзің алып отырган соң,
Апасы маған қалай қожандасын?!

Болатжан, қулашыңды кеңге салши,
Тойыңды дүрілдетсін ақын-жаршы.
Ғұмыры Болатжанның болсын ұзак,
Сол үшін, ей, агайын, алыңдаршы!!!

1994 ж.

АҚ ҰЛПА

Аспанның дүғай сәлемі,
Қалықтап ұшып қар жауды.
Ақ ұлпа қандай әдемі,
Себелеп, ойнап, саулады.

Үлпілдек, таза күйінде
Толтырды бүкіл ауланы.
Жаңғырып жатыр дүние,
Жақсы ғой қардың жауғаны.

Елімнің орман-тоғайы
Оранған кезі түбітке.
Әлде бұл – арман ұдайы,
Әлде бір нәзік үміт пе?

Ақ ұлпа, десе, ақ ұлпа,
Ажарлы жүзін танымал.
Әлемде кім бар, ей, қалқа,
Өзінді мендей сағынар?!



КЕЛДІ КӨКТЕМ

Кешігіп келді көктем сағындырып,
Әуеннен үйренишікті жаңылдырып.
Билікке жанұшырып қол созбаған,
Танимын жүзінен бір жағымдылық.

Күркіреп күр бекерге төсін ұрмай,
Өткінші жаңбырымен көк жасыл май.
Даланың жамыраган сай-саласы
Тасыды қуанышын жасыра алмай.

Сызылған таң шуағы жас келіндей,
Бүршігін әр бұтанаң ашты ерінбей.
Төсінде құба талдың қос жапырақ,
Сұлудың суға түсер костюміндей.

СЫРАЛҒЫ КҮЙТАБАҚ

Сақталған неше жылдан көне табақ,
Жатталған кекейіме күйі тараپ.
Ойнатып ауық-ауық, соқса зауық,
Сыралғы мұндасыма журмін санап.

Ескіріп қайран табақ қалса дағы,
Құлакқа таныс әуен – таң самалы.
Әуелеп үшқан қаздай, ала жаздай,
Жанымның биік еді аңсағаны.

Айналып күйтабақпен біз де бірге,
Құрбымен түсіп едік небір күйге.
Бұлдырап жазғы сағым, жастық шағым,
Тосырқап қалғандаймын енді биге.

Болады әр кезеңнің өз талабы,
Кейінгі көп қызықтан көз талады.
Жылдарды жалғастырып, алмастырып,
Арманның айнала бер күйтабағы.

СҮЙІСПЕҢШІЛІГІМ МЕНИЦ

Аспан асты, жер үсті,
Ең дүние, кеңшілік.
Ең әдемі, ең күшті
Әнгे басты Тіршілік.

Тәнірге тән, тәңірге –
Әсетке тән әншілік.
Әсерленген көңілге
Әсем гүлмен тәң шілік.

Шын жүректен шыққан ән –
Нағыз сүйіспешілік!
Кеудемдегі шықпа жан –
Жалғаса бер тіршілік.

Аңыз тектес нұрлы әуен –
Жанға шипа емшілік.
Теренінен сезімнің
Сазға айналса дем шығып.

Көңілімнен дәп шығып,
Тыңдар ма екен көпшілік.
Өнерлігे дем берер:
«Пау, шіркін-ай» деушілік.

Ең керегі ел-жүртқа –
Тату-тәтті көршілік.
Жер жүзінде Музыка –
Ең әсерлі елшілік.

ЖҮРЕГІМ ТҮР СУЫЛДАП

Оқшашау жайды жасырмай,
Айту бізге парыз-ды.
Қаптап кеткен машина
Таптап кетер тәрізді.

Зу-зу етіп жаныңнан
Өте шыққан кезінде,
Бір тартқандай жағыңнан,
Шоқ түседі сезімге.

Бала жүрсе жолында,
Топ торғайдай үркітіп;
Қара тұтін соңында
Қалдырады мұнқітіп.

Кезіккенде күштіге,
Шакұр-шұқыр тоқтар кіл.
Шалшық суды үстіне
Шашыратқыш сотқар бұл.

Ерсіл-қарсыл жөнкіліп,
Авто көшкін асқынған.
Жүргінші жұрт іркіліп,
Тайсалып тұр тасқыннан.

Жол бойында дүбірлі
Емес қазір аз қайғы.
Сансыз мотор гүрлі
Жындандыра жаздайды.



ҚҰРАЛАЙ

Қашан көрсем, көзі жайнап шырадай,
Құлім қағып жүретүғын Құралай.
Куанысып қалушы едік бәріміз,
Құралайдың қуанышын сұрамай.

Бүгін көрсем, екі көзі бұладай,
Өз-өзінен егіледі Құралай.
Мұнайысып қалдық бірден бәріміз,
Құралайдың жылағаны бұл қалай?

Қызы болғасын көздің жасын бұламай,
Көңіл шіркін жұбана ма жыламай?..
...Жылап алып, куліп кетіп барады
Бұлттан шыққан күн секілді Құралай.

ОСЫ БІР СӘТ

Алдыңнан самал есіп кеткендей бір,
Жазғы күн жаймашуақ тәккендей нұр;

Үлбіреп ақша бұлттар ауғандай боп,
Талтұсте жылы жаңбыр жауғандай боп;

Керіліп кемпірқосақ қалды білем,
Жапқандай қара нарға қалы кілем,

Қосылған бүйра бұлак сыйдырына,
Көп құрак, жасыл бұта сыйбыры ма?

Бозторғай торғын көкте сайрауынша,
Кең тоғай, болат шалғы қайрауынша.

Жанымды жанып-жанып алатұғын,
Сусылы-ау сұқсыр үйрек қанатының.

Мөлдірде қалтқының сәл қалтылдауы,
Әүеде алтын шабақ жалтылдауы.

Тұскендей батар құннің жалқыны әнге,
Аласқан қараша қаз қанқылы әлде?

Әлде бір сыңар аққу сынсуындаі,
Теніздің тенселіп кеп тыңшұындаі.

Айдында айдың қасқа жолындаі бол,
Заңғарда жанған жүлдyz шоғындаі көп.

Аңқытып көлдің исін жалбыздаіын,
Аулакта томсарғандай жалғыз қайын.

Қалғандай күрсіністен кеуден босап,
Армандай, уа, дарига осы бір сәт!

ЖАҢА КҮН САМАЛЫ

Сезіндік бүгін шанқай тұс
Өткенін ақпан-қаңтардың,
Қалайша төзгем алты ай қыс,
Өзім де соған аң-таңмын...

«Қалайша төзгем» дегенде,
Ызғарын айтам, ызғарын.
Көгілдір көктем келгенде,
Көрдің бе шекем қызғанын?!

Қарадым сол сәт даланың
Дәңкіген әрбір дәңіне,
Әйткені наурыз – жаңа күн,
Орнаған кезі өнірге.

Айығып туман жаңағы,
Жадырай қалды дүніе.
Жаныма жағып барады,
Осынау жарқын күйінде.

Бой жазып ымырт болғанша,
Өткіздім сыртта бейуақты.
Өзінмен, сәулем, оңаша,
Сырласқан кезім сияқты.

Желі жок, ығы мол жерге
Бұрылмай кету жөн бе екен?
Есіме түсті сол жерде
Ертеңгі сенің мерекен.

Аспандап жүрген көнілім,
Бәсендей керме тәмендеп.
Гүлдеп қеуде – көрігім,
Қайтсең де бүгін өлеңдет!..

ТЕРЕЗЕНІҢ ТҮБІНДЕ

Терезенің түбінде
Тұрмын, сәулем, бүгін де.
Айқара ашып пердені
Қарамадың, мұның не?

Терезенің түбінде
Түсті-ау жүрек дүбілге.
Көрінбейді көленкең,
Естілмейді үнің де.

Келгенімді білдің бе?
Білмеген боп жүрдің бе? –

Тұрдым жалғыз жабығып,
Терезенің түбінде.

Сенсіз менің күнім не,
Солғын тартты гүлім де.
Жүргенімді сезгейсің
Терезенің түбінде.

НӨСЕР

Шақыру тоспай, асыққан достай,
Жауар бұлт өрлең, келеді төрлең.
Айналып ұшқан беймаза құстай,
Байқаймын, жиі соғады жүрек.

Жүгіріп самал ойға да қырға,
Дегендей дәл бір: «Тазарып, жаңғыр».
Мейрімін төгіп, шомылтып нұрға,
Өтеді құйып өткінші жаңбыр.

Бөлентіп мұнға өтті ме әлде,
Кім білген сырын нөсердің әрбір;
Не дерсің, баурым, құбылма сәнге,
Өткінші жаңбыр – болжаусыз тағдыр.

АРАЛЫМ

Есілден ұзап шыға алмай,
Кешіктім неге, япыр-ау? –
Қабағын шытып, шыдамай,
Аралым тосып жатыр-ау...

Нұрадан көктей өтсем де,
Әрлейін көне Торғайды.
Тобылдың суын тәксем де,
Аралға жұғын болмайды.

Бұгінде Сырдың өзі де
Тобықтан келіп жатыр ғой.
Соған да, баурым, тәздің бе,
Төзбеуін, жудә, мақұл ғой!

Тозбаған енді нем қалды,
Құнары жердің өзгерген.
Ыргыздан шығып Жем бардым,
Безініп құрғақ сөздерден.

Алыс қой аулы Бейнеудің,
Дидарын көрген емеспін.
«Ойыл мен Сағыз» дей бердім,
Ескен бір желге теңестім.

Жеткені осы қиялдың,
Әр жағы – теңіз, Атырау.
«Алқындым» деуге ұялдым,
Мүмкін бе бірақ толқымау?!

Сөзімді менің сөкпейсін,
Түсінсең көңіл күйіме.
Дәүлеткерей төгіп төкпесін,
Күмбірлеп тұрды дүние.

АЛМАТЫМ-АЯУЛЫМ

Мен келемін көшендे, даңғылында,
Өзің менің – өмірім, тағдырым да.
Жас дәуренім, арманым, махаббатым,
Аяулым да қадірлім – сен, Алматым.

Мен гулеймін тойында, думанында,
Сейілгендей сол бір кез тұмандың да.
Жан дүнием жадырап, куанатын,
Ажарлым да базарлым – сен, Алматым.

Мен білемін, жастар көп аландарда,
Жетелейсің жана бір армандарға.
Жасы үлкендер саянда дем алатын,
Жасыл қала, жәннатым, оу, Алматым.

ЕСІЛДІҢ КӨГІЛДІР ТОЛҚЫНДАРЫ

Ақ қайың, әдемі жапырағы,
Астана думанға шакырады.
Бөгелмей, тезірек келсем бүгін,
Самал жел жетілті менен бұрын

*Қайырмасы: Ақ торғын орамал желбірейді
Қандай жан көргенде толқымайды...
Жағаны аймалап, еркелейді,
Есілдің көгіллір толқындары.*

Ақорда, әдемі күмбездері,
Ағайын, акжарқын мінездері.
Желпінер кезім бір, десем, бұгін,
Желпініп жүрген ел менен бұрын.

Кайырмасы:

Ақ кейлек, әдемі қамзолдары,
Ақ көніл жандардың абзал бәрі;
Тимесе, тимесін есе маған,
Ел-журтым болса екен есен-аман!

Кайырмасы:

ҚОРҒАЛЖЫН

Қызыл қаз – қызғалдактай айдыныңда,
Шатырдай қанаттарын жайды мына.
Әсемдік әлемінің базарындай,
Қорғалжын, баға жетпес байлығына.

Әшекей, Мөнек – егіз,
Бәсеке – Шалқар, Теніз.
Аққулар жүзін көрген
Айдының айна деңіз,
айна деңіз.

Жақсықөн, Жаманкөңің жағасы тал,
Жарысып акқаныңда жарасым бар.
Мыңғырған отарлары өзен бойлап,
Жетістік көрмесіндей даласы дәл.

Жанбәбек, Талды, Баршын,
Сауығы таңға барсын
Әніне айыз қанып,
Сәніне таң қаларсын,
таң қаларсын.

Өрімдей қыздары көп өріктінің,
Егіндей тербелгені көрікті тым.
Жасқанбай темір тұлпар тізгіндеген,
Отанға берген сертке берік бүтін.

Күнтимес, Құланөтпес
Анызben тұрган шектес.
Борықтай Бойжеткеннің
Бұрымы Нұра тектес
Нұра тектес.



СЕРЕНАДА

Тұсынан терезеңің ән саламын,
Күліп шық, құшақ жайып қарсы аламын.
Мен саған таң щапағын тартам сыйға,
Хош иісін қарағай мен аршалардың.

Жатсың ба бойың балқып, ұйқылы ояу,
Аштың ба кірпігінді әлде баяу.
Даусымды айыра алмай қалдың ба екен,
Әлгі бір көрген түстен танға таяу?

Тұр, сәулем, жетеді енді маужырауын,
Күн шалды шыңың басын, тау шынарын,
Орғып жүр күрен тиін құндыз құйрық,
Тегілтіп таңғы шықтың тамшыларын.

Қарашы алтын күнге алаулаған,
Қан тепкен бетіне сен дәл аумаған;
Шоқылар шокқа салған темір дейін,
Телміріп қыын жалғыз қараста маған.

(«Көкшетау» демалыс үйінде 1967-1968 жылдары дем алаған едік, сол демалыс – таңертең ерте тұрып, серенада орындау гой – Ж.Н.)

ГАУҢАР БІЛЕЗІК

Жетпіс үшке жеткенде
Кіргендей есім, эй, менін,
Бір тәулікке кеткенде
Сағындым сені, Әйелім!

Кымбат Сенің жүзің Маған
Әсем, керкем әрдайым;
Оралдың ба есеп-аман,
Калай болды жағдайың?

Мезгілінде дәрі-дәрмек іштің бе,
Жөтел бар ед жүрер кезде;
Дер кезінде көзге бірден тұстің бе,
Көркейіп Сен көрер көзге.

Бес бөлмелі пәтеріміз,
Оны түнде әсем елес жүр кезіп;
Шыр айналып билеп жүрсін,
Қолда гаунар білеzік!

2010 ж.

ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

(*bіrіnші нұсқасы*)

Өмірдің өткел бермес асуы көп,
Көңілді су сепкендей басуы көп.
Өмірдің көрігіне түскен сайын,
Боларсың кек семсердей жасуың жок.

Қайырмасы:

Дүние арылған ба мұң мен зардан,
Күдерін үзбейді әркім атар таңнан.
Толқынға тәуекел деп ұмтыларсың,
Адамда таусылған ба үміт-арман?!

Ауған бұлт, айныған дос он мен солда,
Құбылмай тұрмайды жел үлкен жолда.
Ер жігіт не көрмейді тіршілікте,
Қызығы бұл өмірдің, білсен, сонда.

Тосқауыл көп болғанмен көлденең бір,
Биіктен көз алмайды қайран көніл.
Ертеңге жетелейсің елдің бәрін,
Сонымен қымбатсың гой, шіркін өмір!!

Қайырмасы:

ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС (екінші нұсқасы)

Бірде мұз, бірде жалын өмір деген,
Жүргегі кімнің күйіп, өртенбекен.
Тірлікте көрген қызық өң мен түстей,
Жалт беріп, бастан бір күн өтер дәурен.

Дүние арылған ба мұң мен зардан,
Бір сәуле – сүйенішің, сөнбей жанған.
Биікке талпынып сен ұмтыларсың,
Адамда таусылған ба үміт-арман?!

Ауган бұлт, айныған дос оң мен солда,
Құбылмай тұрмайды жел ұлken жолда.
Келетін біреуге кеш, біреуге ерте,
Тағдырың не жазғанын білген бар ма?

Кейде мәз, кейде сынық қайран көніл,
Кісіге қиянат сез тимес женіл,
Арманға жас баладай жетелейсің,
Сонымен қымбатсың ғой, шіркін өмір!!

ЖАҢА ТІЛЕК

Өуенін кешегі өткен желтоқсанның,
Айтайың, білгің келсе, жаңа жылым,
Тәуелсіз ел атанып Қазақстан
Бөленді қуанышқа ой мен қырың.

Алған соң ел билігін заңдастырып,
Қисын жоқ отыруға малдас құрып.
Тәуелсіз тірлігімнің иглігін,
Жаңа жыл, әкеткейсің жалғастырып.

Таймайтын тура жолдан бір мінезім,
Ажырап көрген емес іс пен сөзім.

Тәуелсіз Қазақстан атанған соң,
Күй болып күмбірлейтін келді кезім.

Тай болмас жал-құйрығы күзелмейтін,
Жан болмас, жөнге салса, түзелмейтін.
Жана жыл жаңа жолға бастаса екен,
Еліміз жадап-жудеп күйзелмейтін.

Қаңтарда кар жаумаса, сән болар ма,
Кар жауса, шығады аңшы қансонарға.
Сонарға, Барыс жылы, баста бізді,
Олжамыз болсын лайық тамсанарға.

Алыстан көзге түсіп әппақ көркін,
Фарыштан келдің бе сен, емін-еркін.
Өзіне сенім артып біз отырмыз,
Әмірге жарап еді берген серпін.

Еліме жаңа келген Жаңа Жылым,
Аз емес саган менің айтар сырым.
Алтайдан Атырауга жеткениңше,
Далаңың нұрға беле ой мен қырын.

ТУҒАН ЕЛДЕ ЖУРГЕНІМ

Құштарлық дер кезінде,
Ағылған жұрт жиһангез.
Жерде, көкте, тенізде
Көлік заулап тұрған кез.

Дөңгеленген әлемнің
Екі беті – жарты шар.
Әдет-ғұрпын әр елдің
Білген, бәлкім, жөн шығар.

Жолдама нық, жол сара
Жер түбіне жетерге.

Сапар жиі болса да,
Шыққан жоқпын щетелге.

Ен байлықтың, ей, шырақ,
Сезем әсер, жаркылын.
Тұған елден мен бірақ
Шет жүруден тартындым.

ТҰҒАН ЖЕРДІН ЖӨНІ БӨЛЕК

Елжіреу – емес шығар жасықтығым,
Егілу аулақ менен, ашық күнім.
Ешкім мені бөтенсіп көрген емес.
Жүргенмен ауылымнан қашық бүгін.

Елімнің қаласы көп самсал тұрган.
Мен мүмкін қоныс табам алшақ бұдан.
Одақтың ойы, қыры бір емес пе,
Әйтсе де тұған жерді аңсап тұрам.

АЙЫМСАРЫ

Балтаның қандай мығым қайың сабы,
Қалқаның аты сондай – Айымсары!
Елеңдеп естіген жан, жаны қалмай,
Көңілі кімнің болсын ойысады..

Алмадай қызарыңқы тартқан жүзі,
Балғадай дәйек тауып жатқан ісі.
Жанынан Айымсары жүріп етсе,
Келеді кей жігіттің мақтанғысы.

Мойылдай сұнғақ бойлы Айымсары,
Қайындай қоңыр күзде дәйім сары;
Еркетай, бұландаған бойжеткен қыз,
Ежелден елдің көркі, тойдың сәні.

Қайырмасы:

Айымсары, дегенде, Айымсары,
Әуелбастан, әуелден, тойдың сәні;
Ән шырқатып ағайын, әуендетіп,
Толқындастып толайым тұрган шағы!

АҚҚУ МОЙЫН

Кайран қөлдің сыйбыр қағып құрағы,
Сусылдаған шымылдығын құрады;
Оңашада жолығысар екеудің
Күәсі боп, сырласы бол тұрады.

Сырласудың, мұндасудың күәсі,
Сыйбырлауы – самал желдің кінәсі...
... Көзін алмай тұнжыраған айдыннан,
Сыңар аққу неге жалғыз, сұрашы.

Сүйген жардың бүтін жоқтай келгісі,
Күткен жанның келмейді де сенгісі.
Әкпе-назбен нәзік қана иілген
Аққу мойын – бейне сұрақ белгісі.

Сұнқыл қағып келе жатыр сыңары,
Іңкәр қылып әлде мұны сынады?..
Ғұмыр бойы таусылмайтын тәрізді
Кос аккудың бір-біріне сұрағы.

Екі мұндық бас түйісіп тұрады,
Айымаған жүрек кейпін құрады.
Аққу мойын, сұңғақ бойлым, қайдасың, –
Тарқар ма екен сенсіз көніл құмары?..



ТҮРКІСТАН

Әлемді, қайтсем, нұрға бөлеймін деп,
Биікке бара жатыр Құн өрмелеп.
Елімде қүнгей жерлер көп болса да,
Ежелгі Түркістанның орны бөлек.

Тараған Адам Ата, Өзу Анадан,
Адамзат есі бүтін, емес надан.
Тұранның көк семсерлі кекжалдары-ай,
Тұрағын таба білген ен даладан.

Арғы тек, ата қоныс. Көне қала,
Кентті жер, орнықкан ел, Хан мен қара.
Түгендер соның бәрін тұр емес пе
Түркістан деген сөздің өзі ғана.

Әуелеп шіркін көңіл алып ұшқан,
Іздейміз әулиені осы тұстан.
Қазақтың ұлан-тайыр даласында
Киелі бір жер болса, ол – Түркістан.

КЕРБЕЗ МАМЫР

Келдің бе, кербез Мамыр, іңкәр айым,
Келсен, кел, сүйсіндіріп келген сайын.
Тасыған қуаныштан көnlімдей,
Күркіреп жатқан шығар Теренсайым.

Жалауын желбіретіп келген айым,
Мерекем, ынтымағым, Мамыр-майым.
Толғанып Женіс күні, тебіренбей,
Мен неге әуенімнен жаңылайын?!

Көк торғын, көкорай бел, әсем айым,
Көркіне көз тоймайды көрген сайын.

Сіміріп сенің саумал самалыңды,
Желпініп біразырақ бой жазайын.

Сен болсаң бейнеткерім, еңбек айым,
Ерінбей, дүбіріңе қосылайын.
Саясат – көбік ауыз, тынымы жок,
Жалықтым, оның несін жасырайын.

Сен келсөң, арқам кеңіп, асыл айым,
Жайлауга көштейін деп асыфайын.
Саясат – қысыр байтал, құлныны жок,
Құр бекер өрекпімей, басылайын.

Тұріктер майыс дейді мамыр айын,
Үндесіп, жас қозыдай жамырайын.
Дүние жасаңғырап, жаңғырғанда,
Мен қалай елмен бірге жаңғырмайын?!

Жайқалтып жапырағын тал мен қайын,
Орманның иіс майын жагынайын.
Куансам, қуанайын иғлікке,
Табынсам, сұлулыққа табынайын!

Ойнатып жайдың тасын наизағайың,
Тәубеме келтірдің бір, зауза-майым.
Жанга жай, мамыражай күндерің бар,
Құралай салқыныңды қозғамайын.

Тамылжып тұрмайды ғой өмір дәйім,
Өткінші жаңбырың мол, інкәр айым.
Мамырым, маусымға сен ауыса бер,
Мен сені жыл он екі ай сағынайын!



ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

1

Кектем келді, куды жерден ызғарды,
Алма ағаштар бүршік атып, гүл жарды.
Гүлден бетер құлпыртады бұл кектем
Толған айдай толықсыған қыздарды.

2

Жақпар тастар қатпар-қатпар өріліп,
Айдын көлден бейнесі түр көрініп.
Жағалауға тартты женіл қайығым:
Арманымның ақ желкені керіліп.

3

Сарғыш тартып, судыр қағып жапырақ,
Желмен ұшып, жерге түсіп жатыр-ақ.
Жапырақтар жапқан сайын жер бетін,
Көлдің беті қоятындай қалтырап.

4

Толастамай соққан жаяу борасын
Дүниені шымқай акқа орасын.
Қойны-қоншы қарға толы орманға
Қарал тұрып қарадай-ақ тонасың.

КҮЗГІ ЖАУЫН

Күзгі бұлт күркіремей, жауады жай,
Бір жауса, бірер күндей жауған ұдай.
Қоңыр кеш, қоңырайып мен отырмын,
Қызық жок, қызығу жок бұрынғыдай.

Кек жүзін көбіне бұлт торлай ма құр,
Бір жұма жауады бұл, кара да түр.
Ақ жаңбыр ой мен қырды малшындырып,
Еңсені езіп-жаншып бара жатыр.

Оңай ма күнде жауын, күнде жылау,
Кеңілге мұндай тірлік – қайдан ұнау.
Мойнына су кетпесе жарар еді,
Онсыз да сорлап жүрген жүрттың мынау.

Жалбырап жаңбырлы бұлт ауғанын-ай,
Ақ жауын толастамай жауғанын-ай!
Елдегі бауырларым еске түсіп,
Қалтырап жан-дүнием жаурадым-ай.

Бұл күнде бурыл тартқан кезім менің,
Мүмкін бе жай-күйімді сезінбеуің?
Ақ жаңбыр, қоңыр кештің әуенімен
Қарай гөр домбыраның безілдеуін!..

ТЕБІРЕНИС

Тұған жер, сенсіз ақын бола алам ба,
Сені ойлап оналам да, торалам да;
Өтеді көз алдыннан көлбен етіп,
Өрім тал, тікенекті доланаң да.

Сұқсырлар сусылдап кеп қонатұғын,
Қызығышың бая-шая болатұғын.
Көліңе жырдан маржан төккім келді,
Кеңіліме, бәлкім, сонда болар тыным.

Осынша жаным менің күйрек пе еді,
Қайтқан құс көшін көріп күйбектеді;
Өлең ғыпп ойларымды ұшырайын,
Тастай бол батып жүрген бүйректегі.



КӨК ЖАСЫЛ МАЙ

Кешігіп келді көктем сағындырып,
Өуеннен үйренишкіті жаңылдырып.
Билікке жанұшырып қол созбаған
Танимын жүзінен бір жағымдылық.

Келген ай қасын керіп, төсін ұрмай,
Откінші жаңбыры мол, жасылға бай.
Даланың жамыраган сай-саласы
Тасыды қуанышын жасыра алмай.

Сызылған таң шуағы жас келіндей,
Бүршігін әр бұтаның ашты ерінбей.
Көк ерім тіршілікке мән бермесен,
Өтер ең әсемдікті әсте білмей.

Әлемді нілге бояп көк жасыл май,
Оралып келермісің жылда осылай?
Ілінген жапыраққа жалғыз тамшы –
Үзілген кірпігімнен көз жасындей.

МҰГАЛИМ

Шүпірлеп келген балалар
Жәудірей қалып өзіне,
Балапан деуге барабар,
Тамсанған әрбір сөзіңе.

Ашып бір алдан жібердің,
Білімнің мәлдір бұлағын;
Жып-жылды мейірім, жібек үн
Сүйікті Тұңғыш мұғалім!

Іздентіп ілім қойнауын,
Жетелей берген төзімсің;
Әркімнің өзі ойлауын
Оята білген өзіңсің.

Сырт кейпің мына ел текті,
Тәлімің ерен жүккыш-ақ,
Жөнге сап небір тентекті,
Шәкірт қып қойдың ұққыш-ақ.

Гүлден көп жинап күз келе,
Ұланга қыстай панасын;
Мектебің түгіл, түзге де
Мұғалім болып қаласын.

Баламен бірге бала боп,
Ежіктеп, жаттап, шимайлап,
Жүргенің дәйім алаң боп,
Ұланмен бірге, бір қайнап.

Естідің талай алғыс сез,
Еңбегің соны актауда,
«Мұғалім!» деген жалғыз сез
Тұрады мың сан мактауға.

СӘЙКЕСТИК

Белдерді қөттей тартты қөктемгі егіс,
Екпіні өкпек желдей өктем деңіз.
Жамылтың шымқай қара ши барқытпен,
Орнаған ойға-қырға неткен кеніш?!

Майланып құрал-көлік ақ таңдарда,
Сайланып шыққан ерлер аттанды алға.
Қарайды күннің өзі мейірленіп
Мақпалға маржан сеуіп жатқандарға.

Жалауы желбіреген трактордың
Тізгіндеп алдыңғысын жүр ақ құрбының.
Тудай ғып туған өлкे шандағын да,
Жер өндеп, дән себуді мұрат қылғын!

Таратып төніреккө мол дүбірін,
Бұл науқан тік тұрғызған елді бүгін.
Жүйріктей дүбір естіп тыптыршыған
Менің де қалам сілтер келді күнім.

Барайын көмек алып қос басына,
Жазайын жарқын өлең бас-басына.
Жарыстын жарқ-жүрк етсін ұшқындары,
Тигендей шар қайрактың тас тасына.

Диқандай күнге қызып күнде шекем,
Еліме жыр асылып себер ме екем?
Үйреніп егіншіден алдым өзім
Болуды іске шебер, сертке бекем!

ҚОҚИ ҚАЗДАР

Ұзын мойын, ұзын сирақ,
Елге таңсық қоқи қаздар.
Өзі маңғаз, өзі ширак,
Топшысынан толқын қоздар.

Откір қармақ – имек тұмсық,
Қалай-қалай икемдеген.
Жер бетінің сирек құсы,
Теніз көлді мекендейген.

Ұшар басы қауырсынның
Қылғылт ұшқын – қызыл жасау.
Қанатының қағысы мұн,
Қаққан сәті алау-жалау.

Құлпырады қызыл манат,
Кек айдында көркем нендей.
Ұшқан сайын ұшқынданат,
Теніз үсті өртөнгендей.

АЛТЫН ТӨБЕ

Таулар көп мен көрмеген, мен бармаган,
Армандай таулар маган мұнарланған.
Көргенім әлі күнгө – қоңыр төбе,
Көкірек толған үміт, толған арман.

Күндер көп ел тағдырын мен ойлаған,
Кімдер деп елдің жәйін көп ойлаған.
Толғанып танды көзбен атырамын,
Көкірек толған үміт, толған арман.

Жайлау көп мен бармаган, мен ансаған,
Жолдар көп жүр-жүрлекен сонда маган.
Алмаған асуларым, ол бір төбе,
Көкірек толған үміт, толған арман.

Арман көп, айта берсем, бауырым, саған,
Жандар көп думандаған, сайрандаған.
Жұрсен де қандай күйде, армандай бер,
Адамға жарасады армандаған.

ЖАҢА КҮНІМ – НАУРЫЗЫМ

Наурызым, жаңа күнім, жаңа жылым,
Келдің бе кең далаға жазғұтырым?
Жұзімді нұр-сәулеңе тосайын бір,
Ауылдың алты ауызын айтпас бұрын.

Елімнің балғын жігіт, ару қызын,
Тамсантқан балдан тәтті сары уызың.
Нәр болған наурыз көжең қазагыма,
Ұлыстың ұлы күні – сен, Наурызым!

Жолдасың, Наурыз, сенің Қыдыр болып,
Колдасын бізді тәнірім, қызыр қонып.
Өзіңнен құт-береке басталады,
Дүние күмбірлекен күйге толып!

ЕКЕУАРА

Екі жүрек жұп болғасын,
Бірдей лұпіл, бір демі.
Жас отаудың мықты орнасын
Сенім дейтін діңгегі.

Екі тағдыр біріккесін,
Дәйім ортақ күн көзі.
Толған айдай биіктесін
Татулықтың күмбезі.

Екеу болып қол қойғасын,
Қанаттасып ұшқалы;
Өмір бойы ортаймасын
Қос көнілдің құштары.

Екеуара бүршік жарсын,
Інкәрліктің жүзімі.
Колдан ешбір сусымасын
Махаббаттың жүзігі.

ЕЛ АЗАМАТТАРЫ

Дала төсін баптаған
Диқан аға Төлеубай.
Алтынменен алтаған
Егінжайы ерен бай.

Ел басқарған кісінің
Есім еken есімі.
Атқаратын ісі мың,
Әділ еken шешімі.

Ғалым менен Ахметжан
Отіп еді тербел жыр.
Бал арадай нәр жиған
Зейнелғаби, Ермек жур.

КҮМБІРЛЕГЕН БІР ӘУЕН

Қандай әсем жазғы таң, алтын арай,
Жан дүнием ұқыдан оянғандай;
Арай көрдім әдемі сары белден,
Қарай бердім, арманға жолығардай.

Күндегіден нұрлы екен бүгін манай,
Көңіл бөлмей жүргенмін бұрын қалай;
Күмбірлеген бір әуен Өмір деген,
Құйқылжиды күнімен қалай-қалай?

Еңкейген күн, әнекей, қызыл арай,
Балқып, жанып барады кешке қарай,
Қоңыраймай көнілім қайтсін, сәулем,
Күні бойы бір жауап ести алмай...

МЕНИЦ МАХАББАТЫМ

Сезімін серік еткен ақылының,
Дәуірдің ауыр ойлы ақынымын.
Жұмысқа жүрек басты жұмылдырам,
Махаббат – мәңгі бақи тақырыбым.

Махаббат –
тұған жұртым қазағыма,
Сол үшін қазақшалап жазамын да.
Солардың көкейтесті күйін күйттеп,
Көнемін жырдың қызық азабына.

Махаббат –
Отаныма байтақ, алып,
«Ұлы елдің ұлымын» деп айтам анық,
Әр күні жаңалықпен жаңғырады,
Ерлердің ерлігі тек қайталанып.

Махаббат –
бұқіл адам атаулыға.
Азатка,
әзір қолы матаулыға.
Басына баршасының келер болсын
Елімнің ертенгісі тақау мына.

Махаббат –
өмірге осы
келіп-кеткен.
Тұрсыншы Құн сәүлесі өбіп беттен.
Мен бір жан болайын-ақ нәсіл үшін
Маңдайдың аңы терін төгіп кеткен.

ЖҰЛДЫЗЫМ

Торғын көктен толықсып ай қараған,
Майда самал маңдайдан аймалаған.
Жарқын кеште, жан сәулем, тұрмын тосып,
Қуанта кел, құшакты жай да маған.

Бақытымның көгінде,
Көңілімнің төрінде.
Жаңа туған жарқырап жүлдизымдай,
Кел, сәүлешім, бүгін де.

Жүзімізді тұрсын ай нұрға шайып,
Жүректердің дүрслі-ай тым ғажайып.
Басыңды қой кеудеме, кермиңғым,
Арман жайлы армансыз сырласайық.

Бақытымның көгінде,
Көңілімнің төрінде.
Жымың қакқан сыралғы жүлдизымдай,
Кел, сәүлешім, күлімде.

МАХАББАТ ЖҰЗІГІ

Ай мен Күндей екі жас, екі ғашық,
Қосылғаның тамаша қол ұстасып.
Куаныштың күәсі болдық біздер,
Көңіл шіркін көркейіп, шалқып-тасып.

Бақыт үшін, бауырым, туған ұлсың,
Құтты болсын қолына қонған құсың.
Арманыңа, жұлдыздай, жеттін міне,
Сүйгеніңе қосылсан, бақыттысың.

Бір-біріне екі жан ұнағасың,
Інкәрланып жұбайлар, құмарлансын.
Екі жастың әдемі саусагынан,
Махаббаттың жүзігі сусымасын!

ТАНЫСТЫҚ ТАНГОСЫ

Қуаныш кернеген шаңырақ,
Шаттықтан қенейіп кеткендей.
Көңілдер жағалай жадырап,
Сауығы – самалы көктемдей.

Сызылтып бастаған әуенниң,
Назы мен нақысы дәл болсын.
Билейік біз бірге әуелі,
Танысу тангосын.

Күлкілер сынғырап құмістей,
Думан той дуылдап барады.
Әзілдер жұп-жұмсақ пұліштей,
Жанынды желпінтін алады.

Жарасқан жастыққа құмартып,
Кез салған көпшілік таң болсын.
Билейік буынды бұралтып,
Табысу тангосын.

Өмірдің өтуі тәрізді,
Тойдың да тарқауы занды ғой.
Кеудемде бір сезім бар ізгі,
Әзірге айтылмай қалды ғой.

Мен саған қосылып айтам эн,
Өзінмен көңілді, жан досым.
Билейік соңыра қайтадан,
Қоштасу тангосын.

ЖУРНАЛИСТ

Жүйрік ой,
жүрдек қалам журналистер –
Көреген,
кулагы сак,
күмар,
іскер.

Қырандай қиян кезіп келгенінде
Қонатын тұғыры бол тұрады стол.

Бәрі бір –
ұшақ па,
ат па? – оған,
Бабында тұрса болды, автоқалам.
Тіліне тиек болып өнегелі іс,
Алады адап жандар мақтау одан.

Ел іші,
еңбекшілер арасында,
Нәр жиған ұқсайды сөз арасына.
Тілінің шақпасы да,
балы да бар, –
Әділ тек істің ақ пен қарасына.

Халықтың қамын ойлап толғанатын,
Журналист – қоғамның қолғанаты.
Адамды асықтырып жарқын күнгө
Жазады сөз шырынын сорғалатып.

ОРАҚ ЖЫРЫ

Күзетші таңды атырып қойды дағы,
Ояна келді диқан ой-қырдағы.
Моторлар дүниені дүр еткізді,
Бастала берді тағы дабыл дағы.

Есепші жігіт – Күн де күлім қақты,
Еңбекке ынта жәйін біліп апты...
Қайқаңға қаздай өрді комбайндар,
Майши қарт: «Тіфа, – дейді, – тілім қатты...»

Кез тартып кекжиегі қай-қайдаға,
Алтынмен апталғандай, пай-пай, дала,!
Айнала баға жетпес байлық мынау,
Мығым бол тізгініце, байқа, әй, бала!

Тәртіпсіз күн райы жаумасын де,
Бункерден дән бұлағы сауласын де.
Толқынға толып алған мәшинелер,
Кырманға күні-түні зауласын де!

* * *

Әуеде ұшып жүрген құстай самғап,
Келеді бізге хаттар небір ғажап;
Әр хаттың әр сезіне ден қоямыз,
«Судың да сұрауы бар» деген қазак.

Ұшқан құс ұясына қонар дейміз,
Айдын көл шарасынан толар дейміз;
Хат келсе, хабар алып, тілек айтып,
Ән мен күй – жақсы жауап болар дейміз.

* * *

Әкеміз – еңбек етіп жүрген адам,
Ақ көңіл, адап жаны – үлгі маған;

Әкенің арқасында біз ержетіп,
Өмірге, келер күнге бастық қадам.

Есте ғой әкеміздің ашы тері,
Қозғалыс, әрекет қой жүрген жері;
Әкеміз бір әдемі ән тыңдаса,
Тарқайды көңілдегі бұқіл шері.

АҚЫЛЫҢ БАР МА?

Біреуде анау да жоқ, мынау да жоқ,
Біреуде мынау түгіл, тұмау да жоқ.
Бұларда теңге де жоқ, өңге де жоқ,
Өйткені – шыбық басын бұрау да жоқ.

Біреудің үйі де жоқ, күйі де жоқ,
Үйсіздің сөнген шоғы, күлі де жоқ.
Біреуге бәрі де аз көрінгенмен,
Біреудің, оны айтасың, түгі де жоқ.

«Жоқ» деуден бұлар есте танбайды да,
«Жоқ» деуге тіл мен жағы талмайды да;
Өксумен өткізеді тіршілігін,
Бықсумен сөнбейді де, жанбайды да.

– Ал менің ақылым жоқ... – деген адам,
Кездесіп көрген емес алі маған.
Секілді жұрттың осы бәрі ақылды,
Жаттанды сөздерінен жаңылмаған.

Сөз тисе, күбірлемей, дүбірлейді,
Сейлесе, кідірмейді, мудірмейді.
Өзінше мәтелдетіп, жәткірініп,
Ақылы бар ма, жоқ па – білдірмейді.

Ол кейде бір жерде бір оқығансып,
Көкейге бірденені тоқығансып;
Арқалы креслога шалқаяды,
Айналып, ойға кетіп отырғансып.

Астамы, екі бірдей иығын-ай,
Баста – ми, мидағы – ой, сиығын-ай.
Ақылы бар ма, жоқ па, аз ба, көп пе? –
Осыны айырудың қыннын-ай.

Ешбір жан: «Ақылым жоқ» демейді ғой,
Әркімге кейде, мүмкін, келер бір ой.
Қазекен терең ойлап, толғай бермес,
Тірлігі – көбіне сөз, ұнемі той.

Ақылың болса, шіркін, есің бүтін,
Ақырын жетіле бер біртін-біртін.
Не кәсіп, нендей пайда, есептей біл,
Басыңды қатырсаң да бір күн, бір түн.

Ағайын мұқтажы көп, бейнеті мол,
Толайым тәзе беру, көнбістік – ол.
Езіліп, жаншылуға көнбекейсін,
«Ақылың бар ма сенің?» дейтінім сол.

Әйтеуір: «ақылым аз» деген кісі,
Өзінің естілігін білген кісі.
Адамның өмір бойы тынбайды ойы,
Келеді дүниені түсінгісі.

Бүгінде туған елің еркін, азат,
Түсіне білсең соны, тіптен ғажал.
Ақылың болса егер, қолың шебер,
Бұлданбай, әрекет қыл бірден, қазак!

Тәнірден тым тәуір сый – Ақыл деген,
Менде тек – Абайдан соң – ақылды өлең.
Ой, Сезім, шын Образ, шым-шым Әуен,
Өнер бол өрілгенін мақұл көрем.

Ақылды болсан неге кедейсің сен, –
Қитұрқы сауалға бұл – не дейсің сен?
Қазагым, ақылды бол, шаруақор,
Ешкімге сонда сенің кетпейді Есек!

АЙХАЙ, БІЗГЕ ҮЙ КЕРЕК

Көркін-ай Алматы мен Астананың,
Жалғай бер екі араны асқақ әнім.
Қазағым, арманға бір жетер едің,
Күтүлсаң азабынан баспананың.

Айхай, бізге,
Көбімізге – үй керек,
Көңілімізге,
Демеу болар күй керек,
Демек, үй керек.
Төсімізді төсімізге
 үйкелеп,
Үміт отын жағуға да үй керек.
Ойхой, мына өмірде
Омыраулап, кимелеп,
Сол бір үйге
Кіруге де ми керек.
Уа,
Күйеулері күйгелек
Жұбайларға үй керек,

Біздің мықты әйелдер
Жұкті болмай тұрмайды,
Етек-женін қойсандар да
 түймелеп.

Сондықтан да үй керек,
Көбеюге сәбілер
Үсті-үстіне үймелеп.
Мен үш дүркін айттар ем:
Үй керек, үй керек,
Уай, үй керек!!!

Шіркін-ай, небір үйлер келеді ойға,
«Соны да сөз қылдың» деп, кінә қойма.
Ойласаң, ағайынның бәрін ойлап,
Тойласаң, жаңа қоныс тойын тойла!

НЕГЕ САЛҚЫН ТАРТАСЫН?

Бері шалқып, бетті шарпып,
Өзімді өртей жаздадын.
Әрі шалқып, салқын тартып,
Неге үйтқыдың, маздағым?

Ажарланып күлсөң деймін,
Тан көруші ем жүзінді;
Бұлт бүркеніп түстен кейін,
Неден кеңілің бұзылды?

Әлде жазғы сағым ба едін,
Жұз күбылған қалқашым,
Қайда сенің жалын-лебің,
Неге салқын тартасың?

АРМАНҒА ЖОЛЫҒЫП ҚАЛҒАНДА

Арман деп әндесем, таңданба,
Әркімнің арманы болады.
Арманға жолығып қалғанда,
Жүргегің жиірек соғады.

Көнілі кімін пәк, сол кісі
Өү десе, сүйсінгің келеді.
Өмірден үміті мол кісі
Арманға қол соза береді.

Көрдің бе даланың көктеуін,
Шырқашы көгілдір әуенді.
Арманға жетуің, жетпеуің
Тәуелсіз Еліңе тәуелді.

Есепке кім жүйрік, сол күшті,
Өнерлі жандар көп бүгінде

Тіршілік – тынымсыз жол үсті,
Арманға жетесің түбінде.

Осынау дүние жалғанда
Өмірден өткенше арманда!
Армансыз өмірің өмір ме,
Армандал жүргейсің көбіне!!

СҰЛУ ТАН

Әлгі бір елес, таңғы тұс,
Әсері-ау ақпан-қантардың...
Өтті ме, жок па, алты ай қыс,
Өзім де соған аң-таңмын.

Әйткені мынау дүние
Әлі де салқын, анық бұл;
Тұс көріп жатқан қүйінде
Көңілім соны танып тұр.

Аяздың сәні кеткенмен,
Өзенде, келде мұз бар ғой;
Қысқандай екі өкпемнен,
Ертеңгі салқын ызғар ғой.

Әйтседе сұлу бүгін тан,
Аңғардым ба екен мен ғана;
Оянып қалың ұйқыдан,
Керіліп жатыр кең дала.

Әнекей, жаңа Күн шықты
(Тұсінсен, сөзім астарлы),
Үркітіп бір топ шымшықты,
Тіршілік тағы басталды.

Әзілім емес, бұл – шыным,
Жаңа Құн ұқсас әйелге,
Иіріп алтын ұршығын,
Тогеді пұрын әлемге.

Қалдырдым қырда ізімді,
Елемей түздің ызғарын;
Тосып ем Құнғе жүзімді,
Көрдің бе шекем қызғанын?!

Емес қой тегін бұл әурен,
Сүйемін байтақ даланы;
Алыстан жеткен бір әуен
Жаңыма жағып барады.

ҚУАНШЫ!

Ақша қарлы, кекше мұзды дала шат,
Қызыл моншақ, қызу қимыл қала шат.
Күмістейін сынғыратып құлқіні,
Алтын эйнек терезелер жанған шақ –
Карашиби!

Аяз ата байтақ елді аралап,
Қарлы бикеш сый ұсынды саралап.
Пұліштейін құлпыртады көнілді,
Жаңа коныс, жаңа тілек, жаңа бақ –
Қуаныш!

Шаңыракқа дүррі гауһар нұр шашып,
Жарқыл қаксын Жаңа жылдың шыршасы,
Шаттық деген шарасынан ассын да,
Қуанышпен күмбірлесін жыл басы –
Шырқашы!



КҮНШУАҚ

Аймалайды, өбеді
Бәрімізді бір өзі.
Қыстай тоңған тәбені,
Қыздырып түр Күн көзі.

Қоныр тәбе, биік жер,
Аялайды Күн нұры.
Көрсөң, жаңың сүйсінер,
Жаңа білдім мен мұны.

Шуагы мол жерлерде
Шұрқыраймыз табысып.
Жеткенше сол тәбеге,
Жүтіреміз жарысып.

Жарқын тәбе, күншуак,
Ойнау үшін балалар.
Қызығына күнұзак,
Тоймау үшін балалар!

«СЫНШЫ»

Не бір ой кәллесіне келіп отыр,
Алдында – компьютер, көріп отыр.
Өткір сын, қайдан шықса, онан шықсын,
Ер қоян екі аяқпен теріп отыр.

КӨҢІЛ ӨЗЕН

Көңілім менің жамандыққа сенбейді,
Жаным менің зұлымдыққа көнбейді.
Буырқанған асас өзен секілді –
Күндіз-түні дамыл алғым келмейді.

КЕРЕ ҚАРЫС

Әмір деген бәсеке, үлкен жарыс,
Оза білсең, ей, баурым, мың бір алғыс!
Озған емей немене, өз тұрғыннан,
Соғымыңның қазысы кере қарыс!

Алты ай қыстың соны, деймін,
Әнге қостым соны, деймін,
Ақпан-қаңтар қош болындар,
Қызығыңа тойдым, деймін.

Қазы-қарта, жал мен жая,
Жақсы еді ғой соғым, деймін;
«Шүйгін болсын» дедік біздер,
Есте қалды сол күн, деймін;
Ән шырқайды содан көвлім!

ТАЛДЫБҰЛАҚ

Шатқалдан тура тартқан Талдыбұлақ,
Көңілім көрген жерден қалды құлап.
Тынымсыз зырлап аққан, жырлап аққан
Бұлақтар жатады ғой айдын құрап.

Сылдырап шолпы таққан сұлу қыздай,
Шілдеде тістен өткен сұы мұздай.
Құлдырап таудан аққан Талдыбұлақ –
Мәлдірлік дейтін мәңгі туымыздай.

* * *

Бұлдіршін дағы ұмтылды тәй-тәй басып,
Жұруге, жұтіруге, ойхой, асық!
...Ол әлі өмір сырын кайдан білсін,
Қаларын аяқ басса айқайласып...

Жоқ, қарғам, қатысы жоқ саған мұның,
Тыңдама, тіпті білме ағаң мұның.
Айттың не, айтпадың не,
 өмір өзі.
Еріксіз ентелетер адам ұлын.

* * *

Айтып болмас мәлшерін,
Алтын сәүлең мол сенің.
Жәй әшейін сән емес,
Игілігің – ол сенің.

Айдай әлем көлемін
Шуагыңа бөледің.
Алғыс айтқым келеді,
Аумағындаі төбенің.

АҚЫЛ БОЛСЫН ӨЗІНДЕ

Ойнай берме, ойлай біл,
Ойлау оңай болмас та;
Сөйлей берме, тыңдай біл
Тыңдау, ұгу – тым басқа.

Ақыл айта бергенше,
Ақыл болсын өзінде;
Ақыл басқа келгенше,
Не жетеді төзімге?



ҚАРЛЫГАШЫМ

Қара қамзол, ақ көйлек киген дәурен,
Қарлығаштан аумайтын сүйген сәулем,
Жанап өтіп, жалт беріп жөнелетін,
Естен кетпес еркелік дейтін әурен.

Зырлап ұшып жүретін шіркін жастық,
Ойда жокта сырластық, сыңқылдастық.
Астананың көгілдір көктемінде
Күштарлықтың құпия кілтін алтық.

Ұя салған кеудеме қарлығашым,
Ұшып-қонған мінезің әлі басым.
Әппак мынау омырау қандай ыстық –
Сенсіз менің сәнім жок, неғыласың!
 Қарлығашым,
 Қалай ғана сағынбассың?!

АЛТЫН АРАЙ

Қандай әсем күміс таң, алтын арай,
Жан дүнием үйқыдан оянғандай.
Арай көрдім әдемі сары белден,
Қарай бердім, арманға жолығардай.

Арайланып түр екен бүгін маңай,
Ерте оянбай жүрді екем бұрын қалай?
Күнде солай жайдары болмайды, эттен,
Бүтін былай дүние, ертең олай.

Шымқай асыл торғындағы қызыл арай,
Балқып-жанып барады кешке қарай.
Өткені-ау деп сонымен тағы бір күн,
Ойланғандай боламын, мұңайғандай.

Ертөңгісін, кешкісін, күнім арай,
Бұл әнімді естірсің әлі талай.
Ерте болсын, кеш болсын, келші, жаным,
Махаббатсыз өмірдің мәні қалай?

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Биікте бір жұлдыз бар жарқыраган,
Күлімдеп тұрған шығар, бәлкім маған.
Жүргім сол жұлдыздай діріл қағып,
Мен едім сағынышы сарқылмаған.

Талжылмай жарқырайтын Темірқазық,
Өзіндей сертке берік, сырға нәзік.
Алыстан сол жұлдыздай белгі берсең,
Жанымның жабырқауын кетер жазып.

Ішінен көп жұлдыздын іздел тауып,
Қаласан, қарай жүрші ауық-ауық.
Дағдарып сені ойлаған сәттерімде
Бағдарым – Темірқазық жарқырауық.



ДАҢҒЫЛ КӨПІР

Ағылып жәңкілген қалың нөпір,
Қаз қатар өткізер даңғыл көпір.
Көпірдің үстінде көп мәшине,
Сылайы көрінді, емес дөкір.

Есілдің көркейіп
Бер жағы, ар жағы;
Айқара көмкеріп,
Дәу көпір жалғады.
Жақын ғып екі араны,
Дос қылған екі жағаны,
Көпірдің қызметі
Жаныма жағады.
Жарады көпір, жарады!

Мен жүрмін Есілдің оң жағында,
Сен келе жатырысың сол жағында.
Арада көсілген кең ғой көпір.
Жетсеңші ұлгеріп он жарымға.

Есілдің көркейіп
Бер жағы, ар жағы;
Айқара көмкеріп,
Дәу көпір жалғады.
Жақын ғып екі араны,
Дос қылған екі жағаны,
Көпірдің қызметі
Жаныма жағады.
Жарады көпір, жарады!

Жолдағы қозғалыс алты қатар,
Тіршілік ағысын жылдамдатар.
Алдымен басымыз қосылсын бір,
Өзгесі соңынан бола жатар.

КҮМІС ТОЙ

Іңкәр кезі көнілдің,
Кол ұстасып едіндер.
Тату-тәтті өмірдің
Жұбын жазбай келдіндер.

Айдынына қаз қонып,
Ай жүзгендей көгінде –
Отырсыңдар мәз болып,
Күміс тойдың төрінде.

Қайырмасы: Өмір жолың – бір мектеп,
Өздеріне ердік біз.
Екеуінді құрметтеп,
Тойларыңа келдік біз.

Екі асыл жан, сөз бар ма,
Бірге жетсек арманға.
Тойда шалку дұрыс қой,
Құтты болсын күміс той!

Гүл сыйлауға үмтүлдық,
Думан-тойға бүгінгі.
Қызғалдақтай құлпырып,
Ұл мен қызың жүгірді.

Куанганинан ән салдым,
Куансын деп екеуін.
Жұздерінен анғардым,
Шын бақыттың не еkenjн!

Қайырмасы:



ОРНЫ БӨЛЕК АҚ ОРДА

Әрненің орны бөлек, жөні басқа,
Ақ орда – биік асу, кемел жаста.
Құшагын айқара ашқан университет,
Терен білім аламын деген жасқа.

Әркімнің іштей ынтық, іңкәрі бар,
Ойлы жас бұл сөзімді, мүмкін, үғар.
Төрінде Ақ орданың толқын атқан
Білімге, ұл мен қыздар, үмтүлсындар.

Көбейіп өнер құған өнкей дарын,
Керкейсін үйренгендер нарық занын.
Жайрандал жүрген шәкірт бақытты ғой,
Алдында ұлағатты ұстаздардың.

Өмірде – есу барын, даму барын
Ұққан жан ұмытпасын Ауыл барын.
Қазақтың Ұлттық АгроДжамарттегін
Таңдасаң, ұтылмайсың, бауырларым!

ҚҮТ БЕРЕКЕ

Таяғаштың танабы
Қараталдың алабы –
Дәнгे толы дария,
Асып-тасып барады.

Зәулім қойма Қиялы,
Мың-мың тонна сияды.
Күндіз-түні Сулыға
Алтын бұлақ құяды.

ШАТТЫҚ ЛЕБІ

Уай, менің байтақ өлкे, бай танабым,
Дәл бүгін шаттығыңың айтам әнін.
«Жанғырған, жарқын жұзді елім» деуді
Келеді өлсін-әлсін қайталағым.

Серпілтіп мендегі бар сезімдерді,
Үлкен той, ұлы думан кезі келді.
Айналам алабөтен жарқыл қағып,
Тым ыстық шаттық лебі сезіледі.

Той бүгін, толқу берген кәрі-жасқа,
Кеткендей тебіреніп гүл де, тас та.
Далиып жатқанымен баяғыша
Бұл дала бұрынғыдан мұлде басқа.

Кек тіреп, мұнай атқан мұнаралар,
Көрген жан көзін алмай тұра қалар.
Күн ұзак краншы қызы тау көтеріп,
Түн бойы толғатады ғұламалар.

Тұстіктің әк шағала мақта алабын –
Ақ костюм көрмесі деп мақтанамын.
Отынның зәулім-зәулім қамбасына
Теріскей дән теңізін актарамын.

Шығыстан шымқай алтын, күміс күреп,
Балқашта құт қайнатты құрыш білек.
Дұлдулдер дүбірлетті Аягөзді,
Қозылар Қоргалжыннан өріс тілеп.

Жездінің қеулей-кеулей шахталарын,
Төсіне Қаратудың шоқ қададым.
Куаныш күркірінен Байкоңырдың
Жүрегім жарылуға шақ каламын.

Айтуға сөз жетпейтін жетістігін,
Камтуға көз жетпейтін кеңістігім, –
Жетеді жетісудың алмасы тек
Жиналса тойға жұрты жер үстінің.

Мәңгілік еркіндіктің туын ұстап,
Жерүйық, бақыт бағын тұрсың нұсқап.
Жұз ұлттың жігі айрылmas отбасы,
Мұратың – тәуелсіздік нұрын күшпақ.

Арасын өр Алтай мен Ақжайықтың –
Қаусырған қазақ жері ғажайып тым.
Сүйемін өліп-өшіп кең даламды,
Келмейді сол сезімнен еш айыққым.

ЖІГЕРЛІ ЖЕТКІНШЕК

(*Бауыржан Момышұлы атындағы
мектептің гимні ретінде*)

Жас ұлан, ер көніл, ер бала,
Осылай деп айтқан Ел дана.
Өмірде білімге ұмтылсан, ұмтыл,
Жаңылмай, адымда тек алға!

Қайырмасы: Бауыржан бабамыз атында,
Мектебім, ис жетсін даңқыңа.
Отанын жанындаі сүйестін достар,
Алмастың жүзіндей жарқылда!

Ой тербел, оң-солын барлауга,
Жас көніл жер-көкті шарлауда.
Бар жанын салады бауыржанбектер,
Ешқашан қатардан қалмауға.

Атойлап, әскер бол ойнауға,
Белің бу, бекем бол жолдарда.
Ерлікті, өрлікті үйрсисен, үйрен,
Елінді, Жерінді қорғауға!

БЕУ, ТУҒАН ЖЕР

Тұған жер, алыс кетсөн, аңсатады,
Жүлдзызын сағыныштың самсатады.
Жүргегін әлденеден шымырлайды,
Жол түсіп, туған жерге барсан дағы.

Жаз өтіп, жас ұлғайып қалса дағы,
Кекірегім ән салудан шаршамады.
Көркіне туған жердің сүйсінгеннен,
Толғанын ақын көніл тамсанады.

Жаз өтіп, жас ұлғайып қалса дағы,
Көнілім өз елімде алшаңдады.
Қадірі туған жердей қайдан болсын,
Меккеге үш қайтара барсан дағы !!!

* * *

Сары бел сағым ойнап, бұландаиды,
Жүргегім әлденеден шымырлайды.
Тұған жер, көзіме жас алдым, десем,
Сағынып көрмеген жан ұғынбайды.

ТҮҢГИЫҚ АСПАН

Көгілдір аспан күмбезі,
Тәңкеріл қойған кім өзі?

Сүртейін десем, тым биік,
Сұңғиін десем, тұңғиық.

Әлемге қарап бір өзі,
Таңырқап түр ғой күн көзі.

Тұнерген күннен түйдім ой,
Жалғыздық деген қызын ғой.

Қол жетпес арман тым биік,
Ой жетпес түбі тұңғиық.

ШЫРҚАЛ, ЭНІМ (әнші Майра Илиясовага)

Менің де күміс көмей, атым – Майра,
Кеудемде бұлбұлым бар. Сайра, сайра!
Дауысым еркін, таза сынғыраган,
Келгенде хела-ләккү, хара-райға!

Еліме еркелеймін ән салғанда,
Әніме – елдің бәрі тамсанғанда.
Төгейін көмейімнен інжу-маржан,
Сағынып өнерімді қарсы алғанда!

· Элемге болсын аян атым Майра
Кеудемде, бұлбұл құсым, сайра, сайра!
Қазақтың бір перзенті болғаным,
Құдая, тәубә, деймін, осындайда!!

СЕНСІҢ БӘРІ

Мен өзіңе жетсе, деп ем, іркілмей әнім,
Ол нендей ән, кәне десен, еркінде, жаным.
Сен әуелі тыңда мені, жайдарлана,
Көкірегімде, көкейімде, сүйіктім, Сен ғана.

Өзің менің – өмірімнің сәні,
Өзің менің – тірлігімнің мәні;
Өзің менің – өнерімнің нәрі;
Бәрі – сенсің, бәрі, бәрі!

Мен өзіңнен айналдым, жайдарлыым,
Бір өзіңнен аумайтұғын әнім –
Кеудемдегі жалын, сезіндің бе, жаным?!

Әлі күнге іңкәр жанның кеудесі – жалын,
Ә дегеннен көnlім барын, білесің, жаным.

Бұл дүниенің көп қызығын екеуара
Көрейік те, төрлейік те көркейіп тек қана!

Өзің менің – өмірімнің сәні,
Өзің менің – тірлігімнің мәні;
Өзің менің – өнерімнің нәрі;
Бәрі – сенсің, бәрі, бәрі!

Мен өзіннен айналдым, жайдарлым,
Бір өзіннен аумайтұғын әнім –
Кеудемдегі жалын, сезіндің бе, жаным?!

ҚОҢЫР БҰЛТ

Бір қоңыр бұлт біздерге
Төніп келе жатыр ма?
Кек несер ме, жок, әлде
Әткінші бір жаңбыр ма?

Қолшатырын алды ма,
Әлде су бол қалды ма? –
Деген оймен, дағдымен
Сені ойладым алдымен.

Алматыдан әудемде,
Астанаға бардың ба?
Қар ма жауган, жок, әлде
Қар аралас жаңбыр ма?

ҚОНЫС ТОЙЫ

Сәті келді қоныс тойын тойлаудың,
Қойың болса соям деген, сой, бауырым.
Жаңа қоныс – алтын сарай, ақ ордаң,
Бұдан аскан болар ма екен той, бауырым?!

Жаны көлпік, жана мекен, тұраным, –
Астанаңа смес, Ақсайдағы жұмағың.
Төрөзенің алды жасыл жалырак,
Әйнегіне берсін күннің шуағын.

Әсем үйдің бөлмелері санғырап,
Әсем күйге бөленеді шаңырақ.
Әр болмені, бар бөлмені толтырысын,
Сәбілерін жас қозыдай жамырап!

Кеселерді тізілдіріп қойғаның,
Ішпей-жемей, бейіліне тойғаным.
Алты жерден жаққан шамдай жарқырап,
Құтты болсын жаңа қоныс тойларың!

ҚАЙЫРЛЫ ТАН

Ақ мандай, кербез, паң
Таң атып келеді.
Сәулесін жаңадан
Таратып келеді.

Таңғы күн арайлап,
Нұрланды төңірек.
Дөң жаққа қарайлап,
Сүйсіндім көбірек.

Қайырлы таң, қайырлы таң,
Ояныйық тәтті үйқыдан.
Ерінбейік, керілейік,
Бойымызға тарасын қан.

Кешегіден жаңа мүлде,
Жаңа тірлік, жаңа күнге.
Жол сілтейді арайлы таң.
Қайырлы таң, қайырлы таң!

Оянган жаңағы
Ағайын, туысқан
Асығып барады
Қалмауга жұмыстан.

Жақсыға көніл бүр,
Жайрандап алға бас.
Кәдімгі омір бұл –
Таңғы сөт қарбалас.

Қайырлы таң, қайырлы таң,
Оянастық тәтті ұйқыдан.
Ерінбейік, керілейік,
Бойымызға тарасын қан.

Кешегіден жаңа мұлде,
Жаңа тірлік, жаңа күнге.
Жол сілтейді арайлы таң.
Қайырлы таң, қайырлы таң!

МЕН ҚАЛАЙ ТОЛҚЫМАЙЫН

Жүргегім атша тулап қуаныштан,
Көнілім әуелейді алып ұшқан.
Мен қалай тебіреніп, толқымайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

Әбzelім жарқыл қағып, күміс шашқан,
Бәйгеміз шын жүйріктің бағын ашқан.
Мен қалай ерге мығым отырмайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

Сұлудай сүйгөнімен жолығыскан,
Ағайын елге оралып келді алыстан.
Мен қалай корғасындаи балқымайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

Айығып қалың тұман еңсе басқан,
Қазақтың ииетіндегі мөлдір аспан.
Мен қалай жайлауға мал толтырмайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

Жеріме кез алартпай іштеп-тыстан,
Төріме шықсын достар, көрсін дүшпан.
Мен қалай егін орып, алқынбайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

Ақынның қиялындағы арман құшқан,
Ақ сұнқар жерді айналып, талмай ұшқан.
Мен қалай ғарышқа бір самғамайын,
Елім бар – шын тәуелсіз Қазақстан!

ЖАҢА ТҰҒАН ТЕНГЕМІЗ

– Бәріміздің тосып жүрген теңгеміз,
Сәтін берсе, жарқ етер деп сенгеміз.
Толғақ деген онай емес, шырагым, –
Дейді біздің сөзге шебер женгеміз.

Желге кетпей женғен айтқан талай сын,
Тенге тауып бердің, қайнам, жарайсың!
Жас іске іңкәр кім бар қазақтай,
Тенгем болсын, зәрулігім азайсын!

Ескі ақшадан құтылатын кезі кеп,
Тұбі осылай болатынын сезіп ек.
Өзіміздің ақшамызды жайнатып,
Алақанға ойнатындар тезірек.

Қарашада қар жауар ма мұндай көп,
Ақша қажет судай жаңа, мұздай көк.
Мезгілінде тигізіндер қолыма,
Агаңа ұқсан түн үйқымды бұзбай тек.

Кеудемізде – бір түйіншек тобықтай,
Жұр ғой әлі жүргегіміз орнықпай.
Шытырлатып шығарыңдар ақшаны,
Ағаңа ұқсап көлеңкеңнен қорықпай.

«Айналымға енгіземіз» дейсіндер,
Шығарған соң қалай енгізбейсіндер?
Енгізіндер, айналтыңдар тезінен,
Басқа жол жок, кейін шегінбейсіндер!

КӨКТЕМ

Әйнегін зенгір көктін мәлдіретіп,
Кейлекін сенгір таудың торғын етіп.
Самал боп сағым ойнат келген көктем,
Бұлақты бұйралауға қандай жетік.

Гүлді көйлек киінген тәбе бүгін,
Сұлу қыздай өзі айтсын төрелігін.
Қойғандай тырналарды жіпке тізіп,
Көктемнің таусылмастай өнері мын.

Тебіндеп майса мұрты атыралтын,
Кел жатыр көз жанары жалтырап тым.
Жас талдың бүршіктегі бүртиып тек,
Сыбырын сала алмай тұр жалырактын.

НАУРЫЗЫМ

Кеңілге дем берген күн – бұл күн, дедім,
Кеудеме бұлбұл қонған бүгін менің;
«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің күлімдедің.

Көктемде желбіреген гүлім менің,
Өмірге келген күнім – бүгін дедім.
«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің, күлімдедің.

Наурызым, нәрім менің – уыз, дедім,
Уызға тойған күнім – бұғін менің;
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» –
Дегенде, күлімдедің, күлімдедің.

ҚАЙСАР

Кара тасты қақ жарып
Шыңға біткен қарағай –
Қайсар тартып пәк жаны,
Шымыр өскен баладай.

Тамыр терең, корек аз.
Тастың қойны безерген.
Күндіз аптап, түнде аяз
Алмасуын сезем мен.

Жасын ойнап жазғы бұлт,
Құйды нәсер, құйды кеп.
Жапырағын жазғырып,
Соқты бүршақ түйгілеп.

Күздің желі азынап,
Үрей шерпті қарадай.
Ойшаң болып азырақ,
Бойшаш тартты қарағай.

Таудың қысы сақылданап,
Ыңғырығы керемет.
Қасарысқан қалпында
Өсті шынар, не керек.

Жасыл бұйра бәркінде
Таңғы шықтар – танадай.
Кез тоймластай көркіне,
Қасқайып тұр қарағай!

Қуат етіп күн нұрын,
Биік бойлау – ғажап-ақ.
Киындықтың мың түрін
Женгендей бір азamat.

ТАҒДЫР ЖОЛЫ

Тағдыр жолы бұралаң,
Таусылмаса, болғаны.
Емен-жарқын жүр аман,
Өміріңнің сол мәні.

Ер жігіттің басына
Нелер келіп, не кетпес.
Жабырқама, жасыма,
Досың барда тілекtes.

Күндер алда ең тәуір,
Үзілмесін үлкен жол.
Бізге демеу әйтеуір,
Үзілмейтін үміт сол.

НАУРЫЗ

Наурыз, наурыз, армысың,
Ән шырқауға бармысың?
Шуағыңа бөледің,
Шашымнан көп алғысым!

Нұр шуағың қеудемде,
Жаңа күнім, наурызым.
«Айхай, наурыз» дегенде –
Ашылады дауысым.

АСҚАРЫМ – АЛАТАУЫМ

Алатау, басың қарлы, төсің – мұнар,
Төскейдің торғынына болдым құмар.
Ағадай ағайынды жарылқаған
Жагалай баурын бақша, қойның құнар.

Шыңдардың өркеш-өркеш есебі жок,
Сүйкеніп шыңдарға бұлт көшеді көп.
Сіркіреп жиі жауып жылы жаңбыр,
Дүркіреп жас қозыдай өседі кек.

Құлыштандай құлдилаған бұлақтарын,
Бұлақтың сыңғыр үні – ұнатқаным.
Аралап кен даланы келген бойым,
Паналап баурайынды тұрактадым.

Аскарым, арқамызды тіретін,
Армандаидай элсін-элсін түлейтін.
Елімнің сан ұрпағын саялатқан,
Алатау, асқақтай бер – тілейтінім.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ СӘЛЕМІ

Жаңа жылдың сәлемі –
Қар жауады қалықтан.
Жаңа жылдан дәмелі
Көніл құсы шарықтан.

Жаңа тілек, жарқын ой
Көктейтін кезі бұл.
Тіршіліктің көркі ғой
Бүршік атқан сезім-гүл.

Жан біткеннің ансары
Жаңа жылға тым ауған.
Арайланып таңсәрі,
Туындаиды тың арман.

Ақша қардай сән-саулет,
Байтақ өнір кенелген.
Жаңа жылғы ен дәulet
Асатындай кемерден.

Елдің алдан дәмесі.
Күткендей бір керемет...
Жаңа жылдың кәдесі –
Қар жауып тұр себелеп.

ЖАДЫРА

(Социалистік Еңбек Еri
Жадыра Таспамбетовага)

«Ақтоганның» атырабын
Жастайынан ен жайлапан Жадыра.
Үйден ғөрі жердің бабын
Өзгелерден көп ойлаган Жадыра.

Ала таңнан ала жаздай
Жүгеріге жүгіретін Жадыра.
Қалтайымен жұбын жазбай,
Бір қамығып, бір қүлетін Жадыра.

Тағдыр жүгін тарта жүріп,
Өмір ғұлін аялаған Жадыра.
Қолғабысқа жеңін түріп,
Жүрттан жанын аямаған Жадыра.

Көк балауса арасында
Орамалы желбіреген Жадыра.
Қазақтын кен даласына
Ет-жүргегі елжіреген Жадыра.

Алтын Жұлдыз алғанында
Анашындай ел қуанды, Жадыра.
Еңбегінің жанғанына
Елден бұрын мен қуандым, Жадыра!.

СЫРҒАҚ БҰЛТ

Шөкімдей ақша бұлтқа аспан кезген
Қызығып қарашы едім бала кезден.
Еркінде қайда барса, қанша жүрсе,
Ешкімнен бұған тыйым жоқтай сезген.

Шықпайтын Алатаудан айналақтап,
Сәңкөй бұлт қол шатырын жайған аппақ.
Әлде бір құйме жылжитындей,
Ақбоз ат көкше мұзда тайғанақтап.

Ойынға жібергендей емін-еркін,
Еркесі көк жүзінің көрінетін...
Зангарда көлбең қақсан ақша бұлтты
Жел айдан жүретінін білдім бертін.

Желге бұлт құрақ ұшып қол баладай,
Ығады солдан соқса, онға қарай.
Әйтеуір бір басының билігі жоқ,
Биікке шыға қалған әлдеқалай.

Жоқ еken мұның ырқы, ықтияры,
Көп еken жылжи беру ықтималы.
Білгесін бұлттың сырғақ бұл мінезін,
Көнілдің быт-шыт болды көп қиялы.

Ауган бұлт көзге түссе некен-саяқ,
Миықтан күле қарап, тұрдым аяп;
Біреудің айтқанымен жүретүғын
Ырқы жоқ, ығымпазды көргендей-ак.



СӘУІРДІҢ БОЗҒЫЛТ КЕШІНДЕ (әнгे арналған)

Тамаша тұған жердің
тамылжып келген көктемі,
Балауса сезім – гүлім
менің де көктеді.
Жанымды нұрға бөлеп
сәуірдің бозғылт кешінде,
Сәулештің есте мәңгі
еркелеп беттен өпкені.

Тамаша тұған жерге
оралып құстар келгені,
Таранып акқу-қаздар,
айдынға көрік бергені.
Оралмас, әттең, маған
жалаңданап өткен жас дәурен,
Сәскеде бұлдыраған
сағымдай сонау белдегі.

Күмбірлеп жастық шағым,
құйқылжып тұрған сағада,
Алысталап кетті менен
алаудай арғы жағада.
Ойласам бозғылт кешті,
күнәсіз, мөлдір кезімді,
Кетпейді көз алдымынан
армандаі аипақ шағала...



КӨЗІМЕ ОТТАЙ БАСЫЛЫП

Бұлбұл құстың үзілмейді
Гүлге деген құштары.
Жатқа көзім сүзілмейді,
Жүрмін саған ұшқалы.

Сағыныштың қанатында
Самғауға мен бекеммін.
Қарай-қарай сағатына,
Талған шакта жетермін.

Аңсал сені, айхай, дәурен,
Жеткен кезде асығып;
Қарсы алғаның қандай, сәулем,
Көзіме оттай басылып!

Бұлбұл құстың үзілмейді
Гүлге деген құштары.
Жатқа көзім сүзілмейді,
Жүрмін саған ұшқалы...

ЖАҢА ЖЫЛҒА ШАШУ

Жылдың соңын сыпырғандай,
Карлы құйын соқты-ай келіп.
Бағандарда сықыр бардай,
Тағандары тастай берік.

Желге құлак аспау қыын,
Гу-гу етіп барады үдең,
Қыңырлыққа басқан қүйі,
Әйнектерді қағады кеп.

Жерден үййтқып, көктен қүйғып,
Өн бойынан саулайды қар.
Қаптап жеткен өктем бүйрық –
Көл қағаздан аумайды дәл.

Ұйытқи соққан дей борасын,
Долылықпен теңселгендей.
Шопан үйін, қой қорасын,
Бұтін бе деп тексергендей.

Дала төсі тартқан қобыз,
Оқтын-оқтын ышқынады.
Қайырмасы тоқсан тоғыз,
Шырқау сәті ыскармалы.

Жер мен көктің екі арасы,
Ақ түтекпен тіліп алған.
Танаптардың шекарасы,
Сезілмейді омбы қарда.

Тұла бойы тұнған ақық,
Орман-тоғай, ол да шулы.
Дархан дауыл тынған ақыр,
Үйіп-төгіп мол шашуды.

Аңқау боран айтып қойды,
Жаңа жылдың кеп қалғанын.
Шаттық лебі шарпып бойды.
Жаңа бақыт, жетті арманым.

Борандатып келген боздақ,
Аңқылдаған жомарт болғай.
Жаңалығы күнде қоздап,
Жақсылығы елге толғай.

Болсын делік бұл жаңа жыл,
Әнге жомарт, дәнге дархан.
Бұршік жарып бір ғажап жыр,
Ашық-жарқын атсын әр тан.



АСЫҚҚАН КӨНІЛ

Ауыл шалғай,
Астанадан шеткөрі,
Екінші таң елге сапар шеккелі.
Күмбірлеген күй тыңдатып келеді,
Рельстер – қырдың темір ішектері.

Әтген, жиі тағылғаны-ай пернесі,
Таусылмайды-ақ жолдың ұзак көрмесі.
Әлсін-әлсін қайырмасын қайырып,
Беу, машинист, жолда тоқтай бермеши.

Жүргіммен бір дүрсілде донғалак,
Өрекпіген көңіліме бол қанат.
Көзі талған шешем менің тұс көріп,
Жүрген шығар інім менің жол қарал.

ҚЫСҚЫ БҰЛАҚ

Жөн-жосығы қатты әке
Секілді ғой бұл қысын.
Ақ көрпесін жапты әкеп,
Көлдің тыып күлкісін,

Көңіл қошын қуантып
Бұлақ қана тынбайды,
Мұзды тесіп,
бу атып,
Аязга да шыдайды,—

«Қойсаншы бір, шіркін!» деп,
Зекігенге қарамай;
Өз-өзінен бұлқілдеп,
Күліл жатқан баладай.

КҮНГЕ ТЕНЕС

Күлім қағып Күн жарықтық,
Шыққан сайын ұясынан;
Жан-дүниенде жап-жарық қып,
Көңіліннің күйі ашылған

Келенкелер, төне қалған –
Құншілдердің күнкіліндей.
Сол шақ маған өлең – арман
Жазғы күннің күркіріндей.

* * *

Ескі өмірдің емес, баурым, бәрі үйкы,
Еліміздің айтса бітпес тарихы.
Ата-баба арманына ден қойсак,
Дегдарлығы бойымызға дариды.

Тіршілікке қадам басқан кезінде
Әрбір үрпак тұсқен өмір тезіне.
Ата-бабаң бастан кешкен тағдырың
Ұлы мәнін үкпай жатып, безінбе!

* * *

— Сырынды білмедім бұрын нағып? —
Күлгениң әдемі сынғыр қағып;
Сәулесі қеудеге түскен жанның,
Әурсесі көп екен, білдім анық.

* * *

Көкала бұлт, сөгіл, сөгіл,
Алтын сәуле, төгіл, төгіл.
Жадырасын көңіл,
Жалғассын өмір

* * *

Өткерген аптаң-аяз, жауын-желді,
Көп көргем күн қақтылау қауым елді.
Алдыға үйме табақ ет тартатын
Көңілге қонағуар ауыл келді.

* * *

Ойларым – қою бұлт, қорғасындаі,
Өлеңім қазактың жорғасындаі.
Айналдым әкемнен, анашымнан,
Өмірге әкелген мені осылай!

* * *

Дедің бе, кең жайлауым, кел, арала,
Кеудемде жазылар ма жүрген жара?
Мен саған мәңгілікке оралармын,
Сағыныш түпке жетсе бара-бара!

* * *

Тыныштығын еліңнің тіле, жаным!
Өзендей біреу кері бүрмасын де,
Егінді бүршақ соғып, үрмасын де.
Тілесен тыныштығын тіле, жаным!

* * *

Аз емес ашынған жан, өте кедей,
Тұтанды кетер ме екен сіренкедей.
Ойымды тұспалдамай, қалай айтам,
Тұрганда құғын-сүргін бәсендемей.
Шындықты жырлан жүрмін эсерлемей.

* * *

Ың-шыңсыз, іштен толып біз де өсеміз,
Ту өлең тумағанмен күнде семіз...

* * *

Отырса мамық қарды мақтан етіп,
Барады, қантар тұғіл, ақпан өтіп.
Кей күниң ұшығына жете алмасан,
Кей күндер өте шығар шолтаң етіп.

* * *

Аядай екен ғой, досым-ау,
Аяулы мекенің – Ұялы.
Ұядай қалпымен осынау
Көнілге жылышың құяды.

Белінің жазылышың құяны,
Кария шыққандай белеске.
Ақынның жетпестей қиялы
Ауылым ғажайып емес пе?

* * *

Есімді білген шақтан білім қуып,
Есілді кектей өтіп жүрдім сүыт.
Сыздатып, сырқыратқан сүйегімді –
Сол кезден бойға кіріп алған сүыт.

* * *

Жас құлыштар желідегі –
Жайлау көркі, керім еді.
Жер тепсінген қайран жылқы
Ұлы көшке жегілмеді.



* * *

Әркімнің өз санасы, өз басы бар,
Дем берер қызындықта жолдасы бар.
Мақтаныш, құрмет етер інің болсың,
Сәлем берер, хал білер, уақыт табар.

* * *

Күнбағыстай қүнге дәйім.
Тұратұғын мойнын бұрып,
Күндіз – арман, тұнде уайым,
Қол жетпейтін болдың гүлім.

* * *

Ертеңгісін, кешкісін алтын арай,
Өтер дәурен артына бір қарамай.
Ерте болсын, кеш болсын, келші, жаным,
Мәңгі өкініл жүрмейік, жолыға алмай.

* * *

Желтоқсанның демін-ай,
Қыздар бетін қызартқан.
Опа-далап тегін, жай
Қас-кірпікке мұз артқан.

* * *

Ананың бойда жүрген бөбекіндей,
Ақынның ойда жүрген өлеңіндей;
Тебіндей жер қойнынан шыққан егін –
Көктемгі маңдай тердің төлеміндей.

* * *

Талтүсте бірер тамшы сіркіресе,
Аянып ақ көйлекті жүгіреміз.
Алыстан әлде бір бұлт құркіресе,
Ықынып, өз-өзінен бүгілеміз.

* * *

Қаздар қайтып барады, қаздар қайтып,
Өкінішің, наласын наздана айтып.
Қараша қаңқылын сағынам-ау
Келгенише жазғандар ол жазда қайтып.

* * *

Темірге от керектей балқу үшін,
Көнілге шаттық керек шалқу үшін...

* * *

Құн суып, айдында аққу, қазы қалмай,
Көл сұлық, көшкен құсқа назы бардай.

* * *

Жұмыстан ба, тыныстаған жағдайда
Оң қолымды тіреп алышп мандайға,
Ойға батып отырамын бір өзім –
Бойға біткен, қоймай кеткен мінезім.

* * *

Жап-жасыл жапырағы терек, қайың,
Сыбдырлап тұрады еken не деп дәйім?

* * *

Дала төсін дабылдатып әрдайым,
Алтын күзде аныздайды комбайн.
Танаптарда тәулік бойы жүргені
Айға-күнге бұрып алышп мандайын

* * *

Кешегі сойған қойдан жілік жейсің,
Ескі еттің жоқ екенін біліп жейсің.
Қос қолдап асайтұғын көп етім жоқ,
Ақырын бармағынмен іліп жейсің.

* * *

Жаңа өмірді өрнекпен
Токитын шебер бар қауым.
Өмірлі біздің өрмектен
Көрмейсің жіптің тарқауын.

* * *

Дүние неге жоқ тұрағын,
Сәт сайын жүзін кілт бұрады.
Кешегі мақтаған дүниен,
Күні ертең жаман боп шығады.

* * *

Ояумысың, ей, менің, ар-намысым,
Сенің өзің елінің ардағысың;
Бұл заманда кансонар секілді өмір,
Томагасын сыйырған бар ма құсың?..

АЯУСЫЗ

Ұшып кетер, үрсан да қаша нақтап,
Түсіп кетер, бұрсан да, қанғалақтап;
...Билиардтың шарындай баянсыз – ұл;

Аттандырған жолынан бұра тартып,
Сақтандырған жерлерде сыра тартып,
... Әкесіне, өзіне аяусыз бұл.

* * *

Соңынан алты ай қыстың туған айым,
Қуансам, Наурызға мен қуанайын.

* * *

Жайық пен Есілдің арасында,
Қазақтың кең байтақ даласында;
Ауыл бар, бауыр бар, бәрін тегіс
Көруге, білуге баراسың ба?

* * *

Ұртыңа сенін ұстара тиді,
Түсіне кірді қыздар да жи.
Қыздар көп, бірақ біреуін соның
Қайдан да болса іздеуін – жөнін.

Кетсен де кезіп жаһанды мына,
Табуың керек сол қызды ғана.
Жасауы жайнап тұрган жоқ оның,
Бақытың бірақ қолында соның.

* * *

Қарап тұрсан, қара тұмсық кейбір аң,
Бәзбіреуден көрінеді мейірбан.

Арсаландал жеткен күшік сүйкімді
Әжірендеп келетүғын кей ұлдан.
Қарап тұрсан, кей жануар, кейбір аң,
Бізден жұмсақ, бізден гөрі мейірбан.

* * *

Бірде шоқ, бірде жалын, күйік-дертің,
Өмірді сұлу қыздай сүйсөң де еркін.
Тірлікте көрген қызық өң мен түстей,
Жалт беріп, бастан дәурен өтер бір күн.

* * *

Аққайың әдемі желегімен
Аумайды Мағжанның өлеңінен;
Кісінің жүргегін шымырлатқан,
Айналдым қазактың өнерінен.

* * *

Күректей болғанымен дипломы,
Еңбектен құралақан екі қолы.
Татып та көрмеген жан білім нәрін,
Сатып та алған шығар, мүмкін, оны.

* * *

Ойсыз адам болған емес, болмайды
Тірі жанның бәр-бәрісі толғайды.

* * *

Екеу болып қол қойғасын,
Қанаттасып ұшқалы –
Әмір бойы ортаймасын
Қос көңілдің құштары.

ӨРШІЛ ҚАЙЫҚ

Тәуекел дариясынан көрдім қайық,
Ер жігіт өрге жүзеген желкен жайып.
Үмітің, үміткерің – осы сенің,
Әділдік аңсап жүрген, ей, халайық!

Бұл жолға белін буды кімдер үшін,
Ел-жүрт, елдің көбі – біздер үшін.
Тулаған толқындардан барады өтіп,
Жұртынан аямайды ол жігер-кушін.

Көрдің бе өршіл қайық өрлегенің,
Бердің бе бейілінді, қайран елім?!
Серпіліп осындайда көрсетші бір,
Құл емес, ғұн екенін арғы тегің.

Жақсылық бола қалса жуырманда,
Жалықпай шырқайды жұрт ұзак таңға.
Қазақтың бетке ұстар перзенттері,
Тәнірім, жар бола гөр ұландарға!



ЕҢ ЫСТЫҚ ЖЕР

Жағалай жалт-жұлт еткен ақ күміс қар,
Аямай үйіп-төккен ақпан-қаңтар.
Тесінде туған жердің жүрсөң еркін,
Кеңілге қыста да бір жылдылық бар.

Ақ боран ой мен қырды аралайды,
Сары аяз беттен шымшып, аймалайды.
Әркімнің туған жері өзіне ыстық,
Ешбір жан туғанда жер тандамайды.

Жадырап, сәуірден соң жаз да болар,
Айдынға ақку келіп, қаз да қонар.
Кекорай, көк шалғынға аунайын бір,
Боздауым күр әншейін – алдау болар.

Туған жер – сонарлы өлкем, солтүстүгім,
Осы жер – еңбір көркем, ең ыстығым.
Жүрсем де қай өңірде бұл өмірде,
Сеземін туған жердің мен ыстығын.



САҒЫМ

Аймалап тұған жерді жанарыммен,
Таңырқап дүниеге қарадым мен.
Айнала жердің жүзін дөңгелентіп,
Кекжиек баурап еді бала күннен.

Мен алғаш тілегіме бердім ерік,
Жұғірдім көз көрімге жеткім келіп.
Кекжиек жеткізбейді-ау көз ұшында,
Тұрғанмен жердің шеті секілденіп.

Арманға қол созғандай жұрсем беттеп,
Кекжиек жеткізбейді шегіншектеп.
Жасымда жақсылардан дәмелендім,
Ешкімге көрмесем де еміншектеп.

Термесін кең даланың шұбартпалы,
Замана жұз құбылып, ұғынгпады.
Кекжиек, әттең, қанша ұмтылсам да,
Қашаған көк бестідей жуытпады.

Қолымды жеткізем деп ен-дәулетке,
Жүрміз бе әуре болып әлде текке?
Мәнісін тіршіліктің түсіне алмай,
Телміріп қарауым көп көкжиекке.



АРНАУЛ

ЕСКЕ АЛАМЫЗ АЯУЛЫНЫ (Сәкен Сейфуллинге)

Кіршігі жоқ бала кезден,
Жаны жарқын,
ары таза
Адамға бір жала сөзден
Болар ма тым ауыр жаза?

Бақытқа деп еткен еңбек,
Аямастан ақыл,
кушін,
Болса кенет текке кетпек –
Неткен азап ақын үшін?!

Ойлап соны жұмды-ау көзін
Жан баласы жасқамаған.

Артқа тастап жылдар сөзін
Алып ақын, асқақ адам.

Білеміз: ол – «Тар жол, тайғақ
кешудің» кеш күрбандығы.

Әр сөзімен әлемге айғақ
Арамызда тұрғандығы.

КЕМЕНГЕРІМ (*Mұхтар Әуезовке*)

Өмірде бір нәрсе білсем егер,
Кім асыл сөз айтса, сол кеменгер.
Көңілімді көркейтіп менің әр кез,
Тербейді терең ой, байнелі сөз.

Ай жүзген айдыным, ақшар белім,
Даланың сеземін самал лебін.
Бір мезгіл кәусардың дәмін татып,
Мұхаңды окудың өзі бақыт!

Ен биік жүлдызыым, ең асылым,
Біздермен ғажайып сырласуың.
Адамзат сүйсінген сөзің алтын,
Менің де мерейім – аскан данқың.

Әлемге әйгілі кеменгерім,
Айтайын дегенім тойда менің;
Сіздей жан тудырган қазақ елі,
Не деген бай, жомарт, ғажап еді!

Не деген, шіркін-ау, ғажап еді,
Сіздей жан тудырган қазақ елі!!

1997 ж.

ҒАБЕНЕ (*Fабиден Мұстафинге*)

Осы біздің өлкеміздің түлегі,
Кәспи кешіп, Арапды есіп жүреді;
«Енді тұған тұғырына келді» деп,
Тыңыңң бүгін лұпіл қақты жүрегі.

Таңға ұмтылып Қарағанды қауымын,
«Тұнде жарып Қызылорда қауынын»,
Енді міне қаламгерге толтырды,
Дән толқыған, мал мыңғырған ауылын.

Жерлес дикан, жерлес малшы, кенишіге,
Отау тігіп, Өлең бермек еншіге,
Үлкендерден ұлағат алып, есейіп,
Айналсын деп терезе тен көршіге.

Осы сыйлық – алғысымыз Габеңе,
Тон орнына асса жақсы кәдеге,
Серт етеміз сертті жерден шығуға.
Алматылық бар ақынға және де.

(*Түсіндірме: Қазақстан Жазушылар Одагының Тың олкелік облысаралық бөлімшесін ашуға бір топ ақын-жазушыларды бастап келіп, содан соң «Солтүстүрк» атты ресторанда банкетке қатысып, сонда Тың өлкесі ақын-жазушыларының атынан оқылған өлең еді. Ол кездे менің алі өлеңдерім жинақ болып шықпаган еді – Ж.Н.*)

ҚАЙРАН БІЗДІҢ ҒАБЕКЕҢ (жазушы Габиден Мұстафинге)

Жер қозғалса, қозғалмайтын сабырлым,
Сары алтындей дидарынды сағындым.
Оралмасқа кеткенінді кім білген,
Күткен күндер есебінен жаңылдым.

Бір көруден әлі күдер үзбеуім –
Жақсылардың шапағатын іздедім.
Өзің әр кез қолдауши едің өмірде,
Өнерлінің өрге батыл жүзгөнін.

Періштедей таза жанның тұрағын,
Аспан кезген ақша бұлттан сұрадым.
Дүниеде өткендерді ойласам,
Самсап тұрған жұлдыздан көп сұрағым.

Бір хабарын білгім келіп ағайдың,
Айдың жаңа қызығынан сұраймын.

Тіршіліктен үнсіз ғана ұзаған –
Ғабекенді ғарышта деп санаймын.

Қайран біздің Ғабекен,
Асыл тұлға жан екен.
Естен кетпес бейнесі,
Бақ жұлдызы бар екен,
бар екен!!

АЯУЛЫ ЖАН (Мәриям Хакімжановага)

Мәриям – қырда туған қазақ қызы,
Кескінді, жан біткеннің ажарлысы.
Мұнартқан өмір жолы мұңға толы,
Болса бір әдемілеп жазар кісі.

Жетімдік көріп өскен жастайынан,
Аумайды жел ыргаған жас қайыңнан.
Әпкеміз сезін тыңдал, көзін көрген,
Мәкенді жырға қосып, бастайын ән:

«Туған жер Обағанның бойында» деп,
Айтқаны әлі күнге ойымда дәп.
Тең ортақ Торғайға да, Тобылға да,
Костанай түлегі деп мойындал ек.

Тәмамдал қызыл отау қысқа курсын,
Бойжеткен елде біраз жүре тұрсын.
Желбіреп жазғытұрым жауқазындей,
Елеңдеп жаңалыққа мойын бұрсын.

Ол бірден бөленген жоқ рахатқа,
Оқыды кешеуілдеп рабфакта.
Құлышыныс дәуірлеген кезі еді ғой,
Бір жылға татитындей бірер алта.

Ескілік шырмауынан шығар жолда,
Қатер көп қыз балаға он мен солда.
Ағарту жұмысымен жүрді тынбай,
Бір шеті сапарының Орынборда.

Әйелдер журналында қалам ұстап,
Құрбыға тәндік жолын жазды нұқсан.
Қазақтың аруларын әспеттеген
Өлең-жыр өркен жайған сол бір тұста-ақ.

Арылмай тілшілердің басы даудан,
Мерт болған кейі дерттеи, кейі жаудан.
Мәриям дейтін жастың жазуына
Бейімбет ағамыздың бейілі ауған.

Ұяң қыз арқа тұтып Сәбендерді,
Арналы ақындықтан дәмелсенді.
Одақта жыршылардың басын қосып,
Тындарды термелеткен әуендерді.

Жалындал жарты ғасыр одан бері,
Жалықпай жырга қосты елді, жерді,
Ақынның ой-мұраты – өлеңінде,
Бар мінез, барша сырын соған берді.

«Жсңешем өлеңдері» – жинақ аты,
Танытқан жақсы ақынның инабатын.
Майданда қыршын кеткен Мәншүк үшін
Азалы күндер алда қиналатын.

Биіктеп Мәкең шыққан «Жыр асуы»,
Занды ғой асқар тауға ұласуы.
Ертіспен тоғысқандай Тобыл өзен,
Есілге жанасқандай Нұра суы.

Зерделеп оқығанда «Өткелдерін»,
Сеземіз дәуірдің өр, өктем лебін.
Ақынның жүрекжарды сыры дейміз,
Күмістей жыр жолына төккен зерін.

Өмірден Мәкең өзі өткенімен,
Көнілдің орын алды нақ төрінен.
Кейде бір елестейді аяулы жан
Әйгілі Алатаудың бектерінен!

ЕЛІМНІҢ ЕРЕН МАҚТАНЫ

(*Бауыржан Момышұлына*)

Ерлікгің асқақ ақыны,
Өрлікке бастап ақылы;
Қайсарлық туын үстанып,
Қайыспай өтті ақыры.

Жанындағы қорғап Отанды,
Намысташ дәйім тұтанды.
Алысқан жауын жайратып,
Арыстан қазақ атанды.

Жартасқа біткен қарагай,
Тереге, төрге қарамай;
Баладай қыңыр қылықпен
Халықты сүйген данам-ай!

Сазарып шалқақ жатқаны –
Мәңгіге тыным тапқаны.
Бақыл бол, қайран Баукеміз,
Елімнің ерек мактаны.

ҚАҢАРМАНЫМ

(*Халық Қаңарманы
Рақымжан Қошқарбаевқа*)

Ойлы ақынның нәзік жаны
Қалай ғана толқымасын,
Қошқарбайдың Рақымжаны
Еске түсіп отырғасын.

Ұлы Женіс жалаугері,
Жау ордасын басып кірген;
Алаулаган жалын-лебі,
Ерлігіне ғашықпын мен!

Кеудесінде қайнаған кек,
Шырқау шегі соғыстың ең...
Соны ойласам болғаны тек,
Сол күнгідей тебіренем...

...Екі көзі – Рейхстагта,
Есі-дерти: «Қайтсем, жетем?!»
Жанған отқа кірер шақта
Тістенуін елестетем.

Қас дұшпанмен іштей егес,
Ширықкан кез бұл бір аса.
Бас көтеру мүмкін емес,
Жер бауырлап жылжымаса.

Жауған оқтың жилілігін
Нәсер, десем, ұтылғаным.
Сезінудің өзі қыын –
Атып тұрып ұмтылғанын!..

Құлақты сәл жанап өткен
Оқтан бетер зулап ұшты.
Шыбын жанын жалау еткен
Өжет еді неткен күшті!

Ұстарадай өткірленіп,
Көк семсердей қызып тұскен;
Туған ұлы жасады Ерлік,
Туған елдің мереі үстем.

Аскан ерлік атойлайды,
Женіс туын желбіретіп!..
Көз жанарым жасаурайды.
Еріндерім дір-дір етіп.

Өлең қайда ерлікке тең,
Жарқ өткендей нұрын шашып.
Солқындарды екі шекем,
Жәй отырып қаным тасып.

Өз кеудемде жалындаған
Мақтау сөздің тоқ етері:
Женіс болып Ту қадаған –
Біздің қазақ жауынгері!

Алқызыл гүл көнлімізде –
Қошқарбайдың Рақымжаны.
Мәңгі қымбат Елімізге
Нағыз халық Қаһарманы!!

БІЗДІҢ ГЕРА *(Герольд Бельгерге)*

Бір әдемі ғадетін бала кезден,
Отыруши ең үнемі кітап оқып.
Қазактарға қарадың адап көзбен,
Қазақ сөзін жадына бірден тоқып.

Жас кунінен өзіне ұнап қалған,
Кітап – сениң алғашқы махаббатын.
Мол сусындал көк қайнар, бұлактардан,
Аса білгір атанып, шықты даңқын.

Жанға демеу, жабығып жүрген тұста,
Кітап, кітап – кәсібің, хоббиң да.
Ой тербеуге – уш тілде бірдей ұста,
Не керектің бәрі бар қобдиында.

Өткір пікір сөздерің, құшті қисын,
Сен қазақша сөйлейсің еркін жатық.
Кешкісін де кітапты көп оқисың,
Женгемізге сыртынды беріп жатып.

Қашан, қайда жүрсөң де, серігің – ой,
Үлкен ойлар желісі үзілмеді.
Небір ғажап кітаптың әсері ғой,
Ақыл-сана нышаны жүзіндегі.

Сенің үнің естіліп елге тегіс,
Ізгі сәулең тарайды жан-жағыңа.
Көп қазактың ішінде жалғыз неміс,
Барша жұрттың айналдың ардағына.

Өмір жолың – тас өткел, өр, жазық бел,
Жетпіс жасың – бірталай биік жер, ә?!
Әкеніздей көп жасап, көп жаза бер,
Біздің жігіт, біздің шал, біздің Гера!!!

28 қазан-б қараша, 2004 жыл.

ШОНА СМАХАНҰЛЫНА

Сөзіне қарап – дана дерсің,
Өзіне қарап – бала дерсің.
Данадай ойлап, баладай ойнап,
Алпысқа келсе – Шона келсін.
Шымшымда тапқан – Шона дерсің.

ӘНШІ ГЕОГРАФ

Ән салғыш ұстаз қайда, Кәке сіздей,
Ұннattyқ әнің үшін әкеміздей.
Сілтідей тына қалып тыңдар едік,
Шырқатып тұрсаның ғой, эттең, үзбей.

Теңізден соққан желдей гүілдетіп,
Мұхиттың «Айдайына» үнің жетік.
Қоздырып делебені қоятынсыз,
Шанағын домбыраның шертіп-шертіп.

«Үйірін қысырақтың» іргендей,
Көз алдын дәңгелентіп диірмендей;
«Ақ көйлек шығын болды жыртылып-ай»
Дегенге күлімдеуші ек сүйінгендей.

Аумаған сіздей көріп Ақанды біз,
Мектепте «ән-географ» атандыңыз.
Картасын жер шарының жайып қойып,
Әсемдік әлеміне апардыңыз.

Жандардың жұрген сізді шайпау санап,
Шаңдағын қағушы едің айқай сап-ак.
Көкейге біздің бірден қонатұғын,
Кешегі әннен кейін айтқан сабак.

Шәкіртті баласынып бәлсінбекен,
Ән салса, өзіңіздей салсын ерен.
Өнердің сіз тұтатқан шырағынан
Кеудемде жарық алып жансын өлең.

(Ертеректе бір жазылғандай еді, бірақ осы түрі енді шықты, 07.07.86. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын (бұрынғы Октябрь, Сергеев,) ауданындағы Ненин орта мектебінде біздерге елуінші жылдары географиядан сабак берген әнші ұстаз, қызық кісі, балуап ага Құлау Тайжановқа ариналды).

СОМ АЛТЫНҒА БЕРГІСІЗ

Желеу болып жер-көктегі күнкілге,
Өлең қалтап кеткені рас бүл күнде.
Асыл жырдың сом алтынға бергісіз,
Соншалықты жыптырауы мүмкін бе?

Елдің есін алатындаі керемет.
Сыршыл өлең сирек туса керек ед.
Ақын деген мама бие болды ма –
Өзін өзі жиі сауған жебелсі?

АЙНАЛАЙЫН ХАЛҚЫМНАН

Мен – әйгілі әншіңмін,
Еркелеймін, Отаным:
Әншісі едім Елімнің,
Қаһарманы атандым.

Қайырмасы:

Кеудемдегі бұлбұлым,
Сайра, деймін, сайрай бер;
Мен – Розан, мен – Гүлің,
Аялай бер, тұған елім!

Айым туып онымнан,
Жеттім күнге аңсаған;
Сіңлілерім сонымнан
Жұлдыздай көп самсаған.

Қайырмасы:

«Алтын Жұлдыз алдым» деп,
Аса мақтан етемін;
«Айналайын, халқым» деп,
Ән шырқаумен өтемін.

(*Қазақ халқының атақты әншісі Роза Тәжісібайқызы*
Багланованаң өтініші бойынша жазылған өлең еді.)

Алматы. 01. 01. 1991 ж.

НҰРЛЫ САЗГЕР

(*Нұргиса Тілендіевке*)

Адуын, қағілез қалпы,
«Отырар сазы» – абырой, даңқы.
«Ата толғауы» бата тәрізді,
Үйип тындаиды халқы.

Ажал оған да жетті,
Есіл ер дүниеден өтті.
Алатау ауыр күрсінді,
Ел құніреніп кетті.

Қайран Нұр-ағанды
Қара жер құшагына алды.
Домбыра күйзеліп үнсіз,
Қыл қобыз анырап қалды.

Бір өлім: ерте ме, кеш пе,
Өн болды әр кез, Ол қашанда есте.
Өмір жалғасады дәйім,
Өнер сарқылмайды есте.

Күн күркірейді кенет,
Нұр сіркірейді, демек.
Нұргиса сәуірде туған,
Күмбірлеп, дәүірлей бермек.

Гул желбірейді бір сәт,
Көңіл елжірейді бұл сәт.
Гажайып Музыка тыңдауға,
Тәнірім, бере гөр мұрсат!

ЕГДЕЛІККЕ ӨҢ БЕРМЕЙ (Әскен Нәбиевке)

Өсекенді жас екен деп жүргенмін,
Сезген емен біразға кеп жүргенін.
Егделікке өң бермей отыр мығым,
Жаулап алып оқырман ел жүрегін.

Әкесі ғой он кітал, он баланың,
Танмен талас шабытқа тан қаламын.
Ауыртпалық арқалап мыңқ етпейтін
Жампозындей маңқиған маң даланың.

Кейіпкерін өмірден ойып алып,
Кескін түгіл, көрсетер бойын анық.
Мінімізді әйгілең өзімізге,
Шымшып-шымшып қойғанын мойындалық.

АҒАНЫҚ АСҚАР БИІГІ
(Академик Манаши Қозыбаевқа)

Талпынып Мендіғара, Қостанайдан,
Шарқ ұрып қос қанатын кеңге жайған.
Ғылымның алқарапек аспанында
Жарқ етіп жарқын жүлдyz пайда болған.

Тынымсыз ой толқыны жазы-қысы,
Зерттеуден қол үзбейді ғалым кісі.
Әйгілі академик Қозыбаев –
Тәуелсіз Қазақстан тарихшысы.

Бүркеулі құнды дерек, мағлұматтар,
Тарихтың қойнаулары қатпар-қатпар.
Аянбай, жанын салып жүр ғой Мәкен,
Тарихта болмасын деп ақтандақтар.

Білгенге Шындық дейтін сөздің құнын,
Ақиқат – аса қымбат, киелі ұғым.
Мәкеңнің зерттеулерін мақұл көрген
Қаншама конгресс пен симпозиум?!

Білімі – ұшаш-тәңіз, ен дария,
Ден қойған Абылайға дегдар, зия.
Алаштың аргы-бергі тарихынан
Манаштың өзі де бір энциклопедия.

Зерделеп ел тағдырын өмір бойы,
Толғанып, тебіренген терең ойлы.
Жетпістің биігіне шығып отыр,
Халқына қадірі мол, абыройлы.

Біздерге дәйім камқор, болған пана,
Жөн сілтеп, жол көрсеткен ол бір дана.
Біз бүгін мақтанышпен айттар болсақ,
Асқар тау – алдымызда ардақты Аға.

КҮМІС ҚАМШЫ

(Академик Кеңжегали Сагадиевтің
мерейтойына)

Ақынжанды, саятшы, аңшы деген,
Ер жігіттің қаруы – қамшы деген.
Мен сондықтан, Кенжеке, сыйға тартым.
Сіз көркейіп жүрсін деп қамшыменен.

Тойыңызда шырқайды сазгер-әнші,
Асуларға қарайды Сіздей аңшы.
Атқа мініп, Кенжеке, көп жасаңыз,
Қолыңызда жарқырап күміс қамшы!

* * *

Қазағымның Арысы,
Асқар таудың Барысы.
Өнер-білім, жақсылық,
Өміріңнің мәнісі.

Балаларың бай-манап,
Немерең көп, жай қанат.
Жетпісінде желкілде,
Нағытайды аймалап!!

*Алматы, ақпан, 1998 жс.
«Отырар» мейрамханасы.*

ЖЕТПІС ЖАСЫҢ МӘУЕЛІ (ғалым Қалдыбек Сәбденовкө)

Кезінде бай Жылғадан бастау алған,
Кеуденде – асыл, мұрат, асқақ арман.
Қалды-еке, қадірлі үстаз, аяулы әке.
Мың сәлем, Алматыдан, Астанадан.

Өмірдің өткен талай өткелінен,
Сіз – ғалым, сіз – қайраткер өткөрілген.
Төсінде кең жайлаудың – мың шәкіртің,
Ұшырған Алатаудың бектерінен.

Сіз ашқан Жаңалық көп бәрін терсе,
Сіз алған күміс медаль әлденеше!
Сан жылғы қайран еңбек қайтар еді-ая,
Бас маман бір шәкіртің соғым берсе.

Әмина – асыл жарың, жакқан шамдай,
Төрт ұлын – Артур, Асқар, Айдар, Алтай.
Келінің – қос Фалия, Раушан, Зәуре,
Жанұян тату-тәтті шекер балдай.

Әуелде немереніз бесеу болса,
Көп емес картайғанша нешеу болса.
Әйгерім, Дария мен Дархан, Дәурен,
Тамаша Дәuletтөн соң Сәулет болса.

Ән мен күй – тойға шашу, әуелесін,
Жетпіс жас алма ағаштай мәуелесін.
Қалды-еке, қыздар Сізге гүл ұсынып,
Сұлулар беттен сүйіп әурелесін.

Естелік-жазғаныңыз, ой болса екен,
Өрісте – мыңғырған мал, қой болса екен.
Бүгінде Сізге деген ізгі тілек:
Бұдан зор жүз жаста да той болса екен!

Алматы. 2002 ж.

СӘБИТ БАЙЗАҚҰЛЫНА

Ардақты академик Сәбен, дейміз,
Сәбене бізден ыстық сәлем, дейміз.
Алпыстың асқарынан Сізді көріп,
Біз қалай куанышқа бөленбейміз?!

Ақсұнқар самғап ұшып жүрген болар,
Аққу құс айдын шалқар көлге қонар.
Мерейтой, кемел жасқа келген күні,
Құшағы Сіздей жанның гүлге толар.

Үлкенге, кішіге де мейірімі мол,
Үнемі бізге сабақ – Сіз өткен жол.
Үстаздардың ұстазы, дейміз, Сізді,
Мәртебе, беделініз, әрине, зор.

Алпысқа жаңа келген тойыңызда
Қараймыз Сіздің сұңғақ бойыңызға.
Өңкей бір мақтау сөзден қымсынбаңыз,
Тек қана – ізгі тілек ойымызда.

Пайданыз көп тисе де жұртыңызға,
Бұлданып, бәлсіну жоқ ғүрпіңызда.
Көз алмай Сіздің биік тұлғаныздан,
Сұлулар қызығады мұртыңызға.

Толқынды сәні бөлек шашыңыз да,
Жаралған табиғатпен жарасымда.
Толқынға көзі түскен арулардың
Жүрегі толқығандай расында.

Жарқырап Светлана жаныңызда,
Жетпіске қадам басқан шағыңызда:
Көбейіп куанышты күндерініз,
Көркейіп арта берсін бағыңыз да!

ҚАЙРАН ӨМІРБЕК

Алатай баурайына келгені күз,
Жабырқау біздің дағы көніліміз.
Күрсінген кеудемізбен, мұнды жүзбен
Жиналдық Өмірбектің жылына біз.

Өмекең өмірден тез өте барған,
Жете алмай жетпісіне кете барған.
Ауылдан Алматыға қайтпай қалды,
Амал не, айта берсек, жетеді арман.

Егіліп кімдер сонда жыламады,
Кім, деймін, көздің жасын бұламады.
Жыл бойы Өмекенді жоқтауменен,
Күләштің көзі жастан күргамады.

Үлдары үнсіз жоқтап әуел бастан,
Сәулесі жылап еді уанбастан.
Өмірбек дүниеден өте барды-ау,
Кызығын кенжесінің көре алмастан.

Өкінтіп бәрімізді осынау ой,
Біз оны еске бүтін аламыз фой.
Жүргенмен әзірге бұл тіршілікте,
Түбінде біз де сонда барамыз фой.

Ал, Күләш, бара қалсаң Қармақшыға,
Сәлем де, көп ағайын, әр жақсыға.
Неше рет ас берсе де, артық емес,
Жалбыров Өмірбектей ардақтыға!

Тәгілген көз жасына дамыл болсын,
Қаралы көнілге де сабыр болсын.
Өмірден өткен жанның асындағы
Бар дұға, барша тілек қабыл болсын!!

25 қазан, 3 қараша, 2005 жыл.

АРДАҚТЫ БАЖА – СЕРИКБАЙ!

Көнілде көптен бері болмай маза,
Жазудан жалығып ем жаза-жаза.
Менің де желпінетін кезім келді,
Арнайы шақырган соң біздің Бажа.

Тұмаудан айығудың ізден емін,
Арқаның демеу көрдім ескек желін.
Маған да мактануга болады енді:
Мәжіліс депутаты – Бажам менің!

Біреулер бұл сөзімді түсінбесе,
Біреулер білгісі кеп: «Ол кім?» десе;
– Серікбай Бисетаев, – деймін сонда, –
Оралған Сарыағаштан күні кеше.

Бәзбекте көтеріліп көніл хоши,
Масайрап қансонардан келгені осы.
Серікбай бүгін – мұнда, ертең – онда,
Аумаған қазақтың бұл Фигаросы!

Сайраңдап барған сайын ойға, қырға,
Жанында – асыл жары, алтын Биға!
Сүйсініп Серікбайдың тірлігіне,
Тамсанып біз отырмыз құрмет-сыйға.

Серікбай, жалғыз ұлы Жұмабектің,
Бұл күнге бұлаң қағып, еркін жеттің.
Арасын Астана мен Қостанайдың,
Күнара сапар шегіп дүбірледтің.

Наурызда бірден сезіп көктем лебін,
Тамаша – тұрмыс құрып, үйленгенің!
Сен өзің содан бері болдың сері,
Күнде – той, күнде – думан жүрген жерің!

Ақ көніл, шалқып жатқан Сен бір айдын,
Үлкенге, кішіге де құшақ жайдың.

Ақ сүтін ақтау үшін тұғансың Сен,
Аяулы, абзал ана – Жұматайдың.

Өзіне тартып тұған ұлың Қайрат,
Өз ісін, өз пайдасын біледі әйбат.
Кесіпкер Қайратжанның арқасы ғой,
Отырсақ ұртымызды біздер майлап.

Алдынаң Тұлкібайдың өреді мал,
Қолынаң Маржанқұлдің ішкенім бал.
Ауылды көркейтеді немереміз,
Олжас пен оған сенің Дәлелің бар.

Махаббат – жеке меншік қызың Сенің,
Кәмила, Дияр менен – жиендерің.
Өзге емес, осы біздің Биғамызға,
Кезінде жақсы болған үйленгенің.

Бүгінде алпыс төртте Сенің жасың,
Өлі де жылдам, шашаң, іскер жансың.
Сигызып екі аяқты бір етікке,
Кей-кейде апшымызды куырасың.

Алайда жақсылығың Сенің мың сан,
Айтуға келмей жатыр менің мұршам.
Мен қалай сені, Биға, мақтамайын,
Жыл сайын бізге соғым беріп тұрсан.

Әйгілі азаматы Қостанайдың,
Өзің аса жомарт, аскан байдың.
Осында жеделдетіп келгенім сол,
Сен барда, мен ешкімнен жасқанбаймын.

Қасында – Болат бажа қыстай, жаздай,
Баураған баршамызды, ей, Серікбай!
Ағайын-тұғандардың арасында
Осылай думандай бер жыл он екі ай!!

2003 ж.

ТАРЛАН ЖЕЗДЕ *(Серікбай Бисетаевқа)*

Қырымға қырыққа жуық барған жезде,
Көкшеге келдіңіз бе тарлан кезде?
Жez қармақ қолыңызда көрінбейді
Лектіріп апамызды алған лезде...

Қаранып қарт қыранша айнала сіз,
Таранып қолыңызға айна аласыз.
Жай басып, жайbaraқат келе жатып,
Сіз, бәлки, өткен күнді ойға аласыз.

Есте ғой Ессентуки атырабы,
Көңілде талай серуен жатыр әлі...
Жағада күнге күйген сұлулардың
Қоладай күреніткен балтырлары.

Бұл күнде сұқтанбайсыз сұңқар көзбен,
Атпайсыз сұр жебені әрбір сөзден.
Айырып тұрасызың-ау сонда дағы
Батсайы, мақпалдарын сиса-бөзден.

Кеше бір жоқ болдыңыз кешкіғүрим,
Әшейің бос құдік пе әлде мұным?
Әйтеуір армандаймыз көрсек деп біз,
Сіз көрген қызықтардың оннан бірін...

АРДАҚТЫ БИҒАҒА

Арайлы күндер шуағын төккен,
Өмірің нұрлы, көңілің – көктем.
Мереке, думан, тойына сенің
Ағайын-туған асығып жеткен.

Бірәліқзы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Ажарлы жұзің, көркейген кезің,
Тұла бір бойың – сабыр мен төзім.
Жадырап бір сәт, күлесің кейде,
Айтылған сөзді ұнатсаң өзің.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Анашың Құлән, нағашың – Арғың,
Нагашы жұртты іздел те бардың.
Жадыңда шығар жағалай бәрі
Таласып саған ұмтылғандардың.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Әлемнің шарлап өнірін барша,
Сен көрген текіз, аралдар қанша.
Шәмшия апаң бір кездे жүрген
Әдемі дөңде тебірендің сонша!

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Тәнірім қосқан Серікбай – жарың,
Өзінді ғана деп жүр ғой «Жаным!»
Алыстан аңсап келгендे Сәкен,
Бейлің ыстық, құшағың жалын.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Тұңғышың – Қайрат, Туғанай – келін,
«Серігін тапты Махаббат» дедің.
Кәмила, Диляр – жиенің болса,
Олжас пен Дәлел – немерен сенің.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Тұлкібай бауырын, тұлғасы таудай,
Соғымы семіз, қазысы қандай!
Маржанкул десе, маржан ғой, шіркін,
Айраны дәмді, қаймағы балдай!

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Өзіңе тартқан Қазина сіндің,
Келеді менің құшактан сүйгім.
Сен үшін Биәш, аймалап-құшып,
Серікбай үшін тағы да сүйдім.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

«Тамаша кісі – Тәтеміз» деген,
Болат пен Галя туыс қой ерен.
Тойыңа сенің толқиды, бәлкім,
Қарагөз женген Дарико менен.

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

Бұрқырап шашың, керіліп қасың,
Омырау-кеуден өрекше жансың.
Ғұмырың ұзак, тірлігің ғажап,
Мұбәрәк болсың зейнеткер жасың!

Бірәліқызы Биға,
Біздерге дәйім қуаныш сыйла!

2002 ж.



ОРМАНШЫ – ФАЛЫМ
(академик Тайжан Тоқмұрзинге)

Көркейіп, жарқын жүзі жайдарлана,
Марқайып төрде отырган Тайжан аға!
Мерейтой, мерекенің құтты болсын,
Жетпіске келгеніңіз жаңа ғана.

Көкшетау өңірінен Қарағаштан,
Ғылымға дер кезінде араласқан.
Орманды қызығыштай бол қорғайды екен,
Орманда сұлулармен кеп сырласқан.

Сіз тұған қоныр күздің қазан айы,
Өмірдің өзгеше бір ғажап айы.
Алланың берген сыйы халқына деп,
Сізді жүрт құрметпен бағалайды.

Орманға көңіл бөлгөн елден ерек,
Сіздей жан сирек туар өте зерек.
Әспеттеп осы тойда мақтау үшін,
Басқа бір қырыныздан келу керек.

Даланың орман-тоғай, тау мен тасы:
Саятши, мерген, дейді Сізді, расы.
Жақсыны жақсы көрер арулардың
Күшті ғой Сізге деген ықыласы.

Жарасып шашынызға күміс қырау,
Әркімдер іштей оны сезіп жүр-ау.
Елу жыл қызмет қылған ардагер деп,
Сізге айттар тілегіміз біздің мынау.

Қараса, көркіне көз тойған аға,
Есен-саяу, көп жасаңыз, Тайжан аға!
Жүздессек, жүздесейік Ұлытауда,
Кездессек, кездесейік тойда ғана!!

ДОСҚА

Есімде орта мектеп, үлкен ауыл,
Жан-жақтан келген шәкірт әжептеуір.
Үйінде Сейтекеңнің біз пәтерші,
Төкеммен ойда жоқта болдық бауыр.

Бесінші – екі класс, егіз еді,
Айырып, екі бөлек емізеді.
Білімнің узынына қанбай келсек,
Сейтекең бізге таяқ жегізеді.

Тойынып, біз ықылық атушы едік,
Ойынның қызығына батушы едік.
Күлкіміз тұн ауғанша тылмастан,
Жамылып бір көрпені жатушы едік.

«Кім мынау су көрмеген, күнге қаңсып,
Қайсың бұл киімінді жатқан жанишып?» -
Осылай айғай апам ойбайласа,
Өтірік жым болушы ек ұйықтағансып.

Шомылдық қарасуға, Есілге де,
Жасында ән салушы ең, есінде ме?
«Жай таптай жалғыз гармонь, – дейтін едің, –
Қыздарға үйқы бермей жүрсің неге?».

Соншалық жанға жағып ұнады ма,
Сол әуен әлі күнге құлағымда.
Бармысың соны бүтін айтуда сен? –
Өзіңден өтінішім, сұрағым да.

Мен арық, сендерден сәл аласа едім,
Сен толық, басқарманың баласы едің.
Бөлініп көрген жоқсың бізден бірак,
Әуелден жаның адал, таза сенің.

Әкеңіз – ел таныған Әлмаганбет,
Өмірін әлеуметке арнаған бек.
Келеді түрің сенің, тұлғаң сенің,
Мактауға: «әкесінен аумаған» деп.

Жанқыміс – анаң сенің асыл адам,
Ешқашан тасынбаған, жасымаған.
Айранға қаймақ қосып: «Мә, қалқам» деп,
Мәпелеп ас бергенін есіме алам...

... Дариға күндер зулап өте берді,
Әр жаққа арман бізді жетеледі.
Өмірдің өткелдерін айтар болсам,
Әңгіме тым ұзаққа кетер еді.

Ержетіп, әйел алдық, болдық бодан,
Көз жазып біраз жылдар қалдым содан.
Бір жылғы төл ме, десем, түйдей күрдас,
Екі жас кіші екенсің сен онбаған.

Жастықтың айдынында бірге жұзген,
Жасырын бұл бір сырын сенің бізден.
Екі жас шегергенің – ойнау үшін,
Өзінен екі-үш класс кейін қызбен.

Ойнасаң кейінгімен, ойна, мейлің,
Жасарып, қолдан келсе, жайна, мейлің.
«Отыз жыл уысында келген ұстап,
Отыз жыл аяласын Зайра» деймін.

Әркімің болсын ұлы Үстемдей-ак,
Аузыңнан Айгүл, Алмаз тұскендей-ак.
«Аталап» оңнан, солдан немерелер,
Келінің күнде алдыңнан үстел жаяд.

Жігіттің құрбы-құрдас, досы болар,
Тойыңды жүрген шығар тосып олар.
Айнала жора-жолдас, ағайынның –
Адамның бір бақыты осы болар.

1989 ж.

ТАТУ БАЖА, ТАМАША ДОСҚА

Ал сәлем, тату Бажа, тамаша Дос,
Тойыңша шакырғанға көнілім хош.
Туған күн, мерейтойың құтты болсын,
Алпысқа жана келген Молокосос.

Сәулеге – Дәстенсің Сен, бізге – Дастан,
Аңқылдақ айғайыңмен көніл ашқан;
Сен жүрсін, теміржолда қызмет істеп,
Кәсібің – қалап алған әуелbastan.

Баласы – Мұсәйіптің, Құләниң Сен,
Еркетай балдызыма ұнадың Сен;
Әженің тентек, сотқар еркесі едің,
Сәулештің құшағына құладың Сен.

Енеміз, тещамыз бар екеуміздің,
Біздерге бере салған екі қызың;
Болды да екеуіңің ақылы қысқа,
Бір шатақ – бір көрімге – шаштары ұзын.

Сөзімді соза бермей, іркілейін,
Тойыңша шашу болсын – күлкім, деймін,
Бір бокал алып қойсақ бәріміз де,
Думан-той ду-ду етер, бәлкім, деймін!



ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Женіспен түйдей құрдас Тұзелбек дос,
Көркіңе, сымбатыңа кеңілім хош.
Елуге жаңа келген жас буыршын,
Мықтылар тізіміне мені де қос.

Бойың бар Алатаудың шынарындаі,
Тойыңа жүтірмеске шыдадым ба-ай.
Елуге келгенінді сенің бірақ
Қыз-қырқын біліп қойды-ау, шырағым-ай!

Уақыт өтіп жатыр, тыным бар ма,
Елу жас – үлкен белес, ұғынғанға.
Елуден асқаныңды әйтсе де сол
Сездірмеу керек еді сұлуларға.

Құрметке бөленесің бүгін төрде,
Мәртебен өсе берсін өрден өрге.
Отыз күн оразанды ұстаганмен,
Өмірдің қызығынан безе көрме.

Арманға жетелейді көсліген жол,
Көрейік саудацыздың жемісін мол.
Баяның, бала-шағаң – бәрі гүлдеп,
Сен, баурым, сексенге кел, тоқсанға тол.

Асығыс айтқан сөзде мін болса да,
Қосылар бұл тілеккे кім болса да.
Сол үшін, ей, ағайын, алыңдаршы,
Колында су болса да, у болсада.

АГРОНЫҢ АРУЛАРЫНА

Армысыздар, арулар, аяулылар,
Армысыздар, ханымдар, ханшайымдар!
Кім сүймейді көктемгі күн шуағын,
Құшақ жайып көктемді карсы алыңдар.

Кім куанса көктемге құшақ жайып,
Күрметтеуге, сыйлауға әбден лайык.
Келіңіздер, ендеши, Сіз бен біздер,
Сегізінші наурыз деп куанайык!

Өміріміз нұрланып алтын күнмен,
Көңіліміз көркейсін қызыл гүлмен.
Атын атап қыздардың, өзін мактап,
Ең қызығы жадырап, ойнап-күлген.

Айту керек Сафура Куанқызын,
Мактау керек Сәлима Жолдасқызын.
Екеуі де куратор, тәлімгер жан,
Жайнатып жүр жастардың шоқ жүлдізын.

Дәбжанова Сәуле бар Түлекқызы,
Куратордың күштісі, көрнектісі,
Және біздің Раиса Мухамедияровна –
Үстаздардың ізгі де мейірімдісі.

Садықова Гүлбібі Маханқызы,
Отыз төрт жыл лаборант болған кісі.
Шет тілдерді жалықпай үйретеді
Жайсақова Раушан Едігеқызы.

Ең белсенді Үкілай Керімқызы,
Үлгеріп жүр бәріне жалғыз өзі.
«Бізді қалай айтпайсыз?» дегендей бір
Құрбанова Гүлнэрдің сұлу жүзі.

Селекция жасайтын, десеніз, кім,
Ол – әрине, іскер жан Галина Ким.
Аң мен құстын, жәндіктің зерттеушісі,
Серікханқызы Зәурешті біледі әркім.

Зайцева мен Шнайдер және Гүлнэр,
Оқымыстығалымдар, философтар.
Бақыт деген – сыйлыққа ие болу,
«Солай ма?» дел, ақырын сұраңыздар.

Сегізінші наурызды -- мереке деп,
Сыйлық берсе, алар ек: «Береке» деп.
Ақша керек кезінде жүгіреміз,
«Дорогая», «Қымбатты, Ореке!» деп.

Осы жерде тұр еді жаңа ғана,
Әне кетіп барады Аманбала.
Агроның қыздары сондай шапшаң,
Екпін беріп жүреді экономикаға.

Сәлем ғылым-секретарь Сәнияға,
Сәлем, Шайхисламқызы Фалияға!
Еркен, міне, баспаға бастық болып,
Зерттеулерді шығармақ жарияға.

Кітапханашы Чайкул Қасымқызының
Құрметтейміз бәріміз ол кісіні.
Ахатова Зәурешке – сәлем, дейміз,
Бүтінгі күн болсын, деп, жарқын жүзі.

Өлең сөзге, құрбылар, құлағын сал,
Әлі талай айтылар құттықтаулар!
Барлығын да мұра ғып жинап жүрген,
Мәжитқызы Ырымжан тәтеміз бар!

Бір құрбымыз, мінекей, Гұлсім – аты,
Ол – осынау ғимарат комендантты.
Бүгін – думан, бүгін – той біздер үшін,
Шіркін көңіл, теңіз боп, деймін шалқы!

Ақ дидарлы арулар, асыл жандар,
Мерекені қуанып қарсы алыңдар.
Артық-кемін өлеңнің айып етпей,
Ұнай қалса, сөзіміз, қол соғындар!



ТОЛҒАРЛАР

ҮШ БӘЙТЕРЕК

Агайын, мені бір сәт көрсөң тыңдал,
Табасың бұл әнімнен сыр мен сымбат.
Жайқалған кең далада үш бәйтерек,
Үш жүздің үшеуі де маған қымбат.

Біріңмен, екі баурым, бірің кенес,
Кім сені, үшеу болсан, мықты демес.
Тараған бір атадан үш туыскан,
Үш жұз деп атануы тегін емес.

Ол заман бітпейтін бір егес пе екен,
Жан бабам, жауларың көп, елестетем.
Үш жүзім – үш тараптан атойлаған,
Үш батыр, үш қосыным емес пе екен?

Жұзіндей айбалтаның жарқыраған,
Үш майдан – үш айбыным Ел қорғаған.
Бірінен бірін осал дейтіні жоқ,
Үш жүздің үшеуі де қымбат маған.

Қазактың бұл дәстүрін слден ерек,
Қадірлеп, көңлің таза, болсын зерек.
Үш жүздің, он екі ата, ез жөні бар,
Таратып айта білсең әдемілеп.

Әдетте киіт кигізіп, ілу беред,
Арада – сый-сияпат жүру керек.

Әркімнің ата-баба, аргы тегі –
Үш жүздің бар екенін білу керек.

Дүниес мың құбылып мен туғалы,
Әуенім түзелгендей ел туралы.
Үш жүздің баласының басын қоскан,
Қазақтың қандай ғажап той-думаны!

Мен де бір, бағым жанса, бәйге күрең,
Бәйгемді түгелімен үлестірем.
Ұлы жүз, Орта жүз бер Кіші жүздің
Ұлдарын бірдей көріп, бірге жүрем.

Көңілге бір нәрсені бірден түйем,
Кеудеме сезім берген тәңір ием.
Ұлы жүз, Орта жүз бер Кіші жүздің
Қыздарын бірдей көріп, бірдей сүйем.

Үш жүздің ұл мен қызы ержетеді,
Арманға кім ұмтылса, сол жетеді.
Бәріміз – бір қазақтың баласымыз,
Кен дала, жайлай білсөн, мол жетеді.

Сондықтан болінбеймін, ей, ағайын,
Елім деп тебіреніп, толғанайын.
Үш бастау, үш қайнарым бола білген,
Үш жүздің үшеуінен айналайын!!!

СӘКЕНГЕ

Ол келгенде бұл өмірге,
Желпіп өткен таңғы самал;
Қоңыр күзде дүниеге
Ұл әкелген асыл Жамал.

Сары Арқадан түлеп ұшқан,
Тегеуінді қызыл сұңқар;

Не десе де дос пен дүшпан,
Бір езіңе болдым іңкәр.

Ең сымбатты ердің нағыз
Ерні, мұрты, көзі, қасы;
Сұлулығы болған аңыз
Сейфолланың Сәдуақасы.

Жас адамның кеудесінде,
Толған үміт, толған арман;
Бай-шонжармен белдесуге
Күрес жолын таңдал алған.

«Кел, жігіттер, – деп, – айқын сез»,
Тәңкерісті жырлаған ол;
Асығып тез аттанған кез,
Бақыты да, соры да сол.

Жарқылы көп найзагайдың,
Күркірі де құшті болар;
Өңкей жарлы-жакыбайдың
Өкіметін орнатты олар.

Еңбекшіге созған қолын,
Өрлесін деп өрге тасы;
Сол кездегі Совиаркомның,
Ең әдемі Тәрағасы.

МӘҢГІ ЖАС

Он тоғызда отқа кіріп барған қыз,
Жауған оқтан жасқанбауын барланыз.
Өлімі емес,
өрлігімен Батыр ол,
Бойжеткеннің ер бейнесі – елге аңыз.

Жылдар, жылдар, дейді: «Батыр – елуде...»,
Егде Мәншүк – қыын тіпті сенуге.
Жаралған да жоқ еді гой Ол бірақ
Әтір емес, оқ боратып себуге.

Момақан қызы гүлге, күнге құштар-ды,
Жайдары жұз жау көргесін сұстанды.
Ел дегенде елжірегіш жас жүрек
Пулеметке төнсе, болды, – ұстамды.

Дала қызы, дарқан Елдің аруы,
Көңілде – гүл, қолда – суық қаруы.
Біздер үшін қалқан етті қеудесін,
Жадымызда Жұлдыз болып жануы.

Әпкем менің, аруагын сыйлаймың,
Асыл ару, егделікке қимаймың.
Қарындастым қалған мәңгі жас болып,
Мәншүк үшін махаббатты жырлаймың.

Ей, құрбылар, бүгін биік самғайсың,
Еске сонда Ер Мәншүкті алғайсың.
Мәншүк үшін нәзік бола түсіндер,
Мәншүк үшін бақытты боп әрқайсың!

АЙНАЛАЙЫН ЖЕР-АНАДАН!

Мен бекерге керіспеймін:
«Фарышқа сен құлшынба» деп.
Шолпанға да жетсөң, мейлің,
Жер байғусты қомсынба тек.

Сезден кімдер жаңылмайды,
Ойға салып, толғансын ел:
Адамға Жер табынбайды,
Адам – перзент, анасы – Жер.

Жұлдыздарға ұшады ұлан,
Тұған жердің төсін еміл.
Шықпай жатып құшағынан,
«Сен, табын» деп тепсінбелік.

Қанаат беріп өсірген Жер,
Өз ұлына табынбайды.
Ел көгерсін десең егер,
Орнат жерге күн мен айды.

Жетеміз деп арай белгे,
Алдарқанып жүрген жоқ па?
Жерді төмен санай көрме,
Қанша биік самғасақ та.

Шыңға жалау тіккендер де,
Жерде жүріп жол алады.
Аспанға ұшып кеткендер де,
Жерге қайтып оралады.

Өтсе бір күн дүниеден,
Жер қойнына кіреді адам.
Емес дала – қу медиен,
Жер қадірін білген Бабам!

Шер тарқатқан әнмен, күймен,
Елден қымбат не бар маған?
Жан иесін әлдилеген,
Айналайын Жер-Анадан!



АРАЛҒА ШИПА БОЛАР МА?...

1. Қайран Арап

Араша сұрайды елден қайран Арап,
Аралсыз қалған елім қайда барап?
Шегінген жағалаудан айдын көрсөң
Көңілдің өзге мұны жайға қалар.

Қайрандаپ көлтабанда жетім кеме,
Қарадым аянышпен сол кемеге,
Аспанға ертең ұшып кететіндей,
Мейрімсіз болдық Жерге біздер неге?

Сарқылар қымыз емес сабадағы,
Теңізге келді нениң зобалаңы?..
Аралдың құлазыған кемеріне,
Жамырап, қайтсе толқын оралады?

Табиғат – жазған құл ма жаза шегер,
Жамиғат, араша бер, араша бер;
Аршылған жез күмғандай жән сарайын,
Аралдың жағасына жаңаша кел,
Алдына анашыңың балаша кел! –
Араша бер.

2. Шіркін Арап

Аралым, есімдесің сен әрдайым,
Жаныма батады әр кез сенің жайын;
Тынысым мениң дағы тарылады,
Тартылып бара жатыр, деген сайын.

Жағанда сезілмеді-ау жібек самал,
Алқынып жатырмысың, шіркін Арап?!
Жарқынның жағалаудан безінбеші,
Мен келдім, мениң қандай айыбым бар?

Ау да жоқ, ауыл да жоқ, келгенімде,
Көр болып, жайрап жатыр жетім кеме:
Тоздырып тәнірегін, жүрген жерін,
Мейрімсіз болдық екен біздер неге?

Таусылып сөйлеріме бар ғой негіз,
Жоғалар, бүйте берсек, Арал-теніз;
Теніздің жоғалуы мүмкін болса
Өмірдің болмауы да мүмкін, деңіз.

Бұл сүмдық,
сүмдық лебіз...

3. Сарқылмашы

Ортайып қалған соң, қайран Арал,
Әркімге сенуін қойған болар;
Бұркуге жетпейді сылдыр сезін,
Мырзалар, Аралменен ойнамандар.

Көлтабан қалмасын үнірейіп,
Аралға су іздел жүгірейік.
Ашы мен тұщыны татқан білер,
Аралдың езіне жүгінейік.

Аралға тиер деп бір шипасы,
Мен жүрмін егіліп, сен тыңдашы;
Жаудан да женіліп көрмек едік,
Аралым, демігіп, алқынбашы.

Балықтай сусырап аузын ашқан,
Құстардың көрдім мен құмнан қашқан;
Теніздің орны бар, толқыны жоқ,
Ақкудың сынары жүр адасқан.

Айнала тұзды шөл, атамекен,
Күніміз не болар біздің өртен?
Жайлайдан қол үзіп қалғанымдай,
Аралдан көз жазып қалар ма екем?

Шағала, тынбашы шаңқылдашы,
Аралым, айдыным, тартылмашы,
Алдында кінәміз көп болса да,
Бір ғана тілегім сарқылмашы!

АЛТЫНБЕГІМ-АЙ!

Жаның таза жан едің ақ сейлеген,
Асырмай да жасырмай, нақ сейлеген.
Елдің көші қисаймай, түзелсін деп,
Билікке де бардың сен жақсы ойменен.

Өрен биік, өренім, деңгейін зор,
Жібермеді-ау еркіне айнала тор.
Өнкей жемқор, құзғындар арасында
Адалдығың болды ғой өзіңе сор.

Билеп-тестеп үйренген содыр кілең,
Үрейленді «Үштаған» дегеніңнен.
Қас дұшпаның әуелден мәлім еді,
Содан емей, өлімің – енді кімнен?

Жауды қайтып андамай, жаза бастың,
Жантәсілім сәтінді айта алмаспын.
Алатая тұр ауырлап көтере алмай,
Қасіретін, қайғысын алты Алаштың.

Талас жүріп жатқанын алтын таққа,
Сенің қазаң әйгілеп қойған жоқ па?
Жұрттың мұны түсініп, ұғынуы
Тым қымбатқа түскені-ай, тым қымбатқа...

Алтынбекім-ай, Алтынбекім-ай,
Қанды қолдан мерт болған қайраткерім-ай!

ІШІНДЕ ТЕМІР ТОРДЫҢ АРЫСТАНДАЙ

Галымжан, айналайын, халің қалай,
Көңілің неңдей күйде кешке қарай?
Терт болып екі көзің отырмысын,
Қамауда күн өткізген, қарағым-ай!

Сұрланған, сұмдық жерге үйрендің бе,
Адамды жәбірлеуден жирендің бе?
Кінәң жоқ, жазан ұлken, аяулы жан,
Құсмұрын түрмесінде күйзелдің бе?

Жазалы мерзімің де әлі бітпей,
Самал жел зарықтырды-ау, желпіп өтпей.
Ауырлап абақтының қапырығын,
Киналып отырсың ба, ауа жетпей?

Әйгілі тұтқын болдың аты дардай,
Бұл күнде жан дүниен, айтшы, қандай?
Тісінді шықырлатып жүрсің бе әлде,
Ішінде темір тордың арыстандай?!

Казактың небір өжет боздақтары,
Әр кезде абақтыны босатпады.
Билікке наразылық білдіргенге
Биліктің құрулы түр дұзактары.

Ниетің, сөзің, ісің түзу еді,
Тұзулік – ұлken айып болды, тегі.
Еліңе титтей де бір жазығың жоқ,
Тұрмеге отыргызып койды-ау Сені.

Жұзінді бір көруге зар болғасын,
Жұбайың төкпей қайтсін көздің жасын.
Өзінді құтқарам деп шырылдан жур,
Су сепкен қанатымен Қарлығашың.

Күйініп елдесін де, жерлесің де,
Жыылып, ашынған жұрт ұндесуде.
«Әділдік, әділ билік жоқ кой» деген,
Халықтың күрсініс бар қеудесінде.

Босанып абақтыдан акыр-тақыр,
Еркіндеп жүрер кезің келе жатыр.
Ел-жұртын аңсап күткен Ер Галымжан,
Сенің де арғы тегің – аскан Батыр!!!

Тұтқында отырған жан көп ойлайды,
Толғанып дәл өзіндей кім ойлайды.
Қайтсе де, бостандыққа шығасын Сен,
Таң атпайын десе де, Күн қоймайды!

ҚАЙДА, ДЕЙМИН, ОЛАР?

Жадымнан шықпай әсте, жүр ғой ойда,
Үрланған Жолдас қайда, Айбар қайда?
Бір хабар екеуінен болмай қойды,
Жер-көктен сұрайтыным: – Олар қайда?

Қайдасың, Жолдас,
Қайдасың, Айбар?
Күрсінтпей қоймас,
Күйзелтіп ойлар.
Бармысың, Жолдас,
Бармысың, Айбар?!

Біреулер қолдан жасап қасіретті,
Еркінсіп, ел тонауды кәсіп етті.
Атқарған адал қызмет екі бейбак,
Жоғалып ұшты-куйлі қайда кетті?

Қайдасың, Жолдас,
Қайдасың, Айбар?
Күрсінтпей қоймас,

Күйзелтіп ойлар.
Бармысың, Жолдас,
Бармысың, Айбар?!

Біле алмай өлі екенін, тірі екенін,
Жоқтаумен екі мұңлық жүр екеуін.
Не халде, нендей күйде Жолдас, Айбар? –
Зарлаймың мен де жоқтап сол екеуін...

ОЛАР ҚАЙДА?

Армангүл, қарс айрылып көкірегін,
Күрсіндің көз алдыңда бүкіл елдің.
Жолдасың ұшты-күйлі жоғалғаның
Жасырмай, әйгілеуден іркілмедің.

Жар салдың: «жұмыста жоқ» деген бойда,
Ұрланған Жолдас қайда, Айбар қайда?
Екеуін ешкім неге жоқтамайды,
Ар қайда, ұят қайда, обал қайда?!

Жер жұтып қойғандай-ақ ол екеуін,
Білмедік өлі екенін, тірі екенін.
Сен сонау Венаға да барып қайттың,
Айтуға кінәлінің кім екенін,

Түсіріп жүрттың көбін әбігерге,
Тұрі жоқ қайтарылар қазір елге.
Біздегі қокырайып жүргендердің
Күшті екен күйеу бала бәрінен де.

Дәрменсіз билік бұған арланбай ма,
Әлі де сол жүгенсіз тайраңдай ма?
Күрсының күріп кеткір содыр-сойқан,
Алдымен Жолдас қайда, Айбар қайда?!

ЖӘБІРЛЕНУ

(Екі ішекте – мұңғ мен шер)

Ойлансан, осы сөзге құлақ түріп,
Бізде бар өзінше бір тұрақтылық.

Тұрақты түрде дәйім қазағымның
Көретін көресіні, азабы мың.

Бейнеткор көп қазактың біреуі – мен,
Сезілер кім екенім жүдеуімнен.

Мәз емес түрғылықты елдің хәлі,
Өлең-жыр оны айтпаса, кімге дәрі?

Жүретін ылғи да бір үйсіз-күйсіз,
Үнемі қазак, десем, ұн демейсіз.

Болғанмен екі бірдей астанасы,
Қазактың әлі де мұңғ баспанасы.

Талайға пана болған аздап қана,
Әрдайым әуресі көп жатақхана.

Колайсыз жыл он екі ай жыры бітпес,
Төлейтін ақысы да аздап тектес.

Жарлыны қуып жатқан жатағынан
Дөкейдің ат үрккендей атағынан.

Ұдайы қазақ байғұс зар илеп жүр,
Жұбайы көз жасына нан илеп жүр.

Он сотық жері де жоқ үй салатын,
Қазақ қой қашанда сол қиналатын.

Көрсетер жұрттың өзін жұғымсыз ғып,
Көбіне қазаққа тән жұмыссыздық.

Бір күрек екі қолға табылмады,
Қай қазақ жұмыс іздең сабылмады?

Ауылдан қалаға жұргт ағылғанын
Орасан тауқымет деп қабылдадым.

Жалданып кәріске де, қытайға да,
Қазактың ырысы бір құтайған ба?

Жем болып аңқау қазақ жүліктеге,
Қадірі кем болып жүр түріктен де.

Кеншілер қырылса да небір атпал,
Безеріп, мынқ етпейді озбыр Миттал.

Ашынған айқай-шуға, ысқырыққа
Қожайын қарамайды пысқырып та.

Қорқыттың қайда барсан, көрі боп жүр,
Қазаққа полицейлер бөрі боп жүр.

Кісіні бір сөз айтқан ұстап та жүр,
Кінәнді мойында, деп, қыстап та жүр.

Қазаққа тап беруден іркілмейміз,
Кит етсе, қазакқа тек зіркілдейміз.

Күйінбей қазақ бұған қайтіп шыдар,
Қазақты қайтсе де бір кемсіту бар.

«Мемлекет сендердің, жер біздің»
Деп көкіп жүрген жоқ па кей әулекі?»

Бөтен боп көрінуге асығуы,
Басқаның бұл да бізді басынуы.

Бөркі де кейбіреудің қоқырайып,
Қазаққа қарайтындаид одырайып,

Өзге жұрт секілді бір өте зия,
Қазакты менсінбеу де – тенденция!

Мен өзім ар-намысы бар кісімін,
Кетеді көтеріліп қан қысымым.

Жүрген соң қазақ байғұс зар еніреп,
Менің де отырғаным есенгіреп.

Осынау жер бетінен Айға дейін
Қазаққа жанашыр жан қайда, деймін.

Қазактың бебеулетіп домбырасын,
Көз жасым омырауға сорғаласын.

Екі ішек мұнға толы, шерге толы,
Мен бүгін біразырақ шерттім соны...

...Әйтеуір: «тұрақтылық» десендер-ақ,
Тұрады көз алдымда сорлы қазақ.

Бір сұрақ лауазымы, шені барға:
Қазакты жәбірлеудің шегі бар ма?!



ЗЕРДЕЛІ УАҚЫТ

Еркін толғау

Желтоқсан тәмам,
Кел, қаңтар, бізге таман.
Жеңіл бір тыныс,
Желпініс сезем,
Жаңа жыл Елге
басқан сәт қадам.

Жаңаның аты жана.
Жауған бір қардай
әлгінде ғана.
«Кіршіксіз» десем,
кулуің мүмкін,
Айнала тұтін,
әуеге қара.
Үміт пен күдік
бермейді маза,
Әйнекке аяз салады өрнек.
Өнерлі жанға
ниетім таза,
Кел, Жаңа жыл, төрлет!

Еркіндік лебі,
желкенін керген,
Айдында – Кемем,
әзірге баяу.
Мандытпай қойдық,
найқалуменен.

Көнтіген ерін,
көнбістеу елім,
Ереуілдетіп
жүргені рас.
Жүдеубас күйін
айту да қыын,
айтпау да қыын.

Әйткенмен, Тоқсан,
жасырып болмас.

Көбіміз іштеп
тынумен келдік.
«Көзіміз жаңа
ашылды» дер ем.
Қисайған жүкті
түзеу де ерлік,
Оңай ма бірақ
түзелу деген?

Әр сәті қымбат,
уакыт ерен:
«Ең соңғы, – дейді. –
мүмкіндік берем».
Ісіміз онға басады, бәлкім!
Жана жыл, саған
еңімдей сенем.

Ең жаңа досым,
есінде болсын:
Шындықтың сүйген
турашыл кісі
әлі де тосын.
Жанары өткір ұлан –
томагасыз бүркіт.
Ұлттың намысын
куган ұлдан.

Жүрме сен үркіп.
Шұбартқан ойдым-ойдым,
Десек те сәнін:
күнде бір қоғам,
қаулаған ойдың –
есепке ал бәрін.

Еркіндік арман еді,
желігу көп тым.
Сөзінде татым бар ма, тегі,
Өзінде береке жоқтың?
Кеуде ұрып,
тепсінуге дүрміз.
Сынықтан өзге жұғып,
митингіде журміз.

Еркіндік жақсы,
еркінсу жаман.
Білген де жақсы.
білгірсу жаман.
Әйтеуір, Тоқсан,
көлгірсі көрме,
Қылымсып әман.

Барымды бардай,
Жоғымды жоқтай,
айтуым парыз.
Өтер ме енді
өзіңе соқпай,
Отелмей қалған қарыз?!

Қазақтың жері,
Абайдың елі,
Білгейсің, Тоқсан,
тозайын деді.

Аягез ару,
Қарауылтөбем,
Қайнарга кімдер
кожайын еді?!

Өрімдей жастың
сүйылды шашы –
Қатерлі уыт – қанда,
«Қатерсіз» десе, нанба.
Дегелен қаудың
кул-парша тасы.

Бүйректі жанып,
Батады жанға.

Мүкін бе төзіп, шыдау? –
Ширыққан елді.
Жөнім бар құлтар;
Жарымжан болған
даланы мынау
Полигон деген бәледен құтқар.

Өмірді улап,
Сынаудың бәрі –

Атамнан аулак,
күрысын әрі!!!
Дүмпүі сүмдық
дүлейден құтқар.
Құбыжық қару кімге дәрі?!

Өзекті өртеп,
іштегі жалын,
Өлеңмен
серпілдім әрен.
Ертеңгі күннің
табар деп бабын,
Зерделі Тоқсан,
өзінде – дәмем.



ҚАЛЫҢ ТҰМАН

Өмірде болғанымен қуаныш көп,
Кұлазып отырсың-ау, Қуанышбек.
Айрылып Нұржаныңнан қалғанында,
Айтуга сөз таппадым жұбаныш деп.

Ақ ботаң ауладағы ойында жок,
Ақ қозың бір іскеуге қойныңда жок.
Мұндай да мұң-қасірет болады екен,
Кісінің үш ұйықтаса ойында жоқ.

Жол шегіп Алатаудан Нева жакқа,
Аттанып кеткенің сол сен аулакқа.
Ұлыңға ажал жетіп, апат келген,
Үйіңе бейнет орнап бейуақта.

Болғаның ұлдың опат үй ішінде,
Естідік тұнжыраған тун ішінде.
Дүбіліп тұні бойы дөнбекшідім,
Жастықтың жанға батып бүгісі де.

Қасыңнан тастамайтын құлышағың,
Кім білген соры қалың, ұрыншағын.
Кім білген ойнап жүрген ортекені
Ажалдың тосып тұрған сұм құшагын.

Зыр какқан тоғыз жасар ұршық-ұлан,
Қылылып кете барды қыршынынан.
Құдай-ау, түк түсінсек бұйырмасын,
Тағдырдың тым қатыгез тылсымынан.

Аһ ұрып ана байғұс қалған шығар,
Кекірек қарс айрылған арман шығар.
Не керек, құлдыраған құлышың жок,
Жұғіріп, сен келгенде, алдан шығар.

Папалап ұмтылатын пәк жанымен,
Мойныңа асылғанға мақтанып ең.
Әттең, сол сәтсіз сапар, ауыр жолға,
Бауырым-ай, неге ғана аттанып ең?

Соңыңнан суық хабар жетті-ау барып,
Ыңғары тұла бойды кетті-ау қарып.

«Балаңыз ауыр халде» деген сэтте,
Жолаушы дәрмені жоқ неткен ғаріп?!

Еріннің тістеп алған қаны шығып,
Кармандың қайтар жолға жанушырып.
Самолет қантарылып тұрды бірақ,
Қалғандай канат-құйрық – бәрі сынып.

Ауғандай күннің көзі бағытынан,
Қаланы торлап алды қалын тұман.
Алматы қабылдамай қойды-ау, көкем,
Жөңкіліп тұманнан соң тағы тұман.

Төгілген көз жасыныи буы дедік,
Кеуденің жалын атқан уы дедік.
Қарадай есенгіреп қалдық біздер,
Екі күн сені тосып тұрып едік.

Тұмшалап екі арасын жер мен көктің,
Тұтасқан қою тұман, мұлға бектің.
Адамды жіпсіз байлап қоятуғын,
Қорлығы өтті-ау саған самолеттің.

Сенделіп сегіз сағат Орынборда,
Ұшарға қанатың жоқ, түстің торға.
Ұлыңды бір көруге зар қылдырып,
Құдайым мұнша неге салды сорға?

Ұшырмай мына тұрган Қарағандың,
Торығып тоғыз сағат және талдың.
Мұң болып Алматыға аяқ басу,
Осынша қасіретке неге қалдың?

Тартқанда жарың үйде жан азабын,
Шектің сен шектен аскан жол азабын.
Жеттің сен құр сұлдерің сүйретіліп,
Тірліктің бастан кешіп бар дозаын.

Тұсіріп тағдыр солай сергелденгс,
Құлының жайрап жатты сен келгенде.
Дүние қараң тартқан сияқтанды,
Сәбииң сәске түсте жерленгенде.

Көз алдың – көрген түстей бұлдыр елес,
Секілді мұндай сүмдүқ мүмкін емес.

Кезінді жасқа толы сұртші, бауырым,
Айналан әсте сенің тұлдыры емес.

Жанында жас тайлақтай ұланың бар,
Ержетіп қалғанына қуанындар.
Мандайға сыймай кетті кенже балан,
«Боташым жұмақта» дейіп жұбанындар.

«Ақ ботам ойнақ салып өтті» дейсін,
«Боздатып боз інгендей кетті» дейсін.
Қарайып қалған үлға ғұмыр берсін,
Құдайдан одан өзге не тілейсін?!

ОН БЕС ЖАСАР МЕНСҰЛУ

Әсем құлқін тиылған,
Он бес жасар Менсұлу.
Қыршынынан қылған,
Сенсін – мәнгі шер сұлу.

Қара түннің елге бір
Қасіретін кім білген.
Не болды еken жерге бұл
Қапелімде сілкінген?

Аямады тілсіз жау,
Қалған үй жоқ қирамай.
Өте бардың, құнім-ау,
Тәтті үйқынан оянбай.

Өмір-тірлік ешқандай
Сезілмеді жүзінен.
Сенің қазаң, қалқам-ай,
Кетер емес есімнен.

Айналдың сен қабірге,
Болмай жатып ең сұлу.
Осыншама Тәнірге
Не жазып ең, Менсұлу?!

ТЕРЕҢ ТАМЫР

Россия. Қазақстан.
Жаны туыс жұрағатпыз.
Бірін бірі таза қүшқан –
Татулығы кінәратсыз.

Әуел бастан көрші қонған,
Араласып-құраласып.
Жазық дала, жасыл орман
Шекарасыз, тұрган ашық.

Өздеріне сырттан біреу
Тиіспесе, жүрген тыным.
Бұлшық еті білеу-білеу,
Құймақ асап, ішкен қымыз.

Қазақтың кен өлкесіне
Ауа көшкен заманы ауыр,
Орыстың ақ бөлкесіне
Сары майын жакқан ауыл.

Қаудырлаған тондар кілен
Қауқылдастып салғанда пеш –
Түсінбестік болғанымен,
Жатсынуы болған емес.

Айдың-күннің аманында
Кездері жоқ жәбірлескен.
Жолығысып қалғанын да:
Құшақ жайып: «тамыр» дескен.

Терең жатыр, дейтін шығар,
Шын достықтың тамырлары,
Тасқа біткен егіз шынар,
Тәрізді ғой тағдырлары.

Россия. Қазақстан.
Жаны туыс жұрағатпыз.
Бірін бірі таза қүшқан,
Татулығы кінәратсыз.

«Бишаралар» авторымен
Ғашық жардай сырлас Шоқан.
Мұнға толы ақ түнімен
Тұңжырайтын ортақ Отан.

Ағартуға туған халқын
Тұңғыш мектеп ашқан Ұстаз.
Білсін шәкірт орыс әрпін,
Білімдіге дала мұқтаж.

Окуға дең қойған елдің
Ұл мен қызы аса зерек.
Тойда гармонь ойнап еркін,
Жәмшік әнін салса керек.

«Өнер,.. ғылым – орыста» деп,
Кеменгерлік айтқан Абай.
Ұлы жолда тоғысқан кеп
Ел мұддесі талай-талай.

Россия. Қазақстан.
Жаны туыс жұрағатпыз.
Бірін бірі таза құшқан –
Татулығы кінәратсыз...

...Қар ұшқындаپ боқырауда,
Жалшылардан кеткен дамыл.
– Бостандықтың оты, лаула!
Деген өктем жетті дабыл.

– Кедей кәрін байға тігіп,
Қолға билік алсақ иғі! –
Екі тілде айтады үтіт
Қазақстан большевигі.

Ел ішінде дүрлігү көп,
Шама қайда бәрін ұгар...
Ұлтқа, жүзге бөліну жоқ,
Үлкен қосқа бірігу бар.

Түрксібтің өн бойында
Орыс-қазақ қоян-қолтық.
Асқақ өлең туды ойында,
Асқар ақын ерен толқып!

Байтақ дала бар алабын
Біртін-біртін жарқыратып,
Достық нұры тарағанын
Сезінудің өзі – бақыт!

Россия. Қазақстан.
Жаны туыс жұрағатпыз.
Бірін бірі таза құшқан
Татулығы кінәратсыз.

Бесжылдықтар домнасынан
Шойын саулап,
мырыш та алды.
Жан аямас жолдасынан
Біздің достық құрыштан нық.

Москваны жаудан қорғап,
Шегінбестен түрган қалпы.
Кеудемізге қалған орнап
Жиырма Сегіз Ердің Данқы.

Елдің кегін қорғасын ғып
Атқан оқтың көбін бердік.
Қының күнде қолдасып нық,
Тұтас шептен сөгілмедік.

Орыс – аға, қазақ – іні,
Панфилов пен Бауыржандай.
Көнілдің пәк тазалығы
Жанағана жауған қардай.

Қарға тамған қызыл қанның
Қызғалдағы өсті қырда...
Мен төтенише қызығамын
Майдангерлер достығына!

Россия. Қазақстан.
Жаны туыс жұрағаттыз.
Бірін бірі таза қүшкән –
Татулығы кінәратсыз.

Парижге де апарғызды
Әміренің асқақ әнін.
Күйіші жігіт, шопан қызды
Көрген емен жасқанғанын.

Өз орында – атамекен,
Азат кезін ғажап сезін!
Кім ауыздан қағар екен,
Сейлер болсаң қазақша өзің.

Өуезовтей асқан шебер
Зерден күміс аямаған,
Екі тілде бірдей кемел
Асыл ойлар аялаған.

Қанышты зор көреді анық
Орыстың сан ғалымдары.
Тым теренниен корек алып
Тұр ғой достық тамырлары.

Алтын егін, қызыл қырман –
Жомарт дала көркі дерсің.
Мың қайтара өттік сыннан,
Әлдекімдер көкімесін.

Жаңа өмірде жарасымы
Акку-қаздай ашық-жарқын,
Бейне көздің қараашыбы –
Сақтау абзал достық салтын.

1975 ж.

ДАСТАНЛАР

АЖАР-БОЗДАҚ (әуен-дастсан)

Желкілдек

Төсінде даланың желкілдеген,
Ен дәүлет көрдім мен еркін Елден.
Егінжай алабын араладым,
Келіншек тәрізді тәркіндеген.

Жайқалған егінге көз жіберсем,
Алтын жал толқындар билейді эсем.
Жанарам жасаурап қуаныштан,
Толқытын әдетім – эсерленсем.

Сүйсініп тұрғаным айқын менің,
Сүйсінтпей қоймайды жайқын егін.
Толқыған көнілден туады өлең,
Жайдақтап шаппайтын ақын едім.

Арман не, кезінде желкілдесен,
Жетіліп, керкейіп, еркіндесен.
Самалға тербелген сары алтыным,
Қымбатсың бүгін де, ертең де сен!!

Бір түйір дән

Сарғайып әдемі піскен егін,
Тамаша сезіндім ыстық лебін.

Аршыған түйір дән қауызынан,
Толысқан, күшті екен, тістеп едім.

Бойға нәр болар ма бір түйір дән,
Түйір дән – тәнірден бұйырған дәм.
Тәңірім, сақтай гөр асылымды,
Сақтай гөр кездейсок құйындардан!

Еріннен кетпестей уыз дәмі,
Елімнің болсын дән, болсын нәрі.
Тірліктің мен білсем, көркі – жеміс,
Құр бекер, құрғақ сөз кімге дәрі?!

Екі жас

Кең дала әнге бай әуел бастан,
Оракта шаң берді әуен-дастан.
Қырманнан көрдім мен екі жасты,
Еңбекке құлшынып араласқан.

Жастық шақ алаулап тұрған кезде,
Жалған деп кім айтар көрер көзге.
Мұрныңды шүйіріп, күлме, достым,
«Еңбекке құлшынып» деген сөзге.

Алтын күз жолдар көп тарау-тарау,
Дүбілген дүйім ел қызыл танау!
Тәуелсіз болсақ та неше жерден,
Еңбексіз күн бар ма, жарандар-ay!

Жайрандалап екі жас жүрген маздалап,
Кеңлінді желпінтіп, кетті қозғап.
Өмірге сән берген егіз екім.
Өзілі жарасқан Ажар, Боздақ.

Екі жас ерке наз айтсын десек,
Екеуін тыңдайық алма-кезек.
Өнердің көрігі үшқындей ма,
Еркіндік самалын сезінбесек?!

Білсөң еді...

— Сен болсаң — Ажар қыз дән ұшырған,
Мен — Боздақ, бір сен деп жанұшырған.
Тозаңға бөлөніп жүр екенсін,
Таныздым сыңғырақ дауысынан.

Қырманның төрінде бұландағын,
Әлде бұл — төзімді сынағаның?
Ақ кірпік жүзіңнен айналайын,
Бір сауал қоймасқа шыдамадым.

Төзімнің өйткені бар ғой шегі,
Бір жайды, күрбыжан, білсөң еді.
Мен сонау сәүірден құмар едім.
Құмардан шығармын, қайтсем, тегі?!

Мұрша қайда?

— Тозаңға бөледің көрген бойда,
Құмартып үлгердің келген бойда.
Қазандай қайнаган қызыл қырман,
Сөзінді тындауга мұрша қайда?

Алты ай жаз жүргенсің қалай шыдал,
Сауалды қойған жән ойланқырап.
Жігіттің сөзі емес — «қайтсем» деген,
Сұрактың кезі емес — алтын орак!

Іңкәрландым

— Әйнектей жалт еткен сөз жарқылың,
Жалындай шарпыдың, ақжарқыным.
Ақылым, қайтейін, түстен кейін,
Ойланып келмесем он шакырым.

Айнала желкілдек арпа-бидай,
Күнұзак судырап, түр ғой тынбай.

Мен саған, асау қызы, інкәрландым,
Егіннің сыйдырын тындаі-тындаі.

Арманға жетер жол табылғанша,
Өтерін кім білген өмір қанша.
Ормауға болмайды егінімді,
Егіннің қызығы – орылғанша!

Қайрау

– Әуелден інкәрің – арпа болса,
Ойланып, толғандың неге сонша?
Ер болсан, егінді ормаймысың,
Егіннің сыйдырын тындағанша.

Сұлудай толықсып етін піссе,
Ер жігіт көшпей ме сөзден іске?
Күмарың тарқасын десен егер,
Неге бір құлышынып, серпілмеске?!

Ер болсан бір қыздан үмітің зор,
Оракта қайрат қыл, жігітім, мол.
Бак-дәүлет, ол да бір тұлқі емес не,
Тұлкіге шүйілген бүркітім бол!!!

Оң қабак

– Ор да ор, бол да бол! – Күзгі дабыл,
Ақсабан бермейді бізге дамыл.
Бір көріп қайтуға, сәулем, сені,
Қырманға беттедім жедегабыл.

Сен үшін ойга да қырга бардым,
Мен қашан дән тасып зырламадым.
Бір көріп қайтуға келгенімде,
Орнында болмасаң, жынданармын.

Ұшарға қанатсыз доңғалағым,
Қырқадан жүлдіздай сорғаладым.
Бір көріп, мәз болып қайтар ма екем,
Бір түрлі тартады оң қабагым...

Жалықпайсын

– Оң көзің тартты ма, жок па, қайдам,
Екпінің аумайды күйкентайдан.
Бір көріп қайтуға мені сонша,
Жер-көкті шандатып келдің қайдан?

Жүлдіздай сорғалап, қалықтайсың,
Өзінше қиялдан, шарықтайсың.
Бір көріп қайтуға жұз келесін,
Сен қалай, жаным-ау, жалықпайсың?!

Қырманға балапан таулар орнап,
Тауларды сусытып, жүрмін қозғап.
Орныман күндегі таба алмасаң,
Бекерге жынданып жүрме, Боздақ!

Айдан асты

– Жан сырын айтсам деп келсем зырлап,
Әзілдеп қоймайсың алдымды орап.
Жаныңа кісіні жолатпайсың,
Ұшырган бидайың құмдай борап.

Жас көңіл, айым-ау, неден ұян,
Жігітке ұяндық кейде зиян.
Женгем де мазалап жұр ғой мені:
«Қыздардан бар ма, – деп, – аллергияң?!»

Аңсаумен төрт болған екі көзім,
Құмарлық оңай ма, білсең өзін.
Бір саяал қойғалы айдан асты,
Бір жауап беретін болды кезің.

Келсең етті

– Сен жоқта жел кеулең төңіректі,
Айнала тынымсыз гүілдегетті.
Мен сені, Боздақ-ау, тостым сонда,
Кешігіп, бөгелмей, келсең етті.

Сен жоқта жел кеулең төңіректі,
Бір жаман қоныр бұлт төніп өтті.
Шынымен төрт болса екі көзің,
Қырманға тезірек келсең етті.

Сен жоқта жел кеулең төңіректі,
Көnlімде маза жоқ, тыным кетті.
«Бір сауал, бір жауап» дей бергенше,
Қырманға ертерек келсең етті...

Жүргімді ұсындым

– Сен болсаң – арман қыз дән ұшырған,
Мен едім бір сен деп жаңұшырған.
Жолымда жәудіреп тұр екенсің,
Колында – күргегің, сабы сынған.

Кім белген жол тосып жургенінді,
Тұлатып жібердің жүргімді.
Аршын тес, жәудір көз, еркетайым,
Нендей күш ұсындырған күргегінді?

Аядым торғылтым білегінді,
Мен саған берейін күргімді.
Күректің бір өзін азырқансан,
Ұсындым, қалқатай, жүргімді.

Сөзіме тағы да құлсан, мейлі,
Күдерім әйтсе де үзілмейді.
«Бақытың сол қыздың қолында» дед,
Жүргім кеудемді сұзгілейді.

Өзінде болсын

— Аясаң торғылтым білегімді,
Берсең, бер әуелім күргінді.
Жүргегің өзінде болсын, Боздак,
Мен қайтем сұзеген жүргегінді.

Дән кеузеп, желпуге онды-солды,
Күргегің тамаша, қыздың қолы.
Жүргегің өзінде болсын, Боздак,
Кеуденде бұлқынып жүргені онды!

Ажардан әлі де үмітің бар,
Қанатың талмаған сен бір сұнкар.
Жүргегің өзінде болсын, Боздак,
Әйтпесе кім маған болады інкәр!

Төзім қалмай...

— Жаныма жағады сезін балдай,
Жүзіңнен тұрдым мен көзімді алмай.
Ерінім ерніңе тиер ме еken,
Ерніңнен тістер ем өшім бардай.

Алқынып толқыған төсің қандай,
Төсіңнен тұрдым мен көзімді алмай.
Кеудене кеудем бір тиер ме еken,
Баурыма басар ем, есім қалмай.

Телмірген көзімнен ықынғандай,
Бұралып, майыскан мықын қандай?!
Беліңе қолым бір жетер ме еken,
Беліңнен қысар ем құтырғандай!!

Балтырың тәңкерген бөтелкедей,
Көрмесем, болар ем өте кедей.
«Балтырдан, шіркін-ай, сипаса бір»
Деген ой кетпей жүр көленкемдей.

Әзілкеш күлімкөз, сөзің балдай,
Аршын төс, бұраң бел, өзің қандай?
Ауысып кетпесем, жарап еді,
Сабырым таусылды, төзім қалмай!!!

Рас шығар

– Төзімің таусылып, құлай жаздаң,
Өуенің баяғы, келдің боздаң.
Белімнен балтырға бір-ақ түстің,
Көкейің белгілі болды, Боздақ?

Соңымнан қалмай жүр көленкен де,
Өнерің жоқ па еді бұдан өңге?
Белімнен балтырға бір-ақ түстің,
Сен өйтіп, Боздағым, төмендеме.

Қай жігіт болмаған қызға құмар,
Ер жігіт қыынға төзіп, шыдар.
Белімнен балтырға бір-ақ түстің,
Ауысып кеткенің, рас шығар!..

Осы жолы

– Тесіңнің ойығын көрсем болды,
Ұмытып қаламын қайтар жолды.
Әшейін әзілдеп айтсан дағы,
Боздағым дегенің қандай онды!

Тесіңе созып ем екі қолды,
Арманға қолым бір жетпей қойды.
Жаныңа жуытпай жүрген сәулем,
Көкейде не барын білсек, болды!

Мәшинем корабы дәнгे толы,
Қайтер ең, саулатып тәксем соны?
Мен қалай төгіліп, таусылмайын,
Сендей қыз көрмесем бұрын-соңды.

Жігіттің әлде бақ, әлде соры,
Жүйткіген мәшинем – жүйрік торы.
Мен сені эй-түйге қаратпастан,
Аулаққа әкетем осы жолы.

Орақтың, бұйыртса, бүгін соңы,
Қайтсем де әкетем осы жолы.
Өкшенді жерге бір тигізбейін,
Бексенді тіземе қойсан, болды!

Кешкі уақыт

– Еркіндеп мейлінше ойнадың ғой,
Еркіме көнер деп ойладың ғой.
Бойымда, жігітім, нең бар еді,
Тал бойым түгендеп қоймадың ғой.

Өкшемді тигізбей жерге, тегі,
Алдыға өнгеріп алғың қелді.
Бексеме тиіскен түрің жаман,
Әкетпей қоймассың, сірә, мені.

Заулайтын мезгілің – кешкі уақыт,
Келсөң, кел, маңайды жарқыратып.
Менің де жүргегім бар емес пе,
Мен қалай шыдайын бұдан артық?!

Ер жігіт көргем жоқ мен де сендей,
Мен қайтем, «жүр» дессөң, саған ермей.
Әуелден тілегім сол емес пе,
Әкетсөң, әкетші, боздай бермей!!

Ол бір бақыт

Аспанда жымындал, жұлдыз қоздал,
Аулакқа жөнелді Ажар, Боздак.
Екеуі оңаша болса, болсын,
Құпия ынтығын қайтем қозғап.

Ай нұрын төккен кез төңірекке,
Ай шуақ сілтейді арғы бетке.
Екеуі оңаша болса, болсын.
Аулактап жүрген жоқ олар текке.

Түйісіп қалды ма еріндері,
Бегеліп тұруы жиіледі.
Екеуі оңаша болса, болсын.
Ұмытып былайғы дүниені!

Бір күйіл, бір жанып, бірге балқып.
Екі жас қосылса, ол бір бақыт!
Қызығы – жар сүйіп, жалын құшқан,
Адамға не керек одан артық!!!

*Алматы – Қызылжар – Қостанай –
Көкшетау – Астана – Алматы*



МӘҢГІ МҰНАР (қиял – назым)

Кекшетаудың тарқамайды мұнары,
Көрген жанның тарқамайды құмары.
Көк торғындаі көк мұнардан туды Жыр
Бозбала Тау, бойжеткен Бұлт туралы.

Әуелгіде әлденендей тозаннан
Жер-дүние жаралғалы не заман!
Дәл осылай болады деп түбінде,
Тау мен Бұлттың тағдырын кім болжаған...

...Жер койнынан бір керемет тас шығып,
Тау тұлғалы болып өсті, жас жігіт.
Таудай болып өспегендे қайтсін Ол,
Кең далаға көктем келсе, жаз шығып.

Төбесінде – зенгір аспан, көк күмбез,
Әлде содан биіктеуі Таудың тез?
О заманда көзге түспей қоя ма,
Тауға біткен өршіл кеуде, ер мінез!

Тұлғасымен сүйсіндіріп жер-көкті,
Ержеткен Тау болды бойшаң, көрнекті.
Көк жүзі де көрді перзент сол кезде,
Әуеде сол әлдиледі бөбекті.

Үлбіреген шөкімдей Бұлт, ақ түбіт,
Мөлдіреген іңкәр сезім, тәтті үміт.
Ойда жоқта келе қалған өмірге,
Мінсіз өлең секілді бір – сәттілік!

Зенгір көкте жүзгендей бір ақ желкен,
Әлемде жоқ әдемілік бұл неткен?!
Сол әдемі бұлдіршін қыз, ақша Бұлт,
Болды, дейді, сондай әсем Бойжеткен!

Үлгерді Бұлт өрлеп ширек сағатта,
Әлде менің бұлай деуім ағат па?
Біздер оны тым жас көріп жүргенде,
Қыз баланың бой жетуі заматта.

Әрленді Бұлт сәулесі мол сәскеде,
Күн көзінен жасқану жоқ әсте де.
Өзін еркін сезінетін тәрізді,
Көк жүзінде көлбендеген жас дене:

«Өзім дербес, өзім биік тәрдемін,
Өзім кербез, болған емес менде мін.
Енді неге әлі күнге жалғызыбын,
Сынар болар сонда маған жерде Кім?!»

Осынау ой, тосындау ой, үмітпен,
Бойжеткен Бұлт айнала көз жүгірткен.
Төніректі түгел барлап тұрғанда,
Көз ала алмай қалғаны бір жігіттен.

Бірден назар аударғаны – Тау бағлан,
Қара мұның жаңылмауын таңдаудан!
Басталады нағыз Сүйіспеншілік
Көзің түсіп, көзді бір сәт алмаудан.

Сейтіп, сол Бұлт жерден Тауды аңғарды,
Кесек тұлға, кескініне таң қалды.
Бұлттың енді бүкіл тыныс-тірлігі
Таудың өзін тамсантуға арналды.

Көркейіп Бұлт, кәкті сәнмен кезеді,
Әсемдігін іштей өзі сезеді.
Әуедегі тендересі жоқ сұлуға
Таңырқаудың келді Тауға кезегі.

Кезі түсіп көкте Бұлтқа мұның да,
Тебіреніп тұрды, дейді орнында.
Шымырлады, десем, Таудың жүрегі,
Осы сәтте қисыны бар оның да.

Бой суынып, бой ысынып безгектей,
Бұлқынды Тау, Бұлтқа қолы тез жетпей.
Бір тәуекел, биікке Тау ұмтылды,
Іңкәр көңіл шыдайды ма, тездепей?!

Бозбала Тау ұмтылған соң: «өбем» деп,
Бойжеткен Бұлт келді бұған томендер.
Тау талпынды, Бұлт оралды мойынға,
Жасыл белдер, айдын көлдер, өлеңдет!!

Сүйіншілеп жүгір, шапшаң-ак, бұлак,
Қуаныштан сендер селтен қақ, құрак!
Үйенкі-тал, ыргалындар, билеңдер,
Өңшең түйе жапырақтар, жат құлап!

Той тарқады, жиналды той табагы,
Жұртпен бірге Құн де кетіп барады.
Жер-жаһанға жарық берген нұрлы Құн,
Жұбайларға құлімсіреп қарады.

Құн кешкірді. Дәу көленке ұзарды,
Көгілдір Бұлт, қымсынды ма, қызарды...
...Жым-жырт болып тұратыны-ай маңайдын,
Ымырт түсіп, қарауытса көз алды.

Тұған кезде толықсыған көркем ай,
Тау менен Бұлт жұбын көрсөн... көкем-ай!
Алқарапек Таудың қеуде, мойнына
Ақ түбіттен орай салған бөкебай!

Мұлгіген Тау, сүйенген Бұлт. Өздері.
ТАң алдында мызғыған бір кездері.
Шіркін ләzzат-шырын балы өмірдің,
Жаным, тәнім жас құнімде сезгені.

Елтігендей есің шала ол бір шақ,
Жас кезінде қандай тәтті таңғы сәт!
Тіршіліктің оянғанын әйгілеп,
Бозторғайдың шырылдауын жанын сап!

Қоңыр салқын самал есті сәлден соң,
Жетіп келген: «бір сұлу бар» деген соң.
Тау төсінде дамылдаған Бұлтқа сол
Үйірле қалғаны бұл көрген соң.

Тандай қағып, Тауды айналып Жел есті,
Бұлтпен ойнап, Бұлтпен күліп, кеңесті.
Сыбыр ете қалды, дейді, бірде Жел:
«Әрине, Тау сенің теңін емес-ті».

Көзін аңдып, қолын ұстап, жанасып,
Жаратпауын әдей байқамағансып;
Аңғарған соң Бұлттың жеңіл мінезін,
Бір күн айтқан: – Тауды таста, маған шық!

«Талжылмайтын Таудан, дәуден не пайда?
Мен бармаған, мен көрмеген жер қайда?!
Мен өзінді өзелетіп әкетем» –
Желдің сөзін естіген Бұлт екі ойда.

Жүрген соң Жел Бұлтты солай азғырып,
Кекірлікке айналды ма наз қылық? –
Бұлт бүлінді, Бұлт түйілді Тауына:
– Елпілдегіш емессін, – деп жазғырып.

Желіктіріп, ойнады Жел көп енді,
Еліктіріп, ертіп Бұлтты жөнелді.
Тұла бойы мұздап кеткен көк Таудың
Өр кеудесі күрсініп те үлгерді.

Жанарында жас бар, жоғын білмедік,
Бүркеп алды тұңжыраған тұн келіп.
Ертеңіне тастай қатып тұрды Тау,
Қабагынан қар жауғандай тұнеріп.

Тұмысынан бірбеткей ме, өжет пе,
Taу біржола Бұлттан күдер үзет те,
Желге қарсы тұру үшін қасқырып,
Өз еркімен сұранады күзетке.

Иығына қызын міндеп, жук артып,
Бекінген Тау – берік сақшы тұрган тік.
Қас қылғандай Жел түседі көзіне
Бара жатқан Бұлтты қеулеп, бұралтып.

Желігүі Желмен бармай ұзакқа,
Біраз күнде Бұлт оралған бұл жаққа.
Тауға қайтып келетіндей түрі бар,
Еңсепі Тау қайдан көнсін қылжаққа!

«Неге айныды, неге айрылдық?» деп налып,
Бұлт кінәсін кешпейді Тау, ол анық.
Таудың мұны кешірмеуін сезген Бұлт,
Жылап қоя береді екен қорланып.

Ала бол Бұлт, қара бол Бұлт, түйіліп,
Жасын ойнап, күркірейді күйініп.
Өкінген Бұлт қандай күйге түссе де,
Өкпелі Тау көрген емес иіліп...

Бұл бір қиял, қызық әлем тұнған сыр,
Тау мен Бұлттың болмысынан туған жыр.
Тау үнемі мұнарланып тұрады,
Бұлт шіркінге әлі күнге іңкәр бұл.

Әркімін де көнілінде бір арман,
Шынға келсек, шыққан кім бар құмардан?
Ең бақытты, мұңсыз күнін аңсау ғой
Аскар таудың арылмауы мұнардан.

Кекшетаудың тарқамайды мұнары,
Көрген жанның тарқамайды құмары.
Көкейімде көптен жүрген өлең-жыр
Лайыған Бұлт, мұңайған Тау туралы.

ТАҢГЫ АҚ СӘУЛЕ

Ақ сәуле таңнан тарайды,
Аралап қазақ өлкесін.
Таңырқап бір сәт қарайды,
Көргенде таудың өркешін.

Алтайдан биік деңгейде,
Талпынған көніл таңтерен.
Зайсаннан келген Семейге,
Ертісті бойлап ақ еркем.

Кекпекті менен Шарбакты,
Шарлайды самғап ақ сұңқар.
«Бәрі де маған ардақты»,
Аягөз десем, Таңсық бар.

Жарысып Ақсу, Лепсімен,
Балқашқа келіп құяды.
Қайнарды қорғап тепсінем,
Жазылып белдің құяңы.

Егіндібұлак дегенде,
Едірек еске түспей пе?
Наурызды тосып, елеңдеп,
Сүт құйған көже ішпей ме?

Әшекей-Мөнек егіз ғой,
Өзіміз талай болған жер.
Әсем бір әнге негіз ғой,
Ақындар келіп қонған жер.

Туған жер-сонау теріскей,
Көлденең Есіл, Көктерек,
«Сергеев» деуге келіспей,
Кетіп ем бір кез өкпелеп.

Аютас деген әуенде,
Ен жайлау болған бұл өлке,
Әркімдер келіп тәуелдеп,
Көңілге тұсті кіреуке.

Атамыз біздің бұл жерді –
Қаратас дейтін ежелден.
Талқандап сенді жіберді,
Жартасқа келіп тежелген.

Қаратас десе, Қаратас,
Орнатқан тәңірім ғажал тым.
Іргесі бекем мызғымас,
Сертіндей берік қазактың.

Телегей-теніз жарқырап,
Арындал түрған бөген су:
Құлаған сәтте сарқырап,
Ақ көбік тасқын у да шу.

Жер-судың атын қойымпаз,
Кеудесі зерек халқымның.
Тарқасын ескі өкпе-наз,
Шырқатшы бір ән, жарқыным!

Есілден ұзап шыға алмай,
Кешіктім неден, япырмау! –
Қабағын шытып, шыдамай,
Аралым тосып жатыр-ау.

Тобылдан көктей өтсем де,
Өрлейтін көне Торгайды.
Кезімнің жасын төксем де,
Аралға жұғын болмайды.

Бүгінде Сырдың өзі де,
Тобықтан келіп жатыр ғой,
Соған да, баурым, төздің бе,
Төзбеуің мұлде мақұл ғой.

Тозбаған енді нең қалды,
Безіндім құрғақ сөздерден.
Ыргыздан шығып, Жем бардым,
Жанашыр іздең көз көрген.

«Ойыл мен Сағыз» дей бердім,
Көңілде бір от маздады.
Дидарын сонау Бейнеудін
Көрге, сіра, жазбады.

Жеткені осы киялдың,
Әр жағы – теңіз, Атырау,
«Алқындым» деуге ұлдым,
Мүмкін бе бірақ толқымау?!

Сөзімді менің кім сөгер,
Толқыған, думан құнімде.
Тербейді жаным тым шебер,
Күмбірлеп түрған дүние!

Наурызды мейрам санады,
Егемен елдің баласы.
Жанғырды дәстүр талайғы,
Кімнің бар оған таласы?

Тұған бір күнім менің де,
Наурызың жиырма екісі.
Киелі күн ғой, тегінде,
Туа да бермес әр кісі.

Мерекем менің бұл нағыз,
Жүрегім, тынбай жырлашы!
Бәрінен бұрын, бұл наурыз –
Көктемде келген жыл басы.

Жуанның әбден жінішкеріп,
Жұқарып түрған кезінде.
Наурызды қуат, күш көріп,
Қараймыз күннің көзіне.

Шуакқа бөгіп күнімен,
Бусанып жатыр жер төсі.
Қуанып соған жүгірген,
Балбұлақ – көктем еркесі.

«Жасардым» демей не дейін,
Шалқиды бүгін көңіл бір.
Асырып елдің мерейін,
Келді ғой көктем көгілдір!

Әзірге Тұнмен теңесіп,
Теңелді Күннің желегі.
Суық пен жылу белдесіп,
Тұбінде шуақ женеді.

Наурыздың нұры молайып,
Билікті қолға алады.
Мезгілге бірақ жоқ айып,
Бесінгे ауып барады.

Жеткіншек ұл-қызы есейіп,
Үлкендер күлсін балаша.
Көркейтіп елді өсейік,
Ескіше емес, жанаша.

Тоғайдың көркі – тал болар,
Тоғайың азып-тозбасын,
Ауылдың көркі мал болар,
Қойларың егіз коздасын!

«Жасыңыз құтты болсын!» деп
Айтатын бұрын бабамыз,
Көгершін үйге қонсын деп,
Топырлап төрде баланыз.

Заңды ғой тойға баруым,
Келеді елмен теңескім.
Үлгермей, мүмкін, қалуым,
Желден бір жүйрік емеспін.

Қатардан эсте қалмайық,
Думандап дала тәсінде.
Шырқатып әнге салайық,
Наурыздың бозғылт кешінде!

БАСПАСӨЗ ТАРИХЫ

«ЖАС АЛАШ» – ЖАҢА ФАСЫР ГАЗЕТІ

Өмірдің көк балауса, жасыл гүлі,
Жастардың ашық-жарқын, басым ұні.
Пернесін әр кеңілдің әсем шерткен,
«Жас алаш» – барша жұрттың басылымы.

Дегенде: «бір іс тауып, еркін менгер»,
О кей, деп, өркен жайған – бизнесмендер.
Сезеді «Жас алаштың» өршіл «Рухын»,
Ой түрткі, өткір сезін тусінгендер.

Ежелден ізгілікке іңкәр қауым,
Ұстаздар ұнатады «Қоңырауын».
«Ақ отау», «Алдаспанға» жолыққанда,
Бір жасап қалады екен өңкей бауырым.

Жаздырып «Жас алашты» алмау – ұят,
Жүздесіп, сырлас болсаң, өте зият.
Әйткені «Жас алашта» бәрі де бар,
Бәрінен маган қымбат «Руханият».

Сергітіп сейсенбілік спорт беті,
Сүйсінтіп жүр ғой елді «Студенті».
Әркімнің жүргегіне жол іздеген,
«Жас алаш» – бар қазақтың өз газеті.

Наурызда желбіреген байшешектей,
Газетке кім шыдайды көз жүгіртпей?!
Көркейген «Жас алаштың» әр лебізі,
Көбейген қазаңыма түтел жеткей!

«Жас алаш» – аңқылдаған алтын күрек,
Еркетай алты алашқа, еркінірек.
Өлеңім «Жас алашта» жарық көрсе,
Жасарып кеткендеймін қайта тулеп.

Көңілім сәл нәрсеге елең еткен,
Тіршілік, қызық едін, деймін, неткен!
Мінекей екі бірдей «Жас алашты»,
Бір жігіт алып жатыр дүнгіршектен.

Сүйсінсе, сүйсінгендей асау ұлан,
Кем емес сұлу қыздың жасауынан.
«Жас алаш», сені оқымай тұра алмаймын,
Әкемдей шәй ішпесе басы ауырған.

Өзімнін ойымды айтып жеткенше тіл,
Сөзімді түйіндайтін – әдетім бір.
Арманға жетелеген «Жібек жолы»,
«Жас алаш» – жаңа ғасыр газеті бүл!

ДӘНЕКЕР «ТҮРКІСТАН»

Жаңаның төркіні – күміс таң,
Жаңа күн шығады Шығыстан.
Ізгілік сәулесін ойнатып,
Айнадай жарқыра, «Түркістан»!

Әуеде самғауыр көп үшқан,
«Дыбыстан үшқырмын» деп үшқан.
Жер-кекке тарасын жаңа сөз,
Қанатың кенге жай, «Түркістан»!

Не пайда кикілжін, ұрыстан,
Абзалы – ел мен ел ұғысқан.
Арада татулық орнасын,
Дәнекер болғайсың, «Түркістан»!

Өртеніп кетпеуге оқыстан,
Дүние тазарсын қоқыстан.
Санамыз біртіндеп жаңғырсын,
Мұрындық болғайсың, «Түркістан»!

Өлеңім туындал тұрмыстан,
Жазылсын жаурыным құрысқан.
Өнері шынайы жандарға
Жанашыр болғайсың, «Түркістан»!

Жалығып көрмеген жұмыстан
Демеушім – ағайын, туысқан.
Аз емес, көп емес, нақ сөйле,
Әулие, тұра би – «Түркістан»!

БАЗЫНА

Сапар шегу жыл бойы жиі болып,
Тұрлі жерде түстеніп, жүрдік қонып.
Ертелетіп, кештетіп келдік талай,
Бірде тойып дегендей, бірде тоңып.

Жолға дәйім шыққанмен жоба сзып,
Тосын жайлар жөнінді кетер бұзып.
Сәтті оралып жүргенде сан сапардан,
Бірде бізбен мынандай болды қызық:

Қайда барсан, қарбалас, қунде науқан,
Қашан көрсөн, омырау алқам-салқам.
Бастай беріп бір істі жаңа ғана,
Жарым-жарты тастайды-ау, содан қорқам.

Көп науқаннан сен де сырт қала алмайсын,
Жолға киер көллекті жаңалайсын.
Абыр-сабыр әзірге тиылған жок,
Елдің бәрі айтқанмен жағалай сын...

...Салып ұрып совхозға келе қалдым,
Келген беттен, әрине, дерек алдым.
Баспасөзді бас койып оқитынын
Көрген сәттен көркейіп, белен алдым.

– Біздің ауыл шетінен кітапқұмар,
Жаңасын да жақсысын сұрап тұрар...
«Іздеңгеге – сұраган» деген осы,
Мұндай жағдай көңілге үнап тұрар.

– Жұртшылықпен ендеше жүздесейін,
Ауыз ба ауыз сөйлесіп, тілдесейін.
Кездесейік әйтеуір әлеуметпен
Түске дейін немесе түстен кейін.

Газет-журнал оқыған ағайынға
Тілек айтып, тіл қатып қалайын да.
Үгіт сөзде үзіліс болмау керек
Жылдың әрбір тоқсаны, әр айында.

Кітапқұмар жандармен эсіресе,
Бір ғанибет – сырласу сәті келсе.
Шынын айтып оқырман, сынын айтып,
Өкпелесе, еркінде, әзілдесе...

...Төрдегінің бәрі де макұлдасты,
Телефонға тезірек жақындасты.
Иек қағып үлкені жастауына,
Женілдеуі газикке тақым басты.

Мосқалдары өзара күбірлесіп,
Жастар жағы тарады дүбірлесіп.
Бір-екеуі біздермен жүрмек болып,
Артымызға мінгесті күлімдесіп.

Шыға тарта жөнелдік «Волгаменен»,
Будақ-будақ шандакты жолда келем.
Есі-дертім ауылда, адамдарда,
Кеудем менің толған сез, толған өлең.

«Қызыл бұрыш кісіге тола күтіп,
Әлде сыртта тұр ма еken жора күтіп?» –
Он қанаттан заулаған ақ бекендей
Алдымыздан өтуге орағытып...

Жымың-жымың Жылқайдар-Амангелді:
«Сайғақ қусақ» дейтіндей маған енді.
Киіктен де біктен біздің мақсат –
Көрсек дейміз әуескөй тамам елді.

Елге келсек, ешкім де жиналмалты,
Жинауга да жан адам қиналмалты.
Дұғай сәлем дұрыстап жетпеген ғой:
«Сырласады» дегенге иланбалты.

Екі жігіт: «Қалайша? Неге?» десіп,
Кінәлімен жөнелді төрелесіп.
Елең етіп бұларға қарай қалды
Жүрген жерден екі әтеш тебелесіп.

– Кой, жігіттер, көшеде тұра бермей,
Аттың басын кенседен бұра бергей.
Сонау үйге согайық – құлын тұрган,
Қымызқұмар қайсың бар мына мендей?!

Сейтіп, өзім билікті алдым қолға,
Ел адамы ұялып қалды сонда,
Сусын, сулық дегендер қандай онай,
Жүгірісе жөнелді онға, солға.

Құба женгей күбіні пісіп-пісіп,
Ақ дастарқан жайғызды құрақ ұшып.
Түнмел мен саумалды қоса мақтап,
Жанымдағы үшкеуі отыр ішип.

Қымыз ішіп, қызара бәртіп алдық,
Бөлімшеден бір кісі ертіп алдық.
Көл жағалай көкорай шөптесінмен
Дарылдаған дауысқа жетіп бардық.

Жасауындай жайнаған қалындықтың,
Тұныи түрған кезі ғой шабындықтың.
Шалғын исін жұпардай бүркүратқан
Самал желін даланың сағыныппын.

Тиер болса себіміз шөпшілерге,
Күнде келіп тұрсақ та, көпсінер мे?..
Шалғыларын бір сәтке қантартқызып,
Біразрақ сөз айттым көкшіл белде.

Толқынкөлдің толқыны секілді етіп,
Түйдек-түйдек сөйлемдім еркін, жетік.
Ашық аспан астында тыңдаушыны
Күлдіріп те қойдым бір селкілдетіп:

– Шабындықта шапқылап бұл келісім –
Нәр жинаған арадай ізденісім.
Ұзақ күндер толғатқан қаламгердің
Торсық шеке кітaby – сіздер үшін...

– Ой мен істің өміршең дәнекері –
Газет-журнал оқимыз, әне келді.
Кітап жағы қыындау, – деді шөпші –
Әкелсендер, айтамыз: «Бәрекелді!».

Жақсы кітап – қастерлі қазынамыз,
Жаздырамыз, қаласа, алдырамыз.
Мына тұрган жігіттер ойластырысын,
Шаруаны қалай біз қалдырамыз?!

– Біздің тілек, сіздің ой қабысты! – деп,
Пішеншімен коштастым, табыс тілеп.
Енді жүріп кетейін деп тұрганда
Екі жігіт жата қап жабысты кеп:

– Ауылда емес, аралда қоймыз бар,
Қонақ қылып күрметтер ойымыз бар.
Бірер сағат қиыңыз демалыска,
Бүгінгі күн болсын бір тоймыз дәл...

Амал қанша, көнуге тура келді,
Тоғай жаққа көлікті бұра берді.
«Жаздырамыз, қайтсе де алдырамыз»
Деген сайын қөңіл де тына берді.

Тоғайдагы той бірақ келте бітті,
Дәмеленткен секілді текке тіпті.
Бізден бұрын аралға біреулер кеп,
Былқып тұрған тоқтыны жеп кетіпті.

Олардың да «Волгасы» аксұр екен,
Өздері де тамақсау тақсыр екен.
Ішіп-жемді көздеген кісілерге
Арал деген – әрине, жақсы мекен.

Қойдың басы біздерге бұйырмады,
Жігіттердің жағдайы қиыннады.
Мен оларды жұбатып жүріп кеттім:
– Келемін, – деп, – сіздерге биыл тағы.

Қоныр құзде сол жаққа барып қайттым,
Қонырайып қөңілім, налып қайттым.
«Жаздырамыз, қайтсе де алдырамыз»
Деген сөздің бекерін бадырайттым.

Ала жаздай болған жок үгіт кенде,
Ағайынга көп еді үміт менде.
Берген сертке немкетті, немкұрайлы,
Жылтыраған не дерсің жігіттерге?

Баста да емес,
Эңгіме аста да емес,
Замандасқа айтпағым – басқа кенес:
Өз тілінде оқитын азаматтар,
Өз сезінде тұруың – асқар белес!

КӨРКЕЙГЕН «АРҚА АЖАРЫ»

Жүйріктен жүйрік озарда,
Тыптыр да тыптыр, ұмтылыш.
Бөлентген жер-көк тозанға,
Бәсеке, байге, бұлқыныс.

Бұлқынсаң батыл, өжет бол,
Іздеген жоғың табылар.
Карасан, қазір газет көп,
Біреуі сонша танымал.

Айқын да жарқын әр беті,
Әрдайым Өмір – жазары.
Үлкендер, жастар газеті,
Туысқан «Арқа ажары»!..

Әуелгі аты – «Тіршілік»,
Құбылтты заман оны да.
Жүгіртті бізді тілші ғып
«Коммунизм нұрында».

Жөнелдік талай жолға күрт,
Таң атып қырда, құн батты...
...Әмірді еске алған жүрт,
Жоқтайды қайран Жомартты...

Агалар кенес бергенін
Сүйсініп айтсан, жақсы бұл.
Газетке қалай келгенін
Амантай Кәкен жазып жүр.

Дәуірдің мұлдем өзгерген
Жәрменке, жайма базары.
Жас толқын, жаңа сөздермен
Баурайды «Арқа Ажары»!

Әр аудан, әрбір ауылдың
Тірлігіменен тыныстап;
Қазақы кейпін қауымның
Көрсету парыз дұрыстап.

Ақмола, Көкше, Торғайлық,
Тұтасқан мынау аймақтың
Ел-жұрттың ерен, дардай ғып,
Әспеттеу онды, әйбат тым.

Өзен-кол, орман, сай мен дон,
Тозбасын бұқіл тәнірек.
Оқырмандардың берген жөн
Толғаныстарын көбірек.

Қашанда құштар өмірге,
Сарқылмас эсте жазары;
Токсанның биік төрінде
Көркейген «Арқа ажары»!

Замандас, жерлес әлеумет,
Армандас жандар арасын
Үнемі жалғап бұл газет,
Отыз мың дана тарасын.

Бұдан да тіпті молайтып,
Елу мың, десен, өз еркің.
Кейінгілерге соны айтып,
Тілеймін елге мол серпін.

Әйтеуір әр кез халқың көп,
Ауған бір ынта, назары;
Жүзде де жүзің жарқын боп,
Жасай бер, «Арқа ажары»!!

ӘЗІЛ

Не болмайды өмірде,
Қаламдас біздің ағайын.
Сондықтан соңғы номерге,
Қол қойдырып алайын.

**БАЛДЭРЕН
БАЛАЛЫҚ**

БІЛІМНІҢ КӨКТЕМІ

Бірінші қыркүйек –
білімнің көктемі.
Уыздай қоп-қою
күннің нұр тәккені.
Бәйшешек тәрізді
балақан жаны ізгі,
Аңсары – мектебі,
арманға беттеді.
Құмартып жүргені
мұнартып сағымдай,
Елендеп келеді
еліктің лағындай.
Ақ қанат көбелек,
аумаган шағала,
Кіршікіз көйлегі –
кіршікіз арындей.
Шылдырлап қонырау,
шымырлап тұла бой,
Тулампаз жүргегі,
желкілдеп кұрақ ой.
Алаулап тәңірек,
жалаулар желбіреп,
Жәудіреп қарайды
дей ме деп: «бара ғой»
Зейіні ересек,
бейілі елгезек.

«Танауын тартуы
босаңдау» демесек.
Әр үйдің еркесі,
жер сұзген сөмкесі,
Болашақ ғалымдай,
кетік тіс келешек.
Құндыздай қекілі
құлышыншақ секілді,
Ойнақтап жургендер
оқуға бекінді
Он сапар, бұлдіршін,
жол болсын, жеткіншек,
Білімнің қызығы
билесін еркінді.

ҒАРЫШБЕКТІҢ САМГАУЫ

Бала қиял

Балапандай шүпірлеп,
Жұлдыз кешке туады.
Тұпсіз аспан шүпілдеп,
Жұлдыздан көз тұнады.

Жылт-жылт еткен құндыз дәл
Шығып алған занғарға.
Әлде мың-мың жұлдыздар –
Іліп қойған шамдар ма?

Көзін алмай аспаннан,
Көп жұлдызды санаумен
Бала қиял басталған
Көтеріңкі танаумен.

Fарынкерлер

Жұсап жатқан жүлдышың
Шетсіз-шексіз жайлауы.
Ең жақыны – біздің Күн,
Содан шоқтай жайнауы!

Тенбіл доптан аумайтын
Домалақ қой Жер шары.
Жерді айналып заулайтын
Адамзаттын дер шағы.

Арғы бетін Айдың да
Көріп калған тұста бұл,
Шықты космос-айдынға
Байқоңырдан ұшқан ұл.

Космонавтың жанарын
Жаулас алған ғарыш тек;
Ең бірінші – Гагарин,
Мың бірінші Ғарышбек.

Зымыранда – Ғарышбек

Сәуір бұлты сіркіреп,
Нұр сеуіп тұр елекпен.
Космодром күркіреп
Қоя берді кенеттен.

От-жалынның ішінен
Суырылып дара бір,
Қырық мың аттың күшімен
Заулай тартты зымыран.

Гүріл-діріл азайып,
Сезілмейді селкілдеу.
Аппараты ғажайып,
Кабинасы еркіндеу.

Жоқ демесен бұрышы,
Бөлмеге дәл барабар.
Ғарышбектің мұнысын
Көрер ме еді балалар?

Тарту күші

Оқута да баласын
Жіберуге қимайтын,
Есінде ме анашын,
Күшүп-сүйіп қинайтын?

Биік ұшқан денені
Жер-ана да қимайды.
Тарту күші дегені
Төмен тартып қинайды.

Сындырарай төсінді,
Салмақ сала бастайды;
Креслоға өзінді
Жіпсіз байлап тастайды.

Қол-аяқта – қорғасын,
Қорғасында бар ине.
Шын гарышкер болғасын,
Шыдау керек, әрине.

Құс мамықтай салмағы

Орбитага шыққасын
Қайда кетті салмағы? –
Іздегендей ықтасын,
Күзгі дала қаңбағы.

Табиғаттың күшіне,
Шаман жетсе, түсін, біл.
Кабинаның ішінде
Мұның өзі ұшып жүр.

Ғарышбектей өренім
Құс мамықтай қалықта,
Қайда түнеу көрегін
Біле алмай түр анықтал...

«Алма тере барғанда,
Болса, шіркін, осылай...»
Кетті бір сәт арманда,
Арманы көп досым-ай!

Тұңқысыр аспан

Ұйқысынан ояна,
Кеңігендей тынысы.
Ынтықтырмай қоя ма
Иллюминатор шынысы.

Көк әлемі ашылып,
Тұңғиыққа бергісіз.
Жұлдыз жатыр шашылып,
Неге екені белгісіз.

Тұңжыры аспан тым сұлу,
Тылсым десе, жарайды.
Күн бату мен Күн шығу
Алабөтен арайлы.

Туган жер

Самғап шығып ғарышқа,
Шарықтау да қанағат.
Туган жерден алыста
Жерді көру – ғаламат!

Тіршіліктің мекені,
Қараса, көз алғысыз.
Құйтақандай екені
Адам айтса наңғысыз.

Әттен, қазір алыс тек
Қызғалдақты белдері...
...Есіне алды Ғарышбек
Жан достарын жердегі.

Кезекті сеанс

Гермошлем басында,
Құйып қойған секілді.
«Лашын! Лашын! Лашын ба?»
Деген дауыс серпінді.

Қалса дағы Жер алыс,
Естілуі тамаша.
Бұл – кезекті сеанс,
Сағатына қараса.

Ғарышкерден тезінен
Жөн сүрайды Оргалық,
Ғарышбектің сөзінен
Жаңғырықты борт анық:

— Лағыл! Лағыл! Мен – Лашын!
Бір қалыпты бәрі де.
Ешбір құдік болмасын,
Заулай берем әлі де.

Астымдағы жүрдегім
Үркер жаққа беттеді.
Қуанғаннан – жүрегім
Лұпіл қағып кеткені.

Сүйсінтемін Отанды,
Шоқ жұлдызға барып кеп.
Мен сағындым апамды –
Далабаев Ғарышбек!..

БЕКТЕМІР

Мен – робот Бектемір,
Тұла бойым көк темір.
Аяғынан тік тұрам,
Жантаю жоқ текке бір.

Көзімді ашып алғаннан,
Көкірегім аңғарған.
Жаңылмауга тиіспін
Жыпырлаған сандардан.

Құлағынан құйылып,
Жадымда түр жиылып.
Бесті беске қосқанда,
Жіберемін құйын ғып.

Кеудемдегі сымдардың,
Сынғырауын тыңдармын.
Тыңдаған сәт сеземін
Әмірлі бір үн барын.

«Жұр» дегенде жүремін,
Оң мен солды білемін.
Еш нәрседен тайсалмас
Батарея – жүрегім.

ТЫНЫМСЫЗ

Құйттай ғана құмырса
Сондай құнтты жұмысқа.
Жаз бойына жалықпай
Нәр жинауга тым ұста.

Неткен нәзік бел еді?
Қандай өжет ер еді!
Өзінен де ауырды
«Әуіп!» деп жүре береді.

Өңкей торсық шекелі,
Үйме-жүйме мекені.
Сүйсіндең бірақ та
Тату-тәтті екені.

Бәрі бірдей сабылып,
Әл жетпесе жабылып,
Көмектесе кетуден
Көрген емес жаңылып.

ТӘҮЕЛСІЗДІК АЛАУЫ

Тәуелсіздік алауы –
Еркіндік жалауы.
Жоқ бізде – адамның
Адамды қанауы.

Жүзеге асады
Жүректің қалауы.
Парыз тек баршаның
Еңбекке жарауы:

Игілік, ізгілік
Кеңінен тарауы.
Сондықтан әлемнің
Тамсанып қарауы.

Елімнің ертеңін
Арманға балауы.
Нұрлантып тұр бізді
Тәуелсіздік алауы!



ЖАҚСЫ КӨРҮ

Барабаннын эніне
Балалардың бәрі де
Елең қағып тұрады.
Тисе болды қолына,
Таяқшамен жонына
Гүмпілдетіп ұрады.

Домаланған ала доп...
Күмарланған бала көп,
Жанын салып береді.
Жақсы керіп өңгеден:
Қигашыңан, көлденен,
Куып жүріп, тебеді.

СҮЙКІМДІ НҰРЗАДА

Астана тұрғыны,
Кішкентай қыз бала,
Тым тәтті қылышы,
Сүйсіндік біз жана.

Көйлегі әдемі,
Кигенің көрсөн ғой,
Өзі де әдемі,
Ол ерке, ол сәнқой.

Әсем ғой кекілі,
Әй-әй ғой танауды.
Әжесі секілді,
Айнаға қарауды.

Сөмкесі әйбәт қой,
Қыста да, жазда да.
Кім десен, бұл сәнқой,
Ол – біздің Нұрзада.

Би билеп жүрсө де,
Ән шырқап тұрса да,
Мәз болып күлсө де,
Сүйкімді Нұрзада!

АЙДЫҢ ЖАҢАСЫ

Тайдың тағасындай
Айдың жаңасын-ай!

Шырқау таза көкте,
Шымқай қаракекке

Таққан сырға дерлік,
Жаққан сыр ма дерлік.

АҚ БОРАН, САРЫ АЯЗ

Алай-дүлей бораны,
Сақылдаған сары аяз.

Ақ түбітке оранып,
Ойнақ салған бала мәз.

Ақ көрпелі бел-белес,
Жолдың нағыз төтесі.

Ақ кіреуке дөң-дөңес,
Сырғанақтың көкесі.

Бүгін ептеп желкемдеу,
Ертең қатты үскірік.

Теріскейді мекендеу –
Біле білсен, күштілік.

ЖАҢА ПИМА

Былтыр киген пиманы
Биыл кидім,
Сыймады.

– Ойхой, біздің балақан
Өсіпті ғой, – деді Атам.

Сыймай қалған пиманы
Әжем бірақ қимады:

– Аяғына дәл еді,
Енді қайттік, ә? – деді.

– Әпереміз жаңасын,
– деді менің Аташым.

Атамменен екеуміз
Бірыңғайлау еkenбіз.

Әжем көнсе бәріне,
Біз – үшеуміз, әрине.

Дүкенге бет түзедік,
Жаңа пима іздедік.

Дұниесі мол екен,
Кара пима тым үлкен.

Керінбейді кек пима,
Кей дүкенде
Жоқ пима,
Біздер күдер үзбедік,
Түске дейін іздедік.

Ақырында, не керек,
Пима көрдік
Керемет!

Мен әдемі пиманың
Қонышынан
сипадым.

Ең тәуірін таңдал бір,
Көргеніміз ұнап тұр:

– Кәне, шапшаң ки, батыр,
Оңды пима, – деп жатыр.

Айтқандай дәл,
нақ екен,
Аяғыма шақ екен.

Маған билік
тигендей,
«Килем» дедім,
именбей.

Атам күліп балаша,
Деді әжеме: –
Тамаша!

Көк пиманың бағасы
Қандай эсем,
қарашы!

Әжем-дағы құлді кеп:
– Әйбат екен, көрдім, – деп.

Жаңа пима кигесін,
Бөгелейін мен несін.

Қуанғаным білініп,
Кете бардым жүгіріп.

Атам мен әжемнің
Баласы да керемет!

Жаңа пима – кигенім,
Бағасы да кермет!

КОМБАЙНШЫ БОЛАМЫН

Күнгө тосып маңдайын,
Күрөніткен комбайн.
Дамыл көрмей жүзеді
Алтын күзде әрдайым.

Дән бұлағы саулайды,
Күн нұрынан аумайды.
Егін орган ағаның
Ер келбеті баурайды.

Машинаның қорабын,
Қызыл қырман орамын
Лағыл дәнгө толтырар
Комбайншы боламын!

ҚАНДАЙ ТАМАША (Немерем Жансұлтанға)

Күлім қағады Күннің өзі де,
Ойнап барады еркелеп.
Сондай қуанып еркін өмірге,
Біздер ойнаймыз билеп.

Жүр ғой желкілдеп өңкей балауса,
Жарқын тойларын тойлаған.
Бала кезінде бәрі тамаша,
Бір ән үнайды маған.

Жаңа гүлдерім,
Бала күндерім,
Балғын достарым қанша!
Самал еседі,
Қандай әдемі,
Кел, билейік жаңаша!

Қоңыр тебелер көп қой, шарласа,
Елге барғым да келеді.
Күміс көлдерім қандай тамаша,
Толқын тербейді мені.

Өмір тамаша, ойлап қараса,
Әркім арманға ұмтылар.
Айдай әлемге бұл ән тараса,
Бізден бақытты кім бар?

Жаңа гүлдерім,
Бала құндерім,
Балғын достарым қанша!
Самал еседі,
Қандай әдемі,
Кел, билейік жаңаша!

МЕН КІММІН

(Немерем Жансұлтанның өлеңі)

Атым менің – Жансұлтан,
Астанада туғанмын.
Арғы тегім – Арғын, Атығай,
Еркін өскен бұланмын.

Әкем – Жәнібек, шешем – Гүлнэр,
Атам аты – Жарасбай,
Әжем менің Қазина –
Ақыл-ойы алтындаі.

Жеті атамды санасам:
Өнәс, Нұрқан, Маханбет,
Бақтыбай, Тоғай, Батыrbек,
Ардактаймын бабам деп.

Жеті атасын білген ер,
Жеті жұрттың қамын жер.
Мен – жігіттің сұлтаны,
Бас бәйгені маған бер!

ӘЙ-ӘЙ СӨМКЕ (Немерем Нұрзадаға)

Әй-әй бөпем, Нұрзада,
Әй-әй сөмкен – мінекей;
Тәй-тәй басып тағы да,
Ал жүре ғой, кәнекей.

Атаң сөзіне түсін де,
Өзің мәз боп, күл, Зада,
Қызылт сөмке ішінде
Киімдерің су жаңа.

Айналайын Нұрзада,
Сәнқой қайда дәл сендей;
Әжен сенің – Қазина,
Әдемі бол әжеңдей!!

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ – ҚУАТЫМ

Қызылжардың пимасын
Киген бала тоңбайды.
Қызылжарда үй басы
Сырғанақсыз болмайды.

Мұз айдынның қызығын
Көрген адам ән салар.
Қызылжардың шұжығын
Татқан адам тамсанар.

Тұған жердің дәмінен
Бойға қуат аламыз.
Тұған жердің әнінен
Ойға қуат аламыз.

ЖАСЫЛ МАУСЫМ

Асыл айым, жасыл Маусым,
Айналайын жаздың өзі.
Жібіткендей таудың тасын,
Елжереген Күннің көзі.

Дегендей бір: жылуым сез,
Жазғы күннің мол шуағы.
Тіршіліктің бәрі бұл кез
Жайқалуға құлышынады.

Желбірейді көкше құрақ.
Бал бұлақтың жағасында.
Көкше құрақ, мәлдір бұлақ,
Қандай әсем жарасымда?

ОЙНАУ КЕРЕК

Менің де тезірек келеді өскім,
Сенің де тезірек келеді өскің.
Сондықтан көбірек ойнау керек,
Ойынға ешқашан тоймау керек.

Ақтөс, Мойнак,
Екеуі, шіркін-ай,
Жүр ғой ойнап!

Ойға да, қырга да бару керек,
Ойнауга жақсы жер табу керек.
Денгелеп, айналып шыр көбелек,
Шынымен куанып ойнау керек.

Құн жауса, жаңбырға шомылдым деп,
Қар жауса, акқала соғу керек.
Ұстыққа, сұыққа төзу керек.
Өйткені біздерге – өсу керек.

Ақтөс, Мойнак,
Екеуі, шіркін-ай,
Жүр ғой ойнап!

БАЛҒЫН ДОСТЫҚ

Серік пенен Сергей
Жидек теріп келгей,
Қойып кетсең көлге,
Күмп-күмп етер көл де.

Шашыратып суды,
Бірін бірі қуды.
Ойнап күмға жатты,
Көп қиялға батты.

Шарт еткізіп қолды,
Сергтескендей болды.
Достасуға берік
Сергей менен Сергей!

ЖАСЫЛ КӨШЕ

Вагон-вагон жук артқан,
Сансыз состав заулайды.
Түйдек-түйдек шұбалтқан
Терме жырдан аумайды.

Жолға шыққан көп жанның
Жүрдек поезд – көлігі.
Қол бұлғайды вокзалдың
Елжірегіш көңілі.

Елдің сенім-ұмітін
Ақтамай ер жатар ма?
Қысы – жазы, күн-түн,
Теміржолшы сапарда.

Айнымайды дағдыдан,
Жеделдетер асығар.
Ынталының алдынан
Жасыл көше ашылар!

ВЛАДИМИР ШАТАЛОВ *(Жерлес гарышкерге)*

Қызылжар деген қаланың
Володя – ұшқыр түлегі.
Есілде жүзген баланың
Ерекше батыл журегі.

Жұлдызға жету – зор арман,
Зымырап кекке шырқады.
Үш мәрте самғап, оралған
Фарыштың ғажап сұнқары.

Бала еді біздей бір күнде
Әйгілі жерлес космонавт.
Шәкірті соның бүтінде
Фарышкер талай жас қанат.

САУЫНШЫ

Әппақ болып желеңі,
Әппақ болып шелегі,
Акку-қаздай тізіліп,
Ақ тәтелер келеді.

Айғабактың желінін
Мұнтаzdай fып сүртеді.
Айғабактың желіні –
Сыздап тұрған сүт еді.

Жаңа сауған жылы сүт,
Ақ көбігі екі елі,
Тұтік бойлап, жылдысып,
Ақ бөшкеге жетеді.

Сүт саулаған кезінде,
Құт саулаған кезінде –
Шалқып-тасып көңілін,
Шаттанасың өзің де.

ТІГІНШІ СӘРУӘР

Сән зергері – Сәруәр,
Әр кестеде әні бар.
Өңі түгіл, түсінде
Ине-жіпті сағынар.

Ісмерлігін танып ал,
Іскерлікten тәлім ал.
Ыңдағатта, ынгада
Тіршіліктің мәні бар.

Кесте төккен күн ұзын
Шебердің көр нұр жүзін.
Қызу еңбек көркейтер
Еліміздің ұл-қызын.

САРҒАЯДЫ ЖАПЫРАҚ

Жаз өткен соң күз келді,
Жасыл дүние өзгерді.

Жапырағы қызарған,
Жас теректер ұзарған.

Ақ қайынның сәнқойлау
Жапырағы сарғайды-ау!

Сарғайған соң жапырақ,
Түсіп жатыр саудырап.

Қоңыр күздің орманы
Мұңайғандай болады.

Жаны нәзік, жаны гүл,
Табиғаттың заңы бүл!..

ЖАЗФЫ ТАНДА

Атам ылғи ерте тұрады,
Кейде мені ерте тұрады.

Көкжиектен Күн шығарамыз,
Бозторғайды жыршы қыламыз.

Қорамыздан қой шығарамыз,
Жолғұтты да қойшы қыламыз.

Атам ылғи ерте тұрады,
Кейде мені ерте тұрады.

САҒЫНЫШ

Самғауыр, самолет,
Мені де ала кет.

Көлдерді көктей өт,
Тау деген жоқтай өт.

Бұлттарды жарып ұш,
Бұлттан да әріге ұш.

Токтаусыз төтеле,
Жетейік көкеме...

...Болмады-ау, болмады-ау,
Болат құс конбады-ау.

Самғай бер. Сэт сапар!
Сәлем айт, хат апар.

Самғауыр, самолет,
Қайтарда соға кет.

ШЫРША ТҮБІНДЕ

Алтын моншақ алауы,
Күміс шашақ жалаулы.

Жана жылдың шыршасы,
Жалтылдайды нұр шашып.

Қызыл, жасыл, сары, көк –
Шұғылалы шары көп.

Балық, бұғы, тоқылдақ,
Қоян, тұлқі, тоты, лақ.

Керік, күшік, тиін бар,
Санай берсен, қындар.

Самсағанға бәрі кеп,
Тамсанады Жәнібек.

Ал Жомарттың, қарай ғер,
Басқаша көз қылғы:

– Кәмпіт, қант, – деп санайды ол, –
Аяз Ата сыйлығы.

ОМБЫ ҚАР

Есік алды омбы қар,
Қамба ойнауға онды қар.
Көп ойнасам бірақ та,
Кол-аяғым домбығар.



КӨКШЕ МҰЗДА

Жатыр жайнап кекшे мұз,
Тайғанайды өкшеміз.

Тағып алып конъки біз,
Сырғанаймыз, қалқымыз.

Салып өрнек сан қылы,
Көңіл қандай шалқиды!

Қызған сайын денеміз
Киғаш-киғаш тебеміз!

Зырыл қағып үршықтай,
Зуыл қағып шымшықтай;

Желдей есу конъкимен
Айнымайды ән-күйден!

ҚЫРАУ

Үсті-басы қырау,
Ағаш тонып тұр-ау.

Жаным ашып аяп,
Жақын келдім таяп.

Иыққа күш жиып,
Қалдым түптен түйіп.

Сау етпесі бар ма –
Қант па, тұз ба, қар ма?

Тола қалды қойын,
Мұздап кетті мойын.

Соныменен бітті
Сол күнгі ойын.

БҮГІН ТАҢМЕН ТАЛАСЫП...

Атасының баласы,
Әжесінің құлышы;
Бүгін таңмен таласып,
Өзі түршіп жуынды.

Қаспағын ап бетінің,
Мұқым сүртіп мұрының;
Бірі тарап кекілің,
Біреуі өрді бұрымын.

Кей біреуі боздайды,
Ерке болар, шамасы;
Жұғаннан бет тозбайды,
Кел, айнаға қараши.

Әдемісін өзінің,
Танауынан тәмпіген!..
...Жалыны бар көзінің,
Қабағын тек сәл түйген.

Қатуланба бекерге,
Құлімсіре, құлышашақ.
Затынды жи кетерде,
Бола көрме ұмытшақ.

Сосын байқап жүгір де,
Достарыңа бара ғой...
... Ойнай түрсын бүтін де,
Қайтсін, әлі бала ғой.



KYMIC ҚАМШЫ

Әкем жазда ерте оянады,
Кейде мені ерте кояды.

Қоршауынан қой шығарамыз,
Жолғұтты да қойшы қыламыз.

Ақ серкеге қой бастатамыз,
Ақтанкерді ойқастатамыз.

Белден асып, белге кетеміз,
Көз үшындағы көлге жетеміз.

Алдымыздан самал еседі,
Аумаған дәл саумал кешегі.

Әлдекайда сағым ойнайды,
Әлденелер шағып ойнайды.

Қойлар түсте жусай бастайды,
Ұйқатқанға ұқсай бастайды.

Күміс қамшы сиқырлаған ба,
Келіп кетті үйқы маған да.

БҰЛАҚТАЙ ТАЗА КҮЛКІСІ

Құрақтай балғын баланың
Бұлақтай таза күлкісі,

Шуактап жатқан даланың
Төсінде ойнар бұл кісі.

Нөсерден кейін ашылған
Алқарапек аспандай,

Жанары мәлдір жас ұлан
Қарайды батыл, жасқанбай.

Жүзінде – нұрлы балаңдық,
Көзінде – күллі адалдық.

Сөзінде – балдай тәттілік,
Өзінде – дардай адамдық.

Сұрағы сансыз ормандай,
Ойлары бірақ пәк, сәби.

Бақыттың құсы қонғандай,
Балалы болса, жақсы-ау үй!

КӨГІЛДІРІК

Көгілдірік дегенде, көгілдірік,
Өзің жүзіп келесін, өзің біліп.
Көркем бола бересін, өркен жайып,
Құн төбеден сәулесін төгілдіріп.

Көгілдірік,
Тұрган соң өмір күліп,
Құн нұрын төгілдіріп;
Көгілдірің тастайсың,
Ақку бола бастайсың;
Сұңғақ мойын сәнің мен.
Әсемдігің сақтайсың.
Сұңқылдаған әніңмен
Еркін қанат қаққайсың,
Құс төресі болғайсың,
Көгілдірік!

Куаныш та көбейіп көрімдікке,
Қызығаныш та көбейіп жүр гой текке.
Көңіл біткен көркейіп сұлұлықпен,
Елдің бәрін бөлейік ізгілікке!

ЖАН БӨПЕМ

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ал жайланып жат, бөпем.
Ақ жайылғы, ақ жастық,
Ақ жамылғы, ақ көрпен;
Жайастың ба, жан бөпем.

Әлди, әлди, әлди-ай,
Әлдилейін осылай.
Ниетіміз он, бөпем,
Әлдилеуте көн, бөпем.

Ертеңгі өмір күтіп тұр,
Дем алғаның жөн, бөпем.
Ұғындың ба, жан бөпем?!

Әлди, әлди, әлди-ай,
Әлдилеймін осылай.

Ұясында күн, бөпем,
Дөң басында тұн, бөпем.
Маужырайды дүние,
Сен де көзің жұм, бөпем.
Е, сөйте ғой, жан бөпем!

Әлди, әлди, әлди-ай,
Әл-ди-ле-е-дім осы-ла-а-й...

АҚҚУДЫҢ КӨГІЛДІРІ

Алтын күн төгіп нұрын,
Кек толқын бүгін бәсек.
Аққудың көгілдірін
Айдыннан көрдім әсем.

Қайырмасы: Әдемі көгілдірім,
Әнекей, қайда десен.
Айдынның мәлдірлігін
Болады айна десен,
айна десен.

Кішкентай ақ желкенім –
Сәнденіп жылжыған бұл.
Айнадай көлдің бетін,
Қарай ғор, сызғылап жүр.

Қайырмасы:

Желпініп ойнайын деп,
Жас ақку жайды қанат.
«Үркітіп алмайын» деп,
Ақырын түрдым қарап!!

Қайырмасы:

НАУРЫЗ НҰРЫ

Күн сәулесі молайып,
Шырай берді жер-көкке.
Ашық-жарқын болайық
Үйде, түзде, мектепте.

Наурыз, наурыз, келдің бе,
Айтқан сөзге мойын бұр –
Ақ отаудың төрінде
Мені уызға тойындыр!

Ақ қаймағын ауылдың
Қалаға сен ала бар.
Ізгі нұрын наурыздың
Көбейтейік, балалар!

ОУ, АСТАНА!

Қай тарапта жүрсем де,
Басты қалам, оу, Астана, сен;
Мұңайсам да, күлсем де,
Алдың мені құшагыңа кен, кен, кен.

Көк Есілді көрсем бір,
Көркейем деп үміттеніп ем;
Көрдім жасты өңшең бір,
Асқақ көнілі Бәйтерекке тең, тең, тең.

Қалай әнсіз жүремін,
Өз жерімде, өз елімде мен;
Лұпілдейді жүрегім,
Еркелеткен, оу, Астана, сен, сен, сен!

ҚОЗЫЛАР

Қызыл қозы қантар күні туғанда,
Жыл бойына бөленеміз думанға.

Қоңыр қозы шиесіндей шілденің –
Жомарт күзге жоралғы деп білемін.

Құзде туған ақ қозыны көрдің бе –
Жайлыш болмақ биыл қыстың өзі де.

Қара қозы қаптап туып жатқаны –
Жер құнары, өріс сәні артқапы.

Қозы біткен өрлеп тауға, маңырап,
Шопан ата шолып тұрар жадырап.

Немереге тілек тілеп, сыбырлар:
«Бақытыңа тұа берсін қозылар!»

ЗЕРЕ БӨПЕМ

Әжесі ақ бесікке бөлер ме еken,
Бепесі бөлегенге көнер ме eken?
Орнаган зердемізге Зере болып,
Есімі бұл бөбектің бөлек eken.

Зере бөпем,
Зерлі көрпен.
Ажарың айдай жарқын
Болсын, көкем.

Алма ағаш, мәпелесен, мәуелі eken,
Қызыл гүл тан нұрына тәуелді eken.
Зерені мен әлдилеп тербетейін,
Керегі – өлең бе eken, әуен бе eken?

Зере бөпем,
Зерлі көрпен.
Ажарың айдай жарқын
Болсын, көкем.

Қолында – құміс ожау, алтын зерен,
Қызыым бол қымыз құйған тегенеден.
Мен сениң қызығыңа бір тоймайын,
Үлкенге кім бар тәтті немереден.

БЕСІК ӘНІ

Ақ бөпем, әлди бөпем, әй-әй десем,
Ұйқысы келер ме eken әлдилесем.

Көзіннен ашып-жұмған айналайын,
Қайтеді тағы да сен бәлденбесен.

Әлди, бөпем,
Әппак көрпен.
Бүгіннен ертен жақсы,
Ұйықта, көкем.

Тербеуің – өлең бе екен, әуен бе екен,
Тербеуден мен жалықпай әуендетем.

Сен қашан, тербеу жеңіп, тынышығанша,
Мен саған жан-тәніммен тәуелді екем.

Ақ бөпем, әлди, бөпем, эй-эй десем,
Тәтті үйқың келер ме екен, әлдилесем.

Көзіңнен ашып-жұмған айналайын,
Бір жолға қайтеді, еркем, бәлденбесең?

Тербеуің – өлең бе екен, әуен бе екен,
«Әлдиге тойдым» десен, қойдым, көкем.

Сен қашан шырт үйқыға кеткеніңше,
Мен саған саулы інгендей тәуелді екем.

НАУРЫЗ, НАУРЫЗ

Наурыз, наурыз, жана күн,
Жаңалығың көп сенің.
Емін-еркін заманның
Жақсылығын көкседім.

Наурыз, наурыз, жауқазың,
Желбірейсің бектерде.
Көнілде сыз қалмасын
Көк буалдыр көктемде.

Нұр сәулесі молайып,
Күлімдесін Күн көкте.
Ашық-жарқын болайық,
Үйде, тұзде, қызметте.

НАУРЫЗ ТОЙЫ

Наурыз, наурыз, жаңа күн,
Самал желі жаңаның.
Жырға толы жас жүрек,
Нұрға толы жанарай.

Жауқазын гүл жайнаған,
Самал желмен ойнаған.
Қазағымнан айналдым,
Наурыз тойын тойлаған!!

АҚ БӨПЕНІ ӘЛДИЛЕУ

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ жаймаға жат, бөпем.
Әппак кемең әуелеп
Сен ұшатын сәт, бөпем.

Қазір-қазір самғайсың,
Көк әлемін шарлайсың.
Заулай тартқан заңғарда
Шолпанға да барғайсың.

Айтсам сөздін төтесін,
Көзің жұмышы, көкешім.
Сонда небір қызықтың
Көрер едің көкесін.

Алқаракөк аспанға
Жұлдыз шашу шашқан ба?
Ақ мамықтай қалқашым,
Қалықтай бер, жасқанба.

Ұшқан деген онды ғой,
Ұйықтайтын кез болды ғой...
...Ойдой, біздің гарышкер
Айға жетіп қонды ғой...
Әлди, бөпем, әлди-ай!

АЯНЫШ

Ақ желеңді бір ағай,
Айна-шамы шырадай;

Жарқыратып төнді де,
Көмейімді көрді де;

Таңдайдағы баспамды
Қатты сылып тастады.

Тіліп кеткен кезін мен
Әлі күнгө сезінем.

Содан бері, анық бұл,
Қармақ салу қалып тұр.

Ақ шабактай эй-эйдің
Желбезегін аймын.

СЫЛДЫРМАҚ

Мәлдіреген көк аспан,
Тәңкерілген керсендей.
Күн көзінің нұр шашқан
Откірлігі семсердей.

Сәскедегі тамылжу
Көк сұңғіден тамшылап.
Жөңкіледі ағын су,
Өзін өзі қамшылап.

Бұлақ деген баланың
Тілі шыққан былдырлап.
Кеудесіне даланың
Такқандай көп сымдырмак.

КІРЛЕТПЕНДЕР ҚАУҒАНЫ

Кірлетпендер қауғаны,
Шаңдатпаңдар ауланы.
Таза болсын десендер
Сұға толтыр науаны.

Ернеуінен науаның
Сезем көңіл ауанын.
«Ауан» деген немене,
Білсек, айтшы жауабын.

Шүпілдетіп қауғаны,
Тез толтырсан науаны.
Іске бейім болғаның,
Сол ғой көңіл ауаны.

БАРХАН ҚҰМДЫ ДАРҚАН ЖЕР

Баса киген бәріктен
Көрінбейді қас-қабақ,
Отыр төрде түрікмен,
Текеметі бес қабат.

Жалтырайды кетпені –
Келген беті атыздан.
Шұбатылған шекпені
Басталғандай Бадхыздан.

Ұл мен қызы күнқақты,
Бархан қоймай барлады.
Сарғыш тартқан құмдақты
Көгал ету – арманы.

Қарақұм шөлі

Төрттен үші жерінің –
Лапылдаған Қарақұм.
Ыстығынан лебінің
Аңқаң кеуіп қалатын.

Шақырайып күн көзі,
Жанарыңды жасқайды.
Құм тәбелер күмбезі
Сусып көше бастайды.

Шөлдің түні кісіні
Жібереді жауратып.
Болғаныңша түсініп,
Күн шығады лаулатып.

Несерден соң көктемгі
Сансыз гүлдер қаулаған –
Сагыныштың көптенгі
Шаттығындай аумаған.

Қарақұм каналы

Арнасынан бұрынғы
Аударылып Керкіге.
Дарияның бұрымы
Тарқатылды екіге.

Әму-Мұрғаб қосылып,
Жетті канал Марыға.
Кетті және жосылып
Марыдан да арыға.

Гек-төбеге ұмтылып,
Құмды жарып ағады.
Шөліркеген жұрттына
Қарбыз сыйлап барады.

Судың асау қарқыны,
Тыңдан тартқан бұл арна.
Аңсап күткен халқына
Кәусар болып тұр арна.

Kеп қазына

Копетдагы – таулары
Небитдагы – Мұнай – тау.
Байрам елі баулары
Алабөтен ұнайды-ау.

Шатлық көзін кең ашқан,
Газ-Ошағы көгілдір.
Құбыр бойлап, бел асқан.
Кеші-қонға жеңіл бұл.

Гаурдагтың күкірті
Ұшында жүр шырпының.
Ой жіберсен жұғртіп,
Шырпысыз жоқ бір күнің.

Құмның ыстық қойнауы
Қазынаға тұнғандай,
Бұрғы терең бойлауын
Тосып қана тұрғандай.

Еп Дәулет

Марко Поло мақтаған
Түрікменнің кілемі.
Бөбекіндей баптаған,
Бибілердің білегі.

Ахалтеке жылқысы
Бауырынан жараған
Жібек жалын жел құшып,
Құйрығын жел тараған.

Тұрар сәнін келтіріп,
Киім кисен жағалы;
Алтын түстес елтірі
Алтыннан да бағалы.

Мақтаныш

Мақтұмқұлы, Кемине –
Кеменгери, ақыны.
Жол сілтейді еліне
Атабаев ақылы.

Дутар менен ғыжақтын
Үні көпті қаусырған,
Таптайсың бір сыйатты
Қосарланған даусынан.

Ән салады алқынбай
Майягезел, Сонагұл.
Құрбан Дүрді Батырдай
Ел қорғаны бола біл.

Ашхабад

Шебер қолдар әuletі
Мәрмәр қашап, тас қалап;
Жылдан жылға сәүлеті
Әсем тартқан Ашхабад.

Ескерткішін бұл елдің
Сүйсінетін ел көріп –
Түгіндей қып кілемнің
Қойған гүлмен көмкеріп....

Ферузадай арудың
Арманындаі зор шынар.
Аңыз болып қалудың
Ең биігі сол шығар.

Ғашық болған өмірге
Көніл ұшқыр, көшे кен.
Тұған елдің тәрінде
Көгереді көсегең.

ДИҚАН ӘКЕ

Шықкан күнмен таласа,
Әкем қырда жүреді.
Жеткенінше қараша,
Сыбанулы білегі.
Әппақ бөлке тамаша
Әкелу ғой – тілегі.

ЖАҢБЫР

Көктен жерге ағады,
Тырс-тырс етіп тамады.
Тамшы тиғен көк егін
Бой көтере қалады.

БҮРШІК ЖЫРЫ

Балғын бұтақ көлбейді,
Бұршіктерін тербейді:
– Әлди-әлди, бөпешім,
Ұйқтай қойши, көкешім.
Ұйқтамаған тың болмас,
Тыңаймаған гүл болмас...

НИКЭ МЕН КӨЖЕК

Бұлдірген теріп күнімен,
Орманда Никэ жүр еді.
Тұбірдің кенет тұбінен
Домалақ ытқи жөнелді.

Шошынып: «Ой-ой!» – зымыраң,
Зәресі кетті Никәнің.
Үрейін алған домалак –
Білмейді көжек екенін.
«Менен де қорқақ екен» деп,
Күледі көжек секендең.

КІРПІ

Арқасында өткір жебе – көп ине,
Түйреп-түйреп алуға дәл, әрине.
Ешкімге де тиіспейді бірақ бұл
Мұның өзін қорғап жүрген сол ине.

ЛАШЫН

«Бір құс ұшып келеді,
Тырнағыма ілігеді», –
Деген лашын сілекейін жұтты.
Бостан босқа малданып,
Тұрған екен алданып –
Зор самолет зулап өте шықты.

ОРМАН, НЕГЕ МҰНДЫСЫҢ?

- Орман, неге мұндысың?
 - Өлді құсым сырнайшы...
 - Сырнайшы құс? Ол қайсы?
 - Балапаны мысықторғайдың
 - Сүйкімділігін ойлаймын.
-

МЫЛЖЫҢ

Шықылығын тауысқан,
«Екі» алышты сауысқан.
Мылжыңдауға болмайды,
Миға сабақ қонбайды.

КӨКЕК

Кө-кеқ, кө-кеқ, көкекпін,
Қысқа төзбес секекпін.
Күн суықта шықпайды үн,
Жылы жақта ықпаймын.

ТЕҢІЗ

Шалқар теңіз, ентелейсің,
Айтшы, кімге еркелейсің?
Неге аяқты аймалайсың –
Тентекпісің, сен қалайсың?

ТРОЛЛЕЙБУС

– Троллейбус, троллейбус, зырлайық,
Көк орманға, кегалдарға барайық!
– Барар едім, қарар едім бір сәтке,
Орманыңда электр сым жоқ, эттең.

ЖҰЗІМ

Көк сабағы жұзімнің
Өркендейді жоғары.
Тұған елін өзінің
Айқын көрмек болады.

ҮҚСАСТЫҚ

Кар жауады себелеп,
Сырғыма жел сыпымды.
Атам менен әжем кеп
Тары үшүрған сыйылды.

Екеуінің сонында
Шүпірлеген тауықтай,
Қарлы құйын жолында
Балалар жүр жалықпай.

ЖҰМБАҚТАР

Жұмбағым құбылмалы,
Кұлағың түр ұғынғалы:
Жазда –
Селдір елеуіш,
Күзде –
Теңбіл елеуіш.

(Бұлт)

Күнбағыс тұр заңгарда,
«Неге тұр?» деп таң қалма.

(Аү)

Үйге қонақ келіп тұр,
Терезеден еніп тұр.

(Сәулө)

Мынау – атай, шашы, бұйра, жап-жасыл,
Ұзын мұрны істік, қызыл, тым асыл.
Бұйра шашы желменен ойнап тұрады,
Қызыл мұрны жерге бойлап тұрады.

(Сабіз)

Шәліден соң шәліні
Үсті-үстіне жамылды.
Бір аяқтап тырнадай,
Құламастан тұр қалай?

(*Kapуста*)

Қауырсыны бар,
Үйрек емес.
Бұлтиған беті бар,
Бебек емес.

(*Жастық*)

Жарқырауық жалтыр бас,
Қараңғылық қалтырмас.

(*Лампочка*)

Кеседі де бөледі,
Үлестіре береді.

Өзі мүлдем лыпасыз,
Құралақан келеді.

(*Пышак*)

Ең соңынан жұрттың
Үйден шығар мықтый.

(*Kilm*)

Ағайынды қос тұмсық,
Күндіз қатар жүреді.
Шаршап-талған боз тұмсық
Босағада түнеді.

(*Аяқ күй*)



ЭЗІЛ-СЫҚАҚ ШЫМШЫМАЛАР

ӨКЕШТІҚ КӨКЕСІ

Оныншы бітірген – Өкеш еді,
Өкештің тойын күткен,
Әрине, көкесі еді.
Әйелін: «әйекем» деп,
Ішіп алса, көп бәседі.
Бослегенде қайтсін,
Ақша деген бөкес еді.

Ақшаның буы шыдата ма,
Көкесі қоқиін деді.
Өкешін сынап қасақана:
«Оқудың түрін айт
Ең қызық, ең қыын» деді.
(Шамасы, бірге «оқыын» деді.

Өкештің бұған көмпиіп ерні:
«Компьютер» деді.
«Ендеше соған барамыз, тегі,
Жолыща барды саламыз» деді.
Азғантай миын жеді.

Біле білгенге, оқыған оңды,
Өкешің бірақ жыларман болды.
Өйткені кейлегі көк,
Тамағы тоқ болатын.
Өкештің ойында
Жоғары оку жоқ болатын.

Әрі кетсе, жайлауда
Автодүкен айдаута
Барсам ба деп оқталатын.
Оған көнер әке қайда,
Тұрі жоқ тоқталатын.

Албардың ішіндегі ақшаны
Шалбардың ішіне тікті.
«Қайтсан де оқытам» деп қақсады,
Ақыры, жолға шықты.

Содан бұлар қалаға келді.
Даладан келсөн,
Алуың қызын қалада демді.
Аузын ашқан балықтай көкен,
Билікті біраз балаға берді.

Есікten соң есік,
Есіктің әр жағында тесік:
«Күжатыңды тапсыр,
Мынадан гөрі анаған» десіп,
Әрлі-берлі жүгіртті,
Амал нешік?!

Өкеші бірден шегіншектеп,
Көкесі
Әр кімге бір еміншектеп,
Әуре-сарсан болды,
«Божалыста, қызыымке, келіншек!» деп.

Есіктің алдын
Ертелі-кеш жағалап жур.
Сөмкесі қалын,
Сақалы барын,
Жас та болса, ағалап жүр.
«Бес мыңнан беріге жоқ» деп,
Өзінше шамалап жур.

Ақшасы құрғыр ышқырда,
Босқа салактаумен жүр.
Екі көзі байғұстың
Әлі де алақтаумен жүр.

Шакшадай басы шарадай болған,
Өкештің көкесі қалада жүр.
Заманға, заңға қарамай қойған,
Қайтерсін,
Мұндайлар арада жүр...

СОНДАЙПАЗ

Тойларда арақ-шарап жұтынымпаз,
Ойлауға орашолақ, тұтығымпаз.
Алдында бастығының құрак ұшып,
Үйінде әкірендең күтірымпаз.

Берерде басын тәмен тұқырымпаз,
Алғанын – «аллау әкпар», жытырымпаз.
Базадан база қоймай жүрсө дағы,
Жазадан әлі күнге құтылымпаз.



МОЛДАСЫМАҚ

Шала шарпы қайырып,
үшбу «құлқу алланы»,
Бет сипайды бейілсіз
аз боларда алмағы.
Көршісін бе көмілген,
жесірді ме егілген,
Күдайды ма, өзін бе, –
осы кімді аллады.

Жетер еді ентігіп,
елсе зордың жақыны,
«Кедей» елсе, керіліп,
ашылмайды тақымы.
Аят оқып, қол жаю,
дастарқанды мол жаю –
Күлкінқұмар немеге
кәсіп болған ақылы.

Күні кеше ақша ойнап,
арақ ішіп теңселді,
Былайғыға сөз бермей,
болған шолақ белсенді.
Бұгін тасбих тартқанға,
іш дәретін алғансып,
Әулиеден кем көрмей,
неге сонша ел сенді.



ЖИНАЛЫСТАР ЖАЙЛЫ ШУМАҚТАР (Расул Гамзатовтан)

Жиналыстар. Тыныштық,
гүілдері,
Көп сәздері-ай белгілі күн ілгері.
Маган бейне сан түрлі мәжіліске
Бөліл алған секілді бүкіл елді.

Пойыздармен,
ұщақпен асығыс кеп,
Жұмыскер жан жүргені «мәжіліс» деп.
Және қандай – ауызбен орақ орып,
Тастайтыны табанда бәрін істеп.

Оташы отыр бір жеті дем алмастан,
Операция үстелі түр ол бостан.
Тас қалаушы қалғиды жұма бойы,
Қабыргалар жатса да қаланбастан.

Бақташы көп бас қосып жатқан тағы,
Қасқырларға қалады бақкан малы.
Газеттерде, өлеңге орын бермей,
Жиналыстың қаптайды акпарлары.

Ойда-жоқта орады өрт кеп үйді,
Көтерілген тұтіні көкке тиді.
Өртші-майор маңызысып отырыста.
Сылдыр сөзбен «сақтық жән» деп көкиді.

Таңнан торып еңселі кенселерді,
Арызшы жұрт есікте теңселеді.
Үлкен хатшы бос емес,
орынбасар
Оның сөзін дайындал, тексереді.

Менің жерлес колхозшым, үйіне орал,
Саган көңіл бөле алмас бүтін олар.

Сені тіпті қабылдай алмас тегі –
Ізет жайлыш сөз іздеп жатқан болар.

Жиналыстар,
ауыздар оязданған,
Ділмарлығы шешеннің қоразданған.
Күшті қолдың күсінен құрбандық бол,
Садаға кет салынған бораздадан.

Мына басты қияйын – ұрысқа сал,
Дәу ағашты жыгайын – жұмысқа сал.
Мінберлерден ешқашан айтылмасты
Айттар едім, «ән сал» деп иұқасандар.

Мен ынтықпын өмірге, жазуға, іске;
Күшім-демім тұрғанда әзір іште...
Бірақ осы өлеңді бітірмедім:
Тағы, міне, шақырды мәжіліске...



АМАЛ ҚАНША

Білейін деп бұраң белдің аужайын,
Кездескен сәт қалжың сезбен қаужайын.
«Халің қалай, өзің былай» дегенге
Қымсынбастан күлімдейді Қаншайым.

«Сыртта не бар, үйге жұр, деп, шай дайын»
Ертіп ала жөнелгені Қаншайым.
Өз үйінде сылаң қаққан әйелдің,
Ойында жоқ анау-мынау, әй-шайын.

Әзіл сөздің бұландастып түлкісін,
Әлсін-әлсін сыңғырлатты күлкісін.
Ішімізде не жатқанын, әрине,
Айтпай сезіп, біліп отыр бұл кісің.

Біразырақ ойнап-күлдік, Қаншайым,
Тәтті тартып бара жатыр бал-шайын.
Ойдоу, сенің келді дәуін, даукесін,
Амал қанша, осыменен... кончаем...



О, МЕНИҢ БҰРАҢБЕЛІМ!

Алғашқы қуаныш әлі есімде,
Гулеп ек «Меруерт» кафесінде.
Бүгін бар, ертең жок, еркетайым,
Сағынтып, сарғайтпай, келесің бе?

Мен еркін, сен келмей, көсіле алман,
Сен болдың, дариға, есіл арман!
Елеусіз өтеді туған күнім,
Туған күн кедейдің несін алған?

Сен барда – көкорай, мамыр-маусым,
Сен жоқта – қоңыржай, төмен даусым.
Айнымай, жаңылмай келсең етті,
Уа, менің ай сайын жарылқаушым!

Сен жоқта көнілім кем болады,
Ескексіз қайыққа тең болады.
Азғантай қаражат, сен болмасаң,
Деканның ақылы не болады?

Сылдыр су – ішкенім, қантсыз шайым,
Мен сені қалайша сағынбайын?
Қолыма шытырлап қонармысың
Ақ канат періштем, ақшатайым?!

Окудың түбі жоқ, миға зиян,
Қайда элгі бой сергіп, билейтін ән?
Бірде бар, бірде жок, сен аман бол
О, менің бұраң бел стипендиям!!!



«ТҮЙРЕУІШ»

Ал, ұстайық «Түйреуішті»,
Түйреу үшін жиренішті,
Болмау үшін бойымызға
Жаман қылыш үйренішкіті:

Сұққылайық сұғанақты,
Тоғаевтай Тұрар атты.
Касса деген қалтасындай,
Когам малын ұрлап сатты.

Даурықпаны, айғайшылды,
Жалған жоспар алған сұмды,
Піскілейік «Түйреуішпен»
Бар тоғышар, бар масылды.

Жұмысы жок, дерек күллі
Дибаевтай директорды,
Ысырапқор, ұқыпсызды.
Түйреп тұру – керек, құнды.

Көзбояушы арамдарды,
Екі жұзді адамдарды
Жолымыздан жоғалтуға
«Түйреуішті» қадау занды.

Хабарласып тез менімен,
Хат жазындар елдеріннен,
«Түйреуішті» осылардың
Өткізейік өңменінен.

1969ж.



БӨЛЕДЕН АУЛАҚ

Кім білген әуелгіде мұнын ойын,
Еске алсам, түршігеді тұла бойым.
Әлде шын, әлде өтірік, бұл данышпан,
Қырымда төгіп алған абыройын.

Ескегі суға кетіп қалған сорлы,
Қайығын қолмен есіп, әуре болды.
Жолынан бұл адаспай, кім адаспак,
Айырып білмеген соң он мен солды.

Алты жыл қырық құбылып, көп алжасқан,
Бір ісі болған емес онға басқан.
Өз елін жаудан бетер ойсыратып,
Өз халқын алдан соқты-ау ондырмaston.

Жер даулап, женіл сөйлеп, тантыраған,
Шекесін ұнатқам жоқ жалтыраған.
Ролі баяғыда бітсе дағы,
Сабазың әрең кетті сахнадан.

Тап болған ойда-жоқта жаман бақсы,
Ауруды асқындырмай, нағылмақшы?
Қалмады бұлдірмеген дүниесі,
Бар бәле бір өзімен кетсе, жақсы.

Биліктен құралакан, болған жүрдай,
Кім көрген дәрменсізді бұрын мұндай.
Көш, бәдік, кет, бәлекет, бізден аулак,
Қазақты осындаидан сақта, құдай!!



ОЛ

Зымияндық сезіліп әр сөзінен,
Біреулерге түк емес есептіреу.
Ағайынга жауығып өз-өзінен,
Қырып-жойып барады мына біреу.

Тамыздан соң тағы да майдан құрған,
Өзі бұзық кісінің сөзі бұзық.
Өліні де тіріні жайпап ұрған
Жазушылық дегені мұның қызық.

Жанталаса жазғаны іртік-іртік,
Әрекеті жымыскы, әдеті сол.
Жүректерді жарап, түйреп, тұртіп,
Жүгендікі көрсетіп отыр гой Ол!

Айту қын есімін, өкінерім,
«Үстарасыз аузына түскен мұрты».
Әжептәуір деп жүрген көкірегін
Менмендіктің кеулеген жегі құрты.

Аскан білгір бір өзі, әйбәт надан,
Кәдесіне жарап тұр әдебиет.
«Ақ Жайығын» ағаның гайбаттаған,
Жастайынан арамза, қара ниет.

Жылтыраған алдамшы сыртқы пішін,
Көкейінде, тілінде – улы зәрі.
Жан біткенді жамандап жүргені үшін
Жек көруге айналды елдің бәрі.

«Абыройын әркімнің төгіп ойнар,
Кет, бәлекет» десе жұрт, дедім: ~ «Әумин!» дәйім.
«Өзі – шошка, өзгені – ит деп ойлар»,
Менменсіген бейшара, малғұндайын!

МЫҚТЫМСЫГАН

Жаркылдап, жақсы сөйлеп жүретүғын,
Қарқылдап, әзіл айтсан, күлетүғын.
Сызылып сұраушы еді білмес жәйін,
Танымай қалдық енді, міне, түрін.

Бұртиып бұқа сағақ бола қалған,
Быртиып қолы-басы тола қалған.
Елпендей күні кеше жүрген жігіт
Қарайды, төбене емес, одан әрман.

Кеп болып қол көтеріп сайлап едік,
«Сезер, – деп, – сенім жүгін» ойлап едік.
Кеуденің түкпірінде жатқан мерез
Көрдің бе шықкан жерін қайдан келіп?

Өзінше мықтымсынып, нығызсиды,
Беделін қолдан жасап, болмақ сыйлы.
Дәреже дәрменсізге хауілті-ау тым,
Мас қылар мансап деген әлсіз миды.

Ол емес, айтуға өзің қысыласын,
Айтпасқа, ар-ұяттың күші басым.
Ей жігіт, қарапайым қалпына тұс,
Әйтпесе, оңbastай бір ұшынасын.

* * *

Окуға да бармын ғой,
Токуға да бармын ғой.
Әттең, көкемылжыңдар
Қоршауында қалдым ғой.

Жетілдіру курсы,
Зеріктіру – дұрысы.
Миым ашып кетті ғой,
Мылжың біткен күрысын!

МАСҚАРА!..

Біле бермейміз атын,
Қорылдауыққа тиген қатын
Ойда жоқта
Есендіретіп елді,
Президент жақтан
Президент болыш келді.

Колдап жүрген –
Әлде Тәкей, әлде Жөкей,
әйтеуір
жебеушісі дәкей.
Осынау жолбике
тікелей
Президентке
қаратылды, дейді.
Мейлі.

Бірақ
Жайнап тұрған теледидар,
Сайрап тұрған радио,
Сап-саяу компания
Жойылды, депті.
Мұнысы –
Жәңсіз тепкі.
Демократия
Қайда кетті?!

Жоғарыдан мұндай
Күтпеген сұмдық,
Мынаның сиқын көріп,
Жағамызды ұстап тұрдық.
Өзінде
Тұр дейтін тұр де жоқ,
Көзінде кірпік
бір де бар, бірде жоқ.
Өні сұп-сұр,
Бұл неғылған сұқсыр?

Келмей жатып тантып:
– Қазақша потом, – деді.
Сөзінде жоқ тамтық:
– Сен кірмейді маған,
Мен көрсетем саған,
Кет, шық, – Выйди,
Жоғал, – деді,
Күтірған иттен жаман.

Жұртқа көрсеткен сесі
Алабөтен ерсі:
– Сендерге
басымды имеймін,
общий туалетке
кірмеймін, –
дегені несі?

Әйел атаулымен өш,
Жөн білетіндермен қырбай.
Өдептен ада,
Мәдениеттен жүрдай.
Үлкенге де,
Кішігे де – «сен» деп,
«Ендігі құдай – мен» деп,
Кімді болсын
Тұқыртуға әзір
Аумаган жендет.

– Оу, мұның қалай? –
десек;
– Я выше всех,
Мен – керемет данышпан
Сендер, – дейді, – есек.

Кеудесі бар,
Зердесі жоқ пакыр
Төңірегін
жөйттендіріп жатыр.

Сөйтпегенде, қайтсін,
Діннен безген кәпір.

Төраға бұрын
Бұйра бас та,
Қасқа да болды,
Кейде шала,
Кейде дана,
Басқа да болды.
Бірақ мынау
Бәрінен масқара болды.

Көкіректе – шер,
Көңілімізде дық бар.
Уа, мәртебелі Президент мырза,
Мына пәлден бізді құтқар.

ПАЙ - ПАЙ

Ереуілдеп халық, естілді көп айқай:
«Ей, сен, Асқар Ақай, кәне, дереу қайқай!» –
Өз елінен езі қашты, дейді, сорлы,
Зәре-құтын оның ұшырды-ау Жүрт, пай-пай!!

ТӨҢКЕРІС

Алты жыл болды, байқадым,
Амал жоқ, басты шайқадым.

Қындарап кетті күн көріс,
Көңілімде менің төңкеріс.

Қайта құру еді – арманы,
Былықтырмағаны қалмады.

Жарқ етті бүгін көмескі ой.
Бастық болса, кайтейін,
Халықтан үлкен емес қой.

КІМ ҚАЛАЙ ЖҮР

Қарызын жылпос жандар қайтартмай жүр,
Арызын дімкәс жандар айта алмай жүр.
Біреудің асыл мұны әшкере боп,
Біреудің дардай міні байқалмай жүр.

Көңілі бітімсіздер біте алмай жүр,
Тұбітті икемсіздер түте алмай жүр.
Бір әке он баланы өсіргенмен,
Он бала бір әкені күте алмай жүр.

КЕЗЕГІҢ НЕ, КӨКЕМ?

Інісінің хаты

— Аға,
Дүниенің маشاқаты,
Бізде.
Шет жағасын көрген
Женгей былтыр күзде.
Білсең ғой біздің тірлікті:
Қайда барсан да – кезек.
Қаймақ былай тұрсын,
Айран алсаң да – кезек.
Кезекке
Дедектеп жету үшін,
Жұмыстан
Жылыстап кетуім шын.
Кейде сол кеткеннен кету,
Он бір, он екіден кейін
Ешкім орында... «нету».
Кімнің жоғын кім білген,
Әрлі-берлі ағылып жүреміз.
Қабактағы кірбіңмен
Сабын іздең, сабылышп жүреміз.
Дүкенге
кіру үшін де – кезек,

Неге кіретінінді
білу үшін де – кезек,
Жайдан жай топырламас,
Жұрт бірденені сезед.
Өздері өлермен.
Таласып-тармасып,
Өңмендегенін көрер ме ең –
Жайшылықтағы көжек,
«Дефицит» дегенде нағыз «өжет».
Кезектің соңын сұрастырумен,
Кісі керілдесіп те қалады.
Түрпідей сөздердің
Басын біраз құрастырып ем,
Естісең, айзың қанады!..
Ақша пішен,
Алатын товар жоқ.
Ақша таба беретін
Өзімізге де обал жоқ.
Бірдене түсе қалса,
Талапай,
Тандап көретін салт жоқ,
Үнді шайын айтасыз, ағатай,
Шай ішетін қант жоқ.
Етке бола бір асым,
Амал қанша, тұрасын.
Тұрмағанда қайтесің
Құралақан оралсан,
«Гайкінді» үйде бұрасын!..
Әнебіреудің қалқиған,
Кұлағын
Қыршып алғың кеп тұрады,
Қайқандаған эйелді... мықыннан
Шымшып алғың кеп тұрады.
«Келін қайда?» дейсіз гой,
Ол байғұс та безек-безек,
Тіс салдырмақ түгіл,
Тіс жұлдыруға да -- кезек.
Артынып-тартынып әкелді,

Кір ашатын ақ ұнтақ.
Сізден үйренген мәтелді:
— Тәман, — дедім, — тағы — ұл тап!
Сондағы кейіпін көрсөніз:
— Әй, мен тапқан балаң
Бәшпайын санаң отыр,
Ендігі кезек сенікі — деп,
Қа-а-рап отыр.
Қысқасы,
Тұнып тұрган тапшылық,
Түбі игі болса еді жақсылық!

Ағасының хаты

— Е, бізде
Құдайдың рахаты,
Тындырайын десек,
Ауылда іс жок.
Жұлдырайын десем,
Ауызда тіс жоқ.
«Қайтсең де ішесің» деп,
Күштеу қалған
Денсаулық үшін ішесің кеп,
Көзге түспеу — арман,
Күрғақ уағыз тындал,
Күлкіге қалдық, эттегене?!

Арағы құрғыр удай қымбат,
Ағаның шашы шақ келе ме?!

Құдай сәтін бергенде,
Көрші Петродаң қалмай,
Екі ведро «самогонды»
Айдатып алдық, уайдай!
Еншала, енді мұртымызды,
Балта да кеспейді,
Қантты қабымен тоғытсақ,
Құрып кетпей, не істейді?
Кефирге қолың жетпей жатып,
«Айран» деуің бекер.

Айранның дәмін көрсөң татып,
Есің шығып кетер.
Естігендей күндік жерден,
Кекіртетін жарықтық;
Емге табылмайды елден,
Өзіміз де зарықтық.
Етті еске салыпсың,
Белгілі болды көмекейін.
Неткен шыдамсыз халықсың,
Ұзын омыртқаны
Немен жөнелтейін?
Бүйрек дәметкенді қоштадым,
Әңгіменің ашығы керек.
Бірақ мынау безбүйрек почтаның,
Дені дұрыс жәшігі керек.
Кезекті айтып,
Безектейсің қасқа.
Қолға түскен сүйекті,
Мұжуден басқа,
Не бітіресіндер, –
Құр кеудені дүңкілдетумен босқа.
Кісінің жынын келтіресіндер.
Құдайға шукір,
Сендердей сергелденге түсіп,
Безектеу жок,
Оны айтасың,
Бізде ешқандай кезек те жок.
Кезек қайдан болады, көкем,
Дүкеннің алдында,
Теуіп өтетін тезек те жок.
Ағаң жалғыз биені сойған,
Жем болмаған соң.
Жеңгөң бала табуды қойған,
Сірә,
Келіннен кем болмаған соң.
Келінге сәлем айт,
Сені қандай есепке
Көшірем десе де, көшіре берсін.

Кішкентай ғана Көжекке
Қазақша үйретіп, есіре берсін.
Ол иттің күшігін еркелете біл,
Немесе
Ынғайлы бір
Кооперативке кір.
Келін: «әдірам қал» демесе
Жақсылық жағын көздестір.
Ауызды қу шөппен сұрте бермей –
Үнді шайын іздестір,
Кісінің
Қышыған жерін тұрте бермей.
Біздеңілер:
«Аренда» деп жұлдынып жур,
Ағаң сол аренданы
Әрең дегенде ұғынып жүр.
Әліптің артын бағып,
Сәл шыдасақ па екен, шырағым?
Әлде бөксениң шаңын қағып,
Жең сыйбансақ па екен? – Сұрағым.

ЖАМАН ШАНШУ

Бір жаман шаншу тиіш жүргені осы,
Көңілдің болмай қойды мұлде хоши.
– Ойпырмау, ойбай белім, сегізкөзім!
Сенсөніз, көрген қорлық қүндегі осы.

«Жұмыс» деп жүргеніміз әбігер бол,
Ауырсақ, дәрі берер дәрігер жок;
Ес білмес балаларға емшектегі
Батады ауру деген бәрінен көп.

Мұздактан пысыл қағып мұрынымыз,
Түспей жүр лор дегенге құрығымыз;
Тұмаудан тұмшаланып жазылам деп,
Ескіге бұрылғандай ұғымымыз.

Үкімет, айналайын беріп жатыр,
Мамандар жолдамамен келіп жатыр;
Көрген соң Сілетінің жәйін бірақ,
Сілейіп жас мамандар жеріп жатыр.

Олардың, обал нешік, күйлері жок,
Емдейтін емханасы, үйлері жок;
Мықтылар ғимаратты басып алған,
Бұларға бұйырған да тигені жок.

Өз басы отау болған Сілетінің,
Барады жолдан асып – білетінім;
Үркөрдей үш дәрігер, төрт персонал,
Киердей екі аяққа бір етігін...

(*Түсіндірме: Целиноград облысында жсаңа отау болып бөлініп, Сілеті ауданы анылған болатын. Сол жсаңа аудандагы мүшкіл хал – «Жаман шаниу» деп, сықақ болған гой...)*)

ГАЗ ЖОҚ

Мол байлығы сез боп,
Біреулер жұр мәз боп.
Біз қүйзеліп отырмыз,
Үйімізде газ жоқ.

Шәй ішпесең, әл жоқ,
Аш кісіде – әр жоқ.
Әлсіремей, қайтеміз,
Кәмперкеде газ жоқ.

Маусым болмай, жаз жоқ,
Көл суалса, қаз жоқ.
Ас үй былай тұрылты,
Ішімізде газ жоқ.

Айта берсен, наз көп,
Өлеңдettім аз-көп.
Таң атқалы не заман,
Әлі күнге газ жоқ.

ҚАРА ҚҰЛЫП САЛУЛЫ КЛУБ

Дегенде жаңа клуб, жаңа клуб,
Аузында әу бастан-ак қара құлыш;
Күз бойы күніреніп тұрған залы,
Қаңтардың аязынан барады ұлыш.

Ауылға клуб салғызып,
Болады, дедік, мол қызық;
Қызықтың болды кекесі,
Аузына құлыш салғызып.

Клубқа бітіп тұрған кірмедік те,
Ішінде не бар-жоғын көрмедік те;
Тұлышқа мәнірекен бұзаудай боп,
Клубқа бергеміз жоқ көрімдік те.

Клубтың таудай биігін,
Кірудің бірақ қыныны;
Кіріп те кісі оңар ма,
Көрмесек ешбір тиімін.

Жанында жаңа дүкен бірге салған,
Бір түйір бұйымы жоқ, неге салған?
Келген бе бұл ауылға жаңа мода –
Жабық үй, жабулы құй, кәне саудан?

Ауылға дүкен салғызып,
Тауарды топ-топ алғызып;
«Боламыз қарық» дегенде,
Оған да құлып салғызып.

Жаңа үйлер, қызығы әлі басылған жоқ,
«Клуб пен дүкен» дедік – ашылған жоқ.
Қүзетіп күрең шатыр, көп әйнекті,
Отырмыз өңкей диқан, малшылар бол.

Қашанғы клуб жабылар,
Қашанғы құлып салынар;
Бұларды, дейміз, ашатын,
Жауапты жандар табылар...

ШИМАН ҚАЙДА?

Бар еді жылпос жігіт Шиман дейтін:
«Сендерге мінсіз қызмет қылам» дейтін.
Караңдап автодүкен анда-санда,
Көрсетіп кететүгын қылаң кейпін.

Заттарын орталықтан шыға сатып,
Бағасын дөңгелетіп, сырғанатып;
Жететін Белжайлауға, Жарқайыңға –
Дүкені, дүниесі шаңға батып.

Тәуір зат іліп алар шамалы еді,
«Сарқыт» деп ашы тілмен шағар еді.
«Алсаң ал, алмасаң қой, әгүгай» деп,
Есігін тарс еткізіп жабар еді.

Әкеліп арак-шарап жәшіктетіп,
Тұратын мырзасынып, тасып кетіп.
Жел тиіп қалды ма екен сол шіркінге,
Әйнегі жазатайым ашық кетіп?

Қол жетсе, бәтес түгіл, бөзіне де,
Көніп ек бөстекілеу сөзіне де.
Жоғалтып ұшты-күйлі енді міне,
Зар болдық Шимантайдың өзіне де.

Малышыға мақпал қайда, диван қайда? –
Ақшаны жимаймыз ғой жайдан-жайға.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Шандатқан автодуken Шиман қайда?



МАЗМУНЫ

ӨЛЕНДЕР

ҚАЗАҒЫМ	5
ЕЛІМ	6
ЕЛІМ БАР	6
КӨКЖИЕК	7
КӨКТЕРЕГІМ	8
АРЛЫ ЖАНДАР	8
АСҚАҚ АРМАН	9
ТІЛЕК	10
МАҚТАЛЫШЫМ – АСТАНА	10
ДЕМАЛЫС	11
ЫРЫСЫМДЫ ТАСЫТҚАН	12
КӨГІЛДІР КӨКТЕМ	12
НЕГЕ?	13
ДАЛА ӘҢШІСІ	14
ЕКІ КӨЗІМ ЕЛ ЖАҚТА	14
ӘЗ-НАУРЫЗ	15
ТАҢФЫ СӘТ	15
КӨКТЕМ КӨРІНІСІ	16
КҮЗГІ КҮН	17
АЛҒАШҚЫ ҚАР	17
КЕКІЛДІМ-АУ	17
БІЛЕ БІЛСЕН	18
КОМБАЙЫНШЫ	19
ЖАҒАДА	19
ЖҮРЕК СЫРЫ	20
ОЙ	20

ЖЫР ЖАЗАМЫН ӨЗІҢЕ	20
ӘЗІРШЕ	21
КӨКШЕ ЕГІН	22
ӨЛКЕМ	23
ЖАЛТ ЕТИП ТУА ҚАЛҒАН	24
ТАУЛЫ ӨЛКЕНІҢ ҚАРАҒАЙЫ	25
ЖЕНІС КҮНІ	25
ДАЛА КӨРКІ	25
ӘЗІ АРМАН	26
ТҮЯҚ СЕРПУ	26
ҚАР СУЫ	29
О, КӨКТЕМ	30
КҮНДЕР	30
КӨК ӨРІМ	31
БАЛЫҚШЫ МЕН АҚЫН	32
ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАБЫ	33
НЫСАНА	33
ҚОС БАСЫНДА	34
МАЙБАЛЫҚ	34
АЙДЫНСЫЗ ӘЗЕҢ	36
НҰРҒА ТОЛЫ НҰРА	36
БЕРЕКЕ БОЯУЫ	37
ЖОМАРТ СЫЙЛЫҚ	37
ҚЫРМАНДА	38
ҚОЛЫН ҰСТАУ – БІР МЕРЕЙ	38
ЖЫЛҚЫШЫ	38
ЖАЛЫН АТҚАН ЖАС ҚАУЫМ	40
ӘСИЯ ГҮЛ	40
СЕГІЗІНІШ НАУРЫЗ	41
ҮНДЕМЕЙДІ ТЕЛЕФОНЫҢ	41
БАҒАНАЛАР	42
ТАҢСЫҚ МАҒАН	43
ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР (1937 жыл)	44
АРДАГЕРЛЕР	45
ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН	46
МӘРТЕБЕЛІ АСТАНА	47
ТӘҮЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ	47
«ТАЙСОЙҒАНДА» – ТАЙҚАЗАН	48

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ	49
ДОМБЫРА	50
АЛАТАУ – АСҚАРЫМ	50
ҚАЗ-ҚАЗ БАСУ	51
КІРПІШ ҮЙ	51
ІҢКӘРІМ	52
КҮН	52
КЕЛ, ЖАНЫМ!	53
ҚАҢТАР-ОЖАҚ	55
ӨМІР-ДАҒЫ БАСПАЛДАҚ	56
ОУ, ДУНИЕ-АЙ!	56
ЗАМАН	57
ТӘУӨБӘ	57
ХАЛЫҚ ӘҮЕНІ	58
ТАУ КҮНІ	58
МҰНАРТУ	58
ШЫМЫР-ШЫМЫР ҚАЙНАҒАН	59
ПЕРЗЕНТ ПЕЙІЛ	60
ҮШ КЕМЕҢГЕР – МӘРТЕБЕМ	61
ЕКПИНДІЛЕР	62
КОМБАЙНШЫ ШАБЫТЫ	62
ӘҮЕЖАЙ	63
КҮН БАТАРДА	64
ДУМАН	65
ЖИЫРМА ЖЫЛ	66
АСАУ ЖҮРЕК	66
ЖЫРЛАРЫМ	67
ОТЫРМЫН	67
УАҚЫТ СОНДАЙ	68
АҚ СӘУЛЕ – ІҢКӘР КӨҢІЛІМ	69
МҰРАТ	69
ШОРТАНДЫ	70
ЖАН СЫРЫМ	72
ЕЛ-ЖҮРТҮМ БАР	73
ДАУСЫМ САҒАН!	74
ЖАҢА ЖЫЛ	75
МӘЗ КӨҢІЛ	76
АНАШЫМ – АРДАҒЫМ	77

ӨЗІМ ТУРАЛЫ.....	78
ТЫНДАЙМЫЗ	78
ЕСІЛ КЕЙПІ	79
ЕРКІНДІК ЕЛІНДЕ	79
КӨКТЕМ БЕ ӨЗІ?	80
КІТАПХАНА	81
ҚАЗАҚ ОКТАВАЛАРЫ	82
АЙТПАҒАНДА ҚАЙТТИК?!	83
БУРАБАЙ	83
АЯСЫНДАМЫЗ ӘРДАЙЫМ	85
НЕ ДЕГЕН ҮСТСЫҚ ЕДІҢ!	86
МОЛДАВАН ҚЫЗЫНА	86
ОТЫРМЫН	87
ЭКСПРОМТ	88
ЕР КӨҢІЛ	89
АУЫЛЫМ-АЙ	89
КҮННІҚ АТЫ – КҮН	90
АСТАНА	91
ҚАРАМҰРЫН	91
СОНЫ ЖОЛ	92
ЖАРЫМА	92
АЙТШЫ, КІМДІ СҮЙЕСІҢ?	92
ТАПСЫРҒАНДАЙ ЕМТИХАН	94
БІЗДІҢ ТІРЛІК	95
ЖАҢА ҚОНЫС ТОЙЫНА	99
ІҢКӨР СЕЗІМ	100
АҚҚУ МОЙЫН	101
МАХАББАТ ШУАҒЫ	101
ЖЕТКІНШЕГІМ	102
АЯЛДАМАДА	105
НҮР СӘУЛЕ	106
КІБІСЕ ЖЫЛ	107
КУРСТАС ҚЫЗДАРҒА СОНЕТ	107
«КЕҢБАЙТАҚ» ДЕЙСІҢ-АУ	108
KYMIC ТОЙ	109
АҚМОЛА	109
КҮМБІР-КҮМБІР ШАТТЫҚ ҮН	110
ЖАҢА ЖЫЛЫМ, ЖАҢА КҮНІМ	111

ЖАҢА ЖЫЛҒА ШАШУ.....	111
АТ ҚАДІРІН БІЛГЕН ҚАЗАҚ	113
ШЫРЫЛДАУЫҚ	114
АЖАРЛЫМ	115
ЖАРҚЫНЫМ	115
ҚЫМБАТТЫ ҚАЗИНА!	116
БҰЛБҰЛ ҚҰСЫҢ БОЛАЙЫН	117
БОЛЫСКЕЙ КЕРЕУЕТ	118
СҮЙІКТІМ.....	118
ЕГІЗДЕЙ ЕКЕУ	120
ТОЙҒА ШАШУ	121
АҚ ҰЛПА	122
КЕЛДІ КӨКТЕМ	123
СЫРАЛҒЫ КҮЙТАБАҚ.....	123
СҮЙІСПЕНШІЛІГІМ МЕНИҢ	124
ЖУРЕГІМ ТҮР СУЫЛДАП	125
ҚҰРАЛАЙ	126
ОСЫ БІР СӘТ.....	126
ЖАҢА КҮН САМАЛЫ	127
ТЕРЕЗЕНҢІҢ ТҮБІНДЕ	128
НӨСЕР	129
АРАЛЫМ	129
АЛМАТЫМ-АЯУЛЫМ	130
ЕСІЛДІҢ КӨГІЛДІР ТОЛҚЫНДАРЫ	131
ҚОРҒАЛЖЫН	132
СЕРЕНАДА	133
ГАУҺАР БІЛЕЗІК	133
ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС	134
ӨМІР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС	135
ЖАҢА ТІЛЕК.....	135
ТУҒАН ЕЛДЕ ЖУРГЕНИМ.....	136
ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК.....	137
АЙЫМСАРЫ.....	137
АҚҚУ МОЙЫН	138
ТҮРКІСТАН	139
КЕРБЕЗ МАМЫР	139
ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛ	141
КҮЗГІ ЖАУЫН	141

ТЕБІРЕНІС	142
КӨК ЖАСЫЛ МАЙ	143
МҰҒАЛІМ	143
СӘЙКЕСТИК	144
ҚОҚИ ҚАЗДАР	145
АЛТЫН ТӨБЕ	146
ЖАҢА КҮНІМ – НАУРЫЗЫМ	146
ЕКЕУАРА	147
ЕЛ АЗАМАТТАРЫ	147
КҮМБІРЛЕГЕН БІР ӘУЕН	148
МЕНИҢ МАХАББАТЫМ	148
ЖҰЛДЫЗЫМ	149
МАХАББАТ ЖҰЗІГІ	150
ТАНЫСТЫҚ ТАНГОСЫ	150
ЖУРНАЛИСТ	151
ОРАҚ ЖЫРЫ	152
АҚЫЛЫҢ БАР МА?	153
АЙХАЙ, БІЗГЕ ҮЙ КЕРЕК	155
НЕГЕ САЛҚЫН ТАРТАСЫҢ?	156
АРМАНҒА ЖОЛЫФЫП ҚАЛҒАНДА	156
СҮЛУ ТАҢ	157
ҚУАНШЫ!	158
КҮНШУАҚ	159
«СЫНШЫ»	159
КӨНДЛ ӘЗЕН	159
КЕРЕ ҚАРЫС	160
ТАЛДЫБҰЛАҚ	160
АҚЫЛ БОЛСЫН ӨЗІНДЕ	161
ҚАРЛЫГАШЫМ	162
АЛТЫН АРАЙ	162
ТЕМІРҚАЗЫҚ	163
ДАНҒЫЛ ҚӨПІР	164
КҮМІС ТОЙ	165
ОРНЫ БӨЛЕК АҚ ОРДА	166
ҚҰТ БЕРЕКЕ	166
ШАТТЫҚ ЛЕБІ	167
ЖІГЕРЛІ ЖЕТКІНШЕК	168
БЕУ, ТУҒАН ЖЕР	169

ТҮҢГИЙҚ АСПАН	169
ШЫРҚАЛ, ӨНІМ	170
СЕНСІН БӘРІ	170
ҚОҢЫР БҰЛТ	171
ҚОНЫС ТОЙЫ	171
ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ	172
МЕН ҚАЛАЙ ТОЛҚЫМАЙЫН	173
ЖАҢА ТУҒАН ТЕҢГЕМІЗ	174
КӨКТЕМ	175
НАУРЫЗЫМ	175
ҚАЙСАР	176
ТАҒДЫР ЖОЛЫ	177
НАУРЫЗ	177
АСҚАРЫМ – АЛАТАУЫМ	178
ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ СӘЛЕМІ	178
ЖАДЫРА	179
СЫРҒАҚ БҰЛТ	180
СӘУІРДІҢ БОЗҒЫЛТ КЕШІНДЕ	181
КӨЗІМЕ ОТТАЙ БАСЫЛЫП	182
ЖАҢА ЖЫЛҒА ШАШУ	182
АСЫҚҚАН КӨҢІЛ	184
ҚЫСҚЫ БҰЛАҚ	184
КҮНГЕ ТЕҢЕС	185
АЯУСЫЗ	190
ӨРШІЛ ҚАЙЫҚ	192
ЕҢ ЫСТЫҚ ЖЕР	193
САҒЫМ	194

АРНАУЛАР

ЕСКЕ АЛАМЫЗ АЯУЛЫНЫ	196
КЕМЕНГЕРІМ	197
ҒАБЕҢЕ	197
ҚАЙРАН БІЗДІҢ ҒАБЕКЕҢ	198
АЯУЛЫ ЖАН	199
ЕЛІМНІҢ ЕРЕН МАҚТАНЫ	201
ҚАҢАРМАНЫМ	201
БІЗДІҢ ГЕРА	203

ШОНА СМАХАНҰЛЫНА	204
ӘҢШІ ГЕОГРАФ	204
СОМ АЛТЫНҒА БЕРГІСІЗ	205
АЙНАЛАЙЫН ХАЛҚЫМНАН	206
НҰРЛЫ САЗГЕР	206
ЕГДЕЛІККЕ ӨҢ БЕРМЕЙ	207
АҒАНЫң АСҚАР БИІГІ	208
KYMIC ҚАМШЫ	209
ЖЕТПІС ЖАСЫң МӘҮЕЛІ	210
СӘБІТ БАЙЗАҚҰЛЫНА	211
ҚАЙРАН ӘМІРБЕК	212
АРДАҚТЫ БАЖА – СЕРИКБАЙ!	213
ТАРЛАН ЖЕЗДЕ	215
АРДАҚТЫ БИҒАҒА	215
ОРМАНШЫ – ФАЛЫМ	218
ДОСҚА	219
ТАТУ БАЖА, ТАМАША ДОСҚА	221
ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ ТҮЗЕЛБЕК	222
АГРОНЫң АРУЛАРЫНА	222

ТОЛҒАУЛАР

ҮШ БӘЙТЕРЕК	226
СӘКЕНГЕ	227
МӘҢГІ ЖАС	228
АЙНАЛАЙЫН ЖЕР-АНАДАН!	229
АРАЛҒА ШИПА БОЛАР МА?	231
АЛТЫНБЕГІМ-АЙ!	233
ШИНДЕ ТЕМІР ТОРДЫң АРЫСТАНДАЙ	234
ҚАЙДА, ДЕЙМІН, ОЛАР?	235
ОЛАР ҚАЙДА?	236
ЖӘБІРЛЕНУ	237
ЗЕРДЕЛІ УАҚЫТ	240
ҚАЛЫң ТҰМАН	244
ОН БЕС ЖАСАР МЕҢСҰЛУ	246
ТЕРЕҢ ТАМЫР	247

ДАСТАНДАР

АЖАР-БОЗДАҚ	252
МӘҢГІ МҰНАР	262
ТАҢҒЫ АҚ СӨУЛЕ	267

БАСПАСӨЗ ТАРИХЫ

«ЖАС АЛАШ» – ЖАҢА ФАСЫР ГАЗЕТИ	272
ДӘНЕКЕР «ТҮРКІСТАН»	273
БАЗЫНА	274
КӨРКЕЙГЕН «АРҚА АЖАРЫ»	279
ӘЗІЛ	280

БАЛДӘҮРЕҢ – БАЛАЛЫҚ

БІЛІМНИҢ КӨКТЕМІ	282
ФАРЫШБЕКТІҢ САМҒАУЫ	283
БЕКТЕМІР	288
ТЫНЫМСЫЗ	288
ТӘҮЕЛСІЗДІК АЛАУЫ	289
ЖАҚСЫ КӨРҮ	290
СҮЙКІМДІ НҮРЗАДА	290
АЙДЫҢ ЖАҢАСЫ	291
АҚ БОРАН, САРЫ АЯЗ	291
ЖАҢА ПИМА	292
КОМБАЙНЩЫ БОЛАМЫН	294
ҚАНДАЙ ТАМАША	294
МЕН КІММІН	295
ӘЙ-ӘЙ СОМКЕ	296
ҚЫЗЫЛЖАРЫМ – ҚУАТЫМ	296
ЖАСЫЛ МАУСЫМ	297
ОЙНАУ КЕРЕК	297
БАЛҒЫН ДОСТЫҚ	298
ЖАСЫЛ КӨШЕ	298
ВЛАДИМИР ШАТАЛОВ	299
САУЫНШЫ	299
ТІГІНШІ СӘРУӘР	300

САРГАЯДЫ ЖАПЫРАҚ	300
ЖАЗГЫ ТАНДА	301
САҒЫНЫШ	301
ШЫРША ТҮБІНДЕ	302
ОМБЫ ҚАР	302
КӨКШЕ МҰЗДА	303
ҚЫРАУ	303
БҮГІН ТАҢМЕН ТАЛАСЫП	304
KYMIC ҚАМШЫ	305
БҰЛАҚТАЙ ТАЗА КҮЛКІСІ	305
КӨГІЛДІРІК	306
ЖАН БӨПЕМ	307
АҚКУДЫҚ КӨГІЛДІРІ	307
НАУРЫЗ НҰРЫ	308
ОУ, АСТАНА!	309
ҚОЗЫЛАР	309
ЗЕРЕ БӨПЕМ	310
БЕСІК ӘНІ	310
НАУРЫЗ, НАУРЫЗ	311
НАУРЫЗ ТОЙЫ	312
АҚ БӨПЕНІ ӘЛДИЛЕУ	312
АЯНЫШ	313
СЫЛДЫРМАҚ	313
КІРЛЕТПЕҢДЕР ҚАУФАНЫ	314
БАРХАН ҚҰМДЫ ДАРҚАН ЖЕР	314
ДИҚАН ӘКЕ	318
ЖАҢБЫР	318
БҮРШІК ЖЫРЫ	318
НИКЭ МЕН КӨЖЕК	318
КІРПІ	319
ЛАШЫН	319
ОРМАН, НЕГЕ МҰНДЫСЫҢ?	319
МЫЛЖЫН	320
КӨЖЕК	320
ТЕҢІЗ	320
ТРОЛЛЕЙБУС	320
ЖҮЗІМ	320

ҰҚСАСТЫҚ.....	321
ЖҮМБАҚТАР	321

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ШЫМШЫМАЛАР

ӨКЕШТИҚ КӨКЕСІ	324
СОНДАЙПАЗ	326
МОЛДАСЫМАҚ	327
ЖИНАЛЫСТАР ЖАЙЛЫ ШУМАҚТАР	328
АМАЛ ҚАНША	330
О, МЕНИҢ БҮРАҢ БЕЛІМ!	331
«ТҮЙРЕУШІ»	332
БӘЛЕДЕҢ АУЛАҚ	333
ОЛ	334
МЫҚТЫМСЫҒАН	335
МАСҚАРА!..	336
ПАЙ - ПАЙ	338
ТӨҢКЕРИС	338
КІМ ҚАЛАЙ ЖҮР	339
КЕЗЕГІН НЕ, КӨКЕМ?	339
ЖАМАН ШАНШУ	344
ГАЗ ЖОҚ	345
ҚАРА ҚҰЛЫП САЛУЛЫ КЛУБ	345
ШИМАН ҚАЙДА?	346

ЖАРАСБАЙ НҮРҚАНОВ

КӨКЖИЕК

***ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР***

ISBN 978-601-254-277-6



9 786012 542776

Басуга 16.07.2013 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/2, Шарты баспа табагы 19. Офсеттік басылыш.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 206.

"Астана полиграфия" акционерлік қоғамының баспаханасында басылды.
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 21.